КИСИ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

ҚОҒАМ және ДӘУІР

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

1/2010



СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

ІШКІ САЯСАТ

ЭКОНОМИКА

ҚОҒАМ
ТАРИХ
МӘДЕНИЕТ

КИСИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

«Қоғам және Дәуір» ғылыми-сараптамалық журналы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын ғылыми басылымдар тізіміне төмендегі мамандықтар бойынша енгізілген:

07.00.00 – ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ
08.00.00 – ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ
09.00.00 – ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ
23.00.00 – САЯСИ ҒЫЛЫМДАРЫ



Қоғам және Дәуір
ғылыми-сараптамалық журнал

КИСИ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Болат СҰЛТАНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директоры

Жауапты редактор
Нұрлан СЕЙДІН

Шығаруға жауапты:
А.Арзықұлов

Дизайн және беттеу
Г.Хаткулиева, А.Садвакасов

Редакция мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы,
050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 87-6
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ

Телефон (727) 264-34-04
Факс (727) 264-49-95
E-mail: office@kisi.kz.
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2003 ж. 19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы № 4526-Ж куәлік берілген.

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды көшіріп басқан, микрофильмдеген жағдайда журналға сілтеме жасалынуы міндетті. Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«Ақарман-медиа» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды.
Астана қаласы, Байтұрсынов к., 114/2.

Таралымы 500 дана.

Қоғам және Дәуір ғылыми-сараптамалық журнал

МАЗМҰНЫ



ҚР ПРЕЗИДЕНТІ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЖОЛДАУЫ ЖОЛДАРЫНАН

Алмас Арзықұлов
Тұрақты дамудың кілті – ұлттық бірлікте 4

СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Қайрат Сарыбай
Жаңарып жатқан әлемдегі Қазақстан 7

Төлеутай Сүлейменов
АҚШ-тың Шығыс Еуропа елдеріндегі әлеуметтік-саяси өзгеріс жүйесіне қатысуы 18

Дулат Бақышев
АӨСШК – Азиядағы ұжымдық қауіпсіздіктің тиімді тетігі 23

Рыскелді Мырзабекова
Ресейдің шығыстық саясатындағы Орталық Азия: мәселенің тарихы мен халықаралық астарлары (XIX-XXI ғғ.) 27

Алуа Жолдыбалина
Қытай сараптамалық талдау орталықтары: бүгінгі жағдайы мен даму қарқыны 36

ІШКІ САЯСАТ

Гүлмира Сұлтанбаева
Қазақстандық БАҚ және саяси коммуникация: корреляциялық сараптаулар 44

Данагүл Көпежанова
Посткеңестік кеңістіктегі PR тұжырымдама 50

Мейрамхан Жәпек, Гүлсаян Ыбраева
Ұлттық тұтастықтың кілті – бірлікте 57

ЭКОНОМИКА

Гүлашар Доскеева
Денсаулық сақтау мекемелеріндегі қаржылық жоспарлауды оптимизациялау 60

Хамит Жұмабеков
Тұрғын үйдің қолжетімділік көрсеткішін анықтау және қолданудың әдістемелік негіздері 68

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДӘУІР
ГЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
КИСИ

МАЗМҰНЫ

Мейрам Сарыбаев
Қазақстан мен Чехия арасындағы экономикалық қатынастарының кейбір мәселелері 74

ҚОҒАМ, ТАРИХ, МӘДЕНИЕТ

Аманжол Қалыш
Қолайсыз отбасылардағы балалардың әлеуметтік-психологиялық қиындықтары 78

Ақмарал Ысқақ
Құжаттаманы басқаруды автоматтандырудың теориясы мен методологиясы 86

Балташ Қаріпов
XIX ғ. соңы мен XX ғасырдың басында Ресей мемлекеттануының билікті бөлу қағидасы 93

Тәттігүл Қартаева
Сырдың төменгі ағысы қазақтарының дәстүрлі баспанасы (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы) 97

Қылышбай Сүндетұлы
Мерзімді баспасөзге сталиндік биліктің орнауы (1932-1938 жж.) 102

Берік Аташ
Орта ғасырлық батыс Еуропадағы креационизмдегі Бейболмыс мәселесі 108

Дастан Сәтбай
Олжас Сүлейменов және қазақ кино өнері 114

Айткүл Махаева
Абайылда би (Абайылда Келгенбайұлының туғанына 150 жыл толуына орай) 119

Альмира Мұқажанова
Мәдени құндылықтар және ұлтаралық қарым-қатынас 127

Серік Өтеулиев
Электронды үкіметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі маңызы 132

Мұғазима Досымова
Оңтүстік Қазақстан облысындағы мектептерде мемлекеттік тілді қолдану барысы 140

Түйіндеме 144

№1(25) 2010 ГЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДӘУІР

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Болат СҰЛТАНОВ – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының (ҚСЗИ) директоры, тарих ғылымдарының докторы
Нұрлан СЕЙДІН – жауапты редактор, ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың ақпараттандыру және редакциялық-баспа қызметі бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты
Нұржамал АЛДАБЕК – әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінің деканы, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Рахман АЛШАНОВ – «Тұран» білім корпорациясының президенті, ҚР жоғарғы оқу орындары қауымдастығының президенті, экономика ғылымдарының докторы, профессор
Мәулен ӘШІМБАЕВ – ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, саяси ғылымдарының кандидаты
Камал БУРХАНОВ – ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор
Қуанышбек ҚАРАЖАН – әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Ләйлә МҰЗАПАРОВА – ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ директорының бірінші орынбасары, экономика ғылымдарының кандидаты
Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ – ҚР БҒМ философия және саясаттану институтының директоры, ҚР ҰҒА академигі, философия ғылымдарының докторы, профессор
Марат ТӘЖИН – ҚР Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор
Айгүл ТҰЛЕМБАЕВА – әл-Фараби атын. ҚазҰУ-дың маркетинг кафедрасының меңгерушісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Булат СУЛТАНОВ – председатель редакционного совета, директор Казахстанского института стратегических исследований (КИСИ) при Президенте РК, доктор исторических наук
Нурлан СЕЙДИН – ответственный редактор, заведующий отделом информационного обеспечения и редакционно-издательской деятельности КИСИ при Президенте РК, кандидат исторических наук
Нуржамал АЛДАБЕК – декан факультета востоковедения КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Рахман АЛШАНОВ – президент образовательной корпорации «Туран», президент Ассоциации высших учебных заведений РК, доктор экономических наук, профессор
Маулен АШИМБАЕВ – заместитель Руководителя Администрации Президента РК, кандидат политических наук
Камал БУРХАНОВ – депутат Мажилиса Парламента РК, доктор политических наук, профессор
Куанышбек КАРАЖАН – заведующий кафедрой новой и новейшей истории Казахстана КазНУ им. аль-Фараби, доктор исторических наук, профессор
Лейла МУЗАПАРОВА – первый заместитель директора КИСИ при Президенте РК, кандидат экономических наук
Абдумалик НЫСАНБАЕВ – директор Института философии и политологии МОН РК, академик НАН РК, доктор философских наук, профессор
Марат ТАЖИН – помощник Президента РК – Секретарь Совета Безопасности РК, доктор социологических наук, профессор
Айгуль ТУЛЕМБАЕВА – заведующая кафедрой маркетинга КазНУ им. аль-Фараби, доктор экономических наук, профессор

Тұрақты дамудың кілті – ұлттық бірлікте

Алмас АРЗЫҚҰЛОВ,
ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ-дың аға ғылыми қызметкері

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын жүзеге асыруға арналған «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы бүгінгі күні әлем елдерінің барлығын дерлік қамтыған қаржы-экономикалық дағдарыстың салдарларына қарсы үкіметтің жүргізген әрекеттерінің нәтижесіне, дағдарыстан біртіндеп даму көрсеткішін танытып шыққан «ұшқыр топ» құрамында болған Қазақстанның алдағы он жыл ішіндегі дамуының негізгі басымдықтарына арналды. Елбасы осы мәселеге қатысты, яғни дағдарыс салдарларын жеңуде, одан кейінгі кезеңдегі даму мәселесінде еңбекқұмарлық пен табандылық танытқан Қазақстан халқының болашақта да қарқынды даму деңгейін көрсетіп, әлемдік қауымдастықта өзіне лайықты орын алатынына сенім білдірді.

Қазақ халқының «Бірлік жоқ жерде, тірлік жоқ» ұлағатты сөзінің мәнін терең түсінетін мемлекет басшысы өзінің Жолдауында осы мәселеге де тоқталып өткен. «Халқымызда «Ынтымақты елде бақ тұрар» деген дана сөз бар. Біз қазығы берік, мемлекеттігі бекем, төрт құбыласы сай қазақ елінің айбынын асырып, атағын әлемге әйгіледік. Біз толайым табыстарға қол жеткізіп, биік белестерді бағындырдық, алайда алар асуымыз әлі де алда» – дей келе экономикада, ішкі және сыртқы саясаттағы жетістіктердің барлығы да ел бірлігі мен тыныштығының, оның ішкі саяси тұрақтылығының, ұлтаралық келісімнің жанында екінші орындағы мәселе екендігін көрсетеді. Яғни, қанша жерден бай, экономикалық дамыған, әлемдік беделге ие мемлекет болғаныңмен де, өз ішіңде бейбіт тұрмыс мен тату-тәтті өмір сүретін халқың болмаса бұның барлығы да түкке тұрғысыз дүние. Өткен жылғы Жолдауында Қазақстан халқы бірлігінің ұйтқысы болып отырған қазақ ұлтына қатысты «Бүгінгідей қиын-қыстау кезеңде мен туған халқымның ынтымақтық пен ауызбіршілік танытарына сенемін» – деген сөздерімен өз халқына арқа сүйеген Президент [1], бұл жолғы Жолдауында «Келер ұрпақтың жүзін жарқын ететін бұл мақсатқа біз асқан табандылықпен ел бірлігін сақтай отырып қана қол жеткізе аламыз» деп ел дамуындағы ішкі тұрақтылықты маңызды орынға қояды [2]. Осылайша, Н. Назарбаев өзі ұйтқы болған ұлтаралық қатынастардың қазақстандық үлгісінің жетістігін атап өтті.

Шындығында да, жүздеген ұлт өкілдері қоныс тепкен Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарында көптеген отандық және шетелдік сарапшылар бұл жағдайды еліміздің «осал» тұсы ретінде қарастырып, мәселенің шиеленісуі ұлтаралық қақтығыстарға алып келуі туралы болжам жасаған еді. Соған қарамастан, ҚР Тұңғыш Президенттің салиқалы саясатын негізге алған қазақстандықтар тәуелсіздіктің өткен 18 жылы ішінде қоғамдық тұрақтылық, ұлтаралық келісім

мен жалпы қазақстандық патриотизм, ұлттық сәйкестілікті қамтамасыз етудің өзіндік үлгісін жасады. Президент айтып өткендей: « – бұл қазақстандықтардың өзіндік жаңалығы, біз оны мақтан тұтып, қорғай білуіміз қажет» [3].

Бүгінгі таңда Қазақстан ұлтаралық және дінаралық келісім мен ымырагершілікті негізге алған 140 астам ұлт өкілдері мен 40 астам дінді уағыздайтын үш мыңға жуық діни бірлестіктердің отаны болып отыр. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында бұл стратегияның өміршеңдігін көрсетіп, оның бүкіл адамзат қауымының дамуындағы халықтардың өзара қарым-қатынас мәдениетінің қазақстандық үлгісінің қажеттілігін танытты.

Халықтардың өзара қарым-қатынасы мәдениетінің қазақстандық үлгісі – бұл қоғамдағы шиеленістік, қақтығыстық жағдайды жеңу ғана емес, сонымен қатар, оның болашақта ұзаққа созылған қарсылық пен мәңгілік жек көрушілікке ұласып кетпеуінің алдын алу болып табылады. Қазақстан қоғамының бұндай жетістікке қол жеткізуі оның халқының ұжымдық субъекті ретіндегі және оның әрбір мүшесінің өз бойында ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жоғары қоюында болып отыр. Бұған Қазақстан Республикасының алғашқы кезеңнен бастап зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде дамуды қолға алып, өз конституциясында республика территориясында тұратын кез-келген азаматтың толық құқықтылығына кепіл болуы үлкен ықпал етті. Қазақстан Республикасының Ата Заңында: «Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды» деп азаматтарының өз құқықтарын толығымен пайдалануына мүмкіндік жасаған [4].

Әлемдегі кез-келген Қазақстан секілді көп ұлтты мемлекеттің өзінің тұтастығы мен тәуелсіздігін сақтаудың негізгі шарттарының бірі – ол оның азаматтарының ұлтқа бөлінбей, бір қауымға, тұтас халық дәрежесіне біріктіру мәселесі алынады. Сондықтан да, Қазақстан билігі өз азаматтарының ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, жалпы қазақстандық ұлт дәрежесіне біріктіру саясатын ұстанған. Бұл бағытта негізгі назар әр ұлт өкілдерінің республика азаматы ретінде саяси топтасуы қарастырылған және ол ұлттардың мүдделерінің ортақтығына қатысты құрылып, мемлекеттік саясаттың жалпыұлттық құрылысында есепке алынуы қажет.

Қазіргі таңда Қазақстандағы жалпы ұлттық құрылыстың негізгі құрамының бірі ретінде ұлттық плюрализм алынып отыр. Аталынған бағыттың жүзеге асырылуы барысында біршама жетістіктерге қол жеткізілген. Мысалы, біріншіден, әлеуметтік зерттеу деректеріне сай қазақстандық тұрғындардың басым бөлігі өздерін Қазақстан Республикасының азаматы деп санайтынын мәлімдеген. Екіншіден, Қазақстанда тұратын ұлт өкілдеріне өздерінің ұлттық-мәдени мүдделерін жүзеге асыруға қолайлы жағдай жасалынған.

Осылайша, Қазақстан өз тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ көп ұлтты және түрлі дінді ұстанатын қоғамда этностардың өзшілігі мен бірігуін сақтауға негізделген ұлтаралық қатынастарды қамтамасыз ететін өзіндік айрықша үлгіні қалыптастырған.

Көптеген зерттеулер мен өмірлік тәжірибе көрсетіп отырғанындай ұлттар арасындағы келісім мен татулық этностардың өзара түсіністігі жағдайында ғана қол жеткізіледі. Бұл бағытта мәдениеттер арасындағы диалог қоғамның

толеранттылығын артырады. Осыған сай Қазақстанда тәуелсіздіктің өткен жылдары ішінде этностардың өз тілі, салт-дәстүрлерін сақтау мен дамытуға қатысты үлкен жұмыс атқарылған. Ұлтаралық қатынастардың ордасына айналған ҚХА жыл сайын Қазақстан ұлттарының өз тілін, дәстүрлері мен салттарын дамытуға қатысты әр түрлі шаралар өткізіп тұрады. Ел аумағындағы белгілі-бір ұлттың мәдениетіне немқұрайлы қараушылық қоғамдағы ұлтаралық қатынастарды шиеленістіруі мүмкін.

Ұлтаралық, саяси-әлеуметтік мәселелердің қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында шиеленісіп кетуі мәселесінің алдын-алу, оны болдырмауға қатысты Президент Қазақстанның мемлекет құрушы халқы қазақтарға арнап: «Сіздер өздеріңіз бас болып өзге отандас ағайындарға ұйытқы болыңыздар. Әрдайым кеңдік пен кемеңгерлік, сабырлық пен іскерлік көрсетіңіздер» – дей келе ел ішіндегі ұлтаралық келісім мен тату-тәттілік, ынтымақтастық қазақ халқының қонақжайлылығының, кең пейілінің арқасы екендігін көрсетеді. Ал тәуелсіздік жылдарында қол жеткізілген ұлтаралық ынтымақтастықты сақтап қалу мен нығайту Қазақстандағы ұлт өкілдерінің де борышы, өйткені ұлттық біртұтастық – бұл бірліктің ұйтқысы болып отырған қазақ халқының ізгі қасиеттері мен өмірлік құндылықтарын құрметтеп, қошеметтеуден бастау алады.

Осыған қатысты Елбасы: «....Бұл бағдарламаның түпкі мақсаты – еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, қазақтың ұлт болып өркендеуіне жол ашу, оның тілі мен мәдениетінің кең құлаш жаюына мүмкіндік туғызу» – деп елді бірлікке шақыра отырып, «Ол жалғыз Президенттің немесе Парламет пен Үкіметтің ғана шаруасы емес. Біз болашағымыздың жарқын болғанын көргіміз келеді. Олай болса, осы іске жеңді түріп кірісуіміз керек. Ендеше, құрметті ағайын, ынтымағы жарасқан еліміздің бағын асыратын, мерейін тасытатын үлкен істе баршаңызға сәттілік тілеймін» – деген сөзбен аяқтаған [2].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға». – Алматы : КИСИ при Президенте РК, 2009. – 164
2. www_akorda_kz.nsf/start?OpenForm&lang=kz
3. Назарбаев Н.А. Повышение благосостояния граждан Казахстана – главная цель государственной политики. Послание главы государства народу Казахстана // Казахстанская правда. – 2008, февраль – 7.
4. Конституция Республики Казахстан. – Астана: Елорда, 2008. – С. 8.

Жаңарып жатқан әлемдегі Қазақстан

Президент Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы сыртқы саяси қызметіне шолу

Қайрат САРЫБАЙ,
Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі

Өткен жыл ауқымдылығы мен тереңдігі тұрғысынан теңдесі жоқ қаржы-экономикалық дағдарысты басынан кешіріп отырған әлемдік қоғамдастық үшін үлкен сынақ болды. Дағдарыс жағдайында халықаралық ынтымақтастықтың маңызы арта түсетіні сөзсіз. Өйткені, бұл фактор дағдарыстан кейінгі дамудың және дағдарысқа анағұрлым төзімді әлемді қалыптастырудың негізін қалайтын болады. Бұл үрдісте сыртқы саясаттың маңызды міндеті – жаһандану үстіндегі әлемде мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету.

Қазақстан халықаралық қатынастар жүйесіне тереңдей енгендіктен, әлемдегі көптеген елдер сияқты жаһандық даму тенденцияларының ықпалына ұшырап отырады. Осыған орай, Президент Н.Ә. Назарбаев 2009 жылы 6 наурызда өзінің Қазақстан халқына жасаған кезекті Жолдауында дағдарыс салдарын еңсеруге баса көңіл бөлді.

2009 жыл Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық саладағы белсенді қызметімен ерекшеленіп, осының арқасында еліміздің сыртқы саясатының стратегиялық бағыттарында сапалы серпін қамтамасыз етілді.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 18 жылдығы еліміздің қазіргі заманғы тарихының ең маңызды және жауапты кезеңдерінің біріне тұспа-тұс келіп тұр. 2010 жылы Қазақстан посткеңестік кеңістік және азиялық құрлық елдері арасынан алғашқы болып Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын басқарады, сондай-ақ Шанхай ынтымақтастығы ұйымының төрағалық тізгінін қолына алады және Ислам конференциясы ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесін басқаруға дайындыққа кіріседі.

Ірі халықаралық ұйымдарға төрағалық етудің жоғары мәртебесі – еліміздің Тәуелсіздігінің 18 жылында қол жеткізген жетістіктерінің айқын белгісін, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтың қазақстандық даму үлгісінің тиімділігін мойындауын айғақтайды. Жиырма жылдан аз уақыттың ішінде жас мемлекетіміз орасан зор жол жүріп өтті, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамудың, төзімділік пен этносаралық келісімнің қайталанбас тәжірибесін жинақтады.

Жаһандық ынтымақтастықтың басымдықтары

Нұрсұлтан Назарбаев сыртқы саяси салада бірінші кезекте жаһандық және өңірлік қауіпсіздік мәселелеріне, біздің өңірдегі тұрақтылықтың сақталуына,

сондай-ақ жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарының еңсерілуіне жіті көңіл бөлді. Елбасының айтарлықтай қоғамдық резонанс туғызған және кең ауқымды халықаралық қолдау тапқан бірқатар маңызды сыртқы саяси бастамалары осыған бағытталды.

Қазақстан басшысының Семей ядролық полигонының жабылған күні – 29 тамызды – ядролық сынақтарға қарсы әрекет етудің Халықаралық күні ретінде жариялау жөніндегі бастамасы аса зор маңызға ие болды. Бұл идея әлемнің жетекші мемлекеттерінің, соның ішінде «ядролық клуб» елдерінің қолдауын тапты және Біріккен ұлттар ұйымы Бас ассамблеясының 2009 ж. 2 желтоқсандағы F/RES/64/35 қарарымен мақұлданды.

Қазақстанның ядролық қарусыздану мен таратпау үрдісіне қосқан қомақты үлесін ескерсек, Елбасының 2010 жылы Вашингтонда өтетін Ядролық қауіпсіздік жөніндегі жаһандық саммитке қатысуы айрықша мәнге ие болмақ. Біздің еліміз полигонды жауып, ядролық қарудан бас тартып қана қойған жоқ, сонымен қатар Орталық Азияда ядросыз аймақ құру бастамасын көтерді. Бұл ядролық таратпау режимін күшейту, ядролық энергетиканы бейбіт мақсаттарда пайдалануда ынтымақтастықты дамыту жолында маңызды қадам болды. Біздің еліміз осы бағыттағы іс-қимыл аясында Атомдық энергия жөніндегі халықаралық агенттіктің (IAEA) қамқорлығымен Ядролық отынның халықаралық банкін құру идеясын белсенді түрде қолдауда.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Дағдарыстан шығу кілті» («Российская газета», 2009 ж. 2 ақпан), «Еуразиялық экономикалық одақ: теория немесе нақтылық» («Известия», 2009 ж. 19 наурыз), «Бесінші жол» («Известия», 2009 ж. 22 қыркүйек) атты мақалаларында және Давостағы Бүкіләлемдік экономикалық форумда, Боао экономикалық форумында, II Астана экономикалық форумында және басқа іс-шараларда әлемдік қаржы дағдарысын еңсеру жолдары туралы көтерген бастамалары әлемдік қоғамдастықта оң ой-пікірлер туғызды. Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсыныстары жаһандық экономикалық және қаржылық жүйені түбегейлі реформадан өткізу үшін қазіргі дағдарыс әлемге қайталанбас мүмкіндік беретіні жөніндегі нық сеніміне негізделуде. Назар аударатын жайт, бұл пікірге көптеген саяси қайраткерлер, Нобель сыйлығын алған әйгілі экономистер қосылуда. ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының төрағасы Ж.Соарештің мәлімдеуінше, «Қазақстан Президенті, бәлкім, әлемдік басшылардың арасында жаһандық дағдарысты еңсеру жөнінде нақты практикалық идеяларды ұсынған жалғыз басшы болды».

Нұрсұлтан Назарбаевтың 2010 жылы ЕҚЫҰ саммитін өткізу ұсынысы Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы қарсаңындағы маңызды бастама болды. Франция Президенті Н. Саркозидің Астанаға сапары барысында айтылған бұл бастаманың маңыздылығы мен өзектілігі аса жоғары. ЕҚЫҰ-ның Стамбул саммитінен бері он жылдан астам уақыт өтті және жоғары деңгейде қарастыруды қажет ететін біраз мәселелер қордаланып қалды.

Қазақстан Президентінің идеясы ЕҚЫҰ-ны қуатты әрі тиімді ұйымға айналдыруға бағытталған. Бүгінгі әлемдегі қауіп-қатерлердің артуы ахуалында осындай ойды ұсынудың өзі Қазақстан басшысының әлемдік ауқымдағы саясаткершілігінің көрегендігін көрсетеді. Назар аударатын жайт, Елбасының ұсынысы ЕҚЫҰ-ға мүше белді елдер тарапынан қолдау тауып, Афинада өткен ЕҚЫҰ Сыртқы істер министрлері кеңесінің қорытынды декларациясында атап өтілді.

Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ төрағалығына сапалы дайындығы мәселесі Елбасының жұмыс кестесінде маңызды орын алды. Тамызда Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы мәселесі жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру және ҚР мемлекеттік органдары үшін іс-қимыл жоспарын әзірлеу туралы шешім қабылдады. Қазақстан басшысы біздің төрағалығымыздың күн тәртібіне енгізілген бірқатар маңызды идея көтерді. Атап айтқанда, ЕҚЫҰ назарын өңірлік қауіпсіздік түйткілдерін шешуге, Ұйымның Орталық Азия аймақтық проблемаларын шешудегі, Ауғанстанды қалпына келтірудегі, экономикалық-экологиялық өлшемдердегі, сондай-ақ біздің өңірімізді Еуропамен байланыстыратын көлік-транзит дәлізін дамытудағы рөлін жандандыруға аудару жөнінде кеңес берілді.

Еліміздің ұлттық бірлігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын этносаралық үйлесім тәжірибесі Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығының басым бағыттарының бірі болмақ және «Ванкуверден Владивостокқа» дейінгі кеңістіктегі қауіпсіздіктің жаңа архитектурасын жасау үрдісінде айтарлықтай рөл атқарары сөзсіз. Мемлекет басшысының бұл ұсыныстары еуропалық әріптестердің қолдауына ие болды, сондай-ақ ЕҚЫҰ ПА Төрағасы Ж.Соареш пен ЕҚЫҰ Бас хатшысы М.П. де Бришамбо тарапынан жоғары бағаланды.

Қазақстан Президенті азиялық құрлықтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне баса назар аударады. Нұрсұлтан Назарбаевтың 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (Азия Кеңесі) шақыру жөнінде көтерген бастамасы бүгінде халықаралық қатынастардың нақты факторына және Азия құрлығында қауіпсіздік пен ынтымақтастықты сақтаудың тиімді құралына айналды. Бүгінгі таңда ЕҚЫҰ-ның Азиядағы өзіндік үлгісі болып саналатын бұл форум әлемдік жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) өндірісінің үштен бірін қамтамасыз ететін, тұтастай алғанда 3 миллиард тұрғыны бар елдердің басын қосып отыр. Қазақстанның Азия Кеңесіндегі ұзақ жылғы табысты төрағалығы форумның жүйеленуі кезеңінің аяқталуын, оның шараларын өткізу географиясының кеңеюін қамтамасыз етті. 2010 жылы Кеңестің үшінші саммитін өткізу жоспарланып отыр, оның барысында Түркия төрағалық тізгінін Қазақстаннан қабылдап алады.

Иран ядролық бағдарламасы және Таяу Шығыстағы жанжалды реттеу сияқты өзекті халықаралық түйткілдер әрдайым Елбасының жіті назарында болды. Иран Президенті М. Ахмадинежадпен келісөздер барысында осы тақырыптармен қатар өңірлік қауіпсіздік, таратпау режимі және Каспий мәселелері талқыланды. Израиль басшысы Ш. Переспен болған келіссөздер Елбасының халықаралық қауіпсіздікті нығайту мен өркениеттер диалогы жөніндегі бастамаларының өзектілігін қуаттады. Ш. Перестің Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының III съезіне қатысуы және оның Астанада араб мемлекеттері мен Израиль басшыларының кездесуін өткізу жөніндегі бастамасы өте маңызды болды.

Өңірлік стратегияның тиімділігі

Елбасының 16 маусымда Екатеринбургте өткен Шанхай ынтымақтастығы ұйымына мүше мемлекеттер басшылары Кеңесіне қатысуы айрықша мәнге ие болды. ШЫҰ-ның өзекті міндеттерді шешуге ұмтылуы, бүгінгі әлемнің қауіп-қатерлеріне жедел көңіл бөлуі көп жақты өңірлік ынтымақтастықтың әлеуетін ашуға өз септігін тигізуде. Терроризм және есірткі тасымалымен күрес, көші-қонды бақылауға алу, энергетикалық қауіпсіздік, дағдарысқа қарсы шаралар,

соның ішінде ШЫҰ-ға мүше елдердің қаржы министрліктері мен ұлттық банктерінің қызметтерін үйлестіру жөніндегі қазақстандық бастамалар ШЫҰ шеңберінде үлкен резонанс туғызды және қолдау тапты.

Қазақстан, Ресей және Беларусь Президенттерінің Кедендік Одақ құру туралы 2009 жылы қол жеткізген уағдаластықтары тарихи маңызы бар оқиға болды. 27 қарашада ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесі барысында қол қойылған құжаттар 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап бірыңғай кедендік тарифтердің іске қосылуына мүмкіндік туғызады. Келесі кезеңде Кедендік Одақ ішіндегі шекаралардан өткенде кедендік рәсімдердің жойылуы жүзеге асырылатын болады. 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап бірыңғай кедендік аумақ қалыптасады. Кедендік Одақтың пайда болуы тауарлар мен қызметтердің, капиталдар мен жұмыс күшінің еркін қозғалысын көздейтін бірыңғай экономикалық кеңістіктің қалыптасуына зор мүмкіндік туғызады. Осы арқылы Елбасының 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің қабырғасында көтерген Еуразиялық одақ құру туралы бастамасы ақиқатқа айнала бастады.

2009 жылы ЕурАзЭҚ жаһандық экономикалық дағдарыстың қауіп-қатерлеріне жедел жауап беруге қабілеттілік таныта білді. Осындай ұстанымның мысалы ретінде ЕурАзЭҚ мемлекеттеріне дағдарыс салдарын еңсеруге жәрдемдесетін 10 миллиард доллар көлемінде Дағдарысқа қарсы қордың құрылуын айтуға болады. Қорды құрамына құрылтайшы елдердің қаржы министрлері кіретін арнайы кеңес, Еуразия даму банкімен бірге басқарады. ЕурАзЭҚ елдері өз ынтымақтастығын дағдарысқа қарсы іс-шаралармен ғана шектемейді, сонымен қатар дағдарыстан кейінгі кезеңде ЕурАзЭҚ экономикалары үшін қозғаушы күш болатын жобалар бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Бұл үшін мемлекеттер басшылары ЕурАзЭҚ жоғары технологиялар орталығын құру жөнінде шешім қабылдады. Орталықты құрудың мақсаты – инновациялық әзірлемелермен алмасу.

Өңірлік қауіпсіздік саласында Елбасының назары 2008 жылы желтоқсанда Бурабайда Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымына (ҰҚШЫҰ) мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуінде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыруға аударылды. 2009 жылдың маусымында Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің отырысында ҰҚШЫҰ Ұжымдық жедел ден қою күштерінің қызметін реттейтін құжаттар қабылданды, ал қазан айында Мәтібұлақ полигонында аталған күштердің бірлескен жаттығулары өтті. Сайып келгенде, ҰҚШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары күш-жігерлерінің арқасында қысқа мерзім ішінде біздің өңірімізде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты тетігі құрылды.

Сәуірде Алматыда Президент Н.Ә.Назарбаевтың төрағалығымен Аралды құтқару жөніндегі халықаралық қордың (АҚХҚ) құрылтайшы мемлекеттері басшыларының саммиті өтті. Саммиттің басты қорытындысы ретінде Арал теңізі маңының тұрғындарына көмек көрсету жөніндегі жаңа мемлекетаралық бағдарлама әзірлеу туралы уағдаластыққа қол жеткізілгенін айтуға болады. АҚХҚ-ның Арал теңізі маңындағы экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға бағытталған қызметіне жаңа серпін берілді.

Қазақстан Президентінің 2-3 қазанда Әзербайжанда өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының 9-шы Саммитіне қатысуының үлкен маңызы болды. Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша жалпытүркілік интеграцияны жаңа даму кезеңіне шығаруды көздейтін Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін (Түркі Кеңесі) құру туралы Келісімге қол қойылды. Осылайша, Түркі

әлемі елдері арасында саяси, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық және басқа салалардағы ынтымақтастықты үйлестіру мақсатында алғаш рет тұрақты қызмет атқаратын жоғары кеңес органы құрылды.

Қазақстанның түркі әлемі елдерімен ынтымақтастығын кеңейту қажеттігінің ерекше негіздері бар. Бұған түркі халықтарының тарихи, мәдени және тілдік туыстығы ғана емес, сонымен қатар әлемдік кеңістіктің өңірлену үрдісінің күшеюі де өз септігін тигізуде. Интеграциялық бірлестіктер әлемдік экономикада барған сайын үлкен маңызға ие болуда. Өңірлік деңгейде интеграцияның тереңдеуі жаһандық дағдарысты еңсерудің маңызды жолдарының біріне айнала бастады.

Бұл ретте Президент Н.Ә. Назарбаевтың Орталық Азия мемлекеттерінің Одағын құру туралы бастамасының өзектілігі арта түсуде. Елбасының пайымдауынша, өңірлік интеграция – Орталық Азияның тұрақтылығына, ілгерілеуіне, экономикалық және әскери-саяси қауіпсіздігіне, әлемдік қоғамдастықтағы беделінің өсуіне жеткізетін бірден-бір баламасыз жол. Қазақстан Президентінің 2009 жылы Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан басшыларымен болған бірнеше кездесулері, Президент Қ. Бәкиевтің ұлықтау рәсіміне қатысуы өңірлік интеграцияны кеңейту мәселелеріне арналды.

БРҰҚ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ ЖАҢА БАСЫМДЫҚТАР

Соңғы жылдарда әлемдік дамудың маңызды тенденциясы ретінде жаңа экономикалық күш орталықтарының шыға бастағанын айтуға болады. Алдағы онжылдықта үдемелі дамып келе жатқан Қытай, Үндістан, Бразилия және Ресей Батыс елдеріне бәсекелес бола алады. Сарапшылардың болжамы бойынша, 2025 жылы-ақ Пекин мен Дели өздерінің экономикалық дамуы жөнінен ғаламшарымызда екінші және төртінші орынға шығады, ал БРҰҚ тобы (Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай) елдерінің жиынтық ұлттық табысы өсу қарқыны бойынша бұрынғы «Үлкен жетілік» мемлекеттерінің осындай көрсеткіштерінен екі есе асып түседі. Әлемдік экономикалық дамудың жаңа орталықтары болып табылатын елдермен ынтымақтастықты жандандырудың Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар.

2009 жылы Қазақстанның Ресей Федерациясымен пәрменді диалогы жалғастырылды. Атап айту керек, екі мемлекет арасындағы одақтастық қатынастар тарихи тұрғыдан қалыптасқан факт қана емес, сонымен бірге жүйелі түрде атқарылатын нақты істермен толықтырылған ұдайы үдеріс болып табылады. Экономикалық саладағы ең маңызды бірлескен іс-шаралар екі мемлекет басшылары қабылдаған 2009-2010 жылдардағы Бірлескен іс-қимыл жоспарында орын алды.

Былтырғы жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың Президент Д. Медведевпен оннан астам кездесуі өтті. Бұл кездесулер Ресеймен мемлекетаралық әрекеттестіктің барлық салаларындағы стратегиялық әріптестікті тереңдетуге өз септігін тигізгені сөзсіз. Отын-энергетика, атом энергиясын бейбіт мақсаттарда пайдалану салаларындағы ұтымды жобалар бойынша бірлескен жұмыс, халықаралық сахнада және өңірлік интеграциялық құрылымдарда, Каспий бойынша тиімді әрекеттестік жалғасты. 2009 жылы екіжақты ынтымақтастықтың маңызды элементі – аймақаралық байланыстар едәуір дамыды. ҚР мен РФ аймақаралық ынтымақтастығының Орынборда өткен VI Форумы барысында энергетика сала-

сында маңызды келісімдерге, әскери-техникалық, шекаралық ынтымақтастық пен сауда салаларында мемлекетаралық бағдарламаларға қол қойылды.

Қазақстанның Қытаймен стратегиялық әріптестігін дамытуда қомақты іс атқарылды. Елбасы ҚХР басшылығымен тұрақты саяси диалогты қолдап отырды. Осының дәлелі ретінде жоғары деңгейде өткен бірнеше кездесулерді атап айтуға болады. Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылғы сәуірде Пекинге жасаған сапарының нәтижесінде Қазақстанның АСЕАН Өңірлік форумына кіру жөніндегі өтінішін қолдау тапты, сондай-ақ энергетика, көлік, машина жасау, құрылыс, сауда және басқа салалардағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Барлығы 11 екі жақты құжатқа қол қойылды, соның ішінде негізгісі ретінде ҚР экономикасының мұнай-газ секторындағы, сондай-ақ шикізаттық емес салалардағы және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру үшін Қазақстанға 10 миллиард доллар сомасында несие беру туралы келісімді айтуға болады.

ҚХР Төрағасының желтоқсан айының ортасында Астанаға жасаған жұмыс сапары Қазақстан-Қытай қатынастарының тату көршілік, әріптестік және сенімді сипатын қуаттады. Қытаймен стратегиялық әріптестікті жан-жақты нығайтуға, жемісті және өзара тиімді бірлескен жұмыс жасауға, дәстүрлі достықты күшейтуге арналып, ұзақ мерзімді болашаққа есептелген бағыт-бағдар елдеріміз халықтарының мүдделеріне сай келеді және өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайтуға қомақты үлес қосады.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың Үндістанға мемлекеттік сапары Қазақстан сыртқы саясатының азиялық бағытының едәуір нығаюына өз септігін тигізді. Бұл сапар екіжақты ынтымақтастықтың барлық саларында стратегиялық әріптестікті ұлғайтуға деген өзара ниетті қуаттады. Ядролық энергияны бейбіт мақсаттарда пайдалану туралы келісімге қол қою, атом энергетикасы мен Қазақстаннан Үндістанға ядролық отынды жеткізу саласында, мұнай-газ, ақпараттық технологиялар және ғарыштық зерттеулер салаларында бірлескен ірі жобаларды жүзеге асыру жөнінде уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Соңғы жылдарда Қазақстан-Бразилия қатынастары белсенді дами бастады. Бұған Президент Н.Ә. Назарбаевтың 2007 жылы Бразилияға жасаған сапары үлкен серпін берді. Елбасының шақыруы бойынша 2009 жылғы маусымда Қазақстан мен Орталық Азия тарихында алғаш рет Бразилия Президенті Лула да Силваның Астанаға қарымта сапары болды. Үкіметаралық комиссия құру, негізгі екі жақты экономикалық келісімдерге қол қою және бразилиялық компаниялармен ынтымақтастық жөніндегі уағдаластықтар сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру үшін барлық қажетті жағдайларды туғызатыны сөзсіз. Нұрсұлтан Назарбаев спорттың ең кең таралған түрлерінің бірі – футболдың дамуына үлкен мән береді. Осы орайда, болашақта Қазақстан жастар құрамасының негізін құрайтын 26 қазақстандық жеткіншек футболшы қазіргі кезде Бразилияда үш жылдық бағдарлама бойынша тәлім алып жатқанын атап өткен жөн.

Достар көп болмайды

2009 жылы Елбасы Еуропа мен Азияның жетекші елдерімен екі жақты қатынастарды стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеру бағытын жалғастырды. Бұған мемлекеттердің өзара стратегиялық мүдделері мен жоғары деңгейдегі саяси ниеті септігін тигізуде. Мәселен, Президент Н. Саркози Астанаға сапары барысында «Қазақстан Франция маңызды әріптесі болып табылады және біз

онымен әріптестікті Германиямен немесе Бразилиямен арадағы іспеттес ауқымда орнатқымыз келеді», деп мәлімдеді.

Еуропа елдерімен ынтымақтастықтың стратегиялық форматын орнатуға Елбасының бастамасы бойынша қабылданған «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасы негіз болып табылады. 2009 жылы Қазақстан басшылығының күш-жігері Франциямен стратегиялық әріптестікті тереңдету, Германиямен инновациялық-инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту, Италиямен, Түркиямен және Испаниямен екіжақты қатынастарды стратегиялық деңгейге көтеру бағытында шоғырланды. Назар аударатын жайт, Мадрид 2010 жылдың бірінші жартысында Еуропалық Одақтағы төрағалығын Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығымен үйлестіруге дайын екенін мәлімдеді.

Франция мен Италияның басшыларымен бірлескен іскерлік жобаларды жүзеге асыру туралы серпінді уағдаластықтарға қол жеткізілді және жалпы сомасы 12 млрд. долларды құрайтын екіжақты құжаттар топтамасына қол қойылды. Бұл жерде әңгіме бірлескен жоғары технологиялы және бәсекеге қабілетті өндірістерге Франция мен Италияның технологияларын, тікелей инвестицияларын тарту, Қазақстан экономикасының шикізаттық емес секторларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру туралы болып отыр.

Азиялық бағытта Мемлекет басшысының 23-26 қаңтарда Делиге жасаған сапары барысында Қазақстан-Үндістан қатынастары стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Елбасының Оңтүстік Корея Президенті Ли Мен Бакпен жүргізген келіссөздері энергетика, көлік, құрылыс, телекоммуникациялық технологиялар салаларындағы ынтымақтастыққа қызу қарқын дарытты. Инвестиция көлемі 4,5 млрд. доллармен өлшенетін Балқаш жылу электр стансасын салу жөніндегі бірлескен ірі жобаның жүзеге асырылуы бастау алды.

Қазақстанның араб әлеміндегі мүдделерін ілгерілету ісіне көп көңіл бөлінуде. Елбасының Біріккен Араб Әмірліктеріне және Иорданияға жасаған сапарлары Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымы СІМ Кеңесіне төрағалығының аталған елдер тарапынан қолдау табуына жақсы мүмкіндіктер туғызды. Астанада және Каспий бойында бірқатар нысандардың құрылысын жеделдету, бірлескен инвестициялық қор құру, сондай-ақ Алматыдағы Өңірлік қаржы орталығының дамуына септігін тигізетін және посткеңестік кеңістікте исламдық банкинг принципінде жұмыс істейтін алғашқы қаржы институттарының бірін ашу жөнінде уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Экономикалық даму даңғылымен

Қазақстанның халықаралық беделін нығайту жолында Елбасы экономикалық мәселелерге жіті көңіл бөлді. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Экономика – саясаттың негізі» деген қағидаты сыртқы саяси сала үшін де өзекті болып табылады. Өткен жылы Елбасы Қазақстанның әлемдік экономикадағы бәскелестік артықшылықтарын арттыруға көп күш жұмылдырды. Әңгіме біздің еліміздің ірі ресурстар жеткізуші ретінде жаһандық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін кеңейту жөнінде ғана емес, сонымен қатар энергетикалық экспорттың бағыттарын әртараптандыру, сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жаңа үлгілерін белсенді түрде дамыту, сыртқы әлеммен «ресурстар-технологиялар-инвестициялар» формуласы бойынша жұмыс жүргізудің арқасында Қазақстанның әлемдік нарыққа сапалы серпілісі жайында болып отыр.

Атап айтқанда, Франция, Италия, Ресей, Түркия және Әзербайжан басшыларымен болған келіссөздер барысында Тасымалдаудың Қазақстан Каспий Жүйесі (ТҚКЖ), Каспий Құбыр Консорциумы, «Атырау-Самара», «Баку-Тбилиси-Жейхан», «Самсун-Жейхан» және басқа мұнай құбырлары тәрізді бұрынғыларын кеңейтуге және жаңа энергетикалық бағыттарды қалыптастыруға шетелдік әріптестердің қолдауын қамтамасыз ету жөнінде уағдаластықтарға қол жеткізілді.

Қазақстандық энергетикалық ресурстарды әлемдік нарыққа тасымалдау үшін Каспий елдерінің энергетика және көлік инфрақұрылымдарын пайдалану туралы келісілді. Осы орайда, Кашаған және Теңіз тәрізді ірі кен орындарының мұнайын шығаруға арналған ТҚКЖ үшін негізгі артерия болып табылатын «Ескене-Құрық» экспорттық магистралдық мұнай құбырын салу жобасы бойынша еуропалық әріптестермен қол жеткізілген уағдаластықтардың айрықша маңызы бар.

Шығыс бағытта Түрікменстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай трансұлттық газ құбыры жобасының жүзеге асырылуын атап өткен маңызды. Оның 1300 шақырымдық алғашқы тармағы Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының аумағымен өтеді. Екінші кезеңінің салынуы Батыс Қазақстанды оңтүстік өңірмен байланыстырып, еліміздің оңтүстігінің газ импортына тәуелділігін айтарлықтай азайтуға және газдандыру ауқымын кеңейтуге мүмкіндік туғызады. Яғни, Қазақстан басшылығы елімізді жаһандық энергетикалық инфрақұрылымның маңызды тізбегіне айналдыру үшін оңтүстік-батыс және шығыс бағыттарда стратегиялық тұрғыдан маңызды көлік дәліздерін қалыптастыру жолында күш жұмылдырды. Осы жобалардың жүзеге асырылуы Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтуге септігін тигізетін болады.

Елбасы сонымен қатар Қазақстанның көліктік-транзиттік әлеуетіне көп көңіл бөледі. Сарапшылардың болжамдарына сәйкес, алдағы онжылдықтарда Еуропа мен Азия арасындағы тауар мен көлік ағыны айтарлықтай арта түседі. Осы орайда Қазақстанның негізгі міндеттерінің бірі – жаңа көлік дәліздерін қалыптастыру және жаһандық көлік инфрақұрылымына тереңдей кірігу арқылы көне замандардан бері Шығыс пен Батысты байланыстырып келген Ұлы Жібек жолын қайта жаңғырту.

Қыркүйек айында Ақтөбеде Елбасы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің қазақстандық бөлігінің құрылысын бастау рәсіміне қатысты. Орталық Азия бойынша аса ірі болып саналатын осы жобаның жүзеге асырылуы біздің өңірімізден әлемдік нарықтарға жүк тасымалын қамтамасыз ететін көлік хабын қалыптастыруға өз септігін тигізеді. 2009 жылдың күзінде Қазақстан Президенті өзінің әріптестері – Ресей, Әзербайжан және Түрікменстан басшыларымен бірге Ақтау халықаралық әуежайының жаңа жолаушылар терминалымен танысты. Түрік іскерлерімен концессия туралы келісімшарт негізінде салынған бұл терминал ұшу салмағы шектеусіз барлық әуе кемелерін қабылдай алады.

Елбасының «Ақтау-Горган» автожолын қайта қалпына келтіру туралы Иран және Түрікменстан басшыларымен қол жеткізген уағдаластығының маңызы зор. Бұл жоба Ақтау айлағын стратегиялық маңызы бар «Қазақстан-Түрікменстан-Иран» темір жол жобасымен бірге бірыңғай көлік торабына байланыстыруға мүмкіндік береді. Батыс Қазақстандағы осы және өзге де көлік жобаларының жүзеге асырылуы Жерорта теңізі мен Қара теңізге, сондай-ақ Парсы шығанағына шығуды және мультимодальды жүк тасымалын қамтамасыз ету мүмкіндігі арқылы қуатты өңірлік көлік торабын қалыптастыруға бағытталып отыр.

Қазақстан экономикасын әртараптандыру және индустриалды-инновациялық бағдарламаны жүзеге асыру үрдісінде еліміздің басшылығы жүргізіп жатқан шетелдік инвестициялар мен озық технологияларды тарту саясаты өзекті мәнге ие болып отыр. Жаһандық даму үрдісі көрсеткендей, бүкіл әлемдегі инвесторлар өз капиталдарын пайдаланудың жаңа салаларын іздестіруде. Қысқа мерзімді спекулятивтік салымдардан дәстүрлі салаларға ұзақ мерзімді инвестициялар салуға көшу үрдісі байқалуда, әлемдік нарықтың жаңа, енді пайда болып жатқан сегменттерін іздестіру жалғасуда. Осы үрдістің таза коммерциялық қырларымен бірге, шетелдік инвесторлардың Қазақстанға деген сенімі аса маңызды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық беделі және оның белсенді саяси қызметі бүкіл әлемдегі іскерлік топтардың Қазақстан басшысына деген жоғары сенімін қамтамасыз етіп отыр. Қазақстан басшылығының 2007 жылдан бері жүзеге асырып келе жатқан дағдарысқа қарсы тиімді саясаты мен алдын алу іс-шаралары әлемдік бизнестің жетекші өкілдерінің, соның ішінде Елбасының қатысуымен өткен Шетелдік инвесторлар кеңесі отырыстарының жоғары бағасына ие болды.

Қазақстанның жеделдетілген индустриялануы жаңа технологиялық базаға, өнімдердегі инновацияларға және тиімді менеджментке негізделуі тиіс. Елбасы осындай кешенді міндеттерді шешуге көп көңіл бөледі. Өткен жылы жылы Нұрсұлтан Назарбаев инустриалдық және инновациялық даму міндеттерін табысты шешудің үлгісі саналатын бірқатар мемлекеттерге арнайы барып қайтты.

Финляндияға жасаған сапар және дамудың фин тәжірибесін зерттеу көрсеткеніндей, халықаралық бәскелестік жағдайында нақты серпіліске озық технологияларды дамыту арқылы ғана жету мүмкін. Осының айғағын «Текес» және «Ситра» ғылымды қолдау мемлекеттік қорларының қызметінен, «Отаниеми» технологиялық паркінің дамуынан көруге болады. Бұл ретте Президент үшін Қазақстан экономикасының дамуына ең озық шетелдік «ноу-хау» тарту маңызды. Жыл сайын 500-ге дейін инновациялық жобаларды жүзеге асыратын «Отаниеми» паркіне барған кезде Елбасы оның жұмысымен мұқият танысып, фин әріптестеріне Қазақстанда технологиялық парктерді дамыту үшін ынтымақтасудың нақты идеяларын ұсынды.

Түркияда болған кезде Президент осы елдің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі – индустриялық аймақтарды құру тәжірибесімен танысты. Бүгінгі таңда Түркия Республикасында жүзден астам осындай индустриялық алаңдар жұмыс істейді. Нұрсұлтан Назарбаев барып қайтқан алаң Анкарада орналасқан: жалпы ауданы 9000 гектар жерде 323 өнеркәсіптік кәсіпорын бар, онда 25 мың адам жұмыспен қамтылған.

Елбасы өзінің барлық халықаралық кездесулерінде шетелдік инвесторларды Қазақстан экономикасын әртараптандырудың «серпінді» жобаларына, өнеркәсіп пен инфрақұрылымның өзекті салаларын модернизациялауға, бірлескен әзірлемелерге және өндіріске озық технологияларды енгізуге қатысуға шақырады. Осындай жұмыстың нақты қорытындылары ретінде «Шеврон», «АрселорМитал», «ЭНИ», «ЕАДС», «КЕПКО-Самсунг» және басқа компаниялардың қатысуымен энергетика, металлургия, атом өнеркәсібі, машина жасау салаларында жүзеге асырылған инфрақұрылымдық жобаларды айтуға болады. Ынтымақтастықтың осындай мысалдары Қазақстан

басшылығы қойған мақсатқа – экономиканы әртараптандыруға қол жеткізуге септігін тигізеді.

Үндістан мен Франция басшыларымен арадағы уағдаластықтар, «Казатомпромның» Үндістан ядролық-энергетикалық корпорациясымен және уран өнеркәсібінің әлемдік көшбасшысы – Францияның «АРЕВА» компаниясымен ынтымақтастық орнату Қазақстанның әлемдік уран нарығындағы позициясының нығаюына септігін тигізері сөзсіз. Жаңартылатын энергия көздерін дамытуға күн мен жел энергиясын пайдалануға, энергия үнемдейтін технологияларды енгізуге үлкен мән берілуде. Елбасының Германия, Финляндия және Эстония басшыларымен келіссөздері барысында Қазақстанда энергияның баламалы көздерін дамыту, осы орайда нақты бірлескен жобаларды жүзеге асыру тақырыбына жіті көңіл бөлінді.

Жалпы алғанда, Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2009 жылы атқарған халықаралық қызметі еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы міндеттерін шешумен, әлемдік қаржы дағдарысының салдарын еңсерумен және Қазақстанның дағдарыстан кейінгі дамуының негізін қалыптастырумен тығыз байланысты болды. ҚХР тарапынан ҚР экономикасын әртараптандыруға ірі несилердің бөлінуі, Франция, Италия, Түркия, Оңтүстік Корея және Үндістан жетекші компанияларымен шикізаттық емес секторларда ынтымақтастық туралы келісімдер жасасу, Финляндия, Словения, Эстония және Израильдің инновациялық ынтымақтастық ел экономикасының дамуы үшін қолайлы жағдайлар туғызуға септігін тигізді. Әлемдік қаржы дағдарысына қарамастан, үстіміздегі жылы шетелдік әріптестермен қол жеткізілген уағдаластықтар мен экономикалық келісімдер Қазақстан экономикасына 30 млрд. доллардан астам капиталдың құйылуын қамтамасыз етті.

Сарапшылардың бағалауынша, алдағы жылдарда ішкі және сыртқы инвестициялардың артуы арқасында Қазақстан экономикасы 50 млрд. доллар көлемінде қосымша құнға ие бола алады.

Ұлы Дала мәдениеті әлемге ашылды

2009 жылдың маусым айында Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының үшінші съезінің табысты өткізілуі еліміздің діндер диалогы, төзімділік және кемсітпеу саласына қосқан қомақты үлесі болды. Қазақстанның мәдениет пен діндер диалогын дамытуға үлес қосуға деген шынайы ұмтылысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қарашада Рим Папасы Бенедикт XVI-мен өткізген кездесуі барысында Ватикан тарапынан қолдау тапты.

2009 жылы Елбасы Қазақстанның халықаралық мәдени байланыстарын дамытуға және еліміздің мәдени жетістіктерін насихаттауға көп көңіл бөлді. Президент кең қоғамдық резонанс туғызған Германиядағы Қазақстан жылының, Біріккен Араб Әмірліктері мен Иорданиядағы Қазақ мәдениеті күндерінің ашылуына қатысты. Мәдениеттер арасындағы диалогты дамытуға қолдау көрсету ең алдымен ұлттық тарих пен мәдениетті зерттеуді қажетсінеді. Түркітілдес елдердің мемлекет басшыларының 9-шы саммиті барысында Қазақстан Президентінің Астанада Түркі әлемінің академиясын құру бастамасы осыған арналған болатын. Елбасы өз күш-жігерін жаһандану үстіндегі әлемдегі Қазақстанның мәдени өзіндігін қолдауға жұмсауда, өйткені Қазақстан тарихының ерекшелігі мен көпұлтты мәдениеті – мемлекетіміздің әлемдік кеңістікке кірігуінің берік негізі.

Көшбасшы беделі – табыс кілті

Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық беделі – жалпы мойындалған ақиқат қана емес, сонымен қатар еліміздің сыртқы саясатының тиімділігі мен табыстылығының шешуші факторы. Қазақстан басшысы көреген саясатшы, табанды және тәжірибелі стратег, жан-жақты және терең білімі бар тұлға ретінде мәлім. Ол, сондай-ақ, сөзіне берік және кеңпейіл адам ретінде де танымал. Сондықтан болар, Елбасын көптеген елдерде қадірлі қонақ ретінде зор құрметпен қарсы алады.

Қазақстан Президенті Үндістан Республикасы күніне орай ұйымдастырылған салтанатты рәсімнің Құрметті қонағы мәртебесіне ие болды. Үндістанның басты ұлттық мейрамының 60 жылдығына шақыру – Елбасының жоғары халықаралық беделінің және үнді басшылығы тарапынан оның еңбегінің мойындалуының айғағы.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың 22 қазанда Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысында сөз сөйлеуі айтулы оқиға болды. Түркияның бас саяси органының мінберін ұсыну – биік мәртебе және түрік халқының Қазақстан басшысына деген зор сенімінің ерекше. Елбасын Түркияның жоғары мемлекеттік нышанымен марапаттаған Президент А. Гүлдің бағалауы бойынша, «бүкіл түркі әлемі Нұрсұлтан Назарбаевты өзінің көшбасшысы деп мойындайды және оның бауырлас түркі халықтарын біріктіру, ортақ тарихын зерттеу, мәдени байланыстарын дамыту жөніндегі бастамаларын жоғары бағалайды».

Қазақстан Президенті екіжақты қатынастарды дамытуға сіңірген еңбегі үшін 2009 жылы Финляндияның («Ақ Раушан ордені»), Оңтүстік Кореяның («Мунунхва» ордені), Түркияның (жоғары мемлекеттік нышаны), Біріккен Араб Әмірліктерінің («Заид» ордені) сияқты жоғары мемлекеттік ордендерімен, сондай-ақ «Диалог Евразия» халықаралық үкіметтік емес ұйымының «Евразия» орденімен, «Батыс-Шығыс» институтының «Бейбітшілік және алдын алу дипломатиясы» атағымен марапатталды.

Нұрсұлтан Назарбаев бір жылдың ішінде 15 халықаралық форумға, сондай-ақ шет мемлекеттердің басшыларының және іскерлерінің қатысуымен өткен он шақты бизнес-форумға қатысты. Жалпы алғанда, Президент мемлекет және үкімет басшыларымен, халықаралық ұйымдардың және ірі компаниялардың жетекшілерімен, шетелдік саяси және қоғамдық қайраткерлермен 120-дан астам кездесу өткізді. Елбасының халықаралық сапарлары мен кездесулері іс жүзінде Азия, Еуропа және Америка құрлықтарының барлық маңызды елдерін қамтиды.

2009 жылы Президент 14 елге сапар жасады, бұл бұрынғы жылғы көрсеткіштен екі еседен асып түседі. Президенттің әуе кемесі шетелдік сапарларда 125 сағат болып, 100 мыңдай шақырым қашықтықты ұшып өтті, яғни, салыстыратын болсақ, жер шарын екі реттен артық айналып өткендей болды. Бұл цифрлардың артында Елбасының ерен еңбегі мен қажырлы қайраты жатыр.

Елбасының өткен жылы атқарған халықаралық қызметі Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын одан әрі дамытуға және халықаралық беделінің нығаюына, шет елдермен достық және ынтымақтастықты тереңдетуге, мемлекетіміздің жедел дамуы мен гүлденуі, бүкіл қазақстандықтардың әл-ауқатының көтерілуі үшін қолайлы сыртқы ахуалды қалыптастыруға септігін тигізгенін атап өткен жөн.

АҚШ-тың Шығыс Еуропа елдеріндегі әлеуметтік-саяси өзгеріс жүйесіне қатысуы

Төлеутай СҮЛЕЙМЕНОВ,
ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Дипломатия институтының директоры, саяси ғылымдарының кандидаты, профессор

Шығыс Еуропада 1989 жылы бастау алған демократиялық қайта жаңару 1980 жылдары белсенді жүргізілген және оның мағынасы өңірдегі мемлекеттердің қаржы қолғабысы мен олардың демократияландыру және ырықтандыру үшін саяси күресіне тікелей пропорционалды болған АҚШ-тың саяси-академиялық элитасын «дифференцивті көзқарасты» қайта қарауға мәжбүр етті. Осылайша 1990 жылдардың басында американдық әкімшілік алдында Шығыс Еуропа елдеріне тұтастай және ондағы әрбір мемлекетке бөлек жаңа сыртқы саясат бағытын жасау қажеттілігі туды.

XX ғасырдың 80-90 жылдар шегінде АҚШ үшін Шығыс Еуропа елдеріне қатысты мақсаттарды ревизиялау өзекті мәселелер қатарында болды. Биоөрісті жүйе шеңберінде барлығы екі үстем мемлекет – АҚШ пен КСРО-ның қарама-қарсылығымен анықталды, демек ресми Вашингтон Шығыс Еуропада КСРО-ны әлсіздендіретіндердің барлығын ынталандырды. Енді американдықтар өздерінің ұлттық байлықтарын, американдық аналитик Р. Ульманның айтқандай, «демократия, заң рөлі, ашықтық және экономикадағы бәсекелестікті», еске түсіруге мәжбүр болды [1, 151 б.].

АҚШ-тың бұрынғы мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкер 1989 жылдың аяғында «жаңа атлантизм негізіндегі жаңа Еуропа» идеясын ұсынды, оның мақсаты – НАТО-ның негізінде еуроатлантикалық қауіпсіздік жүйесін құру. Альянстің күшейуі АҚШ-тың Еуропадағы ұстанымдарының автоматты түрде нығайуын білдіреді [2, 15 б.].

Құрама Штаттар өздерінің Шығыс Еуропадағы қызығушылығын «демократияның бейбіт жолындағы эволюциясы» арқылы көрсетті. АҚШ өңірдің саяси реформаларына залал келтірмейді, тек бұрынғыдай өңірдегі елдердің саяси және экономикалық реформаларын қолдайды. Ақ үй Шығыс Еуропа елдерінің қоғамын демократияландыру мақсатында және аталған өңірдегі экономикалық және әлеуметтік климатты жақсартуға бағытталған жобаларды белсенді түрде қаржыландырды. Сонымен бірге американдық үкімет АҚШ-тың экономикалық көмегі қайырымдылыққа арналмағанын бірнеше рет баса айтты, ал көмектің елеулі дәрежеде ұлғаюына тек Шығыс Еуропа елдерінің экономикалық конъюнктурасының жақсаруы ғана әсер етеді.

Шығыс Еуропа елдері өңіріндегі АҚШ-тың 1989–1990 жылдардағы сыртқы саясат арасындағы артықшылықтарын бір мағынада бағалауға болмайды. Саяси және идеологиялық факторлардың үстемділігі айқын болды. Бұл өңірдің АҚШ

үшін артықшылығы Шығыс Еуропа елдеріндегі революциялар салдарынан пайда болған «геосаяси вакуумды» толтыру еді.

Құрама Штаттар үшін саяси анықтауыш мағынасын батыс демократиялық құндылықтардың жеңуі және Шығыс Еуропа елдеріндегі кері айналмайтын саяси, экономикалық және идеологиялық түбегейлі өзгерістер.

Еуропадағы геосаяси жағдайдың өзгеруі АҚШ-тың Шығыс Еуропа саясатының эволюциясына әкелді. Егер 1989 жылға дейін АҚШ-тың Шығыс Еуропаға қатысты саясаты американдық-кеңестік қарама-қарсылық жағдайында болса, революциядан кейін және трансформацияланатын үрдістердің басталуымен бұл өңірде ол американдық және Еуропаға ортақ саясатқа айналды. Ол одан да ұзақ мүдделерді жүзеге асыруға бағдарланған, нақты айтқанда: Құрама Штаттардың әрі қарай Еуропа істеріне белсенді қатысуына мүмкіндігін жасау. Польша мен Венгриядағы ырықтандыру үрдістерінің жеделдетілуі АҚШ-тың билік құрылымында олар түбегейлі саяси және экономикалық кенеттен болған өзгерісті басынан өткеріп жатқан елдер ғана емес, сонымен бірге коммунистік биліктен демократиялық билікке өтудің үлгілері мен мысалдары ретінде қарастырылды.

Польша мен Венгриядағы революциялық оқиғалар американдық мүдде үшін үлкен мағынаға ие болды, өйткені олар АҚШ үшін белгілі алдағы көзге түсер көріністерімен қатар қауіп төндірді. Сондықтан Ақ үйдің Шығыс Еуропалық саясатының трансформациясы ішкі және сыртқы факторлармен алдын ала айқындалған келелі мәселелер пакетін талқылауды көздеген. Ең алдымен мұндай келелі мәселелер қатарында коммунистік режим салдарынан адам құқығының бұзылуы және Шығыс Еуропадан келе жатқан эммиграция мәселесі болды. Нақтырақ айтқанда, Шығыс Еуропа елінен келген азаматтарға еркін жүруге кедергі жасау – адам құқығын бұзудың маңыздысы ретінде қарастырылды. Американдық Конгресс мұндай шек қоюға өзінің айыптаушылық резолюциялары және қаулыларымен жауап қайтарды [3, 19 б.].

1989 жылға дейін Шығыс Еуропа елдеріне қаржы көмегін көрсету сияқты сыртқы саясат іс-әрекеттерінің мұндай үлгісі жиі қолданылған жоқ және негізінен жүйелі түрде емес, көбінесе кездейсоқ болды. Бірақ 1990 жылдың ортасынан бастап Шығыс Еуропадағы саяси жағдай өзгерді. Атап айтқанда АҚШ сыртқы саясатының іске асыру түрі, яғни бұл өңірдегі қаржы көмегі заң шығаратын және атқарушы биліктің басты назарына қадалды. Ақ үйдің экономикалық көмегі әлі де Шығыс Еуропадан келе жатқан эммиграция мәселесіне өзіне тән жауап ретінде қарастырылса, дегенмен АҚШ-тың саяси элитасы арасында Шығыс Еуропаның тұтас дамуына әсер ететін маңызды құрал несиелер болу керек деген ойлар тарала бастады [4, 76 б.].

Шығыс Еуропа елдері үшін заң шығарушы деңгейде қаржы көмегін бекіту мақсатында американдық Конгрессте «Шығыс Еуропалық демократияны қолдау туралы 1989 жылғы Заң» қабылданды. Бұл Заң шеңберінде 1990-1992 жылдары Польша мен Венгрияның қаржылық бюджетке, соның ішінде жеке меншік сектордың жүйелік реформациясына, сауда, инвестициялық және экологиялық жобаларға, демократиялық институттарды қайта құруға, жұмысқа орналасуға қолғабыс жасауға және мәдени ғылыми ынтымақтастық бағдарламаларға 930 млн. долл. ортақ сома рұқсат етілді. Президент әкімшілігі және Конгресс 1990-шы қаржы жылына 659 млн. долл. қаржы бөлуге келісім берді, ал ол 1989 жылдың 21қарашасында заңды күшіне енді.

Шығыс Еуропа мен Батыс Еуропа елдері арасындағы байланыстың жеделдеуі трансформацияға ұшыраған АҚШ-тың Шығыс Еуропаға қатысты көзқарастары факторларының бірі болды, бұл көзқарастар енді американдық Шығыс Еуропалық

қатынастар жағдайында қаралатын болды. Сол себепті Құрама Штаттар Шығыс Еуропалық елдердің бұл үрдістерде бастапқы рөлде болуын немесе бұл рөлді Ақ үйдің өзіне қалдыру керектігін уәждеу - американдық саяси топтарда көп талқыланған мәселелердің бірі болды.

Осы мәселеге байланысты АҚШ Конгресінде екі көзқарас орнықты. Біріншісі, экс-социалистік елдерге көмекті Батыс Еуропаның көрсетуін қалады, ал екіншісі – Америка Құрама Штаттарын қалады.

Батыс Еуропаның басшылық рөлінің ықтималдылығы Шығыс Еуропамен географиялық факторы және дәстүрлі байланыстарымен, ал бұл Вашингтон алдында олардың табиғи артықшылығын көрсетеді. Осылайша, АҚШ мемлекеттік департаментінің бұрынғы өкілі Р. Хорматстың пікірі бойынша, Шығыс Еуропадағы реформаларды үйлестіру мәселелерінде көшбасшылық Еуропалық Одаққа тән. Ғалымның пікірі бойынша, Батыс Еуропаның «Шығыс Еуропаны қалпына келтіруге» тарихи құқығы бар [5, 19 б.]. Бірақ саясаткердің Батыс Еуропаның көшбасшы рөлін тануына қарамастан, ол АҚШ қызығушылығы болсын, еуропалықтардың қызығушылығы болсын олардың барлығы бір мақсатты көздеп отыр – Шығыс және Батыс Еуропаның бірігуі.

Г. Харматстың оппоненттері тек американдық әкімшіліктің Шығыс Еуропада басты рөл атқаруы керек деп санады. Конгресс мәліметтерінде айтылғандай, «Шығыс Еуропалық елдердің американдық әскери күштерінің өңірде болуын қалауы жеткілікті». Бұл идеяны жақтайтындардың пікірінше, Құрама Штаттардың позициясы Шығыс Еуропа елдерімен одан да жақын байланысу керек, ал ол АҚШ-тың Еуропада болуын одан әрі ұзартуына ықпал ете алады, әсіресе НАТО өзінің маңыздылығын жоятын болса [6, 35 б.].

1992 жылы АҚШ саяси истеблишментінде өзгерістер орын алды: президенттік сайлауда өзінің сайлау кампаниясын президент болып отырған Дж. Буштың сыртқы саясатын қатты сынаған У. Клинтон басшылық еткен демократиялық партия жеңіске жетті. Бірінші кезекте солтүстікатлант серіктестігі мен НАТО келешегі мәселелері сыналды. Американдық аналитиктер әділетті түрде Солтүстікатлант Альянсінің Құрама Штаттардың Еуропадағы орнының негізі және еуропалық істерге ықпал тигізетін мықты құрал екенін атап өтті, әйтсе де саясаттанушылар Альянс ішінде түбегейлі өзгерістерді жүргізу керектігін мойындады, мұндағы мақсаты – Альянстің жаңа ақиқат шындықтарға икемделуі [7, 37 б.].

«АҚШ ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы» атты Президент У. Клинтонның 1994 жылғы жыл сайынғы Конгресске жолдауында «... қырғи қабақ соғыс кезеңінен кейінгі НАТО-ның Еуропадағы негізгі рөлін бекіту... НАТО Еуропадағы этникалық және ұлтаралық шиеленістерді шешуде басты рөл атқарады... «Бейбітшілік жолындағы ынтымақтастық» бағдарламасы» туралы ресми түрде декларацияланған, бұл ұйымға мүше болудың ең тиімді жолы [8].

Американдық дипломаттардың айтуы бойынша, НАТО-ның шығысқа қарай кеңею үрдісі - темір перденің құлауының логикалық салдары және ортақ демократиялық құндылықтарға негізделген еуропалық бірлікті шегелеу болып табылады.

1996-98 жылдар аралығында Құрама Штаттарда НАТО-ның АҚШ үшін шығыс бағдарға қарай кеңеюінің құнына қатысты бірнеше зерттеулер өткізілді. 1996 жылдың наурыз айында Конгресстің бюджет комитетінің зерттеуінде 1996 жылдан бастап 2010 жылдар аралығын қамтитын кезең үшін 5 – 19 млрд. долл. деген сан тұрды. 1996 жылдың күзінде РЕНД Корпорейшн (RAND Corporation) 10-15 жылдар шамасын қамтитын кезең үшін 420 млн. долл. – 1,4 млрд. долл. керек деген санды жария етті және олар бұған қосып «мұның барлығы Вашингтонның

Шығыс Еуропада, ал келешекте бүкіл Еуропада қаншалықты әскери және саяси рөлін ұлғайтуына байланысты» деген сөздерін келтірді [9]. АҚШ Мемлекеттік департамент ұсынған Конгресс баяндамасында 1999-2009 жылдар ішінде НАТО-ның шығыс бағытта ұлғаюына американдық үкімет жыл сайын 150-200 млн. долл. шамасында қаржы жұмсалатындығы туралы болжам жасады. 1998 жылғы ақпан айында Президент әкімшілігінің Конгресске жасаған баяндамасында қаржының одан да көп қысқарғанына назар аударылды: келесі 10 жылдықта 400 млн. долл.

1998 жылғы ақпан айында Президент Клинтон әкімшілігінің Конгресске НАТО-ның кеңеюіне қатысты жасаған баяндамасында «Еуропаның бейбіт өмірі, тұрақтылығы және өркендеуі американдық ұлттық қауіпсіздік үшін аса маңызды. Польша, Венгрия және Чехияның Солтүстік Атлант Шартының Одағына кіруі Құрама Штаттардың трансатланттық кеңістіктегі американдық қалауларды және қауіпсіздікті ілгері жылжытады. Дамыған демократиялық елдердің одақтасуы Еуропаға төнген потенциалды қауіпті қайтаруға, тұрақтылықты тереңдетуге, кеңістігіндегі демократиялық табысты қолдауға және жасанды таратып тұратын жолдарды жоюға көмектесіп, сонымен бірге өзінің тиімділігін «қырғи қабақ соғыс» кезінде жеткізген Альянсті күшейтеді» деп айтылған [10, 77 б.].

Кіші Дж. Буштың республикалық әкімшілігі НАТО-ны стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыратын әскери одақ ретінде қарастырып, оның кеңеюіне бағытталған Клинтон бағдарын одан әрі жалғастырды. 2001 жылғы 11 қыркүйектегі лаңкестік шабуылдардан кейін Құрама Штаттар Альянс бойынша одақтастарына сенім артуын азайтса да, НАТО келешегі және оның әскери-саяси мақсатқа сәйкестілігі мәселелері американдық сыртқы саяси жарыссөздерде бастапқы орындарының бірін құрайды.

1990 жылдардың бірінші жартысында АҚШ өзінің экономикалық, қаржы, ғылыми-техникалық және әскери потенциалының арқасында Шығыс Еуропалық серіктестеріне ықпалын ұстап тұрды.

2006 жылдан бастап ресми Вашингтон Шығыс Еуропаның кейбір елдерінде өзінің ұлттық ракетаға қарсы қорғаныс (әрі қарай - РҚҚ) элементтерін орнатуды жігерлі түрде зерттеп отырып бейнелеуде. Польшада 10 ракетаға қарсы кешендерді орнату жоспарланса, Чехияда – американдық ракетаға қарсы кешендерге бағдар көрсету үшін радиолокациялық станциясын құру жоспарланған. 2007 жылғы ақпанда Польша Премьер-министрі Я. Качинский және Чехия Үкіметі басшысы М. Тополанек АҚШ-қа ресми сапар барысында американдық ұсыныстарды қабылдайтындарына дайындықтарын білдіріп, АҚШ-пен келіссөздер барысында осы сұраққа қатысты келісілген көзқараста болуларына сенім білдірді.

АҚШ Американдық РҚҚ нысандарын Шығыс Европа елдері аймағына орнатамыз деген шешім қабылдағанда, Ресеймен арадағы қатынасты шиеленістірді, ал бұл Ресей және өңірдегі елдер арасында қарым-қатынастың өршуіне алып келді. Ресми Мәскеу Вашингтонның Шығыс Европа елдерін және олардың саяси элиталарын өңірдегі американдық геостратегияға байлаудың қосымша тетіктері пайда болғанына алаңдаушылық білдірді. Польша және Чехия ел басыларының Вашингтонның бұл жобаның Ресейге қарсы бағытталмаған деп айтуына қарамастан, Мәскеуде американдық РҚҚ-ның Шығыс Еуропа елдеріне орнықтыруды Ресей Федерациясының ұлттық мүддесі мен қауіпсіздігіне тікелей қауіп ретінде қарастырды, және Ресейдің бұрынғы президенті В. Путиннің айтқанындай, «... біз бұған қарсы қатаң шара қолдануға дайынбыз» [11].

Шығыс Еуропадағы американдық РҚҚ мәселесі «ескі» және «жаңа» Еуропаның қарама-қарсылығын одан сайын өршітті. Еуроодақтың ортақ сыртқы және

қауіпсіздік саясатын меңменді көздеп отырғанын бейтарап қалдырып, АҚШ үшін Шығыс Еуропалық елдер Батыс Еуропалық елдерге әсер етуге қосымша құрал бола бастады. РҚҚ-ға байланысты НАТО механизмдерінен аттап өтіп Вашингтонның және Шығыс Еуропа елдері арасындағы «оқшауланған» келіссөздер Батыс Еуропа елдерінің бірқатарының айыптаушылығы мен мақұлдамауына тап болды, әсіресе, Германия мен Франция тарапынан.

Осылайша, АҚШ-тың Шығыс Еуропалық өңірдің геосаяси әрекеттеріне ықпалын біржақты бағалауға болмайды. 1990 жылдар басында Құрама Штаттардың Шығыс Еуропа елдеріне бағытталған саясаты американдық-ресейлік қатынастар жағдайында қалыптасты.

XX ғ. 90 жылдарының ортасынан Еуропа кеңістігіндегі американдық мақсаттарға айқын «ревизия» жасалды. Өңірдегі АҚШ сыртқы саясатының мүддесіне американдық экономикасымен күшті бәсекелесуге мүмкіншілігі бар Еуропалық Одақ қауіп төндірді. Сол себепті Еуропалық континенттегі АҚШ сыртқы саясатының доктринасын анықтайтын концептуалды негіздер Шығыс Еуропа елдері дамуының мәселелеріне негізделді, тек осы арқылы ғана Вашингтонның «Еуропа істеріне» «ресмиленуі» мүмкін еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ulman R.H. Securing Europe. – Princeton: Princeton Univ. Press, 1991. – 183 p.
2. Korbonski A. The politics of economic reforms in Eastern Europe: The last thirty years // Eastern European Politics and Societies. – 1989. – Vol. XLI. - №1. – P. 1-19.
3. Congress and Foreign Policy. 101 US Congress. Committee Print. – Washington: US Government Printing Office, 1990.
4. U.S. Foreign Policy Toward Eastern Europe. 101 US Congress. Senate. Committee on Foreign Relations. Subcommittee on European Affairs. Hearing. 26, July, 1989. – W.: US Government Printing Office, 1990.
5. Hormats R., Myers J. The Price of Liberty: Paying for America's Wars. – N.Y., 2008. – 368 p.
6. Congress and Foreign Policy. 101 US Congress. Committee Print. – Washington: US Government Printing Office, 1990.
7. Kugler Richard L.. A Distinctly American internationalism for a globalized world // U.S. Foreign Policy: A New Era, 2002. – 36-40.
8. A National Security Strategy of engagement and enlargement. The White House, 1994.
9. Report to the Congress on the Enlargement of North Atlantic Treaty Organization: Rationale, Benefits, Costs and Implications. – Washington D.C.: Bureau of European and Canadian Affairs., U.S. Department of State, 24 February, 1997. – Internet. – www.state.gov/www/regions/eur/9702nato_report.html
10. Report to the Congress on the Military Requirements and Costs of NATO Enlargement // The DISAM Journal of International Security Assistance Management. – 1998. – Vol. 20. - №3. – P. 776-79.
11. Владимир Путин заявил Кондолизе Райс, что Россия выступает против размещения элементов ПРО в Европе // http://www.rg.ru/2007/05/15/putin-rais-anons.html

АӨСШК – Азиядағы ұжымдық қауіпсіздіктің тиімді тетігі

Дулат БАҚЫШЕВ,
Алматы қаласында орналасқан АӨСШК Хатшылығының Атқарушы директоры

Қазақстан 2010 жылғы 1-ші қаңтардан бастап бір жыл бойы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық етеді. Сондықтан, Еуро-Атлантикалық қауымдастықтың назары Қазақстанға ауып отыр.

Бұл орайда, біріншіден, Қазақстанның басқа да ірі халықаралық форумдарға басшылық ету тәжірибесі бар екендігін еске сала кеткен жөн. Мысал ретінде кейбір сарапшылар айтып жүрген «ЕҚҰЫ-ның Азиядағы аналогы» болып табылатын Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шарлары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК, немесе Азия Кеңесі) келтіруге болады.

Қазіргі күні Азиядағы ең қарқынды және келешегінен үлкен үміт күттіретін көпжақты институттардың бірі болып табылатын АӨСШК-ні құруды Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының мінбесінен ұсынған болатын. Форумға мүше мемлекеттер 1999 жылғы Министрлердің бірінші кездесуіне дейін оның мақсат-мүддерлері мен басқа да параметрлерін анықтау, негізін қалаумен айналысып, қомақты іс атқарды. 2009 жылға дейінгі он жылдың төңірегінде бұл құрылым континент елдерінің басым көпшілігінің басы біріккен, өңірдегі қауіпсіздікті күшейтуге бағытталған тиімді тетікке айналып, нақты үлес қоса алды.

Азия Кеңесіне қатысты негізгі оқиғаларға үңілетін болсақ, ең алдымен қызу дипломатиялық жұмысты талап еткен және тарихи маңызға ие болған 2002 жылғы АӨСШК-нің бірінші саммиті туралы әңгіме қозғаған қисынды. Ең жоғарғы деңгейде өткен бұл жиынға Қытай, Үндістан, Иран, Израиль, Пәкістан және Ресей сияқты он алты мемлекеттің басшылары мен жоғары лауазымды өкілдер қатысқан болатын.

Осы сәттен бастап Азия Кеңесі Қазақстан төрағалығымен өңірдегі жан-жақты қауіпсіздік мәселелерін шешетін пәрменді де беделді форумға айнала бастады. Саммиттің негізгі нәтижесі ретінде мемлекеттер басшылары қабылдаған Алматы актісін келтіруге болады. Сонымен қатар, АӨСШК-нің Терроризмнің көзін жою және өркениеттер арасындағы диалогты дамыту туралы декларациясының маңызын атап өткен жөн.

АӨСШК-нің 2006 жылғы Екінші саммиті де Алматы қасында өтті. Күн тәртібіндегі көптеген мәселелердің арасынан АӨСШК Хатшылығын құру туралы шешімді бөліп айтқан жөн. Демек, осы құрылымды құру арқылы мүше-мемлекеттер ұйымдастыру фазасын сәтті тамамдады десе де болады. Бүгінде атқарушы орган Қазақстанда орын теуіп, өз ісін белсенді атқаруда.

2004 жылы Сыртқы істер министрлер деңгейінде қабылданған АӨСШК сенім шаралары Каталогы практикалық қызметтің негізгі бес бағытын белгілеп берді. 2007 жылы Бангкокта бекітілген «Кооперативтік әдіс» Каталогты іске асырудың маңызды тетігіне айналды.

АӨСШК өз жұмысында бірінші ретте аймақтың ерекшеліктерін ескереді. Кеңес Азия территориясының және халқының тоқсан пайызын қамтитын жиырма мүше-мемлекетті біріктіреді. Батыста ол Түркиядан бастап, шығыста Корей Республикасына дейін ұлан-ғайыр жерді қамтиды. Екі ортада Таяу Шығыс, Орталық және Оңтүстік Азия, Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері орналасқан.

Кеңестің табиғатына келсек, АӨСШК Азия елдеріне ортақ кең ауқымды қауіпсіздік проблемаларды талқылайтын форум болып табылады. Қауіп-қатерлерге Азия Кеңесіне мүше болып табылатын мемлекеттер тұрақты түрде сұхбат жүргізу және консенсустік негізде қажетті шешім қабылдау арқылы қарсы тұрады. Тоқетерін айтсақ, АӨСШК – Азияның барлық елдері арасында диалог жүргізу үшін құрылған қауіпсіздік саласындағы бірегей платформа.

2007 жылдан бастап мемлекеттер тиісті салаларда тұжырымдамалар мен іс-шаралар жоспарларын қабылдап, сенім шараларын іске асыруға кірісті. Ортақ шешіммен қажет болған жағдайда, әрине, басқа да маңызды мәселелер шешіледі. Мысалы, 2007 жылы Ауғанстанға АӨСШК тарабынан гуманитарлық жәрдем беріліп, төтенше түрде азық-түлік жөнелтілді.

АӨСШК-нің басты мақсаты – Азиядағы біріңғай ұжымдық қауіпсіздік құрылымын бірте-бірте қалыптастыру. Бұл оңай іс емес. Біріншіден, Азияның өз ерекшеліктері бар. Еуропадағы құрылымдар, атап айтсақ ЕҚЫҰ, біздің континентке сол күйінде көшіріле алмайды. Себебі, біздегі жағдай біраз бөлек. Мемлекеттердің даму деңгейі, саяси және экономикалық жүйедегі әралуандылық, мәдени және діни факторлар, тағысын тағы, мәселелерді аса ептілікпен шешуді талап етеді.

Сондықтан, АӨСШК-ге мүше мемлекеттер бес салаға басымдылық беріп отыр: әскери және саяси өлшем, «жаңа қауіптер мен қатерлер», экономика, экология және гуманитарлық бағыт. Осы салаларда өзара іс-қимыл, ықпалдастық жүргізілуде. Алғашында қарапайым мәселелер қаралып, біртіндеп күрделі проблемалар шешілетін болады. АӨСШК шеңберінде жаңа форматта пайдалануға болатын формула қалыптасты деуге болады.

Концептуалдық тұрғыдан, АӨСШК-нің негізін салушылар ортақ қауіптерге қарсы жауаптың ортақ және көпжақты болуы тиіс екендігі жөнінде келісімге келді. Мемлекеттер әркелкі болғандықтан, АӨСШК-ке қатысушы елдер аймақтағы қайшылықтардың ортақ проблемаларды шешуде, амал-тәсілдерді табуға кедергі болмайтынын алға тартты. Осының негізінде, АӨСШК елдердің жалпыға қатысты бар проблемаларды талқылауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні он бір мүше мемлекет әр түрлі бағыттарда сенім шараларын жүзеге асыруға үйлестірушілік жүргізуде. Бұл рольді олар өз еріктерімен таңдап атқарады.

Қазіргі уақытқа шейін гуманитарлық, немесе адам өлшеміндегі сенім шараларын жүзеге асыру жөніндегі жұмыс жоспарымен жаңа қауіп-қатерлерге қатысты және тағы басқа салаларда іс-қимылдар бекітілді және іске асырылуда. Сонымен қатар, энергетикалық қаупсіздік, ақпараттық технологиялар секілді бағыттарда нақты іс-шараларды қамтитын құжаттар қарастырылу үстінде.

Астана гуманитарлық өлшемдегі ынтымақтастық мәселелеріне үйлестіруші болып табылады. Қырғыз Республикасы Қазақстанмен бірге үйлестіруші. 2009 жылы жылғы наурызда Бішкекте конфессияаралық келісім мәселелері жөнінде семинар ұйымдастырылды. 2009 жылғы мамырда Астанада этно-мәдени бірлестіктердің форумы өтті. Корей Республикасы қыркүйекте ақпараттық технологиялар мен энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған екі эксперттік кездесуді сәтті өткізді. Бірқартар кездесулерді Иран, Израиль, Түркия, Таиланд және Қазақстанда ұйымдастыру жоспарлануда.

2009 жылы көптеген маңызды шаралар ішінде Нью-Дели, Мәскеу, Бейжің қалаларында өткен кездесулер аса табысты болды деуге болады. Мысалы, АӨСШК-ге мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары деңгейіндегі отырыс Бейжіңде әскери-саяси салада сенім шараларын іске асыру жолдарын қарастыру жөніндегі Төрағаның (Қазақстан) тиісті құжатын жағымды қабылдаған болатын. Бұл дегеніміз, үлкен ілгерілеуді білдіреді. Себебі, 2007 жылы бұған мемлекеттер дайын болмаған-ды. Екі жыл ішінде өзара түсіністік ұлғайып, өте сезімтал сала болып табылатын әскери-саяси мәселелер бойынша шаралардың өткізілуі, әрине, форум үшін ерекше жетістік. Оның үстіне, 2008 жылғы Үшінші министрлер кездесуінде бұл тақырыпты алға дамыту туралы шешім қабылданған болатын. Мемлекеттер басшылары және министрлер деңгейіндегі шешімдер ұдайы жүзеге асуда. Сонымен бірге, Қытай астанасында шағын және орта кәсіпкерлік және туризм саласында көпжақты ынтымақтастық жөніндегі іс-қимыл жоспарлары қабылданды, басқа да өзекті мәселелер шешілді.

Енді күн тәртібіндегі басты мәселе – АӨСШК-нің Үшінші саммитіне дайындық. Бұл шара Түркияда өтпек. Онда Анкара АӨСШК төрағалығын қабылдайтын болады.

Демек, Азия Кеңесінің дамуында жаңа кезең басталады деген сөз. АӨСШК тарихында төрағалық бірінші рет ауыспақ. Қазақстан мен Түркия достас, бауырлас мемлекеттер ғана емес, географиялық жағынан, яғни өркениеттер қатынастарында атқаратын рөлі жағынан да бір-біріне ұқсас елдер. Тарих бойы екі ел халқы түрлі өлкелерді, мәдениеттерді жалғайтын көпір іспетті болды. Сондықтан, алдағы уақытта да бұған дәнекер бола бермек деген ойдамыз.

АӨСШК басқа халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық дамытып келеді. Бұндай байланыстар 2007 жылғы АӨСШК-нің сыртқы қарым-қатынастары туралы Ереже аясында даму үстінде.

Құжаттағы принциптерге сәйкес, АӨСШК аймағындағы қауіпсіздік, тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында халықаралық және аймақтық ұйымдармен ынытмақтастық орнату үшін бірқатар шараларды жүзеге асырды. Азия Кеңесі Хатшылығы Халықаралық миграция жөніндегі ұйым, ЕурАзЭҚ (Еуразиялық экономикалық қауымдастық) және ЭЫҰ-ның (Экономикалық ынтымақтастық ұйымы) атқарушы органдарымен өзара түсіністік жөніндегі меморандумдарға қол қойды. Өкілдер тиісті кездесулерге қатысып, өзара байланыстардың болашағын анықтау үстінде.

АӨСШК Хатшылығы делегациясы басқа халықаралық ұйымдардың шараларына жүйелі түрде қатысып тұрады. Азия Кеңесі 2007 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы жанынан байқаушы дәрежесіне ие болған болатын. БҰҰ АӨСШК-де байқаушы статусына ие. Басқа әріптес ұйымдармен ынтымақтастық Азия елдері үшін аса маңызды экономикалық, әлеуметтік және гуманитарлық өлшемдерде дамып келеді.

Халықаралық мәселелер жөніндегі танымал сарапшылар ғаламдану жағдайында бір де бір ұйым жеке өзінше қауіпсіздікті қамтамасыз ете алмайды деген пікір айтуда. Бұл үшін түрлі деңгейдегі әр түрлі мәселелермен айналысатын көпжақты құрылымдардың біріккен жүйесі қажет.

Ендігі кезекте, ЕҚЫҰ мен АӨСШК арасындағы ұқсастық пен Қазақстанның еуропалық ұйымға басшылық етуіне тоқталсақ.

Екі құрылым да өз аймақтарында бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты негізгі мақсаттарды ұстанады. Олардың мүше-мемлекеттері арасындағы байланыстарды реттейтін принциптері де өте ұқсас. 2002 жылғы АӨСШК-нің Алматы актісі ЕҚЫҰ-ның Хельсинкі актісі секілді келісім емес, саяси құжат болып табылады. Екі құрылымда да шешімдер консенсус негізінде қабылданып, еркінділік негізінде іске асады. АӨСШК-нің жеті мүше мемлекеті ЕҚЫҰ-ға мүше, кейбіреулері оның ынтымақтастық жөніндегі серіктестері.

Қазақстанның төрағалығы ЕҚЫҰ-ның Азиялық институттармен, оның ішінде, АӨСШК-мен жан-жақты ынтымақтастық орнатуға септігін тигізеді деген ойдамыз. Айта кететін жайт, еуропалық ұйым Азия Кеңесте байқаушы дәрежесіне ие.

Сондықтан, тығыз ықпалдастық АӨСШК мен ЕҚЫҰ үшін одан әрі тиімді болмақ. Тараптар келесі ортақ салаларға қызығушылығық танытып отыр: қауіпсіздіктің әскери және саяси аспектілері, лаңкестікке қарсы күрес, қақтығыстардың алдын алу, экономика, экология салалары мен гуманитарлық өлшемдегі іс-қимылдар және т.б. Еске сала кететін мәселе, ЕҚЫҰ басқа ұйымдарға қарағанда сенім шараларын іске асыруда үлкен тәжірибесі бар. Бұл біз үшін құнды болып табылады. Өзара ықпалдасу алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Құрылғаннан бергі қысқа мерзім ішінде Қазақстанның төрағалығымен АӨСШК сенімсіздік, өшпенділік себептерін жою мен Азияда экономикалық өркендеу және тұрақтылыққа жағдай жасауда үлкен қадамдар жасады. Бұл бағыттағы жұмыста АӨСШК аясында қазақстандық мамандар біраз тәжірибе жинады. Бұның бәрі ЕҚЫҰ төрағалығын сәтті өткізуге негіз болмақ.

Ресейдің шығыстық саясатындағы Орталық Азия: мәселенің тарихы мен халықаралық астарлары (XIX-XXI ғғ.)

Рыскелді МЫРЗАБЕКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың дүние жүзі тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей қатынастарының бірнеше ғасырлық тарихы бар. Бұл көбінесе сауда қатынастарымен байланысты болды, бірақ жүйелілік сипатты иеленбеді. Байланыстарға Иван Грозный мен I Петр тұсында жүйелілік сипат беруге тырысты, дегенмен бұл әрекеттер нәтижесіз аяқталды [1].

XIX ғасырдың соңында Орталық Азияда үш хандық – Қоқан, Хиуа, және Бұхара эмираты болғандығы белгілі [2]. Бұл жерлерде өзбектер, тәжіктер, түркмендер, қырғыздар, қарақалпақтар өмір сүрді. Хандықтардағы қоғамдық қатынастар патриархалдық-рулық сипатта болды. Аймақтың табиғи климаттық жағдайына байланысты экономикалық дамуындағы бір ерекшелік, жерге жеке меншіктің болмауы еді. Себебі, құрғақ климат қолдан суаруды талап етті, ал ирригациялық жүйені ұжымның күшімен ғана сақтап тұруға болатын. Осындай жағдай жеке шаруашылықтың дамына кедергі келтірді. Жер дихандарға шарт бойынша беріліп отырды.

Орталық Азияға келген саяхатшылар, ғалымдар, дипломаттар Зеравшан, Ферғана, Ташкент далаларының жер өңдеу деңгейінің жоғарғы мәдениетін және тұрғындардың тығыз қоныстанғандығын көрсетеді [3]. Далалы аудандар мен шөлейтті жерлерде тұрғындар көшпелі өмір сүріп, мал шаруашылығымен айналысты. Көшпелі тайпалардың өмір сүруінің тағы бір талабы - жайылымдық жерлерге қауымдық иелік болды.

Қалаларда өнеркәсіп қолөнер түрінде көрініс алды. Жібек, мақта, жүннен тоқылған маталар, металдан жасалған бұйымдар – сыртқы нарыққа, Шығыс елдері мен Ресейге жіберілді. Хандықтардың экономикалық біртектілігімен қатар, өзіндік ерекшеліктері де болды. Мысалы, Қоқан хандығы, ханға тірек болған мықты әскери ақсүйектері бар феодалдық мемлекет ретінде болса, Бұхара хандығы Орталық Азияның рухани орталығы ретінде еді [4].

Аймақтың экономикасының дамуына Бұхара мен Қоқан, Хиуа мен Бұхара арасындағы, сонымен қатар, Орта Азиялық хандықтардың көрші – Иран, Ауғанстан сияқты мемлекеттермен жүргізетін үздіксіз соғыстары кедергі келтірді. Қақтығыстар ирригациялық жүйенің, тұрақтардың жойылуына алып келді.

Нәтижесінде, ортағасырларда шығыс өркениетінің орталығы болған Орталық Азия экономикасы мен мәдениеті XVII–XVIII ғасырларда құлдырау сатысын басынан өткерді [5].

Саяси жағынан алғанда хандықтар феодалдық деспотия болды, билеушілері шексіз билікті иеленді, өзіне берілген адамдардың арасынан шенеуніктер тағайындады. Кландарға бөліну, әлемдік нарықтан шетте жату, аймақтың экономикалық және әлеуметтік прогресін тежеді. Осындай жағдайда капиталистік даму жолына түскен Ресеймен экономикалық байланыстардың маңыздылығы артты. Ресей үшін де Азия нарығы қажет еді.

Орталық Азия мен Ресей халықтары көптеген ғасырлар бойы әртүрлі, бірақ түйісіп отыратын өркениеттік ағымдарда өмір сүрді. Ресей христиан әлемінің шығыстық шеткі аймағында орналасқан мемлекет. Орталық Азияда өмір сүрген мемлекеттер де өзінің өткен тарихында ислам дүниесінің шеткі аймағы болып есептелетін. Олар қилы өркениеттің - араб, парсы, эллиндік, үнді, қытай, орталық-азиялық әскери көшпелі мәдениеттің ықпалында болды. Бірақ олар өркениеттік байланыстардың нәтижесінен синтездік өркениетке айналған жоқ. Түркі өркениетінің өзіндік белгілерін сақтап қалды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан Орталық Азия Ресей шекарасының құрамына кірді. Осы уақыттан бастап, Орталық Азияның Ресей ықпалына түсу тарихы басталады. Санкт-Петербург, кейін Москваның күшімен, Орталық Азия республикаларында жаңа жергілікті элита қалыптастырылды. Олар өзінің тәрбиесі, тілі бойынша Ресейге жақын болды, өздерінің тағдырларын Ресеймен байланыстырады.

Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін Ресей өзінің оңтүстіктегі көршілерімен достық қатынастарын сақтап қалуға тырысты. Қазір Ресей және Орталық Азиялық мемлекеттер арасында бір-біріне деген территориялық, саяси, діни т.б. сипаттағы талаптар жоқ. Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін бұл мемлекеттердің жекешелenуі мүмкіндігінше бейбіт түрде өтті. Осы фактор өткен тарихында біртұтас болған кеңес мемлекеттерінің болашақта да конфронтациясы болмайды деген үміт береді. Бірақ өткен тарихтың ортақтығы болашаққа кепіл бола алмайтыны белгілі.

Ресейдің Хиуа, Бұхара, Қоқан хандықтарын жаулап алуынан басталған өткен тарихынан Орталық Азия мемлекеттерінің көзімен қарағанда өкінішті жағдайлар орын алған. Мысалы, 20-шы жылдардағы большевиктердің басмаштарға қарсы күрес туының астында жүрген дискриминациялық акциялар, 30-шы жылдардағы интеллигенцияны халық жаулары ретінде ату, 80-ші жылдардағы «өзбекстандағы мақта ісі» егемендіктің алғашқы жылдары Москваға деген көңіл күйге әсер етті. Ресей ұлтшылдары да бұл мәселеде Орталық Азиядағы әріптестерінен қалып көрген емес. Олар: «Бұрынғы Кеңес үкіметінің құрамында болған одақтас республикалар Ресейдің барлық нәрін сорып алды, Ресейдің аймақтағы өркениеттерді байланыстырушы рөлін дұрыс бағаламады», – деп көрсетеді [6].

Сонымен бірге, Орталық Азияны Ресей экономикасын төменге тартатын, Ресейдің нағыз еуропалық ел болуына кедергі ретінде көретіндері де бар. Сондықтан болашақта ТМД елдерінің арасында интеграциялық үрдістер өріс алуы үшін, ортақ идея және ортақ экономикалық мүдде болу керек.

Әлемнің геосаяси бейнесінің өзгеруі Орталық Азия аймағында жаңа жағдайдың қалыптасуына алып келді. Қазіргі таңда Орталық Азия еуразия кеңістігіндегі

геосаяси жүйеде маңызды орны бар аймаққа айналды. Орталық Азияның жаңа геосаяси орнын анықтайтын бірнеше себептерді көрсетуге болады: а) Орталық Азия Еуразия құрылығының орталығында орналасқандықтан, бірқатар елдердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығында маңызды стратегиялық роль атқарады; ә) Орталық Азияның әрбір мемлекетіндегі жағдай, еуразия кеңістігіндегі күштердің арақатынасын анықтап, болашағына әсер етеді; б)Орталық Азияның жер қойнауы шикізатқа бай, бұл көптеген елдердің тарапынан қызығушылық тудыратыны сөзсіз. Шикізат көздеріне бақылау орнату, жалпы аймақтағы жағдайды өз ықпалында ұстауға мүмкіндік беретіні түсінікті жағдай; в) Орталық Азия еуразиялық стратегиялық тұрғыда маңызды жолдардың түйісінде орналасқан. Мысалы, Орталық Азия елдері Иран арқылы Парсы шығанағына, Ауғанстан мен Пәкстан арқылы Үнді мұхитына, Қытай арқылы Азия Тынық мұхиты аймағына шыға алады.

Орталық Азияның әрбір мемлекеті және Ресей, тәуелсіздік алған жылдардан бері ең алдымен өз егемендігін нығайтумен айналысып келеді. Ресей мен Орталық Азияның ортақ өткен тарихы болғанымен, ортақ болашағының болуы күмән тудырады. Бұл мемлекеттердің әрқайсысын ұзаққа бағытталған жобалардан көрі, жақын болашақтағы мәселелері көп ойландырады.

Егемендігін алған алғашқы жылдары Орталық Азия мемлекеттерінің даму модельдері туралы төмендегідей жорамалдар айтылып жүрді. Мысалы: 1) Түркия айналасына, сол арқылы Батыстық құндылықтарға тартылу; 2) Иран айналасына, мұсылман әлемі елдеріне тартылу; 3) Аймақтың Қытай ықпалына тартылуы. Сонымен бірге, кейбір зерттеушілердің көрсетуі бойынша, Қытай тек экономикалық ықпалмен ғана шектеліп қоймайды, саяси ықпалға да ұмтылады [7].

Осы кезеңде Ресейдің алдында да даму жолын таңдау мәселесі тұрды. Бірақ Ресейдің Орталық Азияға қарағанда таңдау альтернативасы аз еді. Мысалы, олар – еуропалық, өзіндік ерекше жол және еуразиялық. Енді осы даму жолына түсу үшін: Еуропаға жол ЕО пен НАТО-ға мүшелік арқылы жатты. Ал Ресейді онда қабылдай қоюы өзіміз көріп отырғанымыздай екіталай еді. Өзіндік ерекше жолға түсу үшін саяси экономикалық мүмкіндіктері шектеулі болды. Екі мүмкіндігін де іске асыра алмай беті қайтқан Ресейге еуразияшылдықты дамытып, ТМД шеңберінде интеграциялық үрдістерді дамытуға күш салудан өзге ештеңе қалмады.

Қазіргі таңдағы Орталық Азия жағдайына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, бұл жерде «жаңа ойыншылар» мен ежелден бір-бірімен бақталасқан мемлекеттердің мүдделерінің түйіскендігін байқауға болады. Орталық Азияның геосаяси жағдайына белгілі ықпалын тигізіп отырған мемлекеттердің ішінде Ресей Федерациясын бөліп көрсетеміз.

Ресей Федерациясы мүдделеріндегі Орталық Азияның орны мен біріншілігі әрбір кезеңдегі қалыптасқан жағдайларға сай, сатылық деңгейде болды. Ресей Федерациясының Орталық Азиядағы геосаяси, экономикалық, әскери мүдделерін төмендегі жағдайлар анықтап отырды деуге болады: Орталық Азия Ресей үшін оңтүстік шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін «белбеу» факторы; мұнай факторы; Каспий теңізінде ықпалын сақтау факторы; Орталық Азияда өмір сүріп отырған орыс ұлтының үлестік көрсеткішінің жоғары болуы.

1991 жылдан бері Ресейдің Орталық Азиядағы мүдделерінің жалпы сипаты анық болғанымен, ұзақ уақыт бойы Ресей Федерациясының Орталық Азияға

қатысты көздейтін мақсаты анықталған, оған жету жолындағы қағидалары көрсетілген толық қанды саясаты болған жоқ, – деп көрсетеді халықаралық қатынастарды зерттеушілер [8]. Егер 1991 жылдан бергі Ресейдің Орталық Азиядағы саясатына көз жүгіртетін болсақ, әр уақытта Ресей саясатын әр түрлі факторлар анықтағанын, осыған байланысты бағыттарының да әртүрлі болғандығын, жүйелілік болмағандығын байқауға болады.

Жалпы, Ресейдің Орталық Азияға қатысты саясаты бірнеше сатыны басынан өткерді. Бірінші саты (1992-1995 жж.) – Ресейдің Орталық Азиядағы орны шектеулі болды, бұл аймаққа деген қызығушылығы да аз болды деуге болады. Бұл сол кезеңнің ерекшелігімен байланысты болуы мүмкін. Себебі, 1991 жылға дейін КСРО құрамында болып, енді тәуелсіз мемлекеттер ретінде аяғынан тұрып, өтпелі кезеңді басынан өткеріп жатты. Бұл кезде мемлекеттердің сыртқы мәселелерінен көрі ішкі мәселелердегі қиындықтар басымдылық тудырды. Ішкі экономикалық қиындық мемлекеттің сыртқы саяси мүдделерімен өзара байланысты екендігі дұрыс ескерілмеді.

Осы уақытта Ресей Орталық Азия мемлекеттерімен байланысын толық үзді деуге де болмайды. Ол посткеңестік кеңістікте Орталық Азия аймағында аймақтық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға ұмтылды. Мысалы, 1992 жылы Ташкентте ТМД мемлекеттерінің «Ұжымдық Қауіпсіздік Шартына» қол қойылды (ДКБ). ҰҚК шеңберінде Ресей үш бағыттқа - татулықты қолдаушы, кейбір жағдайларда шекараны бірлесіп қорғау, әскери қатынасу мәселелеріне басымдылық берді. Бірақ Ресейдің Орталық Азиядағы үлесі тез әлсірей берді. Себебі, Қазақстан мен Өзбекстан өздерінің шекаралық әскерін қалыптастырды, сондықтан Ресей тек Қырғызстан мен Түркменстандағы шекаралық күштерге ғана бақылау орната алды [9]. Ал экономикалық байланыстар назардан тыс қалып отырды.

Өкінішке орай, посткеңестік мемлекеттердің арасында жасалған көптеген келісімдердің тағдыры нәтижесіз аяқталды. «Кедендік Одақ» саласында жасалған келісімнің нәтижесіздігі 1998 жылғы тамыз айындағы Ресейдегі қаржы дағдарысынан кейін белгілі болды. Осы уақытта Ресей кәсіпкерлері Қазақстанға өздерінің арзан тауарларын үйіп тастады. Сондықтан, Қазақстан үкіметі, 1999 ж. басында өз өндірушілерін қорғау үшін бірнеше айға Ресей тауарларының әкелуіне тиым салды. Ресейдің Орталық Азия мемлекеттерінің маңызды сауда әріптесі болғандығына қарамастан, Орталық Азия мемлекеттері Ресейден басқа да әріптестер іздеп, сонымен қатар бір-біріне де тартыла бастады. ТМД-ның өзге елдері Ресеймен бірге, немесе, Ресейсіз әріптестік қалыптастыруға дайын болды [10].

2000 жылғы қазан айында Астанада Орталық Азияның бес Президентінің кездесуінде ынтымақтастықтың жаңа ұмтылысы жасалды. «Кедендік Одақ» негізінде «Еуразиялық Экономикалық Кеңістіктің» негізі қаланды. Оның мақсаты – қазіргі Еуропалық Одақтың көздеп отырған мақсатына жақын еді.

Осыдан кейінгі кезеңдегі Ресейдің Орталық Азиямен ынтымақтастығы әртүрлі деңгейде болды. Себебі, Орталық Азия мемлекеттерінің көздеп отырған саясаты мен шешуге тиісті мәселелері де әртүрлі еді. Мысалы, Қазақстанның Ресеймен 7200 шақырым ортақ шекарасы бар, сонымен қатар, өзге елдермен салыстырғанда орыс ұлтының процеттік үлесі үлкен мемлекет болып табылады. Бұл жағдайлар Қазақстанды Ресейге қатысты икемді саясат жүргізуге итермелейді. Екіншіден, Қазақстан буферлік мемлекет. Президент Н. Назарбаев 1990 жылдардың басында-ақ өз мемлекетінің саясатын «көп векторлы» деп анықтады және диверсификациялау мақсатында өзіне саяси-экономикалық әріптестер іздеді. Қазақстан Ресей үшін әріптестік қатынастар орнататын АҚШ, Қытай, Иран, Түркия сияқты көп мемлекеттердің бірі ғана болатын. Ресей кәсіпкерлерінің батыстық кәсіпкерлермен қатар Қазақстан өнеркәсібін, әсіресе, мұнай өндіру саласын жекешелендіруге қаржы салу мүмкіндігі де, қызығушылығы да болмады. Шет елдік зерттеушілердің пікіріне қарағанда бұндай жағдайдың қалыптасуы Қазақстан үшін де қажет болды [11].

Екінші саты (1996–1998 жж.) – Ресей Орталық Азияға қарай бет бұра бастады. Бұның да бірнеше себептері бар деуге болады. Ежелден қалыптасқан мәдени, тарихи байланыстарды ескермегеннің өзінде, Ресейді Орталық Азияға бет бұруға итермелеген себеп – батыс елдерінің Ресейді жаңа геосаяси ойыншы ретінде өздеріне тартпай, керісінше, шеттетуі болды. Ресейдің тәуелсіздік алысымен, Батысқа бет бұрғандығы, сыртқы саясатта батыстық бағытқа басымдылық бергендігі жасырын емес. Ресейдің бұл бағытта жасалған ұмтылыстары сәтсіздікке кездесті. Батысты керісінше, шикізат көздері мол Орталық Азиядағы мемлекеттермен байланыс орнату әлдеқайда қызықтырды. Осындай жағдайда Ресей өзінің ежелгі «бауырлары» Орталық Азияға қайта бет бұруға мәжбүр болды.

1997 жылы Қазақстан-Ресей қатынастары өзінің ең төменгі нүктесіне жетті. Ресейдің Қазақстан алдында Байқоңырды қолдануға байланысты келісімде көрсетілгендей әрбір жылға 115 млн. доллардан құралған төрт жылдық қарызы бар еді. Сол уақыттағы Премьер Министр В. Черномырдин қалыптасқан жағдайды реттеу үшін Астанаға келген кезде Н. Назарбаев Байқоңырдың ақысын төлеуге қатысты Ресейдің немқұрайлығын сынға алды: «Осы төрт жылда біз әлі ештеңе алған жоқпыз... Істі бұдан былай төмендегідей жүргізуге болмайды....» [12].

Екі жылдан кейін Қазақстан Ресейді тағы да тізерлете алды. Оған себепкер болған Ресей ракетасы «Протонның» 1999 жылдың шілде, қазан айларындағы сәтсіз ұшуы. Алғашқы ракета құлаған кездегі Ресейдің немқұрайлы әрекеті Қазақстан үкіметін шешуші қадамға итермеледі. Қазақстан Ресейдің ракета ұшыруына тиым салды. Екінші апаттан кейін Ресей ширақ қимылдап, Астанадан ресми түрде кешірім сұрап, аренда бойынша ақыны төлеуді мойнына алды [13].

Осындай жағдайлар Қазақстан мен Ресей арасындағы қатынастың осы уақытта сенімсіздікпен салқындықтан таза болмағанын көрсетеді. Дегенмен, екі мемлекеттің геосаяси жағдайы оларды бір-біріне жақындыққа итермеледі. Осы уақыт аралығында Ресеймен ортақ шекарасы жоқ өзге Орталық Азияның төрт мемлекеті Қазақстанмен салыстырғанда Ресейдің сыртқы саясатында аз орын алды.

Үшінші саты (1999–2001 жж.) – Орталық Азия елдерімен жүйелілік сипаттағы екі жақты байланыстар орнатуға ұмтылды. Бұл уақыт аралығында Орталық Азияның көптеген мемлекеттері көп векторлы саясат ұстанып, тек Ресейге қарап отырған жоқ. Өздерінің географиялық ерекшелігін және қалыптасқан саяси жағдайларды тиімді пайдалана білді. Осындай жағдайда Ресей Орталық Азияны өз ықпалынан шығарып алмау үшін көп тер төгу керектігін түсініп, Орталық Азияға қатысты саясатына жүйелілік бере бастады.

Төртінші саты (2001 ж. қазіргі кезге дейін) – аймаққа жаңа күштердің қызығушылығы артты, Орталық Азия елдерімен АҚШ, ЕО тарапынан байланыстар орнатыла бастады. Ресей осы уақыттан бастап, Орталық Азия бағытындағы саясатын АҚШ-тың, Қытайдың ықпалын ескере отырып қалыптастырды.

Қазіргі таңда Ресей Федерациясының Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты анық ресми саясаты РФ Президентінің 14 ақпан 1995 жылғы «Об утверждении стратегического курса Российской Федерации с государствами-участниками Содружества независимых государств» указы шеңберінде анықталған. Бұл құжатта: «Ресейдің экономика, қорғаныс, қауіпсіздік саласындағы өміріне қажетті мүдделері ТМД территориясында шоғырланған» деп көрсетілген. Саясаттың негізгі мақсаты: «экономикалық және саяси интеграцияланған мемлекеттер бірлестігін қалыптастыру» деп жазылған [14]. Бұл мақсатқа Ресей, ұлттық экономикалық жүйені жақындату, біртұтас кедендік одақты біртіндеп кеңейту, болашақта капиталдың ортақ нарығын қалыптастыру арқылы қол жеткізбекші. Сонымен қатар, Ұжымдық Қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру, ТМД елдерінің ортақ «Қорғаныс Одағына» бірігу ұмтылысын қолдау сияқты шаралары да қарастырылған. ТМД шеңберіндегі шекара Қауымдастық ішінде ашық болғандықтан, ортақ шекараны қорғау посткеңестік мемлекеттердің мүдделеріне ортақ деп жарияланған.

Қауымдастықты қалыптастыру процесінде мемлекет аралық ұйымдар механизімі пайда болды: Мемлекет басшыларының Кеңесі, Үкімет басшыларының Кеңесі, ТМД атқарушы Комитеті, ТМД Парламент Аралық Ассамблеясы, Мемлекет Аралық Экономикалық Комитет, Әскери Ынтымақтастықты Реттеу Штабы т.б. Өкінішке орай, ТМД мекемелері мен әкімшіліктерінің қызметін тиімділігі жағынан ЕО сияқты құрылымдардың қызметімен ешқандай салыстыруға келмейді. ТМД шеңберіндегі барлық ұйым реттеуші қызметін ғана атқарады.

Қазіргі кезде Орталық Азия мен Ресейдің интеграциялық деңгейі әрбір мемлекетте әртүрлі сатыда. Орталық Азия мемлекеттері де өз экономикасында құрылымдық қайта құрулар жасап, біржақты, шикізатқа бағытталған экономикадан құтылуды көздеп отыр. Экономиканы диверсификациялау, жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі, машина жасау салаларын дамыту, Орталық Азия елдерін ТМД шеңберінде технологиялық кооперацияға, ең бастысы осы саланың өнімдерін өткізу нарығын іздестіруге итермелейді.

Ресейдің батысқа шығатын теңіз жолдарына транзиттік көпір болу мүддесі де бар. Мысалы, Түркменстанның өзі Ресей-Қазақстан-Түркменстан-Иран теміржол магистральін іске қосып, тасымалдау нүктесі болуға ниеттеніп отыр. Дегенмен, Орталық Азия елдерінің экономикалық байланыстарының динамикасы және бағыты Ресейге бағытталмағанын байқауға болады. Бұған Ресейдің өзі тікелей кінәлі. Біріншіден, «балластан құтылу» стратегиясы зиянын тигізді. Экономикалық, саяси жағынан қорғансыз қалып, Ресей құшағына тиімді талаптармен қайтып келетін Орталық Азия елдері керісінше, ұлттық экономикасын нығайтуға мүмкіндік алды. Ресей болса, өз экономикасын күшейтіп, көршілерін ықпалына тарта алған жоқ. Нәтижесінде, Орталық Азия мен Ресей арасындағы тауар айналымының көрсеткіші құлады, Ресейге тиімсіз болып көрінген салаларды шетелдік инвесторлар керісінше бағалады. ТМД-ғы шет елдік инвестиция көлемі бойынша Орталық Азия елдері жетекшілікке қол жеткізіп, көрсеткіш бойынша Ресейден асып кетті.

Ресей инвесторларының көлемінің аздығын төмендегідей де түсіндіруге болады: а) Орталық Азияның перспективалық нүктелері бос емес; ә) экспортқа негізделген көптеген салалар – мұнай-газ, алтын және түсті метал өндіру салаларында Орталық Азия мен Ресей әріптестер емес, бәсекелестер.

Өз кезегінде Орталық Азия елдерінің де көлік коммуникациясындағы қызығушылығы тек Ресей және ТМД шеңберінде шектелмейді. Олар көлік жолдарының альтернативті жолдарын белсенді түрде оңтүстік бағытта іздеп отыр. Трансазиялық магистраль – Париж-Анкара-Тегеран-Ташкент-Алматы-Шанхай салынған жағдайда, Орталық Азия Ресейді айналып өтіп, Еуропаға шығу мүмкіндігін иеленеді. Сонымен бірге, Орталық Азияның мұнай-газ жолдарының Ресейді айналып өтіп, батыс пен оңтүстік батысқа шығатын мүмкіндігі пайда болады. Бұл әрине, Москваның қарсылығына ұшырап отыр. Ертеректе тек Кеңестер Одағына түйінделетін Орталық Азияның коммуникациялық жүйелерінің болашақта диверсификацияланатынын байқауға болады.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, интеграциялық байланыстардың күшеюі ең алдымен, экономикалық құрылымның бір типті болғанында дамиды. Ресей мен Орталық Азияда кеңестік экономика үстемдік етіп тұрған 90-шы жылдардың басында, интеграцияның болашағы қазірге қарағанда үлкен еді. Орталық Азия мемлекеттері қазіргі кезде экономикалық модельдері бойынша бір-бірінен көп ерекшеленіп кетті. Қазір Ресей, Белорус, Қырғызстан, Қазақстан арасында төрт тарапты Кедендік келісім бар. Ал ТМД-ның қалған қатысушылары сыртта қалды.

Орталық Азия мен Ресей арасындағы қауіпсіздік мәселесіне келер болсақ, осы сала басқаларымен салыстырғанда біршама жетілген. Қазіргі кезде Орталық Азия мемлекеттеріне тұрақсыздық ошақтары мен наркотик тасымалдаушы мемлекеттер тарапынан ортақ қауіп бар. Осы мәселелер Орталық Азия мемлекеттері мен Ресей үшін де ортақ, өзекті мәселелер болып табылады. Сонымен бірге, күшейіп келе жатқан ғаламдық мүдделері бар қуатты Қытай да Ресей үшін қосымша алаңдатушылық тудырады. Дегенмен, Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерінің әскери ынтымақтастығы көп жағдайда болашақсыз. Себебі, әскер саны аз, нашар қамтамасыз етілген. Дамыған елдерден қару-жарақ алуға қаржы мүмкіндігі шектеулі. Жаңа қару-жарақтың түрін игеру үшін, арнайы қосымша әскери дайындық өту қажет. Орталық Азияда әскери кадрлар дайындайтын, қорғаныс ұйымдастыру тәжірибесі бар тәуелсіз жүйе жоқ. Сондықтан Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан осы салада Ресейдің көмегіне жүгінуге мәжбүр. Сонымен бірге Орталық Азияда көптеген әскери аймақтар мен қорғаныс кәсіпорындары бар. Оларды біртұтас посткеңестік құрылымда пайдалану тиімді. Осы факторлар Орталық Азия елдерін Ресеймен ортақ қорғаныс жүйесін құруға итермелейді.

Дегенмен, осындай шаралар 1992 жылы Ташкентте қол қойылған «Ұжымдық Қауіпсіздік пен Қорғаныс Одағы» мақсатына қол жеткізді деген сөз емес. Себебі, Орталық Азия мемлекеттерінде «Ұжымдық Қауіпсіздік Шартындағы» мақсатты іске асыратын қаржы жоқ. Әскери ықтымақтастық көптеген бағыт бойынша көбіне сөз жүзінде қалып отыр. Ресейдің өзінде қауіпсіздік үшін біртұтас кеңістік құру қаншалықты керек деген мәселеде әртүрлі пікірлер бар. Олардың көпшілігі ТМД-ның қорғаныс әріптестігінң ауыр жүгін арқалағанша, өздерінің әскери машинасының мүмкіндігін арттыру қажет деген ұстанымды дұрыс көреді.

Соңғы кездегі Ресейдің Орталық Азия бағытына байланысты қадамдарына баға беретін болсақ, оған стагнациялық сипатта деп баға беруге болады. Әрине соңғы кездері Ресей Орталық Азиядағы өз ұстанымдарын нығайта алды. Бұған жалпы Ресей саясатының еуразия мен Орталық Азия бағытындағы саясатының дұрыстығы ғана емес, Орталық Азия аймағына деген ЕО мен АҚШ тарапынан

болған қызығушылық та әсер етті. Ресей Федерациясының Орталық Азиядағы және жалпы ТМД шеңберіндегі интеграциялық процестері (ЕуАзЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ) екі жақты мемлекеттік деңгейде баяу сипатты иеленеді.

Ресейдің өзге посткеңестік мемлекеттерімен қатынасына да осындай баға беруге болады. Оған Ресей Федерациясы мен Түркменстан арасындағы байланыстың нашарлығын, Украина, Белоруссия арасындағы саяси-экономикалық келіспеушіліктер, Ресей-Грузия арасындағы шиеленіс, Каспий мәселесі, көмірсутек шикізатын тасымалдау мәселесі, НАТО-мен диалогтағы ауытқулар мысал бола алады.

Сонымен, қорыта келе Ресейдің Орталық Азияға байланысты стратегиясында төмендегі мәселені көрсетуге болады: 1) Орталық Азия мемлекеттері өздерінің тәуелсіздігін алған кезде Ресей өз саясаты арқылы осы мемлекеттерді барынша өзінен итеріп тастады. Осындай жағдайда қалыптасқан бос кеңістікті АҚШ пен ЕО иеленіп алды. Сонымен қатар Түркия, Иран, Пәкстан тарапынан да ұмтылыстар жасалды. Нәтижесінде орыс дипломатиясы на 1990 жылдары жоғалтып алған ұстанымын қайтаруға барынша тер төгуге тура келді. Қазірдің өзінде Орталық Азия Ресей Федерациясының ұлттық мүдделерінің екінші орнында жатыр деп айтуға болады. Орталық Азия мемлекеттері де өз кезегінде Ресейге соншалықты қажеттілікті сезініп отырған жоқ. Себебі, Ресей инвестиция беруші мемлекет ретінде өте селқос, ал Орталық Азия мемлекеттері үшін инвестиция мәселесі маңызды. Сонымен бірге Ресей Орталық Азия шеңберінде жалпыға бірдей маңызды және оларды іске асыру барлығына бірдей табыс пен тұрақтылық әкелетін жобаларға қатысуға асықпайды. Осы пікірдің растығын Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан арасындағы экономиалық жобалардың ұзаққа созылуынан, саяси экономикалық-жүйеліліктің болмауынан көруге болады. ТМД-ны айтпағанның өзінде, ШЫҰ, ЕурАзЭҚ сияқты ұйымдардың экономикалық қызметі әлсіреуде. ОАЫҰ (Орталық Азия Ынтымақтастық Ұйымы) мен ЕурАзЭҚ бірігуі кезеңінде, бұл ұйымдар Орталық Азия және посткеңестік кеңістікті топтастырады деген үміт болды. Экономикалық жағынан энегроқорлардың коммуникациялық ынтымақтастығына алып келеді деп жобаланған.

Орталық Азия үшін мемлекет аралық ынтымақтастықта экономикалық құрам неге маңызды деген ой келеді. Себебі, Орталық Азия мемлекеттерінің тұрақты дамуы және қауіпсіздігі ұлттық экономикасының даму деңгейіне, әлемдік интеграцияға тартылуына байланысты. Әлеуметтік-экономикалық дамудың төмен деңгейі әртүрлі заңсыз ұйымдардың экстремистік әрекетіне - наркобизнес, терроризмнің ошағына айналдыруы мүмкін.

Сонымен, Ресейдің Орталық Азия елдеріне қатысты бір мақсатқа жұмылдырған саясаты іс жүзінде жоқ. Сондықтан соңғы уақытта Орталық Азияға ықпал ету үшін күрес өрши түсуде. «Соңғы уақыттарда бұл аймақта Кеңестер Одағының мұрагері Ресейден басқа АҚШ, ЕО және Қытай өз белсенділігін арттыруда», - деп көрсетеді «Еуразия мұрасы» Қорының сарапшысы Денис Ким, өзінің Қырғызстанда өткен «Халықаралық қатынастардың әлемдік жүйесінің ғаламдық трансформациясындағы Орталық Азия елдерінің сыртқы саяси бағыты» атты конференцияда жасаған баяндамасында [15].

Сонымен, Ресей Орталық Азия елдерінің халықаралық құқық аймағындағы көп мемлекеттердің бірі ғана. Орталық Азия мемлекеттерінің шекарасы Иран, Ауғанстан, Қытаймен ортақ. Олар болашақта емес, қазірдің өзінде әріптестер

ретінде қызығушылық тудыра алады. Орталық Азияның саяси элитасы өз мемлекеттерін әлемдік және аймақтық байланыстар жүйесіне енгізуді басымды ұлттық міндет ретінде түсінеді. Орталық Азия мемлекеттерінің басым бөлігі көп векторлы саясат ұстанады, әлемнің көп бөлігімен қарым-қатынас орнатқан. Сондықтан Ресей Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігі мен территориялық біртұтастығын сыйлай отырып, олармен қауіпсіздік, адам құқығын сақтау мәселесінде байланыстарды дамытуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бобылев В.С. Внешняя политика России эпохи Петра I.-М., 1990.
2. Халфин Н.А. Россия и ханства Средней Азии. М., 1974.
3. Халфин Н.А. Присоединение Средней Азии к России. М., 1965.
4. Внешняя политика России XIX и начала XX века. Документы Российского Министерства иностранных дел.- М., 1976.
5. Халфин Н.А. Политика России в Средней Азии. М., 1960.
6. Малашенко А. Новые ориентации Центральной Азии и России // www.vub.ru
7. Внешняя политика России: от Ельцина к Путину.-Киев, 2002.
8. Сонда.
9. Б. Бауэр, Б. Эшмент. Политика России в Центральной Азии.- Киев, 2002.
10. Lena Jonson. Russia and Central Asia. A Web of relations.-London,1998.-P.1.
11. V. Nikolaenko. Russia and Kazakhstan//International Affairs.-1999.-N1.-P.123
12. Пресс-конференция Назарбаева и Черномырдина в Астане. 14.10.1997.// www. mid. ru.
13. V. Nikolaenko. Russia and Kazakhstan//International Affairs.-1999.-N1.-P.123
14. Указ Президента «Об утверждении стратегического курса Российской Федерации с государствами-участниками Содружества независимых государств». 14 февраля 1995 г.// Официальный документ. www. mid. ru.
15. www.regnum.ru/news/1079720.html

Қытай сараптамалық талдау орталықтары: бүгінгі жағдайы мен даму тенденциялары

Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА,
Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Ph.D докторанты

Кез келген мемлекетте саяси режим, саяси жүйені әрі саяси мәдениет түріне қарамастан, мемлекеттік құрылымдарды талдау жұмыстарымен әрі сараптамалық қызметпен қамтамасыз ететін, мемлекеттік саясаттың қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге қоғамның әр түрлі салаларында оның жүзеге асуына баға беруге мүмкіндік беретін *сараптамалық талдау орталықтары* (саяси ғылымда think tanks деген атаумен танымал) қызмет етеді.

ҚЫТАЙДАҒЫ САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ

Саяси жүйенің жабықтығына қарамастан Қытай да өз мемлекетінде сараптамалық талдау орталықтарын дамыту жөнінде қадамдар жасауда. Олар Қытай тарихының маңызды кезеңдерінде «делдал» ролін атқарып, өтпелі кезеңдерді өткеруге өз септігін тигізді. Бұған 1997-1998 жылдар аралығында Қытай мен Гонконгтың бірігу процесі дәлел бола алады. Бірігу процесін жеңілдету, экономика саласындағы шешімдерді жетілдіру мақсатында 1997 жылы Екі экономикалық жүйелерді зерттеу институты (Two Systems Economic Research Institute – OCTSERI) атты орталық құрылған болатын. Институт қытайлық, сондай-ақ гонконгтық зерттеушілердің консорциумы ретінде жұмыс істеп, зерттеу нәтижелері екі үкіметке бірдей ұсынылған. Кейіннен институт Арнайы әкімшілік аймақ үкіметінің негізгі сараптамалық талдау орталықтарына айналды. Бұл мемлекет саясатының қалыптасуы мен оның жүзеге асуына баға беретін сараптамалық талдау орталықтарының қатысу деңгейін көрсететін мысал. Қытайдың бірігуі сараптамалық талдау орталықтарының дамуының жаңа кезеңі болды, себебі нарықтық экономикаға тән процестер орталықтар тарапынан мәселелердің шешу жолдарын анықтауда жұмыс істеу әдістері мен стратегияны өзгертуді талап етті.

Пенсильвания университетінің «Сараптамалық талдау орталықтары және азаматтық қоғам» бағдарламасының директоры Джеймс МакГэнның (James G. McGann) «Сараптамалық талдау орталықтарының жаһандық таралуы» («The Global «Go-To Think Tanks») атты зерттеуіне сәйкес, бүгінгі таңда әлемде 5465 сараптамалық талдау орталықтары бар, оның 653-і Азияда шоғырланған, ол сараптамалық талдау орталықтарының жалпы санының 11,95% құрайды. Қытай сараптамалық талдау орталықтары Азиядағы орталық санының 12% құрайды [1, 11].

Керісінше, Синхуа агенттігінің 2008 жылғы мәліметтері бойынша, Қытайда 2500 саяси зерттеу институттары бар [2, 11], ал Дж. МакГэнн зерттеулері бойынша 2007 жылы – 73, ал 2008 жылы – сараптамалық талдау орталықтары болған.

2007 жылғы *«Әлемдегі жетекші сараптамалық талдау орталықтарының бірі»* деген номинацияда Қытайдың келесі сараптамалық талдау орталықтары, яғни:

- Қытай қазіргі заманғы халықаралық қатынастар орталығы (Center for Contemporary International Relations (CICIR);
- Қытай халықаралық қатынастар институты (China Institute for International Studies (CIIS);
- Қытай әлеуметтік ғылымдар академиясы (Chinese Academy of Social Sciences (CASS);
- Қытай сыртқы істер институты (Chinese Institute of Foreign Affairs);
- Қытай даму институты (Development Research Center for the State Council);
- Шанхай халықаралық зерттеулер институты (Shanghai Institute for International Studies (SIIS) бар болса, 2008 жылы олардың қатарына Қоғамдық істер жөніндегі Казей институты (Cathay Institute for Public Affairs), Қытай реформасы жөніндегі форум, Унируле экономика институты (Unirule Institute of Economics) атты тағы да 3 сараптамалық талдау орталықтары қосылды.

2007 және 2008 жылдардағы мәліметтерге назар аударсақ, Қытай сараптамалық талдау орталықтары арасында Шанхай халықаралық зерттеулер институты әлемде жетекші орынға ие. Институт 2007 жылғы зерттеулер қорытындысы бойынша «Әлемдегі ең үздік 30» және «Азиядағы жетекші бестік», ал 2008 жылғы мәліметтер бойынша, «Әлемдегі ең үздік 50» және «Азиядағы жетекші 25» рейтингілеріне енген болатын.

Азиядағы жетекші 25 сараптамалық талдау орталықтарының арасында Қытай қазіргі заманғы халықаралық қатынастар орталығы, Қытай әлеуметтік ғылымдар академиясы, Қытай халықаралық қатынастар институты, Қоғамдық істер жөніндегі Казей институты, Унируле экономика институты атты зерттеу орталықтары да бар. Кейбір сараптамалық талдау орталықтарының негізгі сипаттамаларына тоқтала кетсек:

1. *Қытай қазіргі заманғы халықаралық қатынастар орталығы* - 1980 жылы Мемлекеттік Кеңеспен құрылған зерттеу институты. Орталық 7 институттан, 3 зерттеу бөлімшелерінен, 10 зерттеу орталығынан құралып, құрамында 150 профессордан астам қызметкері бар. Шетел сарапшыларын қабылдау бойынша жетекші ұйымдардың бірі, дербес оқыту колледжі бар. Орталық өзінің әлемдегі саяси, экономикалық және әскери тенденцияларды болжау зерттеулерімен танымал.

2. *Шанхай халықаралық зерттеулер институты* –1960 жылы құрылып, құрамында 80 ғылыми қызметкері, сонымен бірге екі жылдық, бір жылдық, жарты жылдық жоғарғы оқу орнынан кейінгі оқыту бағдарламалары бойынша маманданған зерттеу орталығы. Халықаралық саясат, экономика және қауіпсіздік салаларында зерттеу жүргізеді.

3. *Қытай халықаралық қатынастар институты* – 1956 жылы құрылған. Басты мақсаты – Қытайдың сырты дипломатиялық қызметін сараптамалық қамтамасыз ету. Әлемнің барлық аймақтарын зерттейтін бөлімшеден тұрады.

4. *Қытай даму институты* – экономикалық саясатты зерттеу мақсатында мемлекеттік комитет жанынан 1989 жылы құрылған. Мемлекеттік органдардың

барлық деңгейлерінде экономикалық саясат жөнінде кеңес беру жұмыстарын жүргізеді.

5. *Қоғамдық істер жөніндегі Казей институты* – коммерциялық емес және үкіметтік емес зерттеу ұйымы. Институттың басты мақсаты – кәсіпкерлік бостандығын қорғау, Қытайдың демократиялық транзитін қамтамасыз ету.

6. *Унируле экономика институты* 5 экономист бастамасымен 1993 жылы жеке меншік, коммерциялық емес зерттеу орталығы ретінде құрылған болатын. 1990 жылдардың аяғында институт 2 бөлікке бөлінген болатын:

- кеңес беру фирмасы ретінде және толығымен коммерциаланған;
- коммерциялық зерттеу ұйымы ретінде;

Институт меермлекеттік органнан қандай да болмасын қаржылық көмек алмай, Қытай және шет ел ұйымдары гранттарына тәуелді. Институтта 35 қызметкер бар, оның ішінде штатта – 20, 15 – келісім-шарт бойынша жұмыс істейді.

Қытай сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдері және типтері

Қытай ғалымдары Хуфен Шу и Лан Хуэ Қытай сараптамалық талдау орталықтарының дамуында 3 кезеңді бөліп қарастырады:

1) 1949 – 1977 – мемлекеттік агенттіктер жанындағы ресми зерттеу жүйесінің қалыптасуы және дамуы. Бұл кезеңдегі орталықтар толығымен сараптамалық талдау орталықтарына жатқызу мүмкін емес, себебі олар мемлекеттік орган құрылымында қызмет атқарған болатын;

2) 1979 – 80 жылдардың аяғы – жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтарының пайда болуы;

3) 1990 жылдардан – қазіргі уақытқа дейін – азаматтық сараптамалық талдау орталықтарының дамуы [3, 456].

Қытай сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдерінің батыстық тұжырымдамасы қытайлық тұжырымдамадан біршама ерекшеленеді. Дж.Макгэнның пікірінше, Қытай сараптамалық талдау орталықтарының дамуы 2 кезеңнен қамтиды:

Бірінші кезеңдегі сараптамалық талдау орталықтары «мәдени революция» алдында пайда болған.

Екінші кезең Ден Сяопин басқаруымен байланысты [4, 25]. Бұл кезеңде Қытай экономикасын реформалауды жүзеге асыруда шешуші роль атқарған экономикалық сипаттағы сараптамалық талдау орталықтары кең етек алды. Бірақ Дж.Макгэнн өзінің келесі зерттеуінде Қытай сараптамалық талдау орталықтарының дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырады:

1) 1956-1966 жылдар – үкіметке қызмет етіп, министрліктер құрамында құрылған сараптамалық талдау орталықтары;

2) 1976-1989 жылдары – үкіметтің ресми құрылымдарында қызмет еткенмен, анағұрлым кең дербестік пен автономдыққа ие жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтары;

3) 1989 жылдан – қазіргі уақытқа дейін – үкіметтен тыс қызмет атқарғанына қарамастан, Қытай үкіметі және Коммунистік партиясымен бақыланатын азаматтық сараптамалық талдау орталықтары мен университет жанынан ашылған зерттеу орталықтары [5].

Жоғарыда келтірілген сараптамалық талдау орталықтарының даму кезеңдері Қытай тарихының елеулі оқиғаларымен байланысты. Олардың дамуын Қытайдың

саяси даму контексінен ажыратып қарастыру мүмкін емес, бірақ шартты түрде оны келесі кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

1) 1949 -1966 жылдар – іргелі зерттеулерге бағытталған сараптамалық талдау орталықтарының пайда болуы;

2) 1966 - 1976 жылдар – «мәдени революция» барысында ұсыныс беру сипаттағы Ұлттық қорғаныс жөніндегі ғылым, техника және өнеркәсіп комитет атты тек бір ғана сараптамалық талдау орталығы құрылған болатын;

3) 1976 - 1990 жылдардың басы – экономикалық бағыттағы сараптамалық талдау орталықтарының күрт өсуі;

4) 1990 жылдардың басы – қазіргі кезеңге дейін – қоғамның барлық секторлары бойынша сараптамалық талдау орталықтарының дамуы.

Тек 1990 – 2003 жылдар аралығында 33 орталық пайда болды. Зерттеу ұйымдарының мұндай дәрежеде күрт өсуіне ішкі саяси процестер ғана емес, әлемдік тенденциялар да өз әсерін тигізді. Бұл кезең көптеген мемлекеттерде сараптамалық талдау орталықтарының дүмпуімен сипатталады.

Қытай сараптамалық талдау орталықтарының жіктелуі де үлкен пікірталас туғызады, себебі мемлекеттің саяси жүйесі, әсіресе партиялық жүйе олардың қызметінің негізгі бағыттарын анықтайды.

Қытай заңнамасына сәйкес зерттеу институттарына жататындар: мемлекеттік агенттіктер, қоғамдық институттар, азаматтық коммерциялық емес институттар.

Хувенг Шу, Лан Хуэ зерттеушілерінің пікірінше, Қытай сараптамалық талдау орталықтары жартылай ресми және азаматтық болып бөлінеді [6, 338].

1) жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтарына қоғамдық институттар жатады;

2) азаматтық сараптамалық талдау орталықтарына коммерциялық институттар, университеттік зерттеу орталықтары жатады.

Жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтары Қытай үкіметінен тыс кеңес беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Олар толыққанды тәуелсіз емес, себебі олар мемлекет тарапынан құрылып, мемлекет тағайындаған тұлғамен басқарылып, капиталды бақылаушы мемлекеттік агенттіктен алады. Бірақ олардың автономдылығы мемлекет, сонымен қатар демеушілер мен халықаралық ұйымдар тарапынан жобаларға қатыса алуынан көрініс табады.

Азаматтық сараптамалық талдау орталықтары мемлекетпен аз мөлшерде байланысты. Олар шетел қорларының, ішкі қорлар, жеке меншік капитал, кәсіпорын капиталы сияқты бірнеше қаржы көзін пайдаланады. Олар құрамы жағынан шағын түрде құрылып, үкімет жұмысына сын бере отырып, мемлекеттік органдармен жақсы қарым-қатынас ұстанады.

Өзінің 2009 жылғы баяндамасында Қытай сараптамалық талдау орталықтарын негізгі зерттеушісі Х. Шу өзге жіктеме ұсынған болатын: [7]

1) ресми мемлекеттік институттар;
2) жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтары;
3) азаматтық сараптамалық талдау орталықтары.

Ал China Market Intelligence баспасының шолуына қарағанда, Қытайда сараптамалық талдау орталықтарының 3 типі бар: [8, 11]

1) мемлекеттік саяси зерттеу институттары;
2) ресми сараптамалық талдау орталықтары;
3) жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтары.

Бірақ бұл жіктемеде, біздің пікірімізше, мемлекеттік саяси зерттеу институттары және ресми сараптамалық талдау орталықтары бір-бірінен ерекше айырмашылығы жоқ, бұл бір құбылыс.

Ресей ғалымы В. Филипповтың пікірінше, Қытайда сараптамалық талдау орталықтарының 4 типі бар: [9, 29]

1) мемлекетке бағынышты сараптамалық талдау орталықтары;
2) Қытай ғылым академиясының зерттеу орталықтары;
3) университеттік зерттеу орталықтары;
4) жеке меншік орталықтар.

Мұндай пікірталастар Қытай сараптамалық талдау орталықтарын батыстың классикалық тұжырымдамаға сәйкес қарастыру мүмкін еместігін көрсетеді, себебі әрбір елдің экономикалық, саяси дамуының ерекшеліктері, заңнама негіздерінің айырмашылықтары болады.

Біз Қытай сараптамалық талдау орталықтарын қарапайым жіктемеге бөлуді ұсынып отырмыз:

1) мемлекеттік;
2) жартылай мемлекеттік немесе жартылай ресми;
3) университеттік;
4) жеке меншік.

Бұл жіктемеде университет жанындағы сараптамалық талдау орталықтарын жеке даралап көрсету мемлекеттік сараптамалық талдау орталықтарының бөлігі болғандықтан, негіссіз болып көрінуі мүмкін. Бірақ университеттегі зерттеу жұмысы мемлекеттік орган жанындағы зерттеу жұмысына қарағанда іргелі, теоретикалық, академиялық сипатқа ие. Сол себепті оны жеке түр ретінде көрсету маңызды болып табылады.

Қытай сараптамалық талдау орталықтары басқа зерттеу ұйымдары сияқты қоғамда, мемлекетте нақты қызметтер атқарады. Классикалық тұрғыдан сараптамалық талдау орталықтары келесі қызметтері атқарады:

1. Идеялар фабрикасы – ішкі және сыртқы саясат үшін негіз болатын айрықша идеяларды құру;
2. Таланттарды жеткізу – сараптамалық талдау орталықтардың тәжірибелі мамандары мемлекеттік органдарға және мемлекеттік органдардың тәжірибелі мамандары сараптамалық талдау орталықтарына жұмыс істеуге барады;
3. Кәсібилердің бірігуі – танымал ғалымдарға саясаттың маңызды мәселелерін талқылауға мүмкіндік береді;
4. Бұқарамен, халықпен өзара әрекеттесуі – ішкі және сыртқы саясаттағы мемлекет тарапынан қабылданып жатқан шешімдерді тұрғындарға түсіндіру жөнінде жұмысын жүргізеді;
5. Қарама-қайшылықтарды жеңу – шиеленістерді, қарама-қайшылықтарды шешу мақсатында іс-шараларды ұйымдастырып, медиатор ролін атқарады.

Қытай сараптамалық талдау орталықтары зерттеу ұйымдарға тән қызметтерді толыққанды орындамайды, мысалға, айрықша идеяларды құру сараптамалық талдау орталықтарының емес, ҚХР-ның коммунистік партиясының құзыры болып табылады. Олар үгіт-насихаттық, түсіндіру қызметтерін атқарады.

Қытай сараптамалық талдау орталықтары американдық сараптамалық талдау орталықтары сияқты мемлекеттік органдар мен зерттеу орталықтарының арасында мамандардың алмасуын қамтамасыз ететін «айналмалы есік» атты механизмді

де жүзеге асырады. Статистикалық мәліметтерге қарасақ, 200 сараптамалық талдау орталықтарының директорларының 48 немесе 24% мемлекеттік қызмет жұмысынан босатылған қызметкерлер. Мысалға, Су Ронджи (Zhu Rongji), Қытай әлеуметтік ғылымдар академиясындағы жұмысы алдында ел премьері, ал Су Дже (Su Ge) АҚШ-тағы ҚХР-ның елшісі қызметінің алдында Қытай халықаралық қатынастар институтының вице президенті болған.

Бірақ Қытай сараптамалық талдау орталықтарының «айналмалы есік» қызметінің ерекшелігі мынада:

1. Алмасу көп жағдайда мемлекеттік сараптамалық талдау орталықтары тарапынан болады;
2. АҚШ-пен салыстырғанда саясатқа кадрларды дайындаудың механизмі емес;
3. Бұл механизм Қытай сараптамалық талдау орталықтарының дамуының 3 кезеңінен бастап қана дами бастады.

Сонымен Қытайдың саяси жетекшілері үшін сараптамалық талдау орталықтары саяси шешімді қабылдау процесін демократизациялаудың және реттеудің маңызды құралы болып табылады. Шетел бақылаушылары үшін сараптамалық талдау орталықтары өтпелі Қытайдың жағдайы және саяси процесстері туралы ақпарат көзі болып табылады.

Х. Шудың пікірінше, «сараптамалық талдау орталықтары – үкіметтің «сыртқы миы» ретінде жұмыс істейтін ұйымдар үшін танымал атау. Бұл анықтама көп жағдайда батыстық сараптамалық талдау орталықтарына тиесілі қолданылады, себебі тәуелсіздік батыстық сараптамалық талдау орталықтарының негізгі сипаттамасы.

Қытай сараптамалық талдау орталықтары үкіметтің «сыртқы ми» емес, саяси процестегі делдалдар ретінде әрекет етеді, себебі жетекші сараптамалық талдау орталықтары тікелей мемлекетпен не мемлекеттік органдардың қатысуымен құрылған [10, 337].

Мемлекеттік сараптамалық талдау орталықтары американдық think tanks феноменімен сәйкес келмейді. Егер батыстық сараптамалық талдау орталықтары үшін тәуелсіздік басты критерий болса, қытай сараптамалық талдау орталықтары үшін автономдылық маңызды. Бірақ зерттеушілер Х. Шу, Л. Хуэ пікірінше, керісінше, Қытай сараптамалық талдау орталықтарының басты белгісі – автономдылықтың болмауы, себебі олар зерттеу миссиясын таңдай алмайды [11, 453].

Қытай сараптамалық талдау орталықтары саяси процеске әсер ету үшін саяси мәселелер бойынша зерттеу жүргізетін және кеңес беретін тұрақты әрі автономды ұйымдар болып табылады. Олар ақпаратты жария етіп, саяси мәселелер бойынша зерттеулер ұйымдастырып, мемлекет саясатының қалыптасуына жауап береді.

Сонымен, Қытай сараптамалық талдау орталықтары:

- демократия және адам құқықтары мәселеріне қарағанда экономика және халықаралық қатынастар мәселелерін көбірек зерттейді;
- мақсатты топ қоғамдастық немесе БАҚ емес, саясаткерлер мен саяси элита;
- сараптамалық талдау орталықтарының 90% үкіметпен негізі қаланған;
- білім беру саясаты, яғни магистрлік және докторлық бағдарламалардың болуы Қытай сараптамалық талдау орталықтарының ажырамас бөлігі.

Кез келген Қытай сараптамалық талдау орталығы үшін 3 ресурс маңызды:

1. Әкімшілік байланыстар;

2. Жеке тұлға байланыстары, яғни Қытай қоғамында жеке тұлға байланыстары туысқандық, әлеуметтену типі, ұзақ мерзімді ынтымақтастық, мектеп байланыстары сияқты әр түрлі қарым-қатынастарға негізделген.

3. Ұйым статусы.

Сараптамалық талдау орталықтарының өздерінің бақылаушы органдарымен әкімшілік байланыстары азаматтық сараптамалық талдау орталықтарымен салыстырғанда тығыз әрі тұрақты.

Жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтары әкімшілік байланыстар арқылы саясатқа ықпалы анағұрлым зор, ал жеке меншік сараптамалық талдау орталықтары өз ықпалын жеке дара зерттеушілердің көмегімен жүзеге асырады.

Сол себепті азаматтық сараптамалық талдау орталықтары үшін жеке тұлғааралық және сарапшылар маңызды болса, жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтары үшін әкімшілік байланыстар анағұрлым үлкен роль ойнайды. Жартылай ресми сараптамалық талдау орталықтары саяси бағыттылыққа ие болса, жеке меншік сараптамалық талдау орталықтары анағұрлым әлеуметтік жағына бағытталған.

Қазіргі уақытта Қытай сараптамалық талдау орталықтарының өсуіне 3 тенденция әсерін тигізеді:

1) қатаң саясат дәуірінің әрі ұжымдық жетекшіліктің аяқталуынан саясаткерлер өз саясатын заңдастыру үшін сараптамалық талдау орталықтарының қызметіне жүгінеді;

2) Қытайдың әлемдік экономикамен бірігу процесінің ұлғаюы шетел инвестициясы және халықаралық қаржы саласына ғалымдарды тартуды қажет етеді;

3) Қытай экономикасының дамуы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси құрылымын ашық қана қоймай, көптеген мүдде топтарының пайда болуына әкеп соқтырады [12].

Сонымен көптеген сараптамалық талдау орталықтары әлемдік саясаттағы қауіптер мен шақыруларға жауап ретінде құрылады. Сараптамалық талдау орталықтарының дамуы тікелей ел ішіндегі процеске емес, әлемдік дамуға да байланысты. Олар елдегі нақты оқиғаларға жауап ретінде пайда болып, олардың зерттеу бағыттарын және тақырыптарын анықтайды. Мысалға, 2001 жылдың 11 қыркүйегінде болған оқиға АҚШ-ның сараптамалық талдау орталықтарының тақырыбын түбегейлі өзгерткен болатын.

Сондай-ақ әлемдегі қаржылық дағдарысты талдау және оны жеңу мақсатында 2009 жылдың наурызында Пекинде экономика саласында қабылданатын шешімдерді әрі экономикалық саясатты зерттейтін жартылай ресми сараптамалық талдау орталығы – Қытай халықаралық экономикалық айырбас орталығы (China Centre of International Economic Exchanges (CCIEE)) құрылған болатын. Басқарма төрағасы – Мемлекеттік Кеңестің экс вице-премьері Цзэн Пэйянь. Орталық 122 бизнес пен саясаттың танымал өкілдерінен тұрып, «супер сараптамалық талдау орталығы» деген атауға ие болды. Қытай халықаралық экономикалық айырбас орталығы төрағасының орынбасары Чжэн Синьлидің пікірінше, орталық әлемдік санаттағы «ақыл-ой орталығы» болып, Қытайдағы сараптамалық талдау орталықтарының дамуына негіз болуы тиіс.

Бұл орталық 2009 жылдың 2-5 шілде аралығында сараптамалық талдау орталықтары даму тарихында елеуші іс-шаралардың бірі «Сараптамалық талдау орталықтарының жаһандық саммитін» өткізді. «Адамзат даналығын зерделей келе, әлемде жалпыға бірдей дамуға қол жеткізу» атты идея саммиттің негізгі лейтмотивін құрады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. James G. McGann. The Global «Go-To Think Tanks» - 2008. University of Pennsylvania, Philadelphia, PA USA 19104-6305// Режим доступа: http://gtmarket.ru/files/research/Think-Tank-Index-2008.pdf. - pp.11
2. The role of China's think tanks in policymaking//China Market Intelligence. – 2009. - July-August. – pp. 11
3. X. Zhu., L.Xue. Think tanks in transitional China //Public Administration and Development. – 2007. – 27. – pp. 456.
4. James G. McGann. Think tanks and civil society in mainland China, Hong Kong, and Taiwan
//http://www.hks.harvard.edu/hauser/downloads/McGann%20Paper.pdf. – pp.25
5. China's Think Tanks: Roles and Implications for Civil Society in China. Panel discussion organized by Hauser Center Nonprofits in China Domain//http://hausercenter.org/chinanpo/2009/05/china%E2%80%99s-think-tanks-roles-and-implications-for-civil-society-in-china/
6. Zhu X. The Influence of Think Tanks in the Chinese Policy Process: Different Ways and Mechanisms //Asian Survey. - March/April. - 2009. - Vol. 49, No. 2. - pp. 338
7. China's Think Tanks: Roles and Implications for Civil Society in China. Panel discussion organized by Hauser Center Nonprofits in China Domain//http://hausercenter.org/chinanpo/2009/05/china%E2%80%99s-think-tanks-roles-and-implications-for-civil-society-in-china/
8. The Role of China's Think Tanks in Policymaking//China Market Intelligence. – 2009. - July-August. – pp. 11
9. Филиппов В.А. Аналитические центры – стратегический интеллектуальный ресурс. – М.: ЛЕНАНД. - 2007. –С.29
10. Zhu X. The Influence of Think Tanks in the Chinese Policy Process: Different Ways and Mechanisms //Asian Survey. - March/April. - 2009. - Vol. 49, No. 2. - pp. 337
11. X. Zhu., L.Xue. Think tanks in transitional China //Public Administration and Development. – 2007. – 27. – pp.453.
12. Think Tanks in China: Growing Influence and Political Limitations// http://www.brookings.edu/events/2008/1023_think_tanks.aspx

Қазақстандық БАҚ және саяси коммуникация: корреляциялық сараптаулар

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың БАҚ менеджменті және жарнама кафедрасының доценті

Саясаттанушылар мен масс-медиа сарапшылары әдетте саяси коммуникация процесін зерттеуде қоғамдағы саяси оқиғалардың қолжетімді дереккөзі ретінде мерзімді баспасөз материалдарына жүгінеді. Саяси қайраткерлер мен билік тарапынан жіберілген жолдаулар, сондай-ақ саяси шолушылар мен сараптамашылардың сараптаулары жарияланатын осынау дереккөздерді зерттеу тек бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, саяси процестерге қатысатын билік, үкімет, мемлекеттік атқару органдары, қозғалыстар мен партиялардың қызметі толықтай нақты сипаттауда; екіншіден, сол баспасөздің қоғамдық саяси маңызды оқиғалар кезіндегі ұстанып отырған тактикалық және стратегиялық позицияларын айқындауда; үшіншіден, саяси көсемдер мен электоратты да, басқарушы мен басқарушыларды да (адресат алушы) семантикалық кеңістік ретінде зерттеуге мүмкіндік береді. БАҚ материалдарына жүргізілген салыстырмалы зерттеулерге қазақтілді баспасөздердегі саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени т.б. тақырыптардағы материалдар іріктелді. БАҚ материалдарының хронологиялық мерзімділігі 2006-2009 жж. аралығын қамтиды. Контент-сараптауларға қазақстандық мерзімді басылым нарығындағы басты саналатын республикалық және қалалық деңгейде жарық көретін «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Жас қазақ», «Жас алаш», «Айқын», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Алаш айнасы» сияқты 8 басылым басты дереккөзі болды. Осы басылымдарда жарияланған 400 материалға контент-сараптаулар жүргізілсе, ал билік тарапындағы күнделікті жалпыұлттық «Егемен Қазақстан», тәуелсіз саналатын «Жас қазақ» ұлттық апталығы мен оппозициялық тараптағы «Жас алаш» республикалық әрбір газеттегі жарияланымдардан іріктелген 150 материалға корреляциялық және факторлық сараптаулар жүргізілді.

Баспасөзді сараптаудың дереккөзі ретінде зерттеуде олардың қай органның не болмаса қандай медиа-топтар, медиа-холдингтердің қарамағында екендігі де маңызды саналатыны шындық. Баспасөзді дереккөз ретінде сипаттай отырып, елдегі саяси оқиғалар мен жаңалықтарды бұқараға жеткізуде аталған басылымдардың ұстанған өзіндік позициясы мен бағытын атап өту керек. Баспасөз тек оқырманы оқитын дүние жарияласа, оқырманы үшін қажетте жаңа ақпарат ұсынса ғана, халық қалауларының тұлғалық бейнесін жасағанда ғана таңдаулы болатыны ақиқат. Сонымен, баспасөз саяси ойындар алаңында ұстанатын позицияларына орай шынайылықты жариялауға мүдделі. Баспасөздің мүдделегінің болуы да сол кімнің ненің болмасын медиа-нысанына айналады. Қазақстандық баспасөздің басты ерекшелігінің өзі де тәуелсіз қорлардың қаржыландыруынан

гөрі, билік немесе саяси элита, мүдделес бизнес топтардың құрылтайшы болуында. Мұндай жағдай саяси науқандар мен оқиғаларды жариялауда редакциялық приоритеттің саяси мәнге тәуелділігін аңғартса керек.

Зерттеудің алғашқы кезеңінде жоғарыда аталған газеттердегі 2007-2009 жж. аралығында жарық көрген саяси-сараптамалық, саяси-ақпараттық материалдарды қарастырып, яғни осы басылымдардың тігінділерімен таныса отырып, іріктелетін жарияланымдардың хронологиясы түзілді. Іріктелген жарияланымдар белгілі саяси науқандардағы үгіт материалынан тыс қоғамдық саяси маңызына қарай таңдалды. Осы кезеңде зерттеу процесі саяси-дискурстық сараптау аясында жүргізілді. Бұл әдіс коммуникатордан бұқараға жеткізілуі тиіс ақпараттың берілуінде пайдаланылатын бастапқы мағыналық категорияларды қайта құрылымдауға мүмкіндік берді.

Саяси күштердің дискурсы әсіресе, сайлау науқандары кезінде шарықтау шегіне жететін коммуникативтік қызу саяси күрестерден анық байқалатыны рас. Сондықтан көптеген зерттеушілер саяси дискурс зерттеулеріне сайлау науқаны кезінде дайындалып, жарияланға материалдарды таңдайды. Біздің зерттеуімізде саяси дискурс сараптамасы жан-жақты рөл атқарады. Зерттеу материалдары Қазақстандағы саяси маңызды оқиғалар кезеңін қамтиды. Олардың қатарында Қазақстан Республикасында жүргізілген реформалық өзгерістер, ҚР Парламенті Мәжілісі және қалалық маслихаттарға сайлау процестері, Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық ету қарсаңындағы кезең, еліміздегі мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізудің сан алуан бағыттары бойынша жүргізілген бағдарламар мен «электронды үкімет» құру жобасының жүзеге асу кезеңдеріне тұспалдас келді.

Міне, осы қоғамымыздағы елеулі саяси-әлеуметтік және экономикалық, рухани өзгерістер кезеңінде жарияланған материалдарға түсініктер беріліп, талқыланып, бағаланды. Сондай-ақ бұл материалдар контент-сараптауларға негіз болып, тіркеуге қажетті мағыналық категориялар желісін құруда көмекші әдіс болып табылды. Соңғы жылдары мәтіндерді зерттеудің «мағыналық сараптау» немесе «контент-сараптау» аталатын түрі өте жиі қолданыста. Бұл термин тек белгілі әдіс ретінде танылмастан, сондай-ақ сол мәтінді құрастырушының мүддесі немесе адресат тарапынан болуы мүмкін кері әсерді байқауына қатысты қолданылып, нақты қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Және де зерттеушінің мәтіндегі белгілі мағынамен танысуына мүмкіндік беретін тұтас әдіснама ретінде қарастыруға болады.

Көптеген қоғамтанушы ғалымдардың пікірінше, баспасөзге, басқа да дереккөздерге контент-сараптау әдісін қолдану тиімді, яғни «...жүйелік сандық өңдеу, ақпараттық дереккөздерінің мазмұны мен пішінін бағалау мен түсіндіру», – деп ғылыми әдебиетте түсінік беріледі [1].

Ақпараттық технологияның дамуымен дәстүрлі әдістермен қатар контент-сараптауды кеңінен қолдануға ықпал еткен жүзеге асыру процедурасын толықтай автоматтандыру мен оны сапалы жүргізу техникасын жетілдіруге мүмкіндік туды. Контент-сараптау әдісі сипатына қарай сандық-сапалық болып келеді. Бұл әдіс аталмыш сипаттаманың болуы не болмауын (белгілі бір атрибуттардың) есептегендіктен сапалық деуге, ал сандық сараптау ретінде мәтіндегі жекелеген тақырыптар, сөздер, нышандардың жилігін қарастырады. Сапалық сараптау үшін таңдалған категориялардың жаңашылдығы, мағыналығы, құндылығы маңызды саналады. Сандық сараптауда мұндай критерий ретінде кездесу жиілігі басты орында тұрады [2].

Қазақстандық баспасөздегі саяси-ақпараттық және саяси-талдамалық материалдарға жүргізілген сараптаулар көрсеткендей, осы зерттеуде тіркеу категориясы:

- қоғамдық құндылықтарды немесе қоғамдық өмірдегі ең айтулы оқиғаларды білдіруі;
- ішкі және сыртқы саясатты қамтитын мемлекеттік саясаттың приоритетті бағыттарын сипаттауы;
- сондай-ақ Қазақстандағы саяси және экономикалық жағдайдың индикаторы ретінде танылуы тиіс.

Тіркеу категориялары тек қана мағыналық жүктемені білдіретін ескеру қажет. Сондықтан оларды мағыналық категориялар деп өте жиі атайды, яғни, бұл категориялардың астарында белгілі мағыналар бар деуге болады. Бұл мағынлардың астарынан мәтінде айтылатын қандай да бір нысанды немесе осы нысанға қатысты қандай да бір қасиетті байқай білу керек. Кей жағдайларда бұл нысан бір сөздің көмегімен, ал келесі жағдайларда – бірнеше сөздердің бірігуі аясында, яғни нақты тұжырымдар арқылы сипатталады. Құжат мазмұнында тек бір ғана мағыналық элемент түрлі сөздік формада айтылуы мүмкін болғандықтан, мәтіндегі осынау ой білдірудің барлық мағыналық категориялары болуы мүмкін формаларын іздестіру керек. Сондықтан зерттеудің екінші кезеңінде таңдалып алынған категориялардың индикаторлары іздестіріледі. Бұлар аталған мағыналық категорияны бейнелеуші элементтерден тұрады. Мәселен, «отансүйгіштік» мағыналық категориясы «отан», «туған ел» сияқты сөздермен немесе «отанға деген махаббат», «Қазақстанның дамуы», «елдің өркендеуі» сияқты сөз тіркестерімен сипатталуы мүмкін, сол үшін де бұл сөздер мен тіркестер индикатор саналады. Зерттеудің қорытынды кезеңінде ерекшеленген индикаторларды есепке ала отырып, тіркеуге алынған категориялардың пайдалану жиілігі санала бастайды.

Бұлар аталған мағыналық категорияны бейнелеуші элементтерден тұрады. Конент-сараптау үшін 2007 ж. қаңтардан 2009 жыл мамыр айы аралығына дейін аталған газеттерде жарияланған әрбір басылымнан 50 тіркеуге алынған индикаторлары бар ақпараттық, талдамалық мақала қарастырылды. Статистикалық өңдеулер мен олардың қайталану жиілігінің гистограммасы әзірленді. Іріктелген барлық мақалалар саны 400 болса, соның ішінен 150 мақала іріктеліп, олардың мағыналық индикаторларының қайталану жиілігі жеке-жеке үш кестеде тәртібімен келтірілді. Бұл кестелердегі материалдарға қоғамдық саяси маңызы бар көсемсөздер, сұхбаттар мен талдамалы материалдар жатады. Кестедегі әрбір мағыналық индикаторларға сәйкесінше сандық мәліметтер орналастырылды. Кестедегі материалдар жанрлары не тақырыптары емес, тек мағыналық индикаторлардың кездесуі бойынша еркін стильде іріктелді.

Саяси оқиғалардың семантикалық кеңістігі туралы ұғымды тереңдету үшін жүргізілген контент-сараптаулардың нәтижесінде мәліметтердің сандық өңделуі үшін статистикалық әдістер қолданылады. Статистикалық мәліметтерді өңдеудің «Statistic» кәсіби пакеті көмегімен алдымен іріктелген әр басылым материалдарының өзара 50х50, соңынан сол үш басылым арасындағы 150х150 корреляциялардың коэффициенттік матрицасы есептелді.

Алдымен мақалалар корреляциясының коэффициенті матрицасы алынды, сосын белгілердің корреляциясы коэффициенті матрицасы алынды. Осы мәліметтерді қарастырған соң әрбір басылымның құндылықтарын және позициясын тыңғылықты қарастыру қажеттігі туындады. Бұл үшін алғашқы алынған мәліметтер бірінші корреляциялық сараптау нәтижесіне сәйкес «Егемен Қазақстан», «Жас қазақ» және «Жас алаш» басылымдары арасында топталды. Әр топ екінші рет корреляциялық өңделді.

БАҚ материалдарын корреляциялық матрицалық сараптауда көп қолданылатын әдістердің бірі – көпөлшемді математикалық статистика, яғни факторлық сараптау деп те атайды. Факторлық сараптау көмегімен жарияланған материалдардың белгілерінің өзара ұқсастықтары мен сол белгілердің жинақталған жиынтығын алуға, яғни бастапқы өзгерістерді жинақтау деңгейіне өтуге болады. Сонымен, факторлық сараптау әдісі көмегімен зерттелетін құбылыстың хаостық сипаты реттеліп, жаңа гипотезалар тұжырымдалады. Осы зерттеу жұмысында факторлық сараптаудың басты әдістерінің бірі басты компоненттер әдісі саналады [3]. Аталған әдіс саяси болжаудағы мәліметтерді сараптауда кеңінен қолданылады. Белгілердің бастапқы жүйесі ретінде сипатталатын зерттелетін құбылысты фактор деп аталатын басқа белгілердің аз сандарымен айқындауға болады. Факторлардың тәуелсіз саналатындығы соншалық, бастапқы белгілер жүйесін соншалықты топтап бөлуге болады, сондықтан бір топтағы белгілер арасындағы корреляция коэффициенті жоғары болса, келесі топтағылар кем түсіп жатады. Факторлық сараптаудағы ең басты ұғым – фактордың бастапқы белгімен байланысын айқындайтын факторлық жүктеме саналады. Басты компонент әдісінде сызықтық моделдер, яғни әрбір бастапқы белгілер факторлардың сызықтық комбинациясы ретінде қарастырылады. Коэффициенттер ретінде сол фактордың аталған белгілердің қалыптасуына ықпал ету деңгейін көрсететін факторлық жүктемелер жатады. Факторлық жүктемелер корреляциялар коэффициентіне балама ретінде сол белгілердің факторымен -1-ден (кері тәуелділік) +1-ге дейін (тікелей тәуелділік) өзгереді.

Сонымен, баспасөздегі саяси-ақпараттық және саяси-сараптамалық материалдарды зерттеуде пайдаланылған әдістеме олардың ақпараттық берілімін арттыратыны сөзсіз. Зерттеудің басында қолданылған саяси-дискурстық сараптау мен контент-сараптаулар баспасөздегі саяси материалдарды зерттеуде математикалық әдіс, атап айтқанда, корреляциялық және факторлық зерттеулер қажетті сапалық және сандық мәліметтерді берді. Қолданылған әдістер комбинациясы сол әдістердің келеңсіз жақтарын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарының саяси коммуникация процесіндегі басты құрал ретінде тани отырып, оның демократиялық саяси жүйе құрудағы ерекше орнын атап өтуге болады. Міне, БАҚ бір жағынан саяси коммункиацияны тиімді жүзеге асыратын құрал, екінші жағынан саяси маркетингтің ақпараттық алаңы ретінде сол саяси ойыншылардың барлығының мүддесіне орай қызмет етеді. Саяси қайраткерлер мен қатардағы азаматтар арасындағы бұқаралық коммуникация арналары бойынша ақпарат алмасуда жүйелік құрылымдық қызмет ретінде, сондай-ақ ақпараттық позициясы тұрғысынан саяси коммуникацияны тиімді ұйымдастыруда БАҚ-тың алатын орын ерекше. Саяси ұйымдар мен саяси көсемдердің, азаматтардың мүдделерін ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдары саясаткерлер мен азаматтардың мүдделерін келісімге бағыттайтын құралға айналуы тиіс. Демократиялық саяси жүйеде сайлау науқандары кезінде осы байланыстар қандай да бір қызметке сайлануға үміткердің имиджін қалыптастырудағы басты фактор.

Алғашқы қарастырылған топқа «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық басылымы, ал екінші топқа тәуелсіз апталық «Жас қазақ», келесі үшінші топқа оппозициялық бағыттағы «Жас алаш» газеті бойынша іріктелген 150 материал енді. Алғашқы топтағы «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақалалар корреляциясы сәйкестігі 50 пайыздан жоғары, яғни ең кемінде 0,50-ден және ең жоғарысы 0,80-ке дейінгі аралықтағы үйлесім корелляциясын, яғни тура тәуелділігін былайша жіктеуге болады.

Есептеу нәтижелері көрсеткендей, «Егемен Қазақстан» басылымындағы контент-сараптау жүргізілген мақалалар арасындағы тәуелділік корреляциясы 78 жұп жағдайда кездесіп отыр. Бұл материалдар қатарын талдасақ. Алдымен, бірінші орында 0,50 корреляциясына тең мақалалардың кестедегі тігінен орналасу реті бойынша нөмірі 30-мақала аталса, сондай-ақ келесі жұбы көлденеңінен нөмірі 22-мақала аталады. Осы топтағы өңделген материалдарды қорытындылай келе былай ой тұжырымдауға болады. Алдымен, 90 жылға жуық тарихы бар жалпыұлттық республикалық газет - «Егемен Қазақстан» Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған күнінен бастап билік тарапындағы басты ата басылым ретінде өзінің ақпараттық саясатын орындауда деуге болады. Басылым бүгінде билік пен бұқара арасындағы байланыс орнату мен пікірсайыс алаңын өрбітуге өзіндік қолтаңбасын қалдырған және сол қолтаңбаны жетілдіру жолында ұжымдасып отырған редакция. Екіншіден, Қазақстанның Тәуелсіздігінің жыршысы, Президент пен Үкіметтің ақпараттық жаршысы, мемлекеттік органдар мен мекемелердің үнсіне айналған басылым ретінде қалыптасуда; үшіншіден, демократиялық пікірлер мен құндылықтарды насихаттауда барынша позитивті сарынды ұстанған редакция саясатына айтылар сын мен кемшіліктердің орын алуын атап өту қажет.

Қазақстандық БАҚ нарығында тәуелсіз басылымдардың жарық көруі соңғы онжылдықтың үлесіндегі оң тенденциялар қатарында деуге болады. Сондай басылымдардың бірі «Жас қазақ» ұлттық апталығын жатқызуға болады. Корреляциялық өңдеуден өткен келесі топтағы материалдарға осы ұлттық апталықтағы саяси-сараптамалық мақалалар жатады. Мақалалар арасындағы тура тәуелділік корреляциялық жұптардың қатарында мынадай 19 жұп тізбесін алуға болады. Есептеу нәтижелері жүігнсек, «Жас қазақ» басылымындағы контент-сараптау жүргізілген мақалалар арасындағы тура тәуелділік корреляциясы 19 жұп жағдайда кездесіп отыр.

Екінші топтағы «Жас қазақ» тәуелсіз апталығындағы мақалалар корреляциясынан байқалғандай мұнда тура тәуелділік жұбы азайып отыр. «Егемен Қазақстан» газетіндегі тура тәуелділік корреляциясы 78 жұп болса, «Жас қазақ» апталығындағы бұл көрсеткіш – 19. Яғни, билік тарапындағы басылымға қарағанда тәуелсіз басылым бетіндегі саяси сараптамалық материалдардың тура тәуелділігі сирей бастап отыр. Бұл осы екі бағыттағы басылымдағы мақалалардың өзара корреляциясынан туындаған картина. «Егемен Қазақстан» басылымындағы материалдардың бір бағытта, бір сарында және бір ғана позиция тұрғысынан берілуі осы корреляция жиілігінен байқалды. Ал билік пен оппозицияға бейтарап «Жас қазақ» тәуелсіз апталығындағы мақалалар арасындағы корреляцияның сиреуі байқалады. Бұл тәуелсіз басылымдағы материалдардың не билік не оппозиция тарапында болмауы, ондағы корреляциялық жұптардың сиреуіне әкеледі. 2005 жыл 7 қаңтардан бастап жарық көрген, «Аманат медиа» ЖШС-не қарасты басылым

«Жас қазақ» апталығы өзін тәуелсіз басылым ретінде позициясын таныта білді. «Жас қазақ» аптылығының беттерінде қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал еткен өткір материалдардың болуы, зиялы қауымдардың басын қосып редакция конференциясын өткізуі және саяси науқандар кезінде оқырмандар аудиториясы арасында сауалнамалар жүргізуі т.б. медиа-шаралардың тиімді пайдалануы редакциялық медиаменеджменттің тиімді ұйымдастырылуынан деуге болады.

Келесі үшінші топтағы корреляциялық талдауға түскен материалдар БАҚ нарығында 88 жыл тарихы бар, бүгінде жарқын оппозициялық бағытымен елге танымал «Жас алаш» республикалық басылымы. Республикалық «Жас алаш» газеті бойынша іріктеліп, өңдеуден өткен материалдардың корреляциялық жұп саны – 55. Осы жұптар арасындағы тура тәуелділік корреляциясын сараптасақ.

«Жас алаш» газеті бойынша іріктеліп, өңдеуден өткен материалдардың корреляциялық жұп саны 55 рет кезігуі басылым бағытыны бір жақтылығын танытады. Яғни газет негізінен оппозицялық сарында. Сол үшін де баспасөз беттерінне іріктелген материалдардың тура тәуелділік корреляциясының басым келуі де оның бір жақты ақпараттық саясатын білдіреді.

Қазақстанның ақпарат кеңістігінде ұзақ жылдар тарихы бар, кезінде соицалистік идеология шеңберінде болған жастар басылымы Тәуелсіздік жылдарынан кейін өзінің саяси позициясын оппозиялық тарапқа өзгертті. Толықтай оппозицияның ақпарат құралы саналған басылымның беттерінде қоғамның әлеуметтік, саяси және экономикалық ахуалын сараптау мен саралауға бағытталған материалдардың басым бөлігінде ащы сынның, өткір сынның болуы да заңды. Кейде басылым, билік, тіл, ұлт мәселесіне келгенде өте ашық қарсы пікір жариялауы да еліміздегі пікір алуандығы мен көзқарастар теңдігіне берілген мүмкіндік ретінде қарастыру керек. Сондай-ақ қоғам дамуы үшін оппозициялық сарындағы баспасөздің болуы да керегі де әлем елдерінің тәжрибесінде бар және бола беретін үрдіс ретінде қарастырылуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Иберла, К. Факторный анализ. – М., 1980. – С. 398.
2. Андриенко, В.Г., Аргунова, К.Д., Паниотто В.И. Математические методы анализа и интерпретация социальных данных. – М., 1989. – С. 173.
3. Фестер, Б., Ренц, Э. Корреляционный и регрессионный анализ. – М., 1983. – С. 243.

Посткеңестік кеңістіктегі PR концепциясы

Данагүл КӨПЕЖАНОВА,
Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Ph.D докторанты

Жалпы алғанда қоғаммен байланыс анықтамаларының, дефинициийлерінің алуан түрлілігін ескеретін болсақ, онда ол қызметіне, саласына, көлеміне қарай әр түрге бөлінеді. Бірақ оның мағынасы сайып келгенде бір ұғымды білдіруі тиіс. Бұл әрине, идеалды жағдайда алып қарастыратын болсақ солай болады. Ал PR отаны Америка дейтін болсақ, бұл жақта оны көп жағдайда бизнеспен, коммерциямен, саудасаттықпен байланыстырып, сол салада жиі қолданыс табатынын айтар болсақ, бұл пікірге қайшы келетін, тіпті оны көп жағдайда мемлекеттік органдармен, билікпен, саясатпен байланыстырып, аса маңызды құрал, технология ретінде пайдаланатын посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттердің жағдайын қалай түсіндіруге болады? Осы маңызды мәселені алға қоя отырып, неге, қалай, не себепті бір ортақ ұғым паблик рилейшнз туралы мұндай екі жақты пікір қалаптасты деген сұраққа жауап іздейміз.

PR аббревиатурасының маңайында болып жатқан дау-дамайлар әлі де болса таусылар емес. Біреулер оны екі-ақ әріппен PR десе, яғни ағылшынша «public relations» сөзінің қысқартылған түрі, оны орыс тіліне аударғанда кирилицамен ПР дейді, сондай-ақ пиар, пи-ар, қоғаммен байланыс деп, ал біздің қазақстандық зерттеушілер оны қоғаммен байланыс, бұқарамен байланыс, қоғамдастықпен байланыс, бұқарамен қарым-қатынас, жұртшылықпен байланыс, паблик рилейшнз деп айтып жүр. Жалпы алғанда бұл терминнің әрбір елде өзінің қалыптасқан атаулары нақты бекітілген, мәселен, испанша және французша оны керісінше – «RP» деп атаған. Ал посткеңестік елдердің ішіндегі көршілес мемлекет Ресейді алатын болсақ, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты халықаралық журналистика кафедрасының профессоры Н. Халиннің айтуынша, қоғаммен байланыс аударма термин ретінде кеңес баспасөзінің айналымына 1960-жылдары енгізіледі, 1970–жылдары «қоғаммен байланыс» мәскеулік зерттеушілерді қызықтырып, ғылыми категория ретінде қалыптаса бастаған [1].

Ең алғаш осы салада қолға ұстап, танысқан еңбегіміз – Сэм Блэктің «Паблик рилейшнз. Что это такое?» деген ағылшын тіліндегі кітаптың орысша аудармасы болатын, оның оқулығы посткеңестік елдерге тарап, алғаш рет «ПР» аббревиатурасымен танысқан болатынбыз. Бірақ олар қоғаммен байланыс сөзінің қысқарған түрін пайдалану арқылы осы аббревиатураны ауыстырады. Ресейдің қоғаммен байланыс ассоциацияның (РАСО) этикалық кодексінде қоғаммен байланыс сөзі де, мамандық атауы да ешқандай қысқартуға ұшырамаған. Еліміздегі дәл осы сияқты ұйым 2001 жылы «Қоғаммен байланыс жөніндегі ұлттық қауымдастық» деген атпен құрылады. Қоғаммен байланыс жөніндегі ұлттық қауымдастық (НАСО) пен Ресейдің қоғаммен байланыс саласындағы кәсіби және этикалық принциптер

кодексінде және Қоғаммен байланыс жөніндегі ұлттық қауымдастықтың (НАСО) 2008 жылдың 17-маусымында қабылдаған Қазақстан Республикасы қоғаммен байланыс саласындағы кәсіби және этикалық принциптер кодексін алып қарайтын болсақ, онда қоғаммен байланысты паблик рилейшнз деп атап өтеді, ал «ПР» сияқты қысқартулар кездеспейді.

Біз осы термин қаншалықты дұрыс қолданылып жүр деген мәселеге келер болсақ, онда көптеген пікір қайшылығына тап боламыз. Мәселен, неге посткеңестік елдерде PR терминінің алғашқы түсінігі сайлау технологияларымен байланыстырылады? Ал Қазақстанда неліктен қоғаммен байланыс:

- PR = жарнама
- PR = сайлау, сайлау технологиялары
- PR = саяси технологиялар
- PR = қара PR, лас технологиялар
- PR = үгіт, насихат
- PR = саяси жарнама деп теңестіріледі?. Осыған сәйкес «пиаршы», «пиармэн» «пи-ар-ши», PR-менеджер, PR-профессионал деген ұғымдар пайда болды.

Енді осы сұрақтардың жауабын іздесек. PR ең алдымен мемлекетті басқаруды тиімді жүзеге асыру институттарының бірі ретінде демократияның дамуына әсер етіп, қоғамдастықтың ақпараттануының кеңеюіне септігін тигізеді. Сондай-ақ PR посткеңестік елдерде сайлауды, насихатты еске түсіреді, себебі кеңес үкіметі кезінде коммунистік идеологияның негізгі құралдары ретінде насихат құралдарын, ұрандарды пайдаланған болатын.

Ал PR Қазақстанда өз мағынасында 1990-шы жылдары пайда болғандықтан, үгіт-насихат, ұран сөздері бірден қоғаммен байланыс терминдерімен алмастырылды және қоғаммен байланыс бизнес құрылымдарда емес алдымен мемлекеттік органдарда дамып, бастау алды. Себебі, посткеңестік елдерде қоғаммен байланысты алғаш рет қоғамның басқа салаларында емес, сайлау процесінде қолданған болатын. Адамдар алғашқыда паблик рилейшнздың мәнін түсінбеді, бұл саланың мамандары да болмады, ол кездері қоғаммен байланыспен филологтар, журналистер, тарихшылар, философтар, саясаттанушылар, психологтар, экономистер айналысқан болатын. Өйткені, қоғаммен байланыстың мәнін кім қалай түсінсе, солай пайдаланған болатын. Мемлекеттік органдар PR-ды бұрынғы идеологиялық құрылымнан қалған ескірген, көнерген әдістердің жалғасы ретінде қабылдады. Міне, сондықтан да PR-ды посткеңестік елдерде мемлекетпен байланыстыратыны осыдан. Ал бүгінде PR биліктің бөлінбес коммуникативті аспектісі болып табылады. Қазір еліміздегі барлық атқарушы биліктің қоғаммен байланыс орнататын бөлімдері немесе баспасөз қызметі бар. Осы арқылы олар өз ұйымдарының бұқара үшін мейлінше ашық екенін көрсетуді көздейді. Бұл ашық қоғам үшін аса қажет. Алайда, еліміздегі мұндай құрылымдар күні бүгінге ПР талаптарына сай қызмет етіп отырған жоқ.

Мәселен,

- Отандық қоғаммен байланыс нарығы толық қалыптаспаған. Себебі бұл салаға мейлінше көңіл бөлінбей, тек қосымша құрал ретінде ғана қалып отыр.
- Мемлекеттік институттардағы PR-құрылымдары қызметі тиімсіз. PR-қызметін баспасөз орталықтары ауыстырып, тек жаңалық пен баспасөз релиздерін таратып, журналистермен байланыс орнататын құрал деңгейінде танылып отыр.
- Көпшілік арасында PR-ды алдау, өтірік айту, елес, арман, манипуляция ретінде қабылданады. PR-дың келісімге келу, коммуникативті байланыс орнату, делдалдық

қызметін атқару сияқты игі мақсаттарына қарамастан ол басынан бастап лас технологиялар, алдау-арбау ретінде көпшіліктің көңілінде орын алды, мәселен, «бұл жай ғана пиар ғой», «қара пиарды қолданған», «кәдімгі пиар», «пиарлау» деген сияқты ойлар бұқара санасына сіңісіп қалған. Яғни халық арасында PR аббревиатурасын оқығанда жарнамалау, алдау сияқты жағымсыз ой-пікір туындайды.

Қоғаммен байланыс мамандығының жабылып қалуы. Еліміздегі қоғаммен байланыс мамандарының жетіспеушілігінен, қажеттілігін, мағынасын түсінбегендіктен бұл мамандық жабылып, қиын жағдайға ұшырады.

Тек осы жылы жылдың сәуір айында ғана қайтадан ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен жоғары және жоғары оқу орынынан кейінгі білім мамандықтарының классификаторына енгізілуі қоғаммен байланыс мамандығының алдында тұрған келелі мәселелерін шешуге жол ашады деп ойлаймыз. Бүгінде «PR-мәтін», «PR-акция», «PR-қызметтері», «PR-бөлімі», «PR-зерттеулер», «PR-жоба» сияқты сөздерді жиі қолданатынымыз да белгілі.

Негізгі мағынасында PR қызметі арқылы сенім мен өзара түсіністік тудырып, билік пен қоғам арасында көпір құруға арналған. PR – қоғам мен билік арасындағы кері байланысты орнату, халықтың сеніміне ену, қоғамдастықты ақпараттандыру құралы болып табылады.

Бірақ бүгінгі күнде осы терминнің әртүрлі аударылуына байланысты сан алуан мағынада қолданылып келеді. Біздің ұсыныс - қоғаммен байланыс саласы мамандары жиылып, осы терминнің нақты аудармасын жасап, бір тоқтамға келсе деген ой. Бұл осы саланы одан әрі дамытып, қазақ тілді мамандардың көбеюіне септігін тигізер еді деп ойлаймыз.

Саяси тәжірибеден көріп жүргеніміздей, PR-дың азаматтық қоғам мен билік арасындағы байланысты орнатудың бір жақты, яғни масс-медиялық коммуникация мен стратегиялардан басқа да екі жақты өзара қарым-қатынасты орнату технологияларының бірі ретінде келіссөздер, конференциялар, дөңгелек столдар мен есептік кампаниялар, тікелей байланыстар тағы да басқаларды айтуға болады. Жергілікті билік органдары да екі жақты байланысты дамыту мақсатында, аймақтық мәселелерді шешу кезіндегі ынтымақтастық арқылы ерекше роль атқарады. Мемлекеттік саясатты қалыптастыру барысында PR мемлекеттік билік органдарын үнемі болжамдармен, аналитикалық жұмыстар, сондай-ақ қолайлы қызмет түрлері мен әдіс-тәсілдерді, басқа да арналарды пайдалану керектігі туралы ұсыныстарды жасауды камтамасыз етіп отыруы тиіс.

PR идеологиялық, коммуникативтік-ақпараттық, зерттеу-аналитикалық, ұйымдастырушы-бағыттаушы қызметтерін атқара отырып, тікелей мемлекеттік саясатты қалыптастыруға ат салысады. Ал егер де PR-дың тікелей қоғамдық қызметі жайлы айтар болсақ, онда тікелей қоғамдық келісімді айтамыз. Бұл жағдайда PR-ды пән ретінде алатын болсақ, оның басты мақсаты қоғамда келісімге келу жолдарын қарастыру, қоғамдық қатынастарды үйлесімдікке әкелу. Ұйымдар арасындағы немесе қоғам мен билік арасындағы барлық жасалып жатқан игі істерді PR технология ретінде қолдануға болады. Қоғаммен байланыстың аралық, делдалдық қызметін атқаруы арқасында ұйым басшысы қандай да бір мәселеге қатысты қоғамдық пікірдің мүмкін болатын реакцияларын алдын ала біліп, қоғамдық пікірмен санасу қажет екенін алдын ала ескеруге әкеледі, ұйымның «қоғамдық бет бейнесін» қалыптастыруға көмектеседі, қоғамдағы әртүрлі шиеленістерді болдырмай, қоғамдық мүдделерді ескере отырып өзінің өміршеңдігін қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезеңде PR-ға қаншалықты көңіл бөлініп отырғандығының куәсі болып отырмыз, әсіресе мемлекеттік қызметте жиі қолданылады. Қоғаммен байланыс саяси және әлеуметтік тұрақтылықтың қажетті де маңызды факторы болып отыр, сондай-ақ билік құрылымдарының имиджін қалыптастыра отырып, басқарудың ашық және икемді жүйесін құруға септігін тигізеді. PR-ды тиімді жүзеге асыру үшін мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, мақсаты мен міндеттерін, коммуникация әдіс-тәсілдерін анықтап, көздеген аудиторияны таңдау, іс-шаралар жоспарын құруды қажет етеді. Осыдан-ақ біз бұл қызмет түрінің қаншалықты қажет екенін байқаймыз.

Бүгінгі күнде әрбір ұйымның өз порталы, веб сайты, өз бұқаралық ақпарат құралының болуы, ұйым ішінде қоғаммен байланыс қызметі бөлімі немесе баспасөз қызметінің болуы қалыпты жағдай болып табылады. Себебі екі жақты байланыс, халықтың сенімін тудыру, ұлтаралық диалогты орната отырып, басқа да келеңсіз оқиғаларға жол бермеу, алдын алу шаралары да қоғаммен байланыстың басты – мақсаттарының бірі болып табылады.

Мәселен, PR-дың қай салада болмасын басты міндеті байланыс орнату мен ақпараттандыру бола тұра, маңызына қарай мақсаттары да әр түрлі болады. Алдымен, саясат саласында, яғни мемлекеттік сектордағы бұқарамен байланыстың басты мақсаты- үйлесімді қоғамдық құрылыс және ондағы қоғамның барлық азаматтарының мүдделері мен қызығушылықтарын жүзеге асыру болып табылады. Бұл саладағы тапсырыс берушілер саяси қайраткерлер болғандықтан, саясаттағы PR-дың мақсаты да қандай да бір саясаткердің имиджін жоғарылату, электоратты көбейту болатыны сөзсіз. Ал бизнестегі PR-дың мақсаты пайда түсіру, түсімді көбейтуге жағдай жасау. Қоғамның байлығы азаматтардың байлығынан құралады. Сондықтан да PR саласының маманы да корпорацияның мүддесі мен қоса қоғам мүддесін қоса ойлап оларды үйлесімге әкелуге тырысады.

Ал азаматтық қоғамда біз қандай да бір адамның немесе бір ұйымның жеке мүддесін, алға ұстанған бағытын аса маңызды басымдық ретінде алға қоя алмаймыз, өйткені азаматтық қоғамда барлық қоғам мүшелерінің алуан түрлі мүдделерін жүзеге асыру қажеттілігі туындайды. Ал, үкіметтік емес ұйымдарды қарастыратын болсақ, олар қоғамдық мүдделердің сан қырлы саласында өз қызметтерін жүзеге асырады. PR-қызметтерінің азаматтық сектордағы басты ерекшелігі оның коммерциялық емес және мемлекеттік емес сипатта болуында. Себебі бұл факторлар қоғамдық ұйымдар мен құрылымдарға деген сенімділігін және олардың халыққа қолдау көрсету дәрежесін анықтайды. Мемлекеттік, коммерциялық және азаматтық секторлар тығыз байланыста болады. Сондықтан да, қоғамдық байланыстар қызметі мен PR-орталықтарының міндеттері қоғамдық идея, мүдделер мен инициативаларды, бастамаларды алға қоя отырып, халық пен билік, қоғамдастық тарапынан қолдауға шақыру, олардың өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету болып табылатыны сөзсіз.

Негізінен «қоғамдық игілік» мәселесі қалайда болмасын азаматтық қоғам түсінігімен тығыз байланыста болғандықтан, азаматтық сектордағы PR-дың мақсаты – азаматтық қоғамның мүдделерін жасау, яғни әрбір азаматтың мүддесін қоғамдық қатынастардың іргетасы ретінде көрсете білуге тырысу. Жекелеген қоғамдық ұйымдардың PR-қызметінің мәнісі ұйымның беделін барлық деңгейде көтеру, азаматтарға сол ұйым қызметтері туралы пайдалы ақпараттарды тарату арқылы ұстап тұру. Қоғаммен байланыс азаматтық қоғам мен мемлекет, билік арасындағы диалогты құру мен қарым-қатынасты жақсарту ғана емес,

қоғамдық пікірді қалыптастыру үшін, сондай-ақ барлық саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін де орыны айрықша болып келеді. Ал үкіметтік емес ұйымдардың өзін алатын болсақ та, оның халық арасындағы имиджі де әлі қалыптаса қоймағаны белгілі.

PR бағдарламалардың билік пен азаматтық қоғам арасындағы диалогты құру барысындағы басты мақсаттары мынадай болады:

- аудиторияларға үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер туралы ақпарат тарату;
- билік құрылымдарының назарын өзінің бастамаларына аудару;
- үкіметтік емес ұйымдардың PR мамандарына, журналистерге, арналған «ашық есік» күндерін өткізу;
- қоғамдық ұйымдар жөніндегі комитеттердің, басқарамалардың тыңдауларына қатысу;
- оқырманы неғұрлым көп бұқаралық ақпарат құралдарында ҮЕҰ мен биліктің бірігіп ұйымдастырған барлық іс-шаралары жайлы мақалалар жариялап отыру;
- үкіметтік емес ұйымдардың басшыларымен сұхбаттарды ұйымдастыру;

«PR ұйым мен қоғам арасындағы коммуникация құралы және демократиялық қоғамның қажетті атрибуты», – деп қарастырады осы сала маманы Л.С. Ахметова [2,92]. Осыған орай, саяси жүйені демократияландырудың маңызды бағыты – азаматтық қоғам институттарын одан әрі нығайта беру. Ол үшін үкіметтік емес ұйымдарды, басқа да қоғамдық ұйымдардың халықпен коммуникация орнатуына жағдай жасау қажет. Сондықтан олар үкімет тарапынан болатын гранттарға қатысу арқылы өздерін үнемі дәлелдеп, қаржыландыру көздерін де, сенімге де ие болуы керектігін айта кетеміз. Билік органдарының үшінші секторға маңызды қоғамдық ұйым ретінде қарамауы, бірлесе отырып жұмыс жасауының жүйелі түрде болмауы да олардың арасындағы диалогтың үстіртін, уақытша болуына себебін тигізіп отырғаны анық.

Жоғарыдағы мәселелерді қорыта келе, оның ішінде азаматтық қоғамды қалыптастыру, билік пен қоғамдастық арасындағы байланысты жан-жақты қарастыруда PR-қажеттілігін баса көрсетеміз. Сондықтан да билік пен бұқара халық арасындағы қатынасты тереңдетуге, азаматтық қоғам мен үкіметтік емес ұйым қызметтерін жандандыру мақсатында тек БАҚ арқылы ғана емес, басқа да құралдары арқылы, мәселен PR-акциялар, PR кампанияларды ұйымдастыру арқылы дамытып, әрі қарай қалыптасуына жағдай жасау қажет. Ал осыған байланысты ағылшын бұқарамен байланыс маманы Питер Грин үкіметтік PR инвесторлармен жұмыс және дағдарысты басқару сияқты «паблик рилейшздағы» аса тез жылдамдықпен дамып келе жатқан саларының бірі деген болатын [3, 73]. Сондықтан мемлекеттік саясат саласындағы PR-ды дамыту жолдарын нақтылау түсу керек. Ол үшін алдымен:

- барлық мекемелерде, мемлекетік органдарда өзінің жеке қоғаммен байланыс бөлімін ашу;
- қоғаммен байланыс бөлімдерінің жабық, тұйық түрде емес, ашық, қол жеткізетін жағдайда болуы;
- PR бөлімдерінің PR мамандарымен жасақталуы;
- Қоғамдық пікірде PR туралы оң пікір тудыруға жағдай жасау;
- Халық арасында PR бөлімдері мен билік арасындағы қарым-қатынастың деңгейі туралы сауалнамалар өткізу арқылы қажеттілік деңгейін анықтау қажет.

Жалпы алғанда қоғаммен байланыс пен билік арасындағы жұмыстың тиімділігі PR қызметтерінің дәрежесі және ресурстардың бағалануына байланысты болады. Ал егер де қоғаммен байланыс қызметтерінің басты басымдылықтарының бірі ретінде билік пен азаматтар арасындағы тұрақты диалогты сақтап тұруға жағдай жасау, мәселелерді шешуде дәнекер бола отырып, оң шешімін табуға икемдеу, халыққа мемлекетте қабылданып жатқан шешімдерді уақытында жеткізіп отыру, сондай-ақ саяси мәдениетті қалыптастыру деп атап өтуге болады. Бірақ, бұл мәселе әлі де болса толық шешімін таба алмай отырғаны белгілі. Сөз жүзінде барлығы да жақсы болып көрінгенімен іс жүзінде басымдықтардың толық орындалмауы белең алып отыр. Мұның себебі әлі де болса толық қалыптаса қоймаған азаматтық қоғам мен PR қызметтері болып табылады. Әрине бұл жағдайда біз PR қызметкерлеріне кінә таға алмаймыз, себебі билік органдарындағы PR институционалдық кезенді бастан кешіп отыр. Мемлекеттік басқару барысында идеологияға халықтың, әлеуметтік топтардың сезімін, мүдделері мен қызығушылықтарын, тілегін, сенімін енгізу, жеткізу және керісінше осы айтылғандардың барлығын қоғамға қайтадан мемлекеттік органдардың бағдарламалары мен ұстанымдары түрінде қайта ұсыну PR талаптарының бірі болып табылады.

Дегенмен, нақты тәжірибе жүзіндегі міндеттерді шешу барысында шетелдік PR қызметтерінің де тәжірибесіне сүйенуге болады. Бір жағынан алғанда барлық PR қызметтері мен құрылымдары қандай-да болмасын ел, билік, басқа саяси құрылымдарға қарамастан өзінің негізгі қызметтері мен технологияларын көбінесе бірдей дәрежеде жүзеге асырса, екінші жағынан әрине өзінің айрықша арнайы ерекшелігі яғни, тарихи және ұлттық дәстүрлерге, халықтың, элитаның менталитетіне, жетекшілердің өзін-өзі ұстау стильдеріне байланысты болады. Бұл мақсатта ұлттық идеологияны дамытып, жастардың патриоттық тәрбиесін күшейтіп, отан сүйгіштік рухын өрістетудің тағы да бір аса маңызды құралдардың бірі ретінде PR-ды, қоғаммен байланыс құралдарын кеңінен қолдану қажеттілігін де баса айта кету қажет. Себебі PR мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру барысында атқаратын қызметтері сан алуан. Мәселен қарапайым ақпарат таратудан бастап, күнделікті жүзеге асуы, қалыптасуы жайлы хабар бере отырып, жастарды мемлекет өміріндегі саяси оқиғаларға қатысу, қызықтыру мен тарту сияқты маңызы зор істерге итермелейді.

Айта келе, билік пен халық, азаматтық қоғам арасындағы диалогты одан әрі дамытудың бір тәсілі ретінде осы PR-ды айтуға болады. Әрине бұлардың барлығы тек қана PR құралдарының арқасында шешілетін міндеттер емес, бірақ өз алдына институт ретінде үлкен орын алатыны белгілі. Себебі төртінші билік БАҚ-тан кейінгі, бесінші билік – PR деп айтуға болады деп ойлаймыз.

Дегенмен де бізде әзірге қоғаммен байланыстың өтпелі моделі жүзеге асырылып отыр деп айтуға болады. Қазақстандағы демократияның құрылуы мемлекет пен қалыптасып келе жатқан азаматтық қоғам арасындағы диалогты құру қажеттілігін тудырады.

Осы айтылған ойды жинақтай келе, барлығымыз білетіндей, қоғаммен байланыс қоғамдық пікірді тудырады, байланыс орнатады, өйткені ұтымды жасалған PR-сыз коммуникацияны, мемлекетке әсер етудің басқа да арналарын тиімді құру мүмкін емес деп тқжырымдаймыз. Азаматтарды билік органдарының жүргізіп жатқан іс-әрекеттері туралы хабардар ету, шешім қабылдау және бірлесіп жұмыс жасауға итермелей отырып, PR биліктің демократизациялануына жағдай туғызады. Бұл жағдайда бұқарамен байланыс азаматтық қоғам негіздерін күшейту

мен дамытудың және биліктің легитимді болуына орай екі жақты қызметті бірдей атқарады. Бұл орайда биліктің легитимдігін көрсетудің басты құралы рационалды аргументация негізінде сендіруді айтуға болады, яғни осылайша PR биліктің қоғамдастық алдындағы бағасын жоғарылатуға көмектеседі. Қоғаммен байланыстың біздің елдегі концепциясының негізгі мәнісі айтып өткендей, көп жағдайда билік құрылымдары, мемлекеттік органдар, сайлау, үгіт, насихатпен байланыстырылса, кейінгі уақытта жеке меншік секторымен, коммерциямен, бизнеспен де байланысты сипатта қарастырылып, кең мағынасында қолданылып жүргеніне куә болып отырмыз.

Сонымен қоса, қоғаммен байланыс қоғамдастықтың ойы бойынша қандай салаға басты көңіл аудару керектігін ескере отырып, қоғамдық көңіл күй динамикасына әсер ету мақсатымен PR құралдарын оңтайлы пайдалануға ниеттенеді. Осылайша ұтымды пайданылған қоғаммен байланыс құралдары арқылы белгілі бір жағдай туралы ой, қоғамдық пікір қалыптасады. Мемлекеттік PR-дың тиімділігін мен сапасын, әсер етуін күшейту үшін, алдымен мемлекеттік дәрежедегі PR қызметкерлерінің кәсібилік біліктілігін көтеру керектігі жөнінде мәселе өзекті болып отыр.

Біздің елімізде мемлекеттік басқару жүйесіндегі PR-мен айналысатын баспасөз-қызметтері, баспасөз-орталықтары, ақпараттық-аналитикалық орталықтар, департамент, комитет, бөлім, агенттіктердің PR қызметтері арқылы билік органдарының ашықтығын, халықпен арасындағы байланысын, беделі мен сенімін арттыруға тырысады және осы арқылы қаншалықты бұл қызмет түрінің ілгерлеп келе жатқанын көруге болады.

Қорыта келе, мемлекеттік саясатты қалыптастыру барысындағы еліміздің имиджін атақ-даңқын асырудың құралы ретінде PR-дың атқаратын қызметтерінің аясы күннен-күнге кеңейе түсуде. Әрине ол тек ұтымды да пайдалы қолданылса, тиімді әсер етсе ғана өз мақсатына жетіп, міндеттерін атқарады деп айта аламыз. Ол үшін мемлекетіміз осы салаға да ерекше көңіл бөліп, бұқарамен байланыс саласындағы заңнаманы кемелдендіру мәселесін қолға алған кезде ғана тиісті оң нәтижелерге келетініміз белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Николай Халин. Специальность «Связи с общественностью» : проблемы терминологии и профессиональной подготовки http://www.relga.ru/Environ/WebObjects/tguwww.woa/wa/Main?textid=300&level1=main&level2=articles
2. Политические технологии в Республике Казахстан/Под общ. ред. А.С.Серикбаева. –Астана: Академия государственной службы при Президенте Республики Казахстан, 2004. Б.73
3. Комаровский В. С. Государственная Служба и СМИ. – Воронеж. Издательство ВГУ, 2003. Б. 92

Ұлттық тұтастықтың кілті – бірлікте

Мейрамхан ЖӘПЕК,
Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика кафедрасының аға оқытушысы,
Гүлсаян ЫБРАЕВА,
Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің журналистика бөлімінің 2 курс студенті

«Бірлік жоқ жерде – тірлік жоқ».
Төле би

Жер бетіндегі өмір сүріп жатқан мемлекеттердің қай-қайсысында болсын, көптеген өзге ұлт өкілдерінен құралған диаспоралар, этникалық топтар бар. Олар қуғын-сүргінге ұшырап, жер аударылғандар, «қызыл империя» идеологиясының сілтеуімен үдере көшкендер, өз этникалық ортасынан кетіп, басқа этникалық ортада қалуға ниет білдіргендер. Мұндай жағдай қазақ тарихында да болғаны әмбеге аян. Елбасы Н.Ә. Назарбаев халқымыздың XX ғасырдағы күрделі тарихы туралы өткір жазады: «... қазақтар бет-бетіне таратылып, бір халық, бір ұлт, бір ел екенін атымен ұмытатындай күйге жеткізілді. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кемдекем болғанымен, бір ғасырда осыншама көп реформаға ілініп, тоз-тоз болатындай тәлкекке ұшыраған халық ешқайда да жоқ» [1.17].

Бұл тарихи шындық. Әсіресе, тың игеру жылдарына дейінгі уақытты есептегенде, қаншама өзге ұлт өкілдері қазақ жеріне қоныстандырылды. Осыдан барып «этнос», «диаспора», «көпұлтты» сияқты ұғымдар қалыптасты.

«Қазіргі саяси-әлеуметтік терминологиямызда «этнос», «халық», «ұлт», «диаспора» ұғымдары да шатастырыла жиі қолданылып жүр. Егер ғылыми тұрғыдан қарастырсақ: Қазақстан көп ұлтты мемлекет емес. Қазақстанда бір-ақ ұлт бар, ол – қазақ ұлты. Ал еліміздегі өзге этностық топтар айрықша ұлт емес, олар – диаспоралар. Диаспора дегеніміз – өзге елде өзінің тарихи отаны бар, бірақ тағдырдың жазуымен басқа мемлекетте тұрып қалған этностық топ. КСРО-ның аяқ асты ыдырауы салдарынан Қазақстанда (басқа да тәуелсіздік алған мемлекеттерде) ондаған диаспоралар пайда болды» [2.32]. Ерекше атап өтетін жайт бар. Ол – еліміздегі қазақ ұлты мен басқа да этностық топтар арасындағы тұрақтылық. Дегенмен де, ұлан-байтақ жерде емін-еркін өмір сүріп жатқан халықтар тұтас «Қазақ еліне толыққанды айнала алды ма, әлде «Қазақстандық ұлт», «Қазақстандық» деген сипаттарға ие болды ма? Осыған орай, қалыптасқан көзқарастарға назар аударалық: «Алла Тағала нәсіп етіп, XX ғасырдың аяғында территориясы жағынан әлемдегі тоғызыншы үлкен мемлекет болып отырмыз. Мемлекетіміздің негізін қалыптастыратын – қазақ ұлты. Бұны бірінші кезекте күллі жаһан мойындаған. 1993 жылы Ата Заңымызда «Қазақ ұлты» делінсе, 1995 жылғы Ата заңымызда «байырғы қазақ жерінде мемлекет орната отырып»

делінген. Мемлекетіміздің аты – Қазақстан, яғни қазақ ұлтының атымен аталады, «-истан» дегеніміз – мекен, орын. Қазақстан – қазақтардың мекені, «қазақ елі» дегенді білдіреді» дей келе, «Қазақстандық демографиялық жағдайын, саяси ахуал, халықаралық болуы керек сияқты», – дейді М. Тәтімов [3.5]. Ал Әбдімәлік Нысанбаев: «Конституцияда жазылған «қазақстан халқы» ұғымын еліміздегі сан түрлі этностардың қарапайым жиынтығы түрінде ұғынсақ қатты қателесеміз. Қазақстан халқы – осы тәуелсіз унитарлық мемлекеттің негізін құрап отырған шешуші қазақ халқының маңына топтасқан халқымыздың мәдениетіне, діліне өз мәдениеттері арқылы ерекше бояу қосқан... отандастарымыз қауымдастығының жаңаша сапалық күйі», – деп сипаттап берді. Осы жағынан алып қарастырғанда, «біздің көпұлтты және көп конфессиялы қоғамымызда конфессиялық экстремизмнің төбе көрсету мүмкіндігіне үстірт қарауға тіпті де болмайды, олай ету мейлінше қауіпті» [2.88]. Бұдан келіп, «ұлт бірлігінің негізі – дінде» деген тұжырым шығады. Бүгінгі таңда елімізде бас-аяғы 46 діни конфессия тіркеуден өткен болса, олар заңда көрсетілгендей белгілі бір межеге сәйкес, үгіт-насихат жүргізіп, шіркеу-ғибадатхана ашуға мүмкіндіктері бар. Бұл жағдай өзімізге кесірін тигізбей ме деген сұрақ ең этникааралық, конфессияаралық қатынастарды ауызбіршілікте ұстау керек дегенге саяды. Осы хақында М. Бұлұтай: «Жас мемлекеттің керегесін керіп, уығын қадасқан бүгінгі ұрпақ ұлттық бірлік пен татулықтың діни бірлігімізге тәуелді», – дегенді айтады.

Мемлекетіміздің алдына қойып отырған басым мақсаттары мен оларды жүзеге асыру стратегияларын саралайтын болсақ, сол жеті басымдықтың көш басында тұрған – ішкі саяси тұрақтылық пене қоғамның топтасуы. Тәуелсіздігіміздің бекем болуы, дамуы – ұлттық бірегейлену, ұлттық біртұтастықты сақтау болып табылады. Әсіресе «әр түрлі конфессиялар арасындағы өзара құрмет, төзімділік пен сенімді қарым-қатынастарды нығайту» [4.3]. Қазақстанның көпұлтты, көпдінді мемлекет екенін ескерер болсақ, – ұлт ішіндегі бірлікті нығайту «қазақ елі» болып қалыптасуымыз – қоғамдағы дәулеттілері мен жарлылар арасындағы алшақтыққа көңіл бөлу, азайту. Бұл бір жағынан «Нарықтық экономикаға негізделген елдерде бай, кедей, орташа жіктер қалыптасуда «Соның салдарынан қазіргі таңда біздің халқымыздың 10% – ауқатты, 60% – кедей, 30% – орташалар деген дерек бар» [3.5]. Белгілі демограф-ғалым Мақаш Тәтімовтың мәліметі бойынша, еліміздегі қазақтар – 60% құрайды екен. Сонымен қатар, 2015 жылы халық санын 20 млн. жеткізу көзделсе, «қазақстандық ұлт», «көпұлтты» деуіміздің еш негізі жоқ. Тағы да М. Бұлұтайдың сөзіне жүгінер болсақ, дінтанушы-мәдениеттанушы ғалым былай дейді: «қазақ халқының 70% мұсылманның басын алдымен біріктірер болсақ, 29% христиан азаматтарымызбен хошкөрушілік қатынаста да болсақ, діни бірлік деген – осы», – дейді [5.17]. Осы жерде Қазақстан халықтар ассамблеясының діндер мен мәдениет, ұлттар арасындағы татулық пен бірлікті берік ұстанған, басқа шет елдердің ешбірінде жоқ демократиялық ұйым екенін ерекше атап өтуге болады. Яғни, ұлттық бірегейлену – өз азаматтық саяси бірлігімен қоса демократиялық мемлекетте барлық тұрғындардың құқығын тең дәрежеде заң арқылы қорғау.

Елбасы Н. Назарбаевтың : «ұлттық бірліксіз патриотизм деген жансыз бірдеңе ғана болып қалады» дегенін ескерсек, «Шынайы патриотизм – жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздысы болғандықтан, ізгі ниетті адамгершілікпен қарауды көздейді. Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте жекелеген этностар өкілдерінің

ұлттық патриотизмімен тұтаса байып отырады. Өйткені «халық» деген ұғымға мемлекеттегі барлық адами, яғни ұлттар, ұлттық топтар сияды» [6,23].

Зерттеушілер мәліметіне жүгінсек, әртүрлі ұлт өкілдерінің қатынасында негізгі үш жағдай байқалады екен. Ол: ынтымақтастық, бейтараптық, алауыздық. Аталғандардың ішінде соңғысы, алауыздық салдарынан ел іші іріп-шіруге, қастандыққа, бітіспес арпалыс күрестерге ұласатыны сөзсіз. Мысалға, бенгал ақыны Тагордың бір өлеңіне байланысты басталған дау студенттердің толқуына ұласып, соңында – тұтас бір елдің екіге бөлуіне әкеп соқтырғаны күні кеше, немесе мыңдаған адамдардың өмірін жойған Таудағы Қарабақ жанжалы қас қылғандай сол аймақтағы басым этностың ұлттық азалы күніндегі жиында болмашы түсініспеушіліктен басталмап па еді? Мемлекет ішіндегі алауыздықтар азамат соғыстарына апаратынын көріп жүрміз. ТМД-ның, Кавказ халықтарының, Югославия халықтарының, Тәжікстан мемлекетінің бастан кешіріп отырған көптеген ауыртпалықтары осы ұлтаралық келіспеушіліктен болғаны белгілі.

Қорыта келгенде, санамызда қалыптасқан «көпұлттық», «қазақстандық ұлт», «қазақстандық» т.б. ұғымдары Қазақстанда өмір сүретін халықтардың жаппай атауы болғанымен, олардың қазақ жерінде татулық, бірлікте өмір сүріп отырғандарын естен шығармаған жөн. Ұлт бірлігін сақтау – әуелі өзге диаспоралардың, этникалық топтардың, жергілікті, байырғы ұлттың ұлттық құндылықтарына құрмет көрсетуден басталатыны даусыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н. Сындарлы он жыл. Алматы. Атамұра, 2003. 17-б.
2. Нысанбаев.Ә. Еуразиялық интеграция және қазақ диаспорасы. Алматы, Жеті жарғы. 2007. 32-бет.
3. Тәтімов М. Қазақстан халқын қалай жасаймыз? // Начнем с понеднльника, №58 (556). 3-9,12. 2004. 5-бет
4. Бұлұтай М. Діни бірліксіз ұлттық бірлік болмайды. // Ана тілі. №23. 03.06.
5. Бұлтай М. Дін және ұлт. Алматы. Арыс, 2006. 17-бет. 2004. 10-11 б.Назарбаев Н. Тәуелсіздік белестері.Алматы. Атамұра, 2008. 23-б.

Денсаулық сақтау мекемелеріндегі қаржылық жоспарлауды оптимизациялау

Гүлашар ДОСКЕЕВА,
«Тұран» университетінің қаржы кафедрасының доценті,
экономика ғылымдарының кандидаты

Бүгінгі күні еліміздің денсаулық сақтау мекемелерінің көпшілігі мемлекеттік меншік нысанында болғандықтан және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатындықтан, мемлекеттік денсаулық сақтау саласындағы емдеу мекемелерінің қаражаттарының көлемін, мақсатты бағытын және әр тоқсан бойынша бөліну процесін анықтайтын негізгі құжат ретінде шығындар сметасы есептеледі. Шығындар сметасы бір жылға бюджеттік жіктеудің экономикалық баптары бойынша бекітілген нысанда жасалады. Сметада емдеу мекемесінің қызметімен байланысты барлық шығындар көрсетіледі. Сметада қарастырылған ассигнациялау әрбір шығындар бабы бойынша есептеулермен негізделуі керек. Бұл есептеулер белгілі бір оперативтік-желілік немесе өндірістік көрсеткіштердің (медициналық қызметкерлердің саны, ауруханалық төсек саны, емханаға келу саны және т.б.) негізінде жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау саласындағы қаржы ресурстарының бөлінуін реттейтін сәйкес заңдық актілерге байланысты шығындар сметасында медицина қызметкерлерінің жалақысын төлеуге кететін шығындар, тамақ өнімдерін, медикаменттер, орайтын құралдар, жұмсақ инвентарь алуға кететін шығындар сол уақыттағы бағалар мен тарифтерді ескере отырып есептеледі [1, 2].

Шығындар сметасын денсаулық сақтау саласын басқару органы қабылдайды, алайда жекелеген емдеу мекемелерінің басшылары белгіленген ассигнациялаулардың мөлшерінде барлық шығындар баптары бойынша өзгерістер енгізуге құқылы. Денсаулық сақтау мекемесінің шығындарын жоспарлаған кезде негізгі экономикалық баптар ретінде келесі шығыс баптары қабылданады: жалақы төлеу шығындары; материалдар сатып алуға кететін шығындар; көрсетілетін медициналық қызметтерді төлеуге кететін шығындар; ұзақ мерзімге пайдаланатын құрал-жабдықтар алуға кететін шығындар; күрделі жөндеу жүргізуге кететін шығындар және т.б

«Емдеу мекемесінің қызметкерлерінің еңбегін төлеу» экономикалық бабы бойынша медициналық, әкімшілік-шаруашылық және басқа да персоналдың еңбекақысын төлеу шығындары жоспарланады. Бұл шығындарға жалақының негізгі және қосымша түрлері, үстеме жұмыс істегені үшін төленетін ақы, түнгі мезгілде, мейрам күндері істеген жұмысы үшін ақы және сыйақылардың барлық түрлері кіреді.

«Еңбекақыға есептемелер» бабы бойынша зейнетақы қорына аударымдар, әлеуметтік қорғау қорына аударымдар көрсетіледі.

«Жабдықтау құралдары мен материалдар алу» экономикалық бабы бойынша емдеу процесіне қажетті материалдар, арзан бағалы және тез тозатын құралдар алуға арналған шығындар жоспарланады. Бұл бап келесі бөлімшелерге бөлінеді:

- кеңселік шығындар - кеңсе, сызу және жазу құралдарын, бланкілер, есеп және есеп беру құжаттарын алуға кететін шығындар;
- медикаменттер мен орайтын заттар – медикаменттер, орайтын заттар, вакциналар, дәрумендер, ренген түсірілімдеріне арналған пленкілер алуға, донорларға төлеуге, медициналық және санитарлық мекемелерді ұсақ медициналық құрал-жабдықтармен (пинцеттер, ланцеттер, термометрлер, шприцтар, инелер т.б.) қамтамасыз етуге кететін шығындар. Медикаменттерге кететін шығындардың көлемі ауруханаларда төсек санына, ал емханаларда пациенттердің келу санына байланысты анықталады;
- тамақ өнімдерін алуға кететін шығындар – ауруханалардағы науқастарды тамақтандыру шығындары азық-түліктің натуралды нормаларына бағытталғанмен, оларды анықтау үшін ауруханаңың жекелеген бөлімшелеріндегі төсектердің орташа жылдық саны, төсектердің жыл ішіндегі жұмыс істеген күндері, бір күнде бір ауруды тамақтандыруға кететін шығындардың сол жердің бағаларымен есептелген есептік нормасы қолданылады;
- жұмсақ инвентарь мен мундирлеуге кететін шығындар – төсек-орын жабдықтары, киім, аяқ киім, ішкі киім алуға қажетті қаражаттар жоспарланады.


«Басқа да қызметтерді төлеу және тауарлар мен қызметтерді сатып алуға кететін басқа да ағымдағы шығындар» бабы бойынша құрал-жабдықтар мен инвентарьды, құрылғылар мен ғимаратты ағымдағы жөндеу жұмыстарына кететін, төсек-орын жабдықтарын жуу мен санитарлық-гигиеналық қызмет көрсетуге, ақпараттық-есептеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын төлеуге кететін шығындар жоспарланады.

Жекелеген баптарда іссапарлық және қызмет бабымен жолға шығу, көлік құралдарын ұстау, байланыс қызметтерін төлеу шығындары жоспарланады. Негізгі баптардың бірі ретінде «коммуналдық қызметтерді төлеу» бабы қаралады. Бұл бапта ғимаратты жалға алу, оны жылыту, жарықпен, сумен қамтамасыз ету, лифт қызметін көрсету шығындары және басқа да коммуналдық қызметтер жоспарланады. Оларды жоспарлау натуралды көрсеткіштердің (ғимараттың кубатурасы немесе аумағы т.б.) негізінде жүзеге асырылады.

«Негізгі құралдарға күрделі салым» бабы бойынша емдеу мекемесінің негізгі өндірістік және өндірістік емес құралдарын көбейтуге, атап айтқанда медициналық құрал-жабдықтар мен ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын заттарды алуға, сондай-ақ мекемені күрделі жөндеуге кететін шығындар жоспарланады.

Емдеу-профилактикалық мекемелерінің жекелеген шығындар топтары бойынша сметаның жобасы жасалғаннан кейін белгілі бір аймақта (ауданда) орналасқан емдеу мекемелерінің жиынтық сметасы жасалады. Келесі кезеңде, төмендегі сызбада көрсетілгендей, денсаулық сақтау саласының барлық мекемелерінің жиынтық сметасы жасалады. (Сызба 1)

Сызба 1. Денсаулық сақтау саласындағы қаржылық жоспарлау процесі



Стационарлардағы шығындар сметасының баптарының көпшілігі (тамақтану шығындары, медикаменттерге кететін шығындар т.б) ауруханалардағы төсектердің орташа жылдық санына бағытталады. Бұл көрсеткішті анықтау үшін төмендегі кестені пайдалануға болады:

$$T_{орт} = T_{б} + \frac{(T_{с} - T_{б}) \text{ x } n}{12},$$

мұндағы $T_{орт}$ — ауруханалық төсектердің орташа жылдық саны;
$T_{б}$ — жыл басындағы төсек саны;
$T_{с}$ — жыл соңындағы төсек саны;
n — жаңадан енгізілген төсектердің жұмыс істейтін айларының саны

Мысалы, ауруханадағы жыл басындағы төсек саны 270-ке тең. Сәуір айынан бастап тағы 30 төсектің іске қосылуы жоспарланып отыр. Бұл жағдайда ауруханының орташа жылдық төсек саны төмендегідей анықталады:

Т орт. = 270 + (30 * 9)/ 12 = 292,5

Ал амбулаториялық-емханалық мекемелерде шығындарды жоспарлау кезінде қолданылатын оперативтік-желілік көрсеткіштерге дәрігерлердің орташа жылдық саны (бұл көрсеткіш сол мекемеге бекітілген халық санына байланысты) және дәрігерге келу саны (бұл көрсеткіш дәрігерлердің орташа жылдық санына, дәрігерлердің 1 күнде жұмыс істейтін сағат санына, 1 сағатта ауруларды қабылдау нормасына және 1 жылдағы жұмыс күніне байланысты) жатады [3].

Жоғарыда аталған денсаулық сақтау мекемелерінің жиынтық сметасы жасалғаннан кейін оның негізінде денсаулық сақтау саласына қажетті бюджеттік қаржыландырудың көлемі анықталады. Біздің елімізде емдеу-профилактикалық мекемелерінің көпшілігі мемлекеттің меншігіндегі және мемлекеттің қаржыландыруындағы мекемелер болғандықтан, олардың қаржылық жоспарлары мемлекеттік бюджеттен келіп түсетін қаржы ресурстарын шығыс баптары бойынша бөлуді қамтитын шығыстар сметасы түрінде жасалады. Жоғарыда сипатталған сметалық жоспарлау қызметі бюджеттік қаржыландыруға негізделген емдеу мекемелеріне тән. Алайда, көптармақты денсаулық сақтау саласын құру жағдайында емдеу мекемелерінің қаржылық қызметі әртүрлі қаржыландыру көздерін жұмылдыруға бағытталады. Яғни қызметі өзін-өзі қаржыландыру нысанына негізделген емдеу мекемелері қаржылық жоспарлардың басқа түрлерін жасайды. Мұндай мекемелердің қаржылық-шаруашылық қызметін жоспарлауда бизнес-жоспарлар құрудың маңыздылығы жоғары болып табылады.

Сонымен, нарықтық экономика жағдайында емдеу-профилактикалық мекемелері қаржылық жоспардың неғұрлым ауқымды түрі бизнес-жоспарлар жасауы керек. Бизнес-жоспар – бұл денсаулық сақтау объектісінің қызметі мен даму перспективасының техникалық-экономикалық негіздемесі. Бизнес-жоспар нарықтағы медициналық қызметтерге қажеттіліктер мен оларды қанағаттандыру үшін қажетті ресурстарды жұмылдыра алу мүмкіндігіне байланысты емдеу мекемесінің өндірістік-шаруашылық қызметін жақын және болашақ кезеңдерге болжаумен байланысты болады [4].

Медициналық мекеменің бизнес-жоспарының негізгі тапсырмаларына төмендегілерді жатқызуға болады:

- емдеу-профилактикалық мекемесінің қызметінің бағыттарын анықтау;
- мекеменің қызметін ұйымдастырудың қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтау және оларға жетудің стратегиясы мен тактикасын қабылдау, әрбір стратегияның жүзеге асуына жауапты қызметкерлердің міндеттерін бекіту;
- емдеу мекемесінің материалдық және қаржылық жағдайын, оның алға қойған мақсаттарының ресурстарына сәйкес келуін бағалау;
- емдеу мекемесінің тұтынушыларға ұсынатын қызметтерінің ассортиментерін бекіту, медициналық қызметтің әрбір түрін көрсетуге кететін өндірістік, саудалық шығындарға баға беру;
- медициналық қызметкерлердің еңбегінің мотивациясы мен оны ынталандыруды ұйымдастыру;
- мекеменің нарықты зерттеу, жарнама жүргізу, сатуды ынталындыру, қайта жабдықтау сияқты маркетингтік шараларын анықтау;

- бизнес-жоспардың жүзеге асырылуы кезінде пайда болатын қиындықтарды алдын-ала болжау.

Бизнес-жоспарды жасаудың методикасын үйрену денсаулық сақтау саласының менеджерлеріне емдеу мекемелерін жоғары деңгейде басқаруға және мекеменің қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бизнес-жоспарларды жасаудың көптеген модельдері бар. Олардың нақты мазмұны шаруашылық субъектісінің қызметінің түріне, бағытына байланысты болады. Енді емдеу-профилактикалық мекемелеріндегі бизнес-жоспарды жасаудың ерекшеліктеріне толығырақ тоқталып көрейік. Жалпы, төмендегі сызбаға сәйкес емдеу-профилактикалық мекемесінің бизнес-жоспарын жасаудың басыңқы бағыттары оның негізгі қызметін ұйымдастыруға бағытталуы тиіс.

Емдеу мекемелерінің бизнес-жоспарларын жасаған кезде нарықтық экономиканың спецификалық ерекшеліктерін, экономикалық заңдылықтардың талаптарын (нарықтағы медициналық қызметтерге сұраныс пен ұсыныстың, медициналық мекемелер арасындағы бәсекелестік дәрежесін, құн заңын, пайданың орташа нормасын және т.б.) есепке алу қажет. Сондай-ақ, емдеу-профилактикалық және сауықтыру қызметтерінің түрлерінің тұтынушыларға жету проблемалары мен шарттарын анықтау үшін маркетингтік зерттеулерді қолдану, денсаулық сақтау объектілерін дамытуға инвестициялар салудың экономикалық тиімділігін анықтау сияқты іс-қимылдардың бизнес-жоспарларды жасауда қажеттілігі өте жоғары. Жалпы, емдеу мекемесінің бизнес-жоспарын жасау процесі төмендегі іс-қимылдарды қамтуы керек. (Сызба 2)

Сызба 2. Бизнес-жоспарды жасау процесі



Денсаулық сақтау мекемесінің бизнес-жоспары 3-5 жылға жасалуы керек және бастапқы жылдардың көрсеткіштері мүмкіндігінше тоқсан сайын немесе ай сайын көрсетілгені дұрыс. Жалпы емдеу мекемесінің бизнес-жоспары келесі кезеңдерді қамтиды: [5]

Бірінші кезеңде емдеу мекемесінің жұмысының басталуымен және ұйымдастырылуымен байланысты сұрақтар, дәлірек айтқанда жалпы ұйымдастыру жұмыстары мен мекеменің қызметінің түрлері қаралады.

Екінші кезеңде тікелей жоспарлау процесі жүзеге асырылады. Жоспарлау кезінде негізгі тапсырмалар ретінде мекеменің материалдық-техникалық базасын жаңарту стратегиясын құру, еңбек әлеуетін құрылымдық қайта құру немесе бірбірін ауыстыру арқылы тиімді пайдалану, әрбір қызметкердің емдеу мекемесінің қызметінің соңғы нәтижесіне қосқан үлесіне сәйкес еңбекақы төлеу механизмін енгізу сияқты шаралар қаралады.

Жоспарлау кезінде жалпы қаржылық жоспарлаудың әдістері, яғни баланстық, нормативтік, экономикалық-математикалық модельдеу, статистикалық және т.б. әдістер қолданылады. Ал қолданылатын нормативтерге уақыт, еңбек, материалдық шығындар нормативтерін, штаттық нормативтерді, амбулаториялық-емханалық және стационарлық көмектің нормативтерін жатқызуға болады. Жоспарды жасау барысында қолданылатын көрсеткіштерді өз кезегінде санитарлық-статистикалық, техникалық-экономикалық, ұйымдық-экономикалық және қаржылық көрсеткіштерге жіктеуге болады.

Бизнес-жоспарды жүзеге асырудың бұл кезеңінде, біріншіден, емдеу мекемесіне талдау жасалады, яғни мекеменің күшті және әлсіз жақтары, өзекті мәселелері, көрсететін қызметінің түрлері, қызметтерді жетілдіру мүмкіндіктері, еңбек ресурстары, ұйымдық құрылымы және жалпы экономикасына толығымен баға беріледі. Талдауды жүзеге асыру үшін төмендегі бағыттарда ақпараттар жиналады:

- емдеу мекемесінің стратегиясын анықтау;
- медициналық қызметтер нарығына сипаттама беру;
- мекеменің қызметін жетілдіру бағыттарын анықтау;
- медициналық қызметтерді көрсету технологиясын анықтау;
- мекеменің басшылығына сипаттама беру;
- медициналық мекеменің экономикасына сипаттама беру

Жоспарлаудың екінші кезеңінде жүзеге асырылатын келесі мәселе – қоршаған сыртқы ортаға, яғни нарықтағы тұтынушылардың жағдайына, бәсекелестік деңгейіне, саланы дамыту мүмкіндіктеріне талдау жасау. Талдауды жүзеге асыру үшін төмендегі бағыттарда ақпараттар жиналады:

- мекеменің қызмет ету саласы туралы ақпарат жинау;
- тұтынушылардың топтарын анықтау және олардың нарықтағы іс-қимылдарына баға беру;
- нарықтағы сұранысқа болжам жасау;
- нарықтағы бәсекелестерді анықтау және олардың қызметіне баға беру;
- нарықтағы кездесетін қиындықтарды болжау.

Үшіншіден, жоспарлаудың бұл кезеңінде медицина мекемесінің нарық жағдайындағы негізгі тапсырмалары анықталады.

Төртіншіден, мекеменің стратегиясы анықталады.

Бесіншіден, мекеменің даму жоспарлары, атап айтқанда сату (қызметтерді жүзеге асыру) жоспары, қызметтерді жетілдіру, өндіріс жоспары, еңбек ресурстарының қызметін ұйымдастыру жоспары және т.б. жоспарлар жасалады.

Үшінші кезеңде жазбаша түрде бизнес-жоспар жасалады.

Емдеу мекемесінің бизнес-жоспары төмендегідей бөлімдерге бөлуге болады:

Кесте 1 – Емдеу мекемесінің бизнес-жоспарының құрылымы

Бөлімдердің аталуы	Ақпараттардың сипаттамасы
I бөлім. Емдеу мекемесінің мүмкіндіктері	Мекеменің негізгі мақсаттарын, стратегиясын, стратегияға сәйкес жүзеге асырылатын нақты шаралардың құрамын, көрсетілетін қызметтердің түрлерін және мекеменің қызметінің жоспарлы соңғы нәтижелерін анықтау
II бөлім. Көрсетілетін медициналық қызметтердің түрлері	Көрсетілетін қызметтерге сипаттама беру, оларға сұранысты бағалау, мекеменің баға саясатын анықтау
III бөлім. Медициналық қызметтерді жүзеге асыру (сату) нарығы	Нарыққа, оның сегментациясына, сыйымдылығына баға беру, медициналық қызметтерге сұранысқа әсер ететін факторларды анықтау, қажеттіліктердің өзгеру мүмкіндіктерін, потенциалды және нақты сату көлемін бағалау
IV бөлім. Нарықтағы бәсекелестік	Бәсекелестерді анықтау, олардың көрсететін қызметтеріне және қаржылық жағдайына талдау жасау, бәсекелестердің күшті және әлсіз жақтарын анықтау, мекеменің имиджін қалыптастыру
V бөлім. Маркетинг жоспары	Маркетингтің мақсаттары мен стратегиясын, сатуды ынталандырудың мәселелерін анықтау, жарнама, баға белгілеу, қоғамдық пікірді қалыптастыру
VI бөлім. Негізгі қызмет жоспары	Емдеу мекемесінің алдына қойылған мақсаттарды жүзеге асырудың техникасы мен технологияларымен байланысты сұрақтарды шешу, атап айтқанда: - емдеу мекемесінің қызмет көрсету методикасының медициналық, әлеуметтік және экономикалық тиімділікке әсері; - медициналық қызметтерді көрсету кезінде пайда болатын проблемалар мен оларды шешу жолдары; - медициналық қызметтердің мекеменің өз қаражаттарының есебінен дамитын түрлерін және қосымша инвестицияларды қажет ететін түрлерін анықтау.
VII бөлім. Ұйымдастыру жоспары	Емдеу мекемесінің ұйымдық құрылымын анықтау, кадрлық әлеуеттің жағдайына баға беру, мекеменің кадрлық саясатын анықтау
VIII бөлім. Емдеу мекемесінің қызметін құқықтық қамтамасыз ету	Мекеменің заңдық реквизиттерінің, оның мақсаттары мен міндеттерінің нормативтік-құқықтық базаға сәйкес келуі
IX бөлім. Тәуекелділікті бағалау және сақтандыру	Мүмкін болатын тәуекелділіктер мен олардан келетін зиянды анықтау, тәуекелділіктерді азайтудың шараларын қабылдау, олардан сақтандырудың бағдарламаларын жасау
X бөлім. Қаржылық жоспар	Қаржылық жоспар – бұл төмендегі жоспарлық-есеп беру құжаттарының жиынтығы: I. Оперативтік жоспар II. Кірістер мен шығыстар жоспары III. Ақша қаражаттарының қозғалысының жоспары IV. Баланстық есеп (жоспар). Бұл құжаттарды жоспарлау емдеу мекемесінің болашақтағы қызметіне болжам жасаудың негізінде жүзеге асырылады.
XI бөлім. Қаржыландыру стратегиясы	Мекеменің алға қойған мақсаттарын жүзеге асыру үшін қажетті қаржы көздерін анықтау және қаржылық қажеттіліктің мөлшерін, сондай-ақ мекеменің қызметін жүзеге асыруға салынған қаражаттардың табыстылығын есептеу

Емдеу-профилактикалық мекемесінің бизнес-жоспарын жасаудың соңғы кезеңінде, яғни *төртінші кезеңінде* жасалған бизнес-жоспарға баға беріліп, оны жетілдіру, түзету немесе қайта жасауға байланысты шешімдер қабылданады. Бизнес-жоспарлау емдеу мекемесінің қаржыландыру стратегиясын талдаумен, яғни қаржыландыру көздерін бағалаумен және мекеменің қызметін жүзеге асыруға жұмсалатын қаржы ресурстарының тиімділік көрсеткіштерін анықтаумен аяқталады.

Сонымен, емдеу-профилактикалық мекемелерінің қызметін бизнес-жоспарлар жасау арқылы болжау төмендегілерді қамтамасыз етеді:

- емдеу мекемелерінің басшыларын мекеменің қызметін ұйымдастыру перспективасымен айналысуға, оның мақсаттарын нақты анықтап, оларға жетуге мүдделі етеді;
- алға қойылған мақсаттарға жету үшін нақты шаралар қолдануға мүмкіндік береді;
- емдеу мекемесінің барлық қызметкерлерінің (басшылардан бастап кіші медициналық қызметкерге дейін) міндеттері мен жауапкершіліктерін және олардың қызметтерінің арасындағы өзара байланысты айқын көрсетеді;
- емдеу мекемесін нарықтық қатынастардың кенеттен болатын өзгерістеріне дайындайды және медициналық ұйымдардың нарық конъюнктурасына бейімделу жылдамдығын арттырады;
- медициналық мекеменің қызметінің қаржылық бақылауға қажетті болатын көрсеткіштерін бекітеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Попова Г.В. Управленческая деятельность: качество и эффективность: Учебное пособие. – Воронеж: ВГТУ, 2008.
2. Лучкевич В.С. Основы социальной медицины и управления здравоохранением. - СПб., 1997.
3. Шишкин С. Проблемные узлы системы финансирования здравоохранения // Общество и экономика. - 2000. - N 8. - С.37-66.
4. Механизм реализации инновационного подхода в управлении развитием регионального здравоохранения / Под ред. В.А.Борисова. - Воронеж: ВГТУ, 2008.
5. Чухно А.А., Крамаренко В.И. и др. Здравоохранение: экономика, маркетинг, менеджмент. Учебное пособие. –М, 2004

Тұрғын үйдің қолжетімділік көрсеткішін анықтау және қолданудың әдістемелік негіздері

Хамит ЖҰМАБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың макро және микро экономика кафедрасының аға оқытушысы

Қазақстан Республикасының дағдарыстан кейінгі дамуының қазіргі алдыңғы қатарда тұрған міндеттерінің бірі – қолжетімді тұрғын үй нарығын көтеру. Халықтың тұрғын үйге қолжетімділігі мен меншік иелерінің үлесін арттыру қазіргі қазақстандық қоғамның тұрақтылығының маңызды әлеуметтік-экономикалық алғы шарты болып отыр.

Тұрғын үйдің қолжетімділігі осы саладағы нарықтық реформалардың бетталысы мен әлеуметтік бағыттылығын сипаттайтын күрделі көпфакторлы индикатор ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық үрдістің ағымымен байланысты, халықтың нарықтағы іс-әрекетін, күтімін, мемлекеттік және коммерциялық институттарға деген сенім деңгейін ескереді.

Тұрғын үй жағдайын жақсарту мүмкіндігі халықтың әл-ауқаты деңгейінің демографиялық, әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары, бюджеттік-нормативтік және кредиттік-қаржылық жүйелердің параметрлері, тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй коммуналдық қызмет көрсету саласындағы бағалық, тарифтік саясат шиеленісіп жатқан күрделі категория болып табылады.

Халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету проблемасын шешу табыс деңгейі мен үй бағасының қатынасының динамикасымен анықталатын тұтынушылардың төлем қабілетіне байланысты.

Тұрғын үйдің қолжетімділігінің сандық сипаттамасы ретінде нарықтағы төлем қабілетті сұраныстың ұсынысқа қатынасымен анықталатын қолжетімділік индексін (векторлық немесе скалярлық түрдегі) қолдануға болады. Егер сұраныс құрылымы (әлеуметтік тегін үй, субсидия және кредит көмегімен сатып алынатын тұрғын үй, әр түрлі нысандағы коммерциялық үйлер) мен сәйкесінше ұсыныс көлемін қарастыратын болсақ, онда қолжетімділік индексі векторлық шамаға айналады. Оның негізінде жалпылама қолжетімділік индексін құрауға болады. Бұл кезде тұрғын үй саясатының негізгі мақсаты – жалпылама қолжетімділік индексін барынша арттыру болмақ [1].

Қолжетімділік индексін анықтаушы факторларды келесі топтамаға бөлуге болады:

1. Үй шаруашылығы және төлем қабілетті сұраныстың сипаттамалары:
– үй шаруашылығының демографиялық көрсеткіштері;
– табыстық топтағы орташа жан басына шаққандағы табыс (оны бөлу);

– табыстық топтағы орташа жан басына шаққандағы өтімді жинақтар (бөлу);
– тұрғын үй қорының құрылымы бойынша халықтың тұру сипаттамаларын бөлу;
– тұрғын үй қоры бойынша халықты салыстырмалы бөлудегі тұрғын үйдің нарықтық құны (жинақтар өтімділігі).

2. Тұрғын үй нарығындағы ұсыныстың сипаттамалары:
– тегін әлеуметтік тұрғын үйдің көлемі;
– бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік тұрғын үй құрылысының көлемі мен құрылымы, оны әртараптандыру;
– түрлі кредиттік желілер (соның ішінде ипотека) арқылы кезекте тұрғандарға сатылатын муниципалдық тұрғын үй көлемі;
– коммерциялық жалдау шартында берілетін үйлер көлемі;
– тұрғын үй қорын қайта құру бағдарламасы бойынша тозығы жеткен, апатты үйлерді бұзу және тұрғын үй құрылысының жоспарлы көлемі;
– бірмезгілдік төлем негізіндегі коммерциялық сатуға арналған үйлердің құрылымы мен көлемі;
– қысқа мерзімді бөліп төлеудің түрлі схемасы, толық құнын төлеу бойынша сатуға арналған тұрғын үйлер көлемі;
– кредиттеудің түрлі схемасы (соның ішінде ипотека) бойынша коммерциялық сатуға арналған тұрғын үйлер көлемі.

3. Тұрғын үй және тұрғын үй коммуналдық қызмет көрсету нарығындағы бюджеттік-салықтық, қаржылық, бағалық, тарифтік саясаттың сипаттамалары:
– кезекте тұрғандардың әлеуметтік тұрғын үй алуына арналған бюджеттік субсидиялар көлемі;
– кезекте тұрғандарға ипотекалық кредит берудің шарттары мен көлемі;
– халыққа коммерциялық кредит беру үшін бюджет пен қаржылық жүйенің тартылған шоғырланған ресурстар көлемі және оларды беру шарттары;
– тозығы жеткен үйлерді қайта құруға тартылған бюджеттік және бюджеттен тыс қаражаттар көлемі;
– коммерциялық тұрғын үй құрылысы мен оны өткізуге тартылған жеке инвесторлар қаражаттарының көлемі;
– үйді сату бағасы және олардың сараланулы (құны, коммерциялық бағасы бойынша);
– үйдің меншік иесіне салынатын салық және олардың тұрғын үй түрлері бойынша сараланулы;
– тұрғын үй коммуналдық қызметтерін төлеу тарифтері (тұрғын үй түрлері мен табыс деңгейі бойынша сараланулы).

4. Тұрғын үй нарығындағы тұтынушылар мен инвесторлардың сипаттамалары:
– халықтың тұрғын үй жағдайымен қанағаттану деңгейі (бағалау және сараланулы деңгейі – төмен, орташа, жақсы, жоғары);
– негізгі және екінші үйде тұру жағдайын жақсарту түрлері арасында халықтың қалауының бөлінуі (бағалау және сараланулы);
– тұрғын үй нарығы мен басқа қызметтерді тұтынуға бағытталған халықтың жинақтаушылық іс-әрекеті (бөлуді бағалау);
– өмірлік цикл ішінде әл-ауқат деңгейін теңестіруге бағытталған жинақтаушылық іс-әрекет (бөлуді бағалау);

– әлеуметтік тұрғын үйге кезекте тұрғандардың тегін үйді ұзақ күтуіне балама ретінде өздерінің тұру жағдайларын жақсартуға ерікті түрде қатысу деңгейі (бөлуді бағалау);

– саяси, заңдық (соның ішінде салықтық) тұрақтылық, банктік және қаржылық-кредиттік жүйені қайта құрылымдау, олардың тұрғын үй нарығындағы операциялардың (халықтың, инвесторлардың) белсенділігіне әсері.

Олай болса, тұрғын үйдің қолжетімділігі осы саладағы нарықтық реформалардың беталысы мен әлеуметтік бағыттылығын сипаттайтын күрделі көпфакторлы индикатор ғана емес, сонымен қатар қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық үрдістің ағымымен байланысты, халықтың нарықтағы іс-әрекетін, күтімін, мемлекеттік және коммерциялық институттарға деген сенім деңгейін ескереді.

Экономикалық әдебиеттерде тұрғын үйдің қолжетімділік көрсеткішін есептеуде түрлі әдістері қарастырылған.

АҚШ риэлторларының ұлттық ассоциациясы қолжетімділік индексі – *AI (affordability index)* көрсеткішін қолданады. Ол келесі формуламен есептеледі:

$$AI = (MI \times 100\%) / I_m,$$

мұндағы MI – үй шаруашылығының орташа табысы, а.б.;

I_m – орташа бағадағы тұрғын үй сатып алуға жеткілікті ұзақ мерзімді ипотекалық кредит алу және оны өтеуге қажетті табыс, а.б.

Көрсеткіш мәнінің 100%-ға тең болуы ұзақ мерзімді ипотекалық кредит қаражаттарының есебінен алынатын тұрғын үйдің қолжетімділігін көрсетеді. Өйткені үй шаруашылығының орташа табысы мұндай кредитті алуға қажетті табысқа сәйкес келеді.

Қала экономикасы институтының (штаб-пәтері Вашингтонда) зерттеулерінде ипотекалық кредит немесе субсидия алу мүмкіндігін есепке алатын тұрғын үйдің қолжетімділігін есептеу әдістемесі ұсынылады.

БҰҰ «Habitat» әдістемесіне сәйкес тұрғын үйдің қолжетімділік *(housing affordability)* индексі орташа статистикалық жанұяның тұрғын үй алу үшін қаражат жинауға қажетті жылдар санымен анықталады (үй шаруашылығының барлық қаражаты осы мақсатта жұмсалған жағдайда) [2].

Тұрғын үйдің қолжетімділік коэффициенті оны анықтаудың негізгі есептеу әдістемесі бойынша пәтердің орташа бағасының жанұяның орташа жылдық табысына қатынасымен анықталып, үй шаруашылығының ағымдық табыстары есебінен үй алуға қажетті соманы жинақтау жылдарының санын көрсетеді:

$$k_a(V,I) = \frac{V}{I} = \frac{S \bullet P}{I}$$

мұндағы k_a – тұрғын үйдің қолжетімділік коэффициенті, жыл;

V – үйдің орташа құны;

I – жанұяның жалпы жиынтық табысы;

$$V = S \bullet P$$

S – үйдің жалпы алаңы, шаршы метр;

P – пәтердің бір шаршы метрінің орташа бағасы.

Қолжетімділік коэффициентінің мәні пәтер тегін берілген кезде нөлге тең, бірге тең болғанда жанұяның жылдық табысы пәтер құнынан кем емес және табыс нөлге жақындағанда шексіздікке дейін өседі [3].

Дегенмен келтірілген формула жылдық табыс ең төмен тұтыну шығыстарынан кіші немесе тең болғандағы азаматтардың жинақтарының тіптен болмауын көрсетпейді. Осы жағдайды ескере отырып формуланы түрлендіруге болады:

$$k_a(V, I, K_{min}) = \frac{V}{(I - K_{min})} = \frac{S \bullet P}{(I - K_{min})}$$

$I > K_{min}$ шарты орындалса, басқа жағдайда $k_a \to \infty$.

мұндағы K_{min} – күнкөрістің ең төменгі деңгейі.

1-ші кесте

Көрсеткіштер	2006	2007	2008	2009 қырк
Күнкөрістің ең төменгі деңгейі				
Алматы	10089	12282	15193	15920
Астана	9546	11521	14358	15968
Қарағанды	8079	9192	11012	12002
Жан басына шаққандағы орташа табыс				
Алматы	38190	51703	56360	60762
Астана	38127	48669	64125	60126
Қарағанды	18738	24164	29950	33910
Тұрғын үйдің 1 ш.м. бағасы				
Алматы	2380	2666	1676	1449
Астана	1956	2153	1669	1241
Қарағанды	573	898	662	562

Мәлімет көзі: ҚР Статистика агенттігі

Қолжетімділік коэффициентінің мөлшері күнкөрістің ең төменгі деңгейінің үстіндегі жанұяның ақшалай табысының барлығы үй алуға қажетті соманы жинақтауға жұмсалатын жылдар санына сәйкес келеді [4].

Есептеулер үшін жан басына шаққандағы номиналды табыстар, күнкөрістің ең төменгі деңгейі, тұрғын үй нарығындағы бір шаршы метрдің құны, үй шаруашылығы мен қалыпты пәтерлердің орташа сандық мәндері туралы статистикалық мәліметтерді қолдандық (1-кесте).

2009 жылғы соңғы халық санағының мәліметтері бойынша үй шаруашылығының орташа шамасы – 3,4 адам. Әдістемелік тұрғыдан үш адамға дейін жуықтап аламыз.


2-ші кесте.

Қалалар	2006	2007	2008	2009 қырк
Алматы	13,72051	10,95589	6,59538	5,23478
Астана	11,08681	9,389092	5,432877	4,552788
Қарағанды	8,708697	9,716538	5,6629	4,155742

Есептеулердің нәтижесі көрсетіп отырғандай 2006 жылмен салыстырғанда қазіргі жағдайда берілген коэффициенттің шамасы біраз қысқарғанын байқауға болады.

Көрсеткіш экономикалық мәні жағынан тұрғын үйдің қолжетімділігінің бір ғана факторын, нақты айтқанда оның бағасы мен халықтың табыс деңгейінің ара қатынасын сипаттайды. Осы тұрғыдан алғанда әлемдік тәжірибе бойынша коэффициент мөлшері 3-5 аралығында жатуы қалыпты болып есептеледі. Көріп отырғанымыздай 2009 жылы аталған көрсеткіш төменгі шегіне жақындап келеді (2-кесте).

Тұрғын үйдің қолжетімділік коэффициентінің динамикасы



Мәлімет көзі: ҚР Статистика агенттігі

Жаңұяның табыстары ағымдық шығындар мен кредитке қызмет көрсетуге жеткілікті болу шартында пәтер алуға болатын ипотекалық кредит сомасын есепке ала отырып жинақтауға қажетті мерзімді есептеу үшін математикалық модельді жетілдіруге болады. Ол осы қолжетімділікті анықтайтын барлық элементтерден тұрады:

– пәтердің нарықтық бағасы;
– жаңұяның ағымдық жылдық табысы;
– жаңұяның ағымдық жылдық шығыстары;
– ипотекалық кредит параметрлері: пәтер бағасының бастапқы жарнасының үлесі, қарыз алушының кредитті рәсімдеуге кететін шығындары, кредит бойынша ай сайын жасалатын төлемдер мөлшері, кредит мерзімі және пайыздық мөлшерлеме;
– мемлекеттік қолдау параметрлері, яғни субсидияланатын пәтер құны мен пайыздық мөлшерлеменің үлесі.

Аталған элементтерді ескере отырып модельді келесі түрге келтіруге болады:

$$k_a(S,P,I,\alpha_q,\beta_c,V_u,V_d,K_{min},ATM) = \frac{S \cdot P \cdot (\alpha_q - \beta_c) - V_u + V_d}{(I - K_{min})}$$

Модельдің экономикалық мағынасына келсек, пәтер құнының қандай да бір бөлігін жинақтаған азамат ипотекалық кредит немесе мемлекеттік қолдаудың арқасында өз меншігіне алады. Ол үшін келесі шарт орындалуы керек:

$I>(K_{min} + 12ATM(B_o,n,j - \gamma_c))$ басқа жағдайда $k_a \to \infty$,

демек қарыз алушының ағымдық табыстары шығыстары мен кредит бойынша жылдық төлемдерінен төмен болса пәтерден айрылып қалуы мүмкін [2].

$$\text{АТМ} = \frac{B_o}{\frac{1-(1+j/m)^{-mn}}{j/m}}$$

мұндағы α_q – пәтер құнындағы бастапқы жарнаның үлесі;
β_c – мемлекет субсидиялайтын пәтер құнының үлесі;
V_u – кредит беруде есепке алынатын, иелігіндегі пәтердің құны;
V_d – кредит алу барысындағы қарыз алушының қосымша шығындары;
ATM – қарыз бойынша ай сайынғы төлемдер мөлшері;
B_o – ипотекалық кредит мөлшері;
n – жылмен алынған кредит мерзімі;
j – кредиттің жылдық пайыздық мөлшері;
γ_c – пайыздық мөлшерлеменің мемлекет субсидиялайтын бөлігі;
m – жылдағы төлемдер саны ().

Соңғы жылдары меншікті қаражат есебінен алынатын тұрғын үйдің қолжетімділік коэффициенті жақсарып келеді, алайда ол тек халықтың аздаған жеткілікті табысы бар бөлігі ғана. Халықтың 80%-ынан көбінде бұл көрсеткіш төмен болып отыр. Мұны табысы күнкөрістің ең төменгі деңгейінен аспайтын үй шаруашылығы санының динамикада артуы және қоғамдағы әлеуметтік жағдаймен түсіндіруге болады.

2007 жылы дағдарыстың басталуымен кредит беру шарттары қатаңдады, ипотекалық заемдар алу мүмкіндігі күрт төмендеп, бағдарламалары жабылды. Сонымен қатар қазіргі кезде ипотекалық заемдар коммерциялық банктердің өтімділік деңгейінің жеткіліксіздігімен шектеліп отыр.

Қарыз қаражаттарының есебінен тұрғын үйдің қолжетімділігі теріс динамика көрсетіп, ипотекалық кредит анықтаушы фактор болмай отыр.

Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру бойынша ұлттық жобаның басты міндеттерін шешудің негізгі құралдарының бірі – 2008-2010 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасы болып отыр. Бағдарлама аясында белгіленген мақсаттарға жету үнемі нарық мониторингін жүргізе отырып, қабылданатын шешімдерді сандық және сапалық негіздеуді талап етеді. Олай болса тұрғын үйдің қолжетімділік көрсеткіші халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарту мүмкіндігін сипаттайтын шешуші индикатор болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Хачатрян С.Р. Методы измерения и моделирования процессов расширения социальной доступности улучшения жилищных условий населения // Аудит и финансовый анализ. 2001. № 3. С. 95-105.
2. Стерник Г.М. Влияние параметров ипотечного кредитования на коэффициент доступности жилья / СПб, 2007.
3. http://www.realtymarket.org/docs/pps/Krasnopolskaya.pdf
4. http://www.kn.kz/analysis.php?id=4159

Қазақстан мен Чехия арасындағы экономикалық қатынастарының кейбір мәселелері

Мейрам САРЫБАЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінің
Ph.D докторанты

Қазақстан-Чехия арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан кейін дами бастады. Чехия Республикасы – Орталық Еуропаның постсоциалисттік елдері арасында, экономикалық тұрғыдан алғанда, қарқынды дамыған мемлекет. Екі ел арасындағы байланыс Кеңестік кезеңнен жалғасып келгенімен, қоғамдағы жаңа үрдістерге байланысты экономикалық қарым-қатынаста бірқатар өзгерістерге ұшырады.

Тарихымыздың жаңа кезеңінде Қазақстан мен Чехия арасындағы экономикалық байланыстарға байланысты құжаттар 1993 жылдың қыркүйек айынан бастап қол қойылған, оның ішінде ҚР Үкіметі мен ЧР Үкіметі арасында тауар-экономикалық қатынастар, ғылым мен техника саласындағы байланыс туралы келісім, ҚР сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі мен ЧР өнеркәсіп және сауда министрлігі арасындағы байланыс туралы келісім. Осы келісімдерден кейін екі ел арасындағы қарым-қатынас жаңа деңгейге көтерілді. Қазақстанмен сауда-экономикалық байланыс жасаған осы Еуропаның посткеңестік елдерімен салыстырғанда, 1993-1994 жылдары Чехия жетекші орынға ие болды.

1996 жылы үкіметтік делегацияның Чехияға іссапары кезінде, ресми делегация мүшелері Қазақстанда тау-кен және агроөнеркәсіп кешендеріне арналған жабдықтар шығаратын орнын ашу мүмкіндіктерін талқылап, химиялық өндірістер, құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындар, үй-құрылыс және жаңа астана Ақмоланың нысандарын (қазіргі Астана) салу мәселелерін қарастырды.

Келіссөздер аяқталған соң, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Чех Республикасының Үкіметі арасында үкіметаралық инвестицияны қорғау мен ынталандыру жөніндегі келісімге қол қойылды. Осы келісім екі ел арасындағы экономикалық қатынастарды күшейте түсті [1].

Премьер-министр Ә. Қажыкелдин бастаған осы ресми іс сапарда Чехия астанасы Прага мен сол аймақтағы үздік өнеркәсіп ошақтарын аралады. Нақтылап айтқанда, Прагадағы «Аэроводоходы» кәсіпорынын, Чехияның өнеркәсіп және көлік Одағын, Пльзень қаласындағы машина шығаратын «Шкода» зауытына барып қайтты. Делегация мүшелері осы өнеркәсіптердің жұмысымен және өндірісте қолданатын жаңа технологиялық бағыттармен танысты, сонымен қатар «Шкода» фирмасының көліктерін Қазақстанға жеткізу мүмкіндіктерін қарастырды.

90-ы жылдардың орта шенінде Қазақстан мен Чехия теміржол көлігі саласындағы байланыстар қыза түсті. Әсіресе «Инекон» фирмасымен жасалынған келісім шарты бойынша Батыс Қазақстан темір жолына қозғалмалы локомотивтерге арналған бөлшектер әкелінген. Сонымен қатар, осы кезде Арал вагон жөндеу зауыты аясында «Шкода» фирмасымен бірлесе мұнай өнімдеріне арналған цистерна жасау мәселесі қарастырылған болатын. Бірақ бұл мәселеге байланысты арнайы құқықтық негіздің болмауы себепті, аталған шара жүзеге аспай қалған еді.

XX ғасырдың 90-шы жылдары Қазақстанда Чехиямен бірлескен 30-дан аса кәсіпорын тіркелген болатын. Олардың ішінде қарқынды жұмыс атқарғандардың арасында «Казпромставба» (мұнай өнімдерін қайта өндірумен айналысқан), «Казмясомолсервис» (ауылшаруашылық өнімдерін қайта өндіру), «Мерей» (құрылыс материалдары мен жиһаз өндірген), «Корина», «Синеко» (халық сұранысына ие тауарлар), «Казинтерсервис», «Гепард», «Интерлюкс» (консалтингтік және маркетингтік қызмет атқарған), «Казмарт», «HV Азия-Софт» (коммерциялық іс) және т.б. болды. Сонымен қатар, 16 чех фирмаларының өкілдіктері тіркелген, соның ішінде ең ірілері болып саналған ЧКД «Хоцень» (Қазақстанды тамақ өнеркәсібіне арналған тоңазытқыш техникаларымен қамтамасыз етті), «Шкода экспорт» (машиналар мен троллейбустарды қамтамасыз етті), «Хемапол» (дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етті), «Прумыслове ставительство» (инженерлік, құрылыстық және инвестициялық қызмет атқарды) және т.б. [1].

Екі ел арасында экономикалық ынтымақтастықтың одан әрі күшеюіне үкіметаралық комиссиялардың отырыстары да ықпал етті. Соның бірі 2004 жылдың сәуір айының 8-9 аралығында Астана қаласында өткен болатын. 2004 жылдын мамыр айында Чехия Республикасы Еуропалық одаққа мүше ел ретінде кіргеннен кейін, сауда-экономикаға байланысты кейбір келісімшарттар қайта қарастырылды, өйткені Еуроодаққа кірген жаңа мемлекеттерге сол ұйымның жаңа нормалары енгізілген болатын. 2005 жылдың 11 қазанында Прага қаласында экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық қарым- қатынасқа байланысты кезекті Қазақстан-Чехия үкіметаралық отырысы өткен болатын. Бұл отырыс Чехия Президенті Вацлав Клаустың 2004 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Республикасына сапары кезінде жасалған өнеркәсіп, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық қарым-қатынас туралы келісім шартқа қол қойғаннан кейінгі бірінші үкіметаралық делегациялардың кездесуі болатын.

Комиссия отырысына Қазақстан делегациясын индустрия және сауда вице-министрі А.Б. Баталов басқарған болатын. Чехия мемлекеті тарапынан өнеркәсіп және сауда министрінің орынбасары Мартин Тлапа басқарған еді. Отырыс барысында екі мемлекеттің елшілерімен қатар чех кәсіпкерлері мен Чех Республикасындағы Қазақстан елшілігінің қызметкерлері қатысты.

Екі жақ бір-бірін 2004 жылдың 8 сәуірінде Астанада өткен үкіметаралық комиссия отырысында жасалған келісімдер бойынша атқарылып жатқан жұмыстар барысымен таныстырды. Алайда қарым-қатынастағы жетістіктерге қарамастан, екі жақтың да бар мүмкіндіктері әлі де болса толық пайдаланылмай жатқаны аталып өтті. Үлгі етер экономикалық ынтымақтастықтың бір мысалы ретінде Қазақстанда «Шкода» автокөліктерінің шығуын атауға болады. Осы чех-қазақстандық жоба бойынша Өскемен қаласында чехтың «Шкода» автокөлігін шығаратын «Азия-авто» зауыты іске қосылып, 2005жылы осы зауыт 400 көлік шығарған болатын. Үкіметаралық комиссияның Қазақстан жағының төрағасы А. Баталов чехиялық

әріптестеріне Қазақстан экономикасының дамуындағы негізгі бағыттары мен келешегі жайлы мәлімдеді. Қазақстанның келешекте мұнайгаз секторынан тәуелділігінен кету шараларын айта отырып, қазіргі таңда экономиканың түбегейлі жаңаруда мемлекеттік активтерді басқару саясатында, оның ішінде экономиканың өсуіне тікелей байланысы бар жоғары технологиялық кешеннің атқаратын рөлі басым екенін атап өтті. Сондықтан да Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму Стратегиясы, институттардың дамуы және кластерлік бастамасы ұсынылды. Чехия жағына металлургия, құрылыс материалдары, тамақ өнеркәсібі, көлік және логистика, туризм, сонымен қатар Алматы қаласында аймақтық қаржы орталығын ашу бағытындағы кластерлерге қатысу ұсынылды [2].

Екі жақ өкілдері құқықтық келісім-шарттар базасын күшейту керектігін айта отырып, осы мәселе бойынша өзара ұсыныстарын атап өтті. Осы мәселенің шұғыл түрде шешімін табу қажеттілігі айқындалды. Үкіметаралық комиссияның шешуі бойынша, енді өнеркәсіп және энергетика, көлік және коммуникация, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет салаларында ынтымақтасу топтары құрылды.

Бұдан басқа қазақстан-чех Үкіметаралық комиссиясы негізінде 2007 жылдың 12 қазанында бизнес-форум өтті. Форумның жұмысы барысында ҚР-ғы ЧР Елшісі М. Седлачек, «Комениус» қоғамының Президенті К. Музыкарж, ТМД елдерімен Сауда байланыс палатасының басқарушы директоры Ф. Масопуст, Чехияның экспорттық банкінің бас директоры Й. Таубер, «Шкода-холдинг» АҚ-ның бас директоры Й. Заплетал және т.б. қатысты. Чехияның іскер топтарының өкілдері осы форум барысында Қазақстанның экономикалық жағдайымен және Республикадағы бизнесті жүргізу мүмкіндіктерімен танысты. Қазақ делегациясының мүшелері Ұлттық инновациялық қоры, «Инжиниринг және транферт технологиялар орталығы» АҚ, Маркетинг және сараптама жүргізу орталығы, «Қазтранссервис» компанияларының тұсаукесерін жасады. ЧР-ғы ҚР-ның Елшісі Ш. Омаров осы форумның аясында «Қазақстан-Чехия» іскер адамдар Клубын құру туралы ұсынысын білдірді [2].

2007 жылы Алматы-Астана темір жолын жаңарту, Астана қаласындағы көлік мәселелеріне байланысты қазақстан-чех жобалары сәтті жүзеге асты. Чехия өнеркәсіптерде чехиялық ноу-хау мен технологияларды қолдану бағдарламаларына және ауыз суды тазалаудағы жаңа әдістерді енгізуде қаржылай көмек көрсетті.

2009 жылы Қазақстанда чехиялық капиталдағы 76 өндіріс тіркелсе, ал 20 чехиялық фирмалардың өкілділігі аккредитациядан өтті. Екі ел арасындағы экономикалық байланыстардың негізгі бағыты: жанармай-энергетика секторы, машина құрлысы және туризм. Орталық және Батыс Еуропаға қазақстандық мұнай шикізатын жеткізетін жаңа бағыт жолдарын ашу негізгі мәселеге айналды. Сондай бағыттың бірі Одесса - Броды - Гданьск. Сонымен қатар Чехия жағы «Достық» және «Адрия» сияқты мұнай құбырларын интеграциялау жобасына да қызығушылық танытып отыр. Машина құрылысы саласында біршама жетістікке ие болып отырған жобалар: Алматыда салынып жатқан метроға вагондар мен жабдықтар жеткізу жұмыстары және біріккен троллейбустік өндіріс орнын ашу. Чехия мамандарының тәжірибесі мен технологиялық жетістіктерін қазақстандықтарға қолдану өте тиімді болатын еді. Жоғарыда атап өткеніміздей, Өскеменде «Азия Авто» машина құрау зауыты жұмыс жасап жатыр. Зауыт жоспарында - өнімдердің жаңа түрлерін игеру, Қазақстандағы сауда үлесін арттыру және Ресей Федерациясының Қазақстанға жақын аймақтарына өз өнімдерін

сату. 2015 жылға дейінгі жаңа жоба бойынша штамптау, дәнекерлеу және бояу өндірісін, сонымен қатар машина құрау ісін жылына 120 мың көлікке дейін көбейту жоспарланған. Қаржы саласындағы байланыстың бір көрінісі 2005 жылдан бері Қазақстан аумағында жұмыс жасап келе жатқан чехиялық «Қазақстан Хоум Кредит» несие компаниясын атауға болады [3, с.12].

Сондай-ақ Қазақстан мен Чехия арасында аймақаралық қатынастар да қалыптасты. Атап айтсақ, Қарағанды облысы мен Оңтүстік-Морав өлкесі, Ақмола облысы мен Карловар өлкесі араларында байланыстар орнады. Алматы облысы мен Пардубицк өлкесімен достық қатынас орнату жұмыстары жүргізілуде.

Чехия экономикалық жағынан алдыңғы қатардағы мемлекет, сондықтан әлемдегі ілгері компаниялармен байланыс орнатқан. Сол себепті Қазақстан чех компанияларымен ынтымақтасуға өзінің қызығушылығын танытып отыр. Содай-ақ Чехия тарапынан да біздің елге деген қызығушылықтың барын осы мемлекеттің тығыз экономикалық байланыс орнататын 12 ел қатарында Қазақстанның кездесетінен де байқауға болады. Бұл жөнінде 2009 жылы қыркүйек айында Прага қаласында қазақстан-чех үкіметаралық экономикалық, өндірістік және ғылыми-техникалық ынтымақтастық комиссиясының үшінші отырысында баяндалды. Осы екі күндік кездесу барысында бизнес-форум өтті. Оған Чехия Парламентінің спикері Милослав Влчек және екі елдің үкімет мүшелері, бизнесмендері мен кәсіпкерлері қатысты. Осы кездесуде екі елдің барлық мүмкіндіктерінің толығымен іске асырылып жатпағанын ескере отырып - кәсіпкерлер арасындағы тауар айналымын, қызмет көрсету және экономикалық қатынастардың басқа да түрлерін өсіру қажеттігі аталып өтті. Сонымен қатар, бірлесіп қызмет атқаратын жаңа салалар анықталды. Олар - ағаш өңдеу, тоқыма және фармацевтикалық өнеркәсіптер еді. Сарапшылардың қатысуымен жұмыс топтары отырыстарында отын-энергетикалық кешен, ауылшаруашылық, көлік және техникалық реттеу, білім, ғылым және денсаулық сақтау салаларындағы ынтымақтастықтың болашағы қарастырылды [4].

Қорыта айтарымыз, Қазақстан мен Чехия Республикаларының экономикалық ынтымақтастығындағы негізгі бағыттарын, яғни отын-энергетика өнеркәсібінде, машина жасау, құрылыс, құрылыс материалдарын шығару, көлік және телекоммуникация саласында, сонымен қатар метталургия, химия, қайта өңдеу, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және ғылымды қажет ететін (наукоемкий) жаңа кәсіпорындарды іске қосуға чехиялықтардың қатысуымен жүзеге асыруға бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Казахстан-Чехия: большие перспективы сотрудничества // Казахстанская правда. 09.10.1996.
2 Казахстан – Чехия: интенсивное развитие отношений // "Чехия сегодня" URL: http://www.czechtoday.cz/index. (дата обращения 20.01.2008).
3 Дни экономики Казахстана в Чехии // URL:www.interfax.kz (дата обращения 25.09.2009).
4 Копецки Б. Возрастающий интерес к взаимному сотрудничеству // World Monitor №1(18) 2009, С. 12-13.

Қолайсыз отбасылардағы балалардың әлеуметтік-психологиялық қиындықтары

Аманжол ҚАЛЫШ,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, доцент, тарих ғылымдарының кандидаты

Ұсынылып отырған мақалада арнайы әдебиеттер мен қатар, автормен жиырма жылдан астам уақыт бойы жиналған статистикалық, ел арасынан жинаған, этнографиялық, этносоциологиялық, мұрағаттық (АХАЖ және халық соттарынан) мәліметтердің негізінде еліміздегі толық емес отбасылардағы кәмелетке толмаған балалардың тағдыры талданады.

Ұсынылып отырған тақырыпты зерттеудің өзектілігі еліміздегі тұрғындардың басым көпшілігі қандай да бір объективті және субъективті себептерге байланысты отбасылық-некелік қатынастары бұзылған толық емес отбасылардан тұратындығымен түсіндіріледі. Солардың ішінде жетекші орындағы үш себепті атап өтуге болады: некенің бұзылуы немесе ажырасу, ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы немесе некесіз бала туу. 1999 жылғы тұрғындар санағы бойынша Қазақстанда алдыңғы екі көрсеткіш бойынша ғана 1 млн. 675 мың адам саналған, яғни, еліміздегі халықтың 11% құраған және осындай отбасылардың 67% қала тұрғындарына тән [1]. Ал, егер, некесіз баланы дүниеге әкелген әйелдердің санын есепке алатын болсақ, онда жоғарыда аталған сандар мен пайыздар айтарлықтай жоғарылайтындығы айдан анық. Осы беріліп отырған мақалада басты назар ерлі-зайыптылардың арасындағы байланыстың үзілуінің нәтижесінде пайда болған толық емес отбасылардың мәселелеріне, сондай-ақ, осындай отбасындағы балалардың жағдайына аударылып отыр.

Кәмелетке толмаған балалардың тағдыры деген сөйлемнің мазмұнында не жатыр? Бір қатар ғалымдар бұл – ең алдымен, олардың мүдделерін толық және жан-жақты қорғауға қабілетті және болашақ кәсіби немесе басқа қоғамдық-пайдалы әрекеттеріне дайындық жасау үшін олардың болашақтағы білімінің, рухани және физикалық дамуының мүмкіндіктері мен жолдары деп есептейді [2].

Баланың әлеуметтенуі жүзеге асырылып отырған отбасы оның болашақтағы мінез-құлық үлгісін: қолайлы немесе қолайсыз түрін түпкілікті анықтамаса да, белгілі бір дәрежеде анықтайды [3]. Аурасы жағымсыз, қолайсыз отбасында және ортада өскен және тәрбие көрген жастар, болашақта да, оның қолайлы отбасында өскен құрдастарына қарағанда, әлде қайда көп қиыншылықтарға кез болады. Міне, осылар негізгі маңызды себептер болып табылады. Біріншіден, оларға өздерінің ата-аналарының ауыр тәжірибесінен емделуі керек, себебі, мысалы, мұндай «науқас» әкеден ұлына, анасынан қызына өтуінде және т.б. Әйгілі генетик

Малиновский өз уақытында әкесінің әлеуметтік тұрғыдан қолдау тапқан (немесе таппаған) мінез-құлқы оның ұлдарының 25%-на беріледі. Ал қалған 75% әкесінің тәжірибесін қайталамауға тырысады [4]. Екіншіден, оларда болашақта жауапкершілікті және қамқор ата-ана болу үшін қалыпты ерлі-зайыптық қатынастардан құрылған отбасын құру үлгісі мүлде қалыптаспаған. Егер де олардың дені сау отбасын құруға деген ұмтылыстары болса жақсы, онда олар дені сау отбасын құруға құлшынатын және өзінің ата-анасының жағымсыз тәжірибесін арқаламаған өзінің жұбайы тарапынан түсіністік табады.

Ал статистикалық мәліметтер некенің бұзылуы себебінен толық емес отбасылар санының өсуіне, соған байланысты, ата-аналарының біреуі жоқ кәмелетке толмаған балалар санының көбеюіне беталысты анық байқатып отыр. Әдетте, баласыз отбасыларға қарағанда, баласы бар отбасылар көбірек бұзылады. Мысалы, егер 1989 жылы соңғы аталғандардың үлесі республика бойынша 38,3% құраса, ал 1999 жылы бұл көрсеткіш 33,2% ғана болған [5]. Бұл жерден бір немесе бірнеше балалары бар отбасылардың бұзылуының өсуіне беталыс анық байқалып отыр (1 кестені қараңыз). 1999 жылы Қазақстанда ресми түрде бұзылған некенің 67,8%-ында 26 753 бала әкесінен немесе анасынан айрылған, басқаша айтқанда, ажырасқан бір отбасына 1,5 тастанды бала есептеліп отыр, сонымен бірге, балалардың басым бөлігі 6 жасқа толмаған. Ал, егер, қандай да бір себептерге байланысты жылдар бойы тіркелмеген ажырасулардың бар екенін есепке алатын болсақ, онда жоғарыда атап өткен көрсеткіштердің соңғы нәтиже емес екендігі анық болып, өсім жағына айтарлықтай түзетулер енгізуді талап етеді.

1- кесте

1999 ж. мәлімет бойынша Қазақстанда ажырасқан ерлі-зайыптылардың 18-ге дейінгі аралықтағы балалаларының жалпы саны [6]

Облыстар	Ажырасқандардың саны	Соның ішінде, %			
		баласыз	балаларымен	соның ішінде	
				1 бала	2 және одан жоғары
Қазақстан	25583	32,2	67,8	42,6	25,2
Ақмола	1454	38,0	62,0	39,5	22,5
Ақтөбе	1035	33,9	66,1	39,9	26,2
Алматы	2137	33,0	67,0	37,3	27,7
Атырау	543	19.3	80,7	37,6	43,3
Батыс Қазақстан	759	24,8	75,2	48,0	27,2
Жамбыл	1021	27,4	72,6	46,3	26,2
Қарағанды	3016	35,2	64,8	44,8	20,0
Қостанай	2190	32,1	67,9	46,1	21,8
Қызылорда	732	9,4	90,6	40,6	50,0
Маңғыстау	738	23,8	76,3	38,2	37,9
Оңтүстік Қазақстан	1580	26,9	73,0	36,1	36,9

Павлодар	1961	34,5	65,5	43,8	21,7
Солтүстік Қазақстан	1081	35,1	64,9	46,8	18,1
Шығыс Қазақстан	3366	28,7	71,3	43,8	24,5
Астана қ.ә.	695	41,2	58.8	40,4	18,4
Алматы қ.ә.	385	40,1	59,9	40,7	19,2

Балалары бар отбасылардың ажырасуының көбеюіне беталыс тұрғындардың басым бөлігі қазақтардан құралған, бір ғана ұлттық Қызылорда және Атырау облыстарында өте айқын байқалады, бұл облыстарда 1999 жылғы санақ бойынша жалпы тұрғындардың 94,2 және 89,0%-ы қазақтардан құралған [7]. Бұл облыстарда, ажырасқандардың, сәйкесінше, 90,6 және 80,7%-ында кәмелетке толмаған балалары болған (орта сесеппен бір отбасына 1,8 баладан келеді). Осыған ұқсас жағдай, аталаған екі облыстан көрсеткіші төмендеу, алайда, еліміздің басқа аймақтарымен салыстырғанда жоғары болып отырған Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында да қалыптасып отыр. Бұл аталған облыстарда да жалпы тұрғындардың құрамында қазақ халқының үлес салмағы басым болып келеді. Алайда, баласыз ажырасулар, басқа облыстар мен ауылдық аудандармен салыстырғанда, өзінің полиэтникалық сипатымен ерекшеленетін, еліміздің солтүстік және оңтүстік астаналары – Астана және Алматы қалаларынада көп орын алып отыр. Осы аталған қалалардағы ажырасқан ерлі-зайыптылардың 41,2 және 40,1%-ның балалары болмаған.

Осы статистикалық мәліметтердің артында тағы бір өте маңызды мәселе жасырылуда. Ажырасып жатқан ата-аналар жүреке өте ауыр тиетін, маңызды мәселемен бетпе-бет кездеседі – балаға отбасының бұзылғаны туралы және ата-анасының біреуінің, көбінде, әкесінің жаңа отбасын құру үшін немесе суынып кеткен байланыстарды үзу үшін отбасынан кететіндігін айтпау немесе айту мәселесі. Алайда, бұл мәселені шешу бойынша бірыңғай жауап немесе шешу жолы жоқ, өйткені, барлығы тек ерлі-зайыптылардың қарым-қатынастарының бұзылуына не себеп болғанына байланысты болады. Егер бұл жағдай үнемі отбасындағы жағдайға жағымсыз әсер еткен қақтығыстармен, ұрсысулармен қатар жүріп отырған болса, онда ата-анасының біреуінің отбасынан кеткені балаға ешқандай әсер етпейді. Ал, егер, керісінше, ерлі-зайыптылар арасындағы күрделі қатынастар балалардан жасырын түрде дамып, бала ата-анасының екеуінде жақсы көретін болса, онда ата-анасының біреуінің отбасынан аяқ астынан кетуі баланың түсініспеушілігін тудырып, сонымен қатар, оның жүрегін ауыр жарақаттау да мүмкін.

Сондықтан, әр осындай мәселе ешкімді де ойландырмай қоймайды. Бұған мысал ретінде, біздің Алматы қаласының тұрғындарына 1989 жылы жүргізген этносоциологиялық сұрауларымыздың материалдарын келтіруге болады (2 кестені қараңыз). Кестедеге мәліметтер сұралғандардың көпшілігі олардың ұлттық қатынастарына қарамастан, «бұл жерде ешқандай қысымда, өзгелердің ақыл-кеңесі де қажет емес» деп есептеген. Екінші жағынан, жауаптардың осылай қалыптасуына респонденттердің жас ерекшелігі де өз ықпалын тигізбей қоймады. Мысалы, жаңашыл жас буын өкілдері жауаптың үшінші түріне бағыт бұрған, яғни, мәселені маңызды деп санады. Оларға қарағанда, орта және аға буын өкілдерінің жауаптары бала болған жағдайда отбасын сақтап қалу керек

деген тұжырымға тірелді. Бір ерекшелігі, сұралған респондентердің барлығы, қазақтар да, орыстар да жас ерекшеліктеріне қарамастан, «ол отбасынан кетуі тиіс» деген жауаптан бас тартқан.

2 - кесте

Алматы қаласында балалы отбасылар ажырасуға көзқарасы

Респондент-тердің жастары	Жауап берушілер	соның ішінде, %		
		ол отбасының бірлігін бұзбауы тиіс	ол отбасынан кетуі тиіс	бұл жер-де ешқандай қысымда, өзгелердің ақыл-кеңесі де қажет емес
Қазақтар				
18-19	35	40,0	2,9	57,1
20-24	132	38,6	6,1	55,3
25-29	156	34,0	10,3	55,7
30-39	223	48.9	8,1	43,0
40-49	108	50,9	9,3	39,8
50-59	58	58,6	8,6	32,8
60+	40	65,0	-	35,0
Барлығы	752	45,5	7,7	46,8
Еркектер	348	50,6	6,6	42,8
Әйелдер	404	41,2	8,7	50,1
Орыстар				
18-19	25	32,0	8,0	60,0
20-24	73	34.2	9,6	56,2
25-29	94	30,8	16,0	53,2
30-39	200	36,5	11,0	51,5
40-49	122	42,6	10,7	46,7
50-59	104	50,0	12,5	37,5
60+	155	61,9	7,7	30,3
Барлығы	**773**	**43,3**	**10,9**	**45,8**

Алайда, отбасылардың ажырасуының жылдан-жылға көбеюге беталысы көңілді алаңдатады. Егерде елімізде 1950 жылдары әр бір жүзінші ерлі-зайыптылар ажырасқан болса, ал 1960 жылдары – әр бір оныншы, 1980 жылдары – әр бір төртінші, ал 1990 жылдары – әр бір үшінші отбасы ажырасқан. Мысалы, Қазақстанда 1990 жылы 164,6 мың неке тіркеліп, 43,6 мың неке бұзылған (26,5%) болса, ал 1995 жылы – 116,3 мың неке тіркеліп, 39,0 мың неке бұзылған (33,5%), ал 1999 жылы 85,9 мың неке тіркеліп, 25,6 мың неке бұзылған (29,8%) [8].

Осы аталған қайғылы және күрделі жағдайға байланысты бұрынғы ерлі-зайыптылардың, олардың жақын туыстарының және қоғамның алдында төмендегідей мәселелерді шешу міндеті туады:

– ресми түрде ажырасқаннан кейін баланы ата-анасының қайсысымен қалдыру керектігі;

– өз еркімен немесе сот шешімі бойынша отбасынан кетуге тиісті болған ата-анасының біреуі баланы асырау үшін ай сайын ақшалай немес басқа да көмекті қандай мөлшерде беруі тиіс;

– отбасынан кеткен ата-анасының баласымен қашан, қалай және қанша уақытқа кездесе алатындығы және оның қаржылық және материалдық көмектен басқа бала тәрбиесіне қаншалықты қатыса алатындығы.

Бұл жерде, біз, мүлікті, пәтерді және басқа да тұрмыстық бұйымдарды бөлу мәселесін қозғамаймыз және де өзінің туған балаларының тағдырын ойламастан отбасын қиындыққа тастап кеткен ерлі-зайыптылар туралы айтып отырған жоқпыз. Біз, тек қандай да бір объективті және субъективті себептерге байланысты өзара түсініспеушілік қалыптасып, бұл жағдайдан ажырасу арқылы шығу керек деп шешкен отбасыларға тоқталып отырмыз.

Бірінші мәселені, әдетте, біздің елімізде және басқа да елдерде де сот анасының пайдасына шешеді, өйткені, тек анасы ғана баланы толығымен қорғап, қамқорлық жасап, оған дұрыс тәрбие бере алады деп есептеледі. Алайда, баланың әкесімен немесе анасымен қалағысы келетіндігі сотта есепке алынбайды.

Ал екінші мәселенің шешімі толығымен ер адамның – әкесінің мойнына жүктеледі. Сондықтан да көптеген ер адамдар осы жағдайға мойын ұсынады; олар нақты өмірде және сотта көптеген жылдар бойы қалыптасып келе жатқан жағдай - баланың анасымен қалуын өзгертуге ұмтылыс жасамайды.

Сондықтан да, біз, үшінші күрделі және шешуі қиын мәселенің шешімін ашуға тырыстық. Ата-анасының біреуі тастап кеткен баланы тәрбиелеу мәселесі бойынша бірыңғай тұжырымға келу мүмкін емес, алайда, отбасы бұзылып,ерлі-зайыптылар ажырасқаннан кейін, осындай отбасындағы балалардың немесе жасөспірімдердің жағдайының екі нұсқасы қалыптасады.

1. Ең алдымен баланың мүддесіне негізделген қолайлы және кең таралмаған жағдай. Мұндай жағдайда, біріншіден, ерлі-зайыптылар балаларының қамы үшін қалыпты қарыс-қатынастарын сақтаған жағдайда балаларға жеңіл болады. Екіншіден, ажырасқан ата-аналары оларды тәрбиелеу барысында бірлесіп жұмыс жасап, мәселе бойынша тиісті шешімдерді бірлесіп келісе отыра қабылдайтын болса, балаларға бұл жағымды ықпал жасайды.

Бұл жағдайда бұрынғы ерлі-зайыптылар өздерінің балаларының қамы үшін тұрақты өзара әрекет жасау үшін келесі бір қатар позитивті және маңызды әрекеттерді естен шығармауы тиіс.

– балаларды себепсіз өзіне жағына қарай тартпау керек;

– балалар олардың арасында кек қайтару құралына айналмас үшін оларды ата-анасының біреуіне қарсы коюға болмайды;

– қандай да бір отбасы мәселелері бойынша өздерінің келіспеушіліктерін, соның ішінде өзара ұрыс-керістерді балаларға көрсетпеу керек.

2. Көп кездесетін, қолайсыз, деструктивті нұсқасы. Бұл жағдайда өзімшіл бұрынғы ерлі-зайыптылар балаларын тәрбиелеуге және оларға ықпал етуге байланысты өзара келісілген әрекеттер мен ережелерді қалыптастыру үшін өзара келісімге келе алмайды. Отбасының қирауына алып келген күнделікті ұрыс-керістер, қақтығыстар ажырасқаннан кейін де жалғасын табады. Ата-аналарының біреуі, әдетте, бұл балаларының қасында қалған анасы әрқашан бейтарап

ұстанымда ұстап тұра алмайды. Сондықтан да, ол бұрынғы күйеуінің әрекеттеріне жол бермей және балаларын оған қарсы тәрбиелеу арқылы бұрынғы күйеуіне өзінің басымдығын анық байқатып отырады.

Алайда, кейбір кезде, керісінше, анасы өзінің бұрынғы күйеуіне деген ренішін, қанағаттанбауын, шаршағандығын өзінің баласына аударып, оған үнемі ұрсып, өмірін уландыратын жағдайда кездеседі. Ал бұл соңында анасы мен баласының арасын суындырып, әкесі көптеген жағдайда дұрыс болмаса да және өзінің әкелік сезімдерін көрсетпесе де, әкесінің жағдайының басым болуына ықпал етеді.

Нақтылы өмірде, біз, ортақ баланың әлеуметтенуі барысындағы теңсіз серіктестікті анық байқаймыз. Бұл жағдайда бұрынғы күйеулердің басым бөлігі саналы түрде немесе ойланбастан бала үшін өте қажет болып келетін үрдістен бас тартады. Ал басқа жағдайда бұрынғы әйелі бұрынғы күйеуін бұл аталған үрдіске әдейі қатыстырмайды. Алайда, баласын жақсы көретін әкесі баланың тәрбиесіне анасына қарағанда, әлдеқайда басым ықпал жасай алатын кездері де аз болмайды.

Жоғарыда аталған факторларға дұрыстап назар аударатын болсақ, мұндай жағдайды келесі түрде жіктеп қарастыруға болады. Бірінші жағдайда үй мен өндіріс арасында жүгіріп шаршайтын, жұмыс істейтін аналар өсіп келе жатқан балалрының тәрбиесіне жауапкершілік алғысы келмейтін немесе ала алмайтын бұрынғы күйеулерінің бейтарап күйіне үнемі реніш білдіреді. Ал екінші жағдайда бұрынғы күйеуі, өзін отбасы мәселелеріне жеңдіре отырып, өзінің көңіл-күйіне немесе бұрынғы әйелі мен тұратын әйелі арасындағы қашықтыққа тәуелі болып келеді және балалары арасындағы қатынасты соған қарай қалыптастырады. Егер оның нағызғы уақытта әйелі оның бірінші некеден туған балаларын жақтырмайтын болса, қарым-қатынастың мұндай түрінен ешқандай жақсылық болмайды. Сондықтан да, бұл жағдайда балалар мектепке дейін немесе мектеп жасында болсын әкелерін қысқа мерзімді демалыс, мейрам және туған күндерде ғана көре алатын болады. Бұл жерде, біз, отбасын мүлдемге қол үзген немесе басқа қалада тұратын ата-аналарды қарастырып отырған жоқпыз.

Сонымен қатар, анасы, әсіресе қазақ әйелі, баланы әлеуметтендіру құқығына ие болғандықтан, бұрынғы күйеуінің қарсы болғанына қарамастан, баласын өзінің ата-анасының қамқорлығына беретін жағдайларда кездеседі. Өзінің жеке істерінің басын босата алмаған анасы баласына қарапайым назар аудара да алмайды. Көбінде мұндай аналар өзінің бұл әрекетін уақыттың жетіспеушілігі мен немесе жаңадан отбасын құруға ұмтылуымен түсіндіреді. Соңғы нәтижесінде бұл қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін, себебі, есейе келе бала өзінің кәрі ата-әжесінен басқа ешкімге, анасына да, әкесіне де керексіз екенін түсінеді. Олардың ата-анасының тағдыры осы уақытқа дейін олар отбасыларын құрып үлгермесе, ары қарай жақсы болып кетпейді.

Балаларды, әсіресе, есейіп қалған балаларды өзіне ыңғайлысын алып қалып, қарсы шығатынын әкесіне қалдыру арқылы, тіпті, кейбір, жағдайда интернатқа, балалар үйіне беру арқылы балаларды бір-бірінен күштеп ажыратуға болмайды.

Сондай-ақ, отбасылардың ажырасу үрдістерін зерттеу көрсетіп отырғандай, ата-аналарының сәтсіз некелерін олардың балаларының қайталауы аз кездеспейді. Мысалы, ерімен ажырасқаннан кейін қызын жалғыз өсіріп отырған жалғыз басты ана «сүтке күйген суға үрлейді» деген мәтелге сәйкес, қызының бала жасынан оның әкесіне ғана емес, барлық ер адамдарға деген жек көрушілігін

қалыптастырады. Осының нәтижесінде, қызы анасының аталған стереотипін ала отырып және күйеуімен жеңіл ажыраса салып, анасының тағдырын қайталайды. Бұл жерде ол анасы үшін әкесінен кек қайтарғандай болып, өзінің балаларының тағдырын ойламастан күйеуінің кез келген кемшілігіне, қызығушылығына түсініспікпен қарап, сабырлылық танытпайды.

Екінші бір жағдайда, бұрынғы әйелі ұлын әкесіне қарсы қоя отырып, оның алдында әкесін жағымсыз жақтарынан көрсетуге тырысады. Бұл жерде ол бір жағынан жеңіске жетеді, екінші жағынан, оның болашақ отбасылық өмірге деген қызығушылығын жоғалтады. Бұл, көбінде, анасының басынан бастап ұлын болашақ күйеу және әке болуға, болашақ отбасы мен балалары үшін жауапкершілікке дайындамағанымен түсіндіріледі. Баласының ер адамның міндеті туралы көз қарасы негізсіз кездейсоқ жағдайлардың әсерінен қалыптасады және олар алғашқы сынақтан-ақ сүрініп жатады. Басынан бастап-ақ, ата-анасының тәжірибесімен бағдарланған мұндай толық емес отбасыларында отбасының бұзылуына сабырлықпен қарау қалыптасады. Аталған көзқарастың қалыптасуы, сондай-ақ, неке қатынастарының бұзылуына дайын болу бұл әрекеттің жүзеге асуына мүмкіндік тудырады, себебі, мұндай балалардың ата-ана міндетін орындауға деген қабілеті төмен болады. Олардың әкелік сезімі болмайды, өзінің баласына бауыр баспайды, өйткені, тәрбие беру кезінде өткізіп қалған кездердің ықпалынан, олар өздерінің балаларын жұбайымен қарым-қатынас жасауда кедергі ретінде көреді. Бұл жерге сондай-ақ, өзінің баласына деген қызғанышын жатқызуға болады, оның ойынша әйелі оған қарағанда баласына көп көңіл бөледі, баласын көбірек жақсы көреді. Ал оған мұндай әділетсіздік ұнамайды, осыдан келіп оның жұбайына және баласына деген көңілі пәс тартады.

Сонымен қатар, басқа да кемшіліктермен бетпе-бет келіп жатқан кездер аз емес. Мысалы, ер адамның ықпалы болмағандықтан, әйел адамның – анасының көңіліне қарау. Мұндай балалар, «анасының ұлы» болып кетуі де мүмкін және олар соңында өзінің ата-анасының қайғылы өмірін қайталайды. Мұндай алдынала бағдарланған сәтсіз адамдар отбасын құра сала одан көңілі қалады немесе мүлдем үйленбеуге бел буады. Нәтижесінде, олар әлеуметтік салаға бейімделу барысында қиындықтарға кездеседі, айналысындағылармен де қарым-қатынас жасауы да қиынға соғады. Сондықтан, анасының ұлын отбасылық өмірдің өзіне тиімді түріне көндіру, ұлы оған көнген күннің өзінде жақсылыққа әкелмейді, нәтижесінде, аталған неке де сәтсіз аяқталады.

Ажырасқан әйелдің тағдыры да қуантарлықтай емес: уайымдар, жалғыздық, бала тәрбиесіндегі қиындықтар, материалдық жетіспеушіліктер. Ажырасқан ер адамдардың да қысқа мерзімді кездесулер кезінде балаларына ықпал ету мақсатында үнемі үздіксіз күрес барысында педагогикалық әдептілікті сақтауы сирек кездеседі. Бұл жерде кез келген құралдар мен әдістер қолданылады: алдау, өтірік айту, ақша, сыйлықтар, алданыш сөздері және т.б.

Осылайша, қарастырылып отырған материал тек біз зерттеп отырған отбасылар мен ерлі-зайыптылар ғана емес, сонымен қатар, ата-анасының біреуімен қалған кәмелетке толмағана балалар күнделікті өмірде бетпе-бет кездесетін мәселелердің күрделілігі мен маңыздылығын көрсетіп отыр. Бұл қиындықтар өтпелі нарықтық қатынастардың, инфляцияның, жасырын жұмыссыздықтың әсерінен бұл мәселелер одан ары күрделене түсіп, оларды шешу толық отбасылар үшін қиынға түсуде. Отбасының қалыпты, репродуктивті, регулятивті, коммуникативті, экономикалық қызмет етуінен басқа олардан өсіп келе жатқан буынды аккультурациялау міндетін ешкім алып тастаған жоқ. Сондықтан да, балалардың әлеуметтенуі үрдісіне өзара сабырлылық, түсінушілік көрсете отырып бұрынғы ерлі-зайыптылармен қатар, кәмелетке толмаған балалар олардың қиындықтары әр қашан шешімін табатындығын және олар қоғам үшін қажет екендігін сезінуі үшін мемлекет өзінің әкімшілік, соттық, әлеуметтік және басқа да атқарушылары арқылы тең құқықта қатысуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Национальный состав населения Республики Казахстан. Т.1. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Стат. сборник.–Алматы, 2000. – С.6; Население Республики Казахстан по состоянию в браке / Итоги переписи населения 1999 гола в Республике Казахстан. Стат. сборник. – Алматы, 2000. – С.4.
2. Королев Ю.А. Супруги, родители, дети. – М., 1985.– С.97-98; Яцкевич В.Н. Закон и родители. – Мн., 1989. – С.30-32.
3. Первова И.Л. Асоциальное поведение детей и подростков. – СПб., 199. –С.150-154; Джаманбалаева Ш.Е. Методологические аспекты социологического исследования девиантного поведения подростков // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. – 2001. – №2(7). – С.102-103.
4. Комсомольская правда. – 1997. –25 ноября.
5. О положении семьи и женщины в Республике Казахстан. Стат.сборник. – Алматы, 1996. –С.32; Демографический стат.ежегодник Казахстана, 1999. Стат.сборник. –Алматы, 2000. –С.35.
6. Демографический стат.ежегодник Казахстана, 1999. Стат.сборник.– Алматы, 2000. –С.35.
7. Краткие итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Стат. сборник. –Алматы, 1999. – С.12.

Казахстан в цифрах. Стат.сборник.–Алматы, 2000.– С.111; Женщины и дети Республики Казахстан. – Алматы, 1993.– С.27-28; Ботабекова А. Чтобы сохранить семью // Женщины. Восток. Запад.– 1999. –№1.– С.12;Цымбалюк В. Мужчины в семье // Мы и наша семья. – М., 1985. –С. 131-132; Фотеева Е.В. Семья в современном буржуазном мире. –М., 1988. – С.47.

Құжаттаманы басқаруды автоматтандырудың теориясы мен методологиясы

Ақмарал ЫСҚАҚ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың деректану және тарихнама кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Бүгінде әлемде басқару жүйесін тиімді ету мақсатында құжаттаманы басқаруды автоматтандыруды, тұтастай алғанда басқару жүйесін автоматтандыруды, яғни электронды үкіметті қалыптастыруды барлық жағынан ұтымды әдіс деп танып отыр. Бұл мәселеде құжаттаманы басқарудың автоматтандырылған жүйесін таңдап алу методологиясына басты назар аударылады. Себебі құжаттаманы басқару жалпы басқару жүйесінің ажырамас бөлігі. Оның автоматтандырылған жүйесін дұрыс таңдап алу және оны табысты жүзеге асыру басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға оң ықпал етеді. Сонымен құжаттаманы басқаруды автоматтандырудың басты мақсаты да осы бағытта, яғни басқару тиімділігін арттыруда. Қазіргі жағдайда бұл мәселе тек мемлекеттік сектор үшін ғана емес, мемлекеттік емес ұйымдар үшін де маңызды мәселеге айналды.

Құжаттаманы басқару ісінде құжаттармен орындалатын технологиялық процестерді жекелей де, кешенді түрде де автоматтандыра алады және олар үшін жеке бағдарламалық қамтамасыз ету қажет болады. Республикада «электронды үкімет» қалыптастыру мемлекеттік бағдарламасы аясында мемлекеттік органдарда Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін (ЭҚАБЖ. *Авт.*) енгізу алдымен құжаттарды тіркеу және олардың орындалуын бақылау ғана автоматтандырылып, сонан кейін ғана өзге де процестер жүйеге қосылды. Жалпы бұл мәселе шетел тәжірибесінде қалай екен?

Германияда федералды басқару құрылымдарында электронды іс жүргізуді енгізу концепциясы үш кезеңде: бірінші кезеңде жүйеде тек құжаттардың анықтамалық мәліметтері тіркеуге алынады; екінші кезеңде тіркеу мәліметтеріне сканирленген құжаттардың алғашқы ақпаратының мазмұны тіркеледі; үшінші кезеңде барлық құжаттар мен істер толықтай электронды түрде өңделеді және онымен байланысты процестер жүргізіледі [1]. Демек құжаттаманы басқаруды автоматтандыруда тек технологиялық мәселелер ғана емес, адами ресурстар мәселесі және онымен тығыз байланысты өзге де мәселелер кешенді түрде шешімін табады.

Республиканың мемлекеттік органдарында дәстүрлі іс жүргізуді автоматтандыру ісі алғашқы сәтте ұзақ уақытты қамтитын күрделі жұмыс емес, жай ағымдық жұмыс деп қаралды. Алайда электрондық құжат айналымын ендірген мемлекеттік органдардың тек екі-үш жыл құжаттарды тіркеу және олардың бақылауын орындау ғана жүйеге қосылғанын ескерсек, бұл міндеттің жауапты әрі күрделі екеніне көз жеткізу қиын емес. Құжаттаманы басқаруда іс жүргізу процестерін автоматтандыру мына тәртіпте орындалады: қағаз құжаттардың орындалуын

электронды түрде бақылауға алады және түпнұсқаларын куәландыру қажет болмайтын жағдайда құжаттардың электронды көшірмелерін пайдалануды да электрондық жүйеге қосуға болады.

Мұны былай түсіндіруге болады. Тіркеу барысында қағаз құжат толықтай немесе жартылай электронды формаға көшіріледі. Ары қарайғы жұмыс негізінен электрондық тіркеу карточкаларымен және құжаттардың үлгі нұсқаларымен (представленияларымен) жүреді. Құжатқа рұқсат белгілерін қою, келісу, бекіту барысында қағаз құжат пайдаланылады. Құжатты келісу, бекіту жөніндегі қажетті мәліметтерді автоматтандырылған жүйе өзі бақылап, жүйеге енгізіп, орындаушыларға ескертпелерді жеткізіп отырады. Автоматтандырылған жүйе шығыс құжаттарды және олардың электронды көшірмелерін жөнелтуді осы ретте бақылауға ала алады.

Құжаттаманы басқаруды автоматтандыру үшін ұсынылатын бағдарламалық қамтамасыз ету өнімдері шетелдік өнім шығарушылардың үлесінде. Ресейлік бағдарламалық өнімдер түрлі атаулармен аталады: құжат айналымын және іс жүргізуді автоматтандыру жүйесі, құжаттаманы басқару жүйесі, электрондық құжат айналымы жүйесі. Осыған орай құжаттармен жұмысты ұйымдастыру барысында «электрондық іс жүргізу», «электрондық құжат айналымы» ұғымдары кеңінен қолданысқа ене бастады. Себебі «құжаттаманы басқару» мен «іс жүргізу» арасындағы айырмашылықтардың ара жігі ашық екені мәлім. Кеңестік дәуірде іс жүргізудің бірыңғай жүйесін автоматтандыруда «құжаттаманы басқарудың автоматтандырылған жүйесі» ұғымы қолданылған еді. Бұл ұғымды қазіргі жағдайда ресейлік ғалым М. Ларин де ұсынып отыр [2].

Әлемдік тәжірибеде кеңінен қолданылатын «құжаттаманы басқару» ұғымы АҚШ-та құжаттаманы мәселесімен айналысатын ұйым Ұлттық мұрағат және құжаттаманы басқару (NARA) ұғымында кездеседі. Неміс тіліндегі «Shriftgutverwaltung» ұғымы «жазба құжаттарды басқару» мәнін білдіреді. Ағылшын тіліндегі «Recurds Managment» ұғымы осы мағынада қолданылады.

Құжаттаманы басқару мәні жағынан іс жүргізу де, басқаруды құжаттамамен қамтамасыз ету де емес. Қазақстанда «электронды үкімет» бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан шаралардың электрондық құжат айналымы жүйесін мемлекеттік органдарға ендіруі осы ұғымдардың мағынасын оң түсініп, дұрыс қолдана білуді қажет етеді.

Құжаттаманы басқару ұғымына келсек, ол кең мағынаны білдіреді және бірнеше мәселелерді қамтиды: құжаттама орталығын басқару; құжаттардың бақылау кестесін жасау; мекемеде істерді сақтауды басқару; аса маңызды істерді басқару; машинамен оқылатын құжаттарды басқару; ақпаратты іздестіру қызметін басқару; хат алмасуды басқару және т.с.с. Мұндай егжей-тегжейлі анықтаманы берген Құжаттаманы басқару жөніндегі біріккен комитеттің ұсынысы бойынша құжаттаманы басқарудың методологиясын түсінуге аздық етеді. Ал Халықаралық мұрағаттар кеңесінің Терминология тобы берген анықтама бойынша «құжаттаманы басқару құжаттардың тіршілік ету циклында оларды үнемді және тиімді жасауға, пайдалануға және сақтауға бағытталған ортақ әкімшілік басқарудың саласы». Демек ол ұйымның құжаттарын басқарудың құнды ресурстары ретінде қарастыратын сапалы менеджментті қамтамасыз ететін үнемділік пен тиімділік принциптеріне, жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалануға негізделеді. Осы жағынан алғанда басқарудағы құжат пен ақпараттың өзара байланысы айқын көрінеді [3].

1979 жылы ЮНЕСКОмен Халықаралық Мұрағаттар Кеңесінің бірлескен кеңесінде Құжаттаманы басқару мен мұрағаттар саласының бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама ЮНЕСКОның «Ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейлерде ақпараттық жүйелер мен қызметтерді құру және дамыту» тақырыбы бойынша орта мерзімді бағдарламаның бөлігі еді. Ол 1982 жылға дейін есептелген болатын. Осы кеңесте құжаттаманы басқарудың жұмыста қолданылатын анықтамасы белгіленді: «Құжаттарды жасау, толықтыру, пайдалану, орналастыру барысында үнемділік пен тиімділікке қол жеткізуге қатысты жалпы әкімшілік басқарудың саласы» [4].

Құжаттаманы басқару мен мұрағаттар саласы бағдарламасының міндеттері айқындалды. Ақпараттың негізгі дереккөзі ретінде құжат құндылығын тануға әрекет жасау және олардың пайдалануын жеңілдету басты міндет болып алынды. Бұл міндетті ұйымдастыруды жоспарлау мен дамыту саласында өзге де ақпараттың көздерімен қатар іске асыру қажеттігі ескеріледі. Сондай-ақ ЮНЕСКО-ға мүше-елдердің өтініштері бойынша құжаттаманы басқару мен мұрағаттарды басқару жүйелерін және қызметтерін құруға көмектесу де міндетіне кірді. Осы бағдарлама аясындағы іс-шаралар қатарында құжаттармен жұмысқа басшылық ету, нормалары мен стандарттарын әзірлеу бойынша ұзақ мерзімді жоспарларды жасау, құжаттанушы мәртебесін көтеру және оқыту көзделген.

Бүгінде белгілі ISO 15489 «Ақпарат және құжаттама – Құжаттаманы басқару» («Information and documentation – Records management», 2001 ж.) халықаралық стандарты түрлі ұйымдардың өз қызметтерінде жасайтын, өзге ұйымдардан алатын барлық форматтағы және қандай да тасушыдағы кез келген құжаттаманы басқарудың ортақ талаптарын және айқын методологиясын қамтиды. Халықаралық стандарттарды әзірлеу жұмыстарын ISO-ның* Техникалық комитеттері жүргізеді. Әр қатысушы-орган тақырыпқа қызығушылық танытса, ол Комитет мүшесі бола алады. Техникалық комитеттің басты міндеті – халықаралық стандарттарды әзірлеу. Халықаралық стандарттың жобалары қатысушы-органдарға жобаны келісу үшін таратылады. Халықаралық стандарт ретінде жобаға қатысушы-органдардың кемінде 75 пайызы дауыс берген жағдайда жарияланады.

Халықаралық ISO 15489 стандартын ISO/TC 46 Техникалық комитеті әзірледі. Стандарт ISO-ға қатысушы-елдердің іскер құжаттаманы басқарудағы халықаралық жемісті нәтижені стандарттау жөніндегі шешімі бойынша әзірленді. Оның негізіне басты мақсаты іскерлік құжаттаманы басқару болып табылатын Австриялық AS 4390 «Records management» стандарты алынды [5].

ISO 15489 халықаралық стандарты екі бөлімнен тұрады. Біріншісі «Жалпы мағлұматтар» бөлімі мемлекеттік немесе жеке ұйымдардың іскерлік құжаттамасын басқару жөніндегі басшылықты қамтиды. Екінші бөлімі «Практикалық басшылық» деп аталады. ISO 15489 стандартының бөлімдерін жеке қарастырайық.

Жалпы мағлұматтар бөлімінде халықаралық стандарттың қолданылу аясы, нормативтік сілтемелер, терминологиялар мен дефинициялар, құжаттаманы басқарудың артықшылықтары, нормативтік ортасы, саясаты және міндеттері, есептік құжаттаманы басқаруға қойылатын талаптар, құжаттама жүйесінің дизайны және оны жүзеге асыру, құжаттаманы басқару процестері мен бақылау

* ISO – Халықаралық Стандарттау Ұйымы – ұлттық стандарттау органдарының, яғни ISO-ға қатысушы-органдарының бүкіл әлемдік федерациясы.

механизмдері, мониторинг пен аудит, оқыту мәселелері қарастырылады. Бұл бөлім ұйым менеджерлері, құжаттаманы, ақпарат пен технологияны басқару саласының білікті мамандары, ұйымның өзге де барлық қызметкерлері, міндетіне іскер құжаттарын жасау және қолдау кіретін өзге адамдар пайдалануға арналған [6]. Стандарттың 9.10 тармағында іскерлік құжаттаманы және құжаттама жүйесін басқару процестерін сипаттайтын құжаттама заң, ұйымдық, техникалық сипаттағы мәселелерді шешуі тиіс. Құжаттаманы басқарудың мына процестерге, нақтырақ, құжаттарды жіктеуге, құжаттар көрсеткіштерін құрастыруға, құжаттарды қарау және жоюға (утилизациялауға) құзыретін анық белгіленуі қажет.

Халықаралық стандарттың екінші бөлімі «Практикалық басшылық» деп аталады және қолдану аясы, саясаты және міндеттері, стратегиялар, жобалау және ендіру, құжаттама процестері және бақылау механизмдері, мониторинг пен аудит, оқыту мәселелері бойынша тараулардан тұрады. Бұл бөлім халықаралық ISO 15489-1 стандартының бірінші бөліміне қосымша болып келеді әрі оны құжаттаманы басқарудың мамандары пайдалануы үшін басшылыққа алатын құжат болып табылады.

Құжаттаманы басқарудың элементтерін көрсетіп, қол жететін қажетті нәтижелерді немесе қорытындыны белгілейді. Бұл бөлім осыны жүзеге асырудың бір методологиясын ұсынады. Алайда ұлттық стандарттар мен нормативтік құқықтық базаның заң нормаларына сәйкес келетін өзге де факторлары мен талаптарын белгілеуі мүмкін. Жалпы алғанда құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін таңдап алуда мына бірізділіктегі процестер орындалады. Бұл процестер осы жүйені таңдау методологиясының да негізгі тұжырымдары болмақ.

Құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін таңдауда бірқатар іс-шаралар бірізді орындалса, онда ұйымның мақсаты мен міндеттеріне толық жауап беретін жүйені таңдап алудың жоғарғы мүмкіндігіне қол жеткізуге болады.

Алғаш автоматтандырудың міндеттері мен деңгейін айқындауда ұйым үшін автоматтандыру жүйесін орнату үлкен қаражатты жұмсауды талап етеді. Бағдарламалық қамтамасыз ету өнімін таңдап алар бұрын ұйым өзіне автоматтандыру жүйесінің қаншалықты қажеттілігін және оның қандай мүмкіндіктері барын белгілеуі әрі бағдарламалық өнімге өз талаптарын да білдіруі тиіс. Құжаттаманы басқаруды автоматтандыру деңгейін айқындау қажеттілігі туындағанда автоматтандыру нақты қандай қызмет салаларын қамтитынын анықтап шешіп алу қажет: ұйымды оның аумағы алыс орналасқан филиалдарымен бірге тұтастай; ұйымның бас офисін; құжат айналымына белсенді тартылған ұйымның бірқатар бөлімшелерін (кадр қызметі мен құжаттаманы басқару қызметі және бухгалтерия); құжаттаманы басқаруды ұйымдастыруға жауапты бөлімшелер (істер басқармасы, секретариат, кеңсе т.б.); арнайы бөлімдер (бухгалтерия, кадр қызметі т.б.) [7].

Құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесі ұйымның ақпараты мен құжаттарын өңдеу технологиясын қамту толықтығына қарай бірнеше топқа бөлінеді:

– құжаттарды өңдеудің автономды (жергілікті) жүйелері (мәселен, басшы хатшысының жұмыс орны);

– кешенді құжаттық және ақпараттық менеджмент жүйелері;

– қолданбалы ақпараттық міндеттерді шешуге арналған жүйелер (мәселен, мәтіндік құжаттарды әзірлеу жүйелері).

Мұның әр түрін дұрыс қолдану үшін ұйымның және оның бөлімшелерінің қызметіне функционалдық талдау жасай отырып, әр қайсысына қажетті тұтастай немесе жекелей ақпараттық байланыс құрылымдары анықталады. Әр қайсысын автоматтандырудың қажетті деңгейі айқындалғаннан кейін ғана ұйым өз қажеттілігін қанағаттандыра алатын автоматтандыру жүйесін таңдай алады.

Екінші маңызды міндет құжаттаманы басқарудың автоматтандырылған жүйесінің рыногын зерттеу. Құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін таңдауда құжаттаманы басқаруды бағдарламалық қамтамасыз етудің рыногы туралы толық ақпаратты меңгеру маңызды. Тек автоматтандыру жүйелері ғана емес, сол бағдарламалық қамтамасыз етумен айналысатын компания, системный интеграторлар және Құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін сатушылар, клинттері жөнінде де мағлұматтарды білген орынды. Толық ақпаратты алу үшін арнайы мамандандырылған кеңесшілерге немесе зерттеу агенттіктеріне жүгінген жөн. Олар қолданыстағы бағдарламалық өнімдер туралы кең толық ақпарат жинап, талдайды және осы саладағы барлық жаңалықтарды, жетістіктер мен өзгерістерді бақылап қадағалап отырады. Мұның өзі құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесінің көптеген параметрлерін анағұрлым объективті түрде салыстыруға мүмкіндік береді. құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесі туралы ақпаратты сондай ақ түрлі арнайы басылымдардан, конференция, семинар, өндіруші-фирмалардан, Интернеттегі материалдардан да алуға болады. Толығырақ мағлұмат алатын әрі «жүз рет естігенше, бір рет көрген» қағидасына сүйене отырып, конференция-семинарлар ұйымдастыру тиімді. Электрондық құжат айналымы мәселелеріне арналған конференция-көрмені дәстүрлі ұйымдастыратын Қазақстан Докфлоу 2007 жылдан бері Алматы, Астана қалаларында өткізіп келеді.

2007 жылы алғаш рет Қазақстанда DOCFLOWдың өткен конференция-көрмесінде құжат айналымының бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуінің әйгілі батыстық, ресейлік және қазақстандық өндірушілері, поставщиктері, жүйелік интеграторлары қатысты. DOCFLOW 2007 жұмысына шамамен 500 мамандар, рынок зерттеушілері және осы мәселемен айналысатын адамдар қатысты. 2008 жылы 6 наурызда өткен DOCFLOW 2008 конференция-көрмесі электрондық құжат айналымына және басқаруды автоматтандыруға арналды. Онда Қазақстан Республикасы атынан келесі компаниялар қатысты: 1С-Казахстан, Alfa Technologies, BIMASH, Intellect – Astana, Microsoft Казахстан, Real Soft, Азия-Софт, Документум Сервисез Казахстан, Электронный Архив Казахстан. Электрондық құжат айналымы саласында жаңа әзірлемелерін ABBYY, DMS Consulting, Terralink, UBS, ИнтерТраст, ЛЕТОГРАФ, Международный Деловой Альянс (IBA), МНПП НАМИП, НойХаус Групп компаниялары ұсынды.

Үшінші міндет басқаруды құжаттамамен қамтамасыз етуді автоматтандырумен айналысатын компанияны таңдау міндеті құжаттаманы басқарудың автоматтандырылған жүйесімен бірдей маңызды міндет. Компанияны таңдауда мыналарды ескерген жөн.

Біріншіден, компанияның сенімді болуы ең маңыздысы. Рынокта оның аты әйгілі, арнайы ұйымдастырлатын шараларды өткізуі және қатысуы, осы салада жұмысының ұзақ мерзімдігі, компанияның қаржы тұрақтылығы, бағдарламалық өнімінің жаңартылған нұсқаларының мерзімді түрде шығып отыруы, базалық бағдарламалық өнімді өндіруші-компаниялармен өзара қатынастарының деңгейі тәрізді көрсеткіштер компанияның сенімділігін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, компанияның тиісті ұйымдық құрылымдары мен кадр құрамы болуы. Жеке офисінің, арнайы мамандырылған департаменттерінің, құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін ұзақ мерзімде пайдалану кезінде оны техникалық қолдау және модификациялау мүмкіндіктерінің мол, аймақтарда өкілдіктерінің, қосымша орнатылатын модульдерді (электрондық цифрлық қолтаңба құралдары, ақпаратты қорғау құралдары) өндірушілермен байланыстарының болуы, тиісті қызметкерлер саны, олардың білім деңгейі (ғылым кандидаттары мен докторларының болуы), еңбек өтілдері, нақты ұйымдарды автоматтандырумен айналысудағы топ жұмыстарының табысты іске асырған жобалары компанияны таңдауда негізгі критерилер.

Үшіншіден, технологиялық және әдістемелік құжаттарының болуы, яғни жобаны ендіру технологиясының құжатпен бекітілуі, бағдарламалық өнімдерді әзірлеудің технологиялық стандарттары, құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесінің технологиялық сипаттамасы, администраторлар мен пайдаланушыларды оқыту әдістемесі және бағдарламлары; администратор үшін басшылыққа алатын нұсқаулық, пайдалануышлар үшін басшылыққа алатын нұсқаулық, өнімді жеткізу және жүйені ендіру жөніндегі типтік келісімдер, есеп беру құжаттамасының болуы маңызды көрсеткіштер.

Төртіншіден, пайдаланушыларды оқыту мүмкіндігінің болуы да басты талап. Администраторлар мен пайдаланушыларды оқытумен айналысатын компания қызметкерлерінің саны, еңбек өтілі, біліктілігі, оқу бөлмелерінің болуы және техникалық жабдықталуы.

Бесіншіден, ендірілген жобаларының табысты іске асуын қамтамасыз ететін көрсеткіштер: табысты жүзеге асқан жобаларының жалпы саны, жүйені ендіру бойынша жобалардың саны, пайдаланушылар тарапынан құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесінің жұмысы туралы пікірлердің болуы.

Алтыншыдан, құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесінің ұзақ мерзімді жұмысын қолдай алуы кепілді техникалық қолдау, дистанционды техникалық (қашықтан, яғни байланыстың телекоммуникациялық каналдары арқылы) қолдау, компанияда кеңестер беру, техникалық қолдау көрсету үшін компания қызметкерлерінің ұйымға бара алуымен сипатталады.

Жетіншіден, жүйені кезең-кезеңімен ендіруді қамтамасыз етуі де компанияны таңдауда маңызды. Мұның өзі бірнеше кезеңдерді қамтиды: кәсіпорынның бизнес-процестерін, қолданыстағы жабдықтар мен технологияларды талдау; кәсіпорынның ақпараттық-функционалдық моделін әзірлеу, оның бизнес-процестерін реинжиниринггеу; құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін ендіруге қажетті аппараттық-бағдарламалық құралдардың мүмкіндігі бар конфигурациясын талдау; пилоттық жобаны орындау; пилоттық жобаны орындау нәтижелерін бекіту және құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін ендіру жоспарын әзірлеу; құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін ендіруге қажетті аппараттық-бағдарламалық құралдарды таңдау және жеткізу; құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін жеткізу және инсталляция; оны адаптация және тасройка; жобалық, бағдарламалық, техникалық, пайдаланушыларға арналған құжаттаманы әзірлеу; құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін ендіруді аяқтау, оны өнеркәсіптік пайдалануға өткізу; қолдау [8].

Төртінші міндет құжаттаманы басқарудың автоматтандырылған жүйесін таңдау міндеті күрделі болып келеді. Өйткені функциясы, технологиясы мен

сипаттамасы жағынан ұқсас бірқатар жүйелер болуы мүмкін. Мұндай жағдайда оларды бағалау әдістемесі мәселесі туындайды. Алайда өзінің теориялық та, практикалық та маңызына қарай бұл мәселе терең зерттелмеген. Лариннің пайымдауынша, автоматтандырылған жүйелерді бағалаудың үш әдісі бар.

Бірінші әдіс өндіруші-компаниялардың өз бәсекелестерінің өнімдерін және өз өнімін салыстыра отырып, қиысты баға беруге сүйенеді. Егер оннан аса қатысушы болса, онда әр өнімді объективті бағалауға қол жеткізуге болады.

Екінші әдісте тәуелсіз сараптама өткізу қажет. Осы әдісте АҚШ Ұлттық мұрағатының федералды мекемелерге электрондық құжаттарды басқару үшін белгілі стандартқа сәйкестігі сертификатталған бағдарламаларды пайдалануды ұсынуы ерекше назар аудартады. АҚШта коммерциялық бағдарламалық қамтамасыз етуді өндірушілер белгілі сомаға өз өнімдерін тестілеуге және сертификат алуға береді. Ол екі жыл мерзімге жарайды. Әр сертификатталған бағдарламалық өнімнің тестілеу нәтижелерімен пайдаланушылар Интернет желісіндегі ресми сайтта таныса алады. Мұндай қалыптасқан тәртіп әр сертификатталған бағдарламалық өнімнің барлық мүмкіндіктерімен танысуға үлкен көмек береді. Ресейлік ғалым Ларин де осы пікірді қолдайтынын және Ресейдің жағдайында мемлекеттік органдар үшін қажетті құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін дұрыс таңдауда әрі сауатты ұйымдастыруда айтарлықтай жеңілдік боларын білдіреді.

Қазақстанда құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін таңдауда Lotus Domino/Notes базалық бағдарламалық қамтамасыз етуіне артықшылық беріліп, мемлекеттік органдарда ендірілген ЭҚАБЖнде осы базалық бағдарламалық қамтамасыз ету алынды. Таңдау алдында жүргізілген сараптамаларға талдау жасалып, Lotuske тоқталу шешімі қабылданды.

Құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін таңдау кезінде кешенді тұрғыдан қарастыруды пайдалану (автоматтандыру міндеттерін және деңгейін анықтау; жүйелер рыногын талдау; құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін әзірлеумен және ендірумен айналысатын компанияны таңдау; құжаттаманы басқаруды автоматтандыру жүйесін таңдау) ұйымның басқару қызметін автоматтандыру талаптары мен міндеттеріне толық жауап беретін жүйені ендіруді іске асыруға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ларин М. В. Электронные документы в управлении: Науч.-метод. пособие / М. В. Ларин, О. И. Рысков; ВНИИДАД. М., 2005. -288 с. (116 с.)
2. Сонда. -116-117 бб.
3. http://www.DIRECTUM-Journal.ru/docs/1631677.html/
4. Ларин М.В. Управление документацией в организациях. – М.: Научная книга, 2002, - 288 с. (150 с.)
5. http://www.nestor.minsk.by/sr/2008/06/sr80601.html
6. ISO 15489-1 Информация и документация – Управление документацией. Часть 1: Общие сведения. Первое издание. 15-09-2001. Рег.номер ISO 15489-1:2001 (E) (8.4)
7. Ларин М. В. Электронные документы в управлении: Науч.-метод. пособие / М. В. Ларин, О. И. Рысков; ВНИИДАД. М., 2005. -288 с. (119 с.)
8. Сонда. 120-121 бб.

XIX ғ. соңы мен XX ғасырдың басында ресейлік мемлекеттануының билікті бөлу қағидасы

Балташ ҚАРІПОВ,
М. Ломоносов атындағы ММУ-нің әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар оқытушыларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институтының докторанты

Орыс мемлекеттанушылары құқықтық мемлекет тұжырымдамасының құрамды бөлігі деп билікті бөлу қағидасын санады.

Бұл – осы қағиданы олар тек мазмұнды түсінік деп қана қараған жоқ деп түсіндіреді, ол қағида әртүрлі теориялық проблемаларды шешу үшін мол эвристикалық зарядқа ие, саяси жүйенің қызмет етуінің маңызды саяси-құқықтық механизмі. Ең алдымен билікті бөлу қағидасының бейімделу қасиеттері туралы сөз болды, реформалау және жаңарту жолына тұрған Ресейлік либералды мемлекеттанушылары бұл қағиданың теориялық әзірлемесі көбіне 19-шы ғасырдың екінші жартысынан Ресейдің саяси жүйесіндегі түрленулердің кең түрдегі үдерісіндегі деструктивті, талқандағыш элементтерді «алып тастауға» себепші болады деп санады.

Төңкеріске дейінгі Ресейдің мемлекеттанушылары биліктің бөлінуқағидасын саяси-құқықтық биліктің қағидасы ретінде түсінді. Осы тақырыпты әзірлеуде олар мемлекеттік биліктің тұтас және бөлінбейтіндігі туралы түсініктердің қалыптасу проблемасымен бетпе-бет келді. Егеменді мемлекеттік билік мемлекеттің аумақтық мөлшерінде кейбір өкілеттіліктердің механикалық агрегаты емес, мемлекеттің барлық аумақ мөлшерінде билік жүргізетін мемлекеттік тұлғаның бірыңғай еркінің барлық заңдылықтарының органикалық бірлігі.

Мемлекеттің бірыңғай тұлғасы және оның бірыңғай билік жүргізушісінің еркі бөлінбек емес. Мысалы, Н.И. Палиенко бір мемлекет аумағында бір егеменді мемлекеттік билік өмір сүре алады. Өзінің аумақтық аясында егеменді мемлекеттік билік басқа егеменді билікті жоққа шығарады және бірнеше егеменді биліктерге бөліне алмайды.

Мұндай жағдайда ол жоғары аумақтық билік бола алмас еді, егеменді биліктің осы іспеттес бөлінуі оның табиғатына қарама-қарсы, ол билік жүргізу құқығының механикалық санын көрсетпейді, ол барлығының потенциялды толыққандылығын көрсетеді. Өзі іске асыратын мақсаттары бойынша, әрекет ететін формалары бойынша мемлекеттік билік әр түрлі қызметтерде көрінеді, олардан заң, сот және материалды әрі формалды мағынадағы басқарма сөз алады. Бұл қызметтер бір мемлекеттің әр түрлі органдары арасында әр түрлі жағдайда бөліне алады. Әр орган белгілі бір әрекеттің өздік заңды аясында, компетентіне ие болады. Бірақ

бір ғана мемлекеттің органдары ретінде сол бір мемлекеттік билікті іске асырады, ендеше бұл билікті ешқандай бөлу деген жоқ.

«Құқыққа мемлекеттің бағыну идеясын өмірге іске асыру жағдайының бірі – мемлекеттік биліктің қызметтерін бөлу», деп санады орыстың мемлекеттанушылары. Мемлекеттік биліктің заң шығарушылық, басқару және соттық қызметтерін бөле келе, төңкеріске дейінгі орыс мемлекеттанушылары осы қызметтерді іске асыратын органдары тең дәрежеде емес екендігіне тоқталады. Заң шығарушы биліктің жоғары тұруын тану дәстүрлі болды. Егер өзінің жаңа заңымен ертеректе жарық көрген заңдардың кезкелгенін жойса, жоғарғы билік заңдылықтың басталуын өзгертпейді. Заңның басталуына адал билік өзінің соттық шешімдерінде де, өзінің басқару актілерінде де заңға бағынады.

Мысалы, В.М. Гессен мемлекет заңдарды орындай отырып, тәуелсіз: ол оң құқықпен байланысты емес деп санады. Заң шығарушы билік өз мәнінде заңмен шектеліп қала алмайды. Бірақ үкіметтік билік тұлғасында бола тұрып, мемлекет әрекеттегі құқықпен шектеледі. Заңдарды шығара отырып, мемлекет онымен өзіне бағынышты жеке адамдарды ғана емес, сонымен қатар тікелей немесе біреу арқылы өзін-өзі де шырмайды және міндеттейді. Заң үкіметке сәйкесті құқықты бере отырып, азаматтарға сәйкесті міндеттерді жүктейді, бірақ сөйте тұра заң азаматтарға сәйкесті құқықты бере отырып, белгілі міндеттерді үкіметке де жүктейді. Әр азамат бөлек-бөлек ретінде мемлекет өзінің үкіметтік билігі тұлғасында осылай заңға бағынышты.

Төңкеріске дейінгі заңдық және саяси әдебиетте құқықтық мемлекеттің айрықша қасиеті деп үкіметтік және соттық биліктердің заңға бағыныштылығы сапалды; мұндай заңға бағыныштылығы сапалды; мұндай заңға бағынушылық үкіметтердің ерекшеленуіне, яғни үкіметтік биліктің заң шығарушылық және соттық биліктердің екеуінен де бөлінуіне әкеледі. Осы ұстанымның жақтаушысы В.М. Гессен биліктер бөлінбеуі, ал ерекшеленуі керек деп санайды. Бұндай ерекшелену үкіметтік пен соттық биліктердің заң шығарушы биліктен бөлінуін оларды онымен қатар қою үшін емес, оны өзіне бағындыру үшін талап етеді. Монтескьенің теориясында биліктерді теңдестіру, оның пікірінше, мемлекеттік биліктің бірлігі қағидасымен тура қарама-қайшылықта.

Заңды шығарушы биліктің өктемдігі биліктердің ерекшеленуіне негізделген, ол үкіметтік пен соттық биліктің заңға бағынушылықтың қажетті жағдайы болып табылады.

Өз талаптарында әкімшілік биліктер ылғи да заңға негізделуі керек: әкімшілік биліктер өз әрекеттерімен және өкімдерімен ешқашан заңға негізделген жеке және қоғамдық құқықтарды бұзбауы қажет. Заңдар әкімшілік әрекеттердің мөлшерін анықтайды, бірақ оның мазмұнын анықтамайды. Үкімет заңды соншалық жиі орындауында емес, ал қаншалық мемлекеттік құралдармен заң шектеуінде пайдалануында. Әкімшілік биліктер бостандықтың едәуір үлесіне, өзін-өзі анықтау мүмкіндігіне ие болмай, өзінің арнаулы қызметін орындай алмас еді. Бірақ әрекеттердің недәуір бостандығында әкімшілік орган сотқа қарағанда формалды талаптарды жеңіл бұза алады. Заң шығарушы әкімшілік қызметтің құрамына енетін барлық міндеттерді алдын ала болжай алмайды. Әкімшілік ұйымның негізгі басталуы осыдан тұрады. Егер сот ұйымының алмастырылмаулықтарына кепілдік берілген соттардың тәуелсіздігі негізгі бастамасы болса, онда әкімшілік ұйымының негізгі басталуы жауапкершілік болады.

Егер соттық үкіметке келер болсақ, онда оның тағайындалуы құқықтың қайта құрылуында немесе қорғалуында, ол бұзылғанда немесе құқықтың кімге жататындығы анықталғанда, ол қашан даулы болғанда қаралды. Барлық жағдайда соттық шешім жалпы заңды нақты жағдайға қолдану деп саналды. Идея бойынша егер соттық шешім заңды тек жеке жағдайға қолдану ғана болса, онда сот заңды селқос бағыттаушы болуы керек және оның қызметі, оның механикалық қосымшасы ретінде таусылады. Соттық шешім заңға сүйенуі керек, өйткені сот әр түрлі формада көрініс беретін заң шығарушының еркін басшылыққа алуы қажет. Бірақ соттың қызметі селқос болуы керек деген қорытынды туындамайды. Әр іс жүзіндегі жағдай соттан нақты осы жағдайға қандай заң қолданылатынын анықтау үшін теориялық және практикалық білімдердің типтік әрі өзіндік қиюласуын талап етеді.

Соттық шешім ерекше тәсілдердің біразын талап етеді, олардың жиынтығы заңдарды түсіндіру деп аталады; соттық шешімдердегі заңдардың мағынасын ашу, бұл – құқықтың дербес элементі болып саналады.

Егер қойылған шешім заңды қолдану әдісіне әсер ететін болса, онда ол заңды түсіндірудің үлгісі бола алады. Заң шығарушылықтағы ағаттықтың орнын соттық іс толтыра алған жағдайда соттық талдау құқықтың өзіндік қайнар көзі болады, заң шығарушылықпен бәсекелеседі.

Төңкеріске дейінгі Ресейдің ғалым-мемлекеттанушылары үкіметтік биліктің заңдылығының кепілділігіне ерекше назар аударды. Соңғының заңдылығы азаматтардың субъекті бұқаралық құқықтарының қайнар көзі деп саналды. Азаматтардың бұқаралық құқығы, жеке құқығы да соттың жақтауымен және қорғауымен кепілденеді. Бұқаралық құқықтардың ерекше сипаты бойынша В.М. Гессен оларды соттық қорғаудың ең маңызды формасы деп әкімшілік юстициясының институтын санады, ол-соттық билікті өзіндік және ерекшеленген түрде ұйымдастырады, әкімшілік биліктің заңсыз өкімдерін жою жолы арқылы субъективті бұқаралық құқықты қорғауға бағышталады.

Үкіметтік биліктің заңдылығының маңызды және қажетті басқа кепілдігі ол-лауазымды тұлғалардың қылмыстық және азаматтық жауапкершілігі институты-министрлердің заңдылық жауапкершілік институты. В.М. Гессен халық өкілдері палатасына жататын министрлерді қылмыстық жауапкершілікке тарту құқығы заңдылықтың ғана кепілдігі емес, үкіметтік актілердің пайдалылығында деп санады. Заңдылық жауапкершілік саяси жауапкершілік институтымен толықтырылды. Министрлер кабинетінің өз әрекеттері мен шешімдері үшін парламент алдында міндетті жауап беруін, заңсыз әрекеттеріне соңғы болып орнынан алыну мүмкіндігін ылғи да ескереді. Ресейлік либералдық мемлекеттанушылардың әдебиетте берген билікті бөлу қағидасының негізгі теориялық жағдайлары осындай. Олардың сараптамасы мынаны көрсетеді: осы принциптің бағалары пікірлердің плюрализмімен айырықшаланды, ол көптеген дүнитанымдық, бағалы нұсқаулармен, философиялық-методологиялық негіздермен, әр түрлі зерттеулік жорамалдардың барлығымен шарттасады. Бірақ ең шенушісінде олардың бағалары түйісті. Олар мемлекеттің кәдімгі қызмет ету үрдісін және адамдардың тәуелсіз әрекетін қамтамасыз ету үшін қажетті теориялық және практикалық принцип ол – билікті бөлу деп санады. Бір-бірімен тәуелсіз биліктер-заң шығарушы, орындаушы және соттық қажет. Ғалым-мемлекеттанушылардың пікірінше, биліктерді бөлудің тиімділігі шыдамдылық

пен қарсы салмақ механизмін әзірлеуге байланысты. Бұл механизмнің атрибуттық элементтерін де олар жазған.

Құқықтық мемлекеттіліктің ресейлік теоретиктері құрылымның құқықтан тыс қызметіне ең көбірек бейімділігі ретіндегі мемлекеттік әкімшіліктің қиянатына бақылау тәсілдерінің толық жүйесі әзірленді. Олардың кейбіреулері-әкімшілік юстиция туралы, жергілікті өзін-өзі басқару туралы қазіргі заманауи практикалық саясат және юриспруденция үшін пайдалы, қазіргі зерттеушілердің бағасы-соның көрінісі.

Сондықтан М.Н. Марченконың төңкеріске дейінгі Ресейде «билікті бөлу теориясы негізінде сондық тұрғыда қабыл алынды» деген қорытындысымен келісуге болмайды. Ресей мемлекеттанушылары дәстүрді сындық игеру негізінде конструктивті теорияны әзірледі, оның мәні билікті бір қолға немесе топтардың шағын тобының қолына топтауға жол бермеу және сол арқылы оны бір тұлғалардың басқаларға зиянын тигізуге қолдануына мүмкіндік бермеу. Бұл теория реальді шындық проблемаларын шешу үшін мақсатты архетип және бағдаржол ретінде болды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Елистратов А.И. Учебник русского административного права. Вып. I. – 2-е изд. – М., 1911.
2. См.: Палиенко Н.И. Суверенитет. Историческое развитие идеи суверенитета и ее правовое значение. – Ярославль, 1903.
3. См.: Гессен В.М. О правовом государстве. // Правовое государство и всенародное голосование. – СПб., 1906.
4. См.: Градовский А.Д. Собрание сочинений. Т. 5. – СПб., 1902.
5. См.: Гессен В.М. Теория конституционного государства – изд. 3-е. – СПб., 1914.
6. См.: Мамут Л.С. Народ в правовом государстве. – М., 1999; Кузнецов Э.В., Савельев В.Ф. Правовое государство (из истории русской правовой мысли). // Правоведение. – 1991. – № 1.; Бойцова Е.В. Идея правового государства в трудах русских юристов (административно-правовой аспект). // Правоведение. – 1991. – № 3.
7. Марченко М.Н. Основные признаки и черты правового государства. // Общая теория права и государства. Акад. Курс. В 2-х т. Т. 1. – М., 1998.

Сырдың төменгі ағысы қазақтарының дәстүрлі баспанасы (XIX ғасырдың аяғы –XX ғасырдың басы)

Тәттігүл ҚАРТАЕВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Сырдың төменгі ағысы бойындағы қазақтар дегенде Перовск және Қазалы уезі қазақтарын негізге аламыз. Сыр бойы қазақтарының материалдық мәдениетіндегі ерекшеліктер әдеттегідей баспана тұрғызу ісінен де көрінеді.

Сыр қазақтарының киіз үй құрылымдары жөнінде Г. Загряжский «Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи» атты қомақты мақаласының IV бөлімінде кеңінен сипаттап, жасалуының әдіс-тәсілдерін сипаттаған. Г. Загряжский дерексіз терін негізге алсақ, Сыр үйшілері киіз үйдің сүйегін, терек, тал шыбық, сыр талдан және тораңғыдан жасаған. Жәй үйге 6-8, үлкен үйге 12 қанат дайындалған. Әрбір үй мүшесі киіз үйдің қай жерінен орын алу керектігін біледі. Киіз үйге 50 адамға дейін сиған [1]. Киіз үйдің жалпы құрылымын О. Шкапский «От Орска до Казалинска» атты мақаласындағы суреттемесі толықтыра түседі: «Кедейлер үйлерінің уықтары жәй жіппен байланса, байлардың үйі түрлі-түсті бояулармен боялған, өрілген жіптермен байланған. Уықтың шаңырақка дейінгі бойына бау-шулармен әбзелденген. Уығына, есігіне сары, қызыл бояулармен оюөрнектер салынған. Байлар киіз үйдің сыртынан қыс уақытында тағы бір қабат киіз жабады, кедейлер болса қамыс жабады...». Аталған мақала киіз үйдің ішкі жабдықтарымен де таныстырады. «Киіз үйге кірсе, қаз-қатар қойылған, киізбен, пұлмен қапталған сандықтар көзге түседі. Сандықты жүкке сән келтіру үшін және көші-қонда бедерін кетірмеу, сынбау үшін қаптайды. Сандықтың санына қарай кісінің байлығын санауға болады. Сандықтар оң жаққа қойылады. Төрге жүкаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, көрпе-жастық, т.б. жүктер жиналады. Сол жағына ағаш төсек қойылған. Киіз үйлерде темір төсек те кездеседі. Төсек үстіне құрылған шымылдық күндіз уыққа байланып жиналады да, түнде түсіріліп, үй иесінің ұйықтайтын бөлмесін құрайды. Кебеже, аяққап, қымыз салатын тері қап – саба үйдің сол жағына қойылып, беті шимен қоршап жабылған. Керегеге кілемдер ілінген» [2].

Түркістан мұғалімдер семинариясының тәрбиешісі, Перовск уезінің қазағы Ешмұхамед Букин «Умственные и физическое воспитание у киргиз» атты мақаласы Перовск қазақтары мысалында жазылған. Мақалада қазақ баласының қандай ортада, қандай жағдайда тәрбиеленіп өсетіндігін көрсету мақсатында киіз үйдің баспана ретіндегі қызметін сипаттайды. Киіз үйдің құрылымына талдау

берген автордың бірі Хұдабай Қостанаев, Сыр өңірінде киіз үйлер 4-8 қанатты болып келетіндігін жазған [3].

Сыр қазақтары киіз үйді қысы, жазы пайдаланған. Сырдың төменгі ағысы бойындағы көшпелілер Сыр бойына қара күзде, кей ауылдар тіпті 15 желтоқсанда оралған. Жайлауға ерте көктемде наурыздың ортасында-ақ көтерілген. Малы көп қазақтар қыс уақытында да мал азығы үшін Қызылқұмға қарай көшкен. Қыс кезінде де киіз үйде тұруды жалғастырып, жылы болу үшін екі қабат киіз жауып, етегін қамыс, құммен бастырған. Перовск және Қазалы қазақтары арасында киіз үйді «қара үй» деп атау кең тараған. «Қара үй» «қара шаңырақ» деген мағынаны білдіреді. Бұл өңірде көбіне қоңыр киізбен жабылатын түрі жиі кездесуінен де қара үй аталып кетуі мүмкін. Сыр бойында қыс кезінде де киіз үйде отыру 1937-1938 жылдарға дейін жалғасқан дейді жергілікті ақсақалдар.

Қазақтардың қыс кезінде отыратын тұрақты мерзімдік қонысы қыстау деп аталды. Қыстауда қоныстану мерзімі әр өңірде әртүрлі қалыптасқан. Отарында мал саны көп малшылар алысқа көшіп, қыстауға қара күзде, яғни қарашада оралып, наурызға дейін отырған. Ал, жартылай көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақтар жайлаудан қыстауға ерте күзде оралып, сәуірдің ортасы, мамырға дейін отырған. Әдетте қыстау ықтасын жерлерге, өзен, көлдердің бойларына, шөбі шүйгін, суы мол, отынды жерлерге салынды. Қалың орманды жерлерде ағаштан, орманы аз жерлерде құйма кірпіштен, қам кесектен, таулы жерлерде тастан салынды. Қыстауда ерте кезде қыс мезгілінде де киіз үйде отыра берген. XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдан бастап, қыстауларда қыстық үйлер соғыла бастады. Қыстау үйлердің соғылуы сол өңірдің табиғат жағдайы мен ауа-райына да байланысты қалыптасты. Сырдың төменгі ағысы мен қазақ жерінің батыс аймақтарында – *жертөле, жеркепе,* оңтүстікте – *қақыра,* шығыс аймақтарында – *дүкен, шарбақ, белдеу үй* сияқты үйлер соғылды. Сыр бойында қыстау тұрғызу ісі өңірге қоныстанушылар келгеннен кейін басталған.

Сыр өңірінде XIX ғасырдың ортасында көшпелілердің кесектен соққан үйлерді иемденуі сирек кездесті, 3 шаруашылықтың біреуінде ғана қыстық үй болса, қалғандары қысты киіз үйде өткізді. Қыстау әкеден балаға мұрагерлікке өтіп отырған [4].

О. Шкапскийдің жоғарыда айтқан «От Орска до Казалинска» деген мақаласында Ойсылқара, Талдық, Ырғыз және Қазалы елді мекендеріндегі қазақтардың қыстық жертөлесін келесідей суреттеген: «...Жертөле бір бөлмелі, аласа, ағаш еденді, моржасы төбеге шығатын болып орнатылған. Кең жертөлелер екі бөлмелі, бір бөлмеде әйелдер ас даярлайды, екінші бөлмеде қонақ күтіледі. Бөлме ортасында төбе берік болу үшін қойылған бақан орнатылған. Жертөлелер қамыстан, кесектен тұрғызылып, сырты балшықпен сыланады. Жертөленің ішінен бір қабырғаға тақалып нар жасалып, үстіне киіз төселіп, тұсына кілем ілінген, қалың көрпешелер төселген. Жертөле ішінен киіз үйдегідей жүкаяқ, кебеже, аяққап, төсек, киізбен қапталған сандықтар қойылған. Бір қыстауда 15-20 шаңырақтан, ал кейбір қыстауларда 5-6 шаңырақтан қоныстанды. Қыстаулар көбіне бір-біріне жақын етіп салынған. Қазақтар әулеттерімен бірге тұрады. Мысалы Ойсылқара болысының болысы Төрежан әулетімен бір қыстауды құрайды» [5]. Жертөле ішінде нар орнатылған деп отырғаны, үй ішіндегі сәкі, жерден сыз өтпес үшін тақтайдан көтеріп жасайды. Қыстық үйлердің төбесін жабу қазақтар арасында – *итарқасын жабу* деп аталды.

Сырдың төменгі ағысы бойында жертөле салу үшін жерді аласа етіп 1 метрдей қазып, биіктігі 1,5 – 2 метрдей болатындай етіп, шидің түбін өреді. Шидің түбін кетпенмен қазып алады. Бір-бірінің үстіне қалап, қимен, сазбен бастырады. Үстіне шабақ салады. Шабақ - төбесін жабатын ағашы. Шабақтың үстіне қамыс салады. Қамыстың үсті майда шөппен жабылады, үстіне саз-балшық құйылады. Жертөленің ортасында от жағатын пеші болады. Төбесінде әдейі қалдырылған ойықтан түтін тартатын моржа шығарылады. Жертөленің кейде екі жағында екі үй отырады. Екі терезе қойылады. Шым-үй – шымнан жасалады. Ол үшін жер қазылмайды. Жерден бетінен тек шымнан өрген. Ол үшін шиді түбінен шауып алып, бір-біріне балшықпен қалап, арасына құм салып өріп, қалап шыққан. Үйдің қабырғасын сабан қосып иленген балшықпен сылаған. Үйді ақтау кейіннен қалыптасып, XX ғасырдың екінші жартысында кеңінен қалыптасқан [6].

Сыр қазақтарының қыстық баспанасының бірі – *жеркепе.* Өзбекәлі Жәнібековтың зерттеуінше кепе алғашында аңшылардың дала жағдайында қалыптастырған баспанасы болған. Кепенің бастапқы бейнесін жерге қадалған сырықтардың басын қосып буатындықтан қаңқасы сүйір болып бітетін, сырты ағаштың қабығымен, аң терілерімен жабылатын қос немесе жерді шұқырлап қазып, ортасына төбедегі түтін шығатын тесіктің ернеуін шабақтауға орайластыра әр жерден қойылатын, бір-бірімен байланыстырылған тіреуіш ашаларға ағаш бұтақтарын тастап, үстін шөп-шаламен жаба салатын, кіріп-шығатын ойығы бар кепе болған деп жорамалдауға болады. Ө. Жәнібеков жеркепеге былай деп сипаттама берген: «Ал жерді шаршылап қазып, алынған топырақтың есебінен биіктей түсетін қабырғасының қақ ортасына кесе-көлденең белағаш (қары) қойып, екі жағына қарама-қарсы ағаш кеспектер (пәруаз) тастап, үстіне топырақ салып, лаймен сылайтын, түтін шығатын ойығы, кіріп-шығатын есігі бар жеркепенің кейінірек пайда болғаны ықтимал. Ғасырларды артқа салып, көшпелі малшылар аңшының сүйір қосын, егіншілер кепесін бірте-бірте жетілдіре түскендіктен қазақ даласында тұрғын үйдің жылжымалы және тұрақты түрлері қатар дами берген» [7].

Сыр бойы және Арқа, Жетісу өңірлеріндегі бай шаңырақтар арасында қоржын үй деп аталған тіркеспе қыстық баспана түрі кездескен. Қоржын үйде екі үй бір біріне жалғасып кетеді. Қоржын үйде ағайынды отбасылар отырған. Екі үйді асхана қызметін атқаратын дәліз бөліп тұрған. Қоржын үй тұрғызу үшін биіктеу жер таңдап алынып, оны кетпенмен тегістеп, сабан, түйеқарын, кепкен жантақ т.б. шөп-шаландар төсеп, малдың тұяғымен таптатқан, ағаш тоқпақпен ұрып нығырлаған. Бұл жерден сыз өтпес үшін жасалған. Жер дайын болған соң қабырға тұрғытын сызық бойына ор қазылып, оған қамыс төселгеннен кейін қабырға көтерген. Қабырға қамкесектен өріліп, сырты сабан қосылған лаймен сыланған.

Қыстаулық баспананың тоқалтам деген түрі қамкесектен соғылып, төбесі қамыспен жабылып, аласа, тып-типыл етіліп соғылған. Далалық қыстауларда құрылысы күрделі ауыз үй, оттық үй, жатақ үй, қонақ үй тіркеспелерінен тұратын тіркеспе үй деп аталған баспана кездескен. Тіркеспелер қазақ даласының көптеген өңірлерінде кездескен. Бұл – итарқасы қора-қопсысымен бірге жабылып, көбіне қамкесектен тұрғызылып, қабырғасы лаймен сыланатын немесе сырты күйген қышпен қапталатын мекенжай. Тіркеспе шымнан да, тақтатастан да соғылған. Ауқатты қазақтар арасында күйген қыштан тұрғызған, ішінара шатырлы үйлер

кездескен [7, 52-53]. Сырбойы егіншілері егістің басына жаз айларында жертөле үлгісімен салынған өлшек деген уақытша баспана тұрғызған. Оның қабырғасы қамкесектен өріліп, іші-сырты сыланбаған, итарқасы ағаш бұтақтары, жыңғыл, көк жантақпен жабылатын да, әр жерінен кесек, батпақтармен бастырып қойылатын. Аптап ыстықта өлшек үйлер салқын болған [7, 22].

Қақыра деп аталған қыстық үй қамыс, шиден тұрғызылып, сырты балшықлаймен сыланған. Қақыра қыстың жылы болуына байланысты оңтүстік өңірде, Сырдың орта ағысы бойында, Перовск уезінің шығыс бөлігінде кездескен.

Қыстаулар ауыл ақсақалының атымен аталған. Мысалы, Айтпанбет ақсақал қыстауы. Көптеген жерлерде қыстаулар тұрақты болса, жекеленген аймақтарда көшпелі қазақтар қыстауды өзгертіп отырған.

«Туркестанские ведомости» газетінде жарияланған «Заметки охотника» атты мақалада қыс жылы болғанда Оңтүстік көшпелілерінің қыстаудағы үйлерін қоғадан соғатындығы жазылған. Аңшылар, құсбегілер аң аулауға шыққанда шалаш, шатыр деген үйлер соққан [8]. Бұларды уақытша қызмет атқаратын баспана түрлері деп айтуға болады.

Сыр қазақтарының диалектісінде қыстық баспананы *«там»* деп атау қалыптасқан. Үй тұрғызу, салуды «там салу» дейді. Сыр өңірінде там салу кезінде құрылыс тезірек бітіру үшін «асар» жасайды. Егер бір адамның алдында өзінің күші жетпейтін жұмыс тұрса, (мысалы, бейіт көтергенде, үй тұрғызғанда, қора соққанда, арық тазалағанда) онда ол халықты көмекке шақырады, яғни асар жасап, іс біткен соң асарға жиналған халыққа ас береді. Қазіргі таңда да «асар жасау» ісі үй көтеру, бейіт көтеру кезінде ұйымдастырылады. Асар жасау «үмме» деп те аталады. Үмме – көмекке адам жинау. Асарға немесе үммеге ауыл ақсақалы, немесе асарға шақырып отырған әулеттің ақсақалы басшылық жасайды. Асаршыларға жұмыс арасында немесе жұмыс біткен соң ас береді.

Қазалы уезі бастығының орынбасары болған әскери-шенеунік Е. Александровтың Н. Гродековқа берген мәліметі бойынша Қазалы уезінде әйелдер киіз үйдің жабдықтары кілем тоқу, киіз басу кезінде әйелдерді көмекке шақырып, үмме-асар жасаған [9].

1926 жылы Қызылорда уезінде қазақ ауылдарында Казақ Кеңестік Социалистік Автономия Республикасының Орталық Статистикалық Комитеті жүргізген зерттеу материалдарында зерттеушілер 1926 жылы Қызылорда уезінен төрт шақырым жерде орналасқан наймандардың «Төлес» ауылында болып, ауылдың мамыр айының бас кезінде жайлауға көшкендігін, қыстауға күзде ғана оралатындығын, сондай-ақ ауыл көшінің егістік, шабындық, жайлауға тоқтағандығын жазған. Мұндағы көңіл аудартатын бір дерек «ауыл мүшелері қыстаудан көшіп, жаздық киіз үйлерін қыстаудан бірнеше шақырым жерге тікті... Көше алмаған кедей шаруашылықтар қыстау маңында қамыстан соғылған «шошала» үйде отырған», – деуі [10]. Яғни, шошаланы қазақтар жаз уақытында да қолданған. Шошала шымнан, қамыстан, қамкесектен, қыштан, тақтатастан тұрғызылған шағын үй.

Шошала Ақмола, Атбасар, Құсмұрын, Жетікөл сияқты орманды-далалы болып келген өңірлерде де кездескен. Бұл өңірдегі шошалалар бес қабырғалы етіліп, ағаштан қиыстырылған шаңырағы – түндікпен жабылып, адам кіріп шығатын ойығы – киіз есікпен жабылған. Ал, шарбақ шошаланың іргетасы дөңгелек етіп қаластырылып, үстіне 10-15 сырықтан түзілетін сүйір құрылғы орналастырылатын да, ағаш бұтақтарымен шабақтап, киізбен жабылған. Салыстырмалы түрде айтар

болсақ, қазақ даласының шығыс өңірі мен Алтайдың орманды алқабында тұратын қазақтар ағаш материалының жеткілікті болуына байланысты үйдің қаңқасын ағаш бұтақтарынан қиюластырып тұрғызып, төбесін басын буған қамыспен, шөп-шаландармен жауып, ортасына орнатылған ошақтан түтін тартасын моржа ойығы балшықпен сыланған шарбақ үй деп аталған ағаштан үй соққан. Дүкен деп аталған қыстық үйде шығыс жақта кездесіп, ағаштан қиюдасттырылып, бес қабырғалы етіліп, төбесі көтеріліп жабылған. Шарбақ үй мен дүкенннің сырқы келбеті киіз үйге ұқсас келген. Сарыарқа және солтүстік өңірдегі көшпелілер күздеуде «жалған-қыстау», «келте-қыстау» деген баспанада отырған. Бұдан байқайтынымыз, Сыр өңіріндегі қыстық баспана мен басқа өңірлердегі қыстық баспаның өзіндік ерекшелігі мен айырмашылықтары бар. Бұл айырмашылықтар үй тұрғызуға қолданылатын шикізат түрлерінен және баспананы жабдықтаудан көрінеді. Басқа өңірде орман-тоғайдың көп кезесуінен ағашты мол пайдаланса, Сыр бойынша ши, мыш, саз-кесек қолданылды.

Е.А. Полочанский 1920 жылдары қыстау-ауылдар қазақ жерінің оңтүстігінде Сырдария, Талас, Шу, Қаратал, Ақсу өзендері аңғарында кездесті дей отырып, қыстау-ауылдың кескіндемесін берген [11].

Қыстаудың мекен-жай ретінде тұрақталуы қыстық баспаналар салу ісі қолға алынған кезден басталады. Мал қоралар көбіне қыстық баспанаға жалғасытырыла салынды, мал қораның жапсарланып салынуы, үйдің жылылығын сақтаумен байланысты. Қора-қопсысымен, итарқасымен бірге жабылатын қыстау тұрғызу үшін, ойлы-қырлы, күн шуақты, малды жусататын шөбі мол, желдің өтіне ықтасын болатын қамысы, бұтасы бар өзен бойын, көл жағасын таңдап алатын болған. Қыстау маңында малдың қыстың жайылымы болды. Қазақ даласында байырғы қыстық баспаналарда отыру XX ғасырдың орта кезіне дейін сақталып келген.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Загряжский Г. Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи. // Туркестанские ведомости (бұдан әрі – ТВ). 1874. №29. – С.114.
2. О.Ш. От Орска до Казалинска // Туркестанские ведомости. 1889. №33. – С. 127-128.
3. Букин И. Умственное и физическое воспитание у киргиз // ТВ. 1883. №17. – С.66. ; Кустанаев Худабай. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. – Ташкент. 1894. – С. 13.
4. Материалы по киргизскому землепользованию. Казалинский уезд. – Ташкент. 1913. – С. 30
5. О.Ш. От Орска до Казалинска // ТВ. 1889. №33. – С. 127-128.
6. Дерек беруші. Тоқсанбаев Қыдырәлі. 1927 ж. туылған. Арал ауданы, Қарақұм кеңшары.
7. Жәнібеков Ө. Жолайрықта. – Алматы, «Рауан». 1995. 18-19 бб.
8. Заметки охотника // Туркестанские ведомости. 1888. №38. – С. 151.
9. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области. Т.1. Юридический быт. – Ташкент. 1889 - С.117.
10. Соколов В.Г. Казахский аул. – Ташкент. 1926. Приложение 3.
11. Полочанский Е.А. За новый аул-кстау. – М., 1926. – 6 б.

Мерзімді баспасөзге сталиндік биліктің орнауы (1932-1938 жж.)

Қылышбай СҮНДЕТҰЛЫ,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты

Тарихымызға зобалаңы тиген сталиндік дәуірдің тұсында пайда болған «ақтаңдақтардың» шындығы еліміз еркіндік алған тұсында ашыла бастады. «Кіші Октябрь революциясын» қазақ жеріне орнатуға белсене кіріскен Ф.И. Голещекин күштеп ұжымдастыру арқылы малы бар орта шаруаларды құғынға түсірді. Оларды «тап жаулары» малды жаппай қырып жоюға кірісті, осының салдарынан мал басы кеміді деп даурықты. Шындығында, малмен өмір сүріп отырған ұлтымыздың басын қолдан жасалған аштық баудай түсіріп жатты. Сталиннің саясатын қолдамаған немесе түсінбеген адамдарды «оңшыл, аппортыншыл» деп оларды сотқа беру, партиядан шығару, партияны тазалау науқаны күшейді. Енді сол кездегі «Асырау сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп ұрандатқан шолақ белсенділерге саяси ұн қосқан мерзімді баспасөзде осы науқаннан тыс қалмады. Бұның барлығы баспасөзге «қызыл» компартияның үстемдігінің толықтай орнап, олардың өз мәнінде шындықты айтуға әлдері де келмегені баршаға аян.

Сол кезде жарық көрген республикадағы газеттерге шолу жасаған «Социалды Қазақстан» газетінің 1932 жыл 8 маусым күнгі №131(2901) санында «Асыра сілтеушілікті, бүркеп отыр» атты мақалада Орда ауданының «Жаңа жол» газетінің бұл бағыттағы жұмысына төмендегідей баға беріпті: «Өткен жылдың июнь айында Орда ауданының Қошалақ, Дыңғызыл деген ауылдарындағы содырлы «солақайлар» бір жұма ішінде барлық малды, құрал-саймандыортақтастырып «артель» бола қалған. Бұл сияқты асыра сілтеушілік Орда ауданында аз ба? Бірақ «Жаңа жол» газеті мұндай фактілерді көрсе де көрмегендей көзін жұмып «кәзір толық жауап беруге болмайды» деп көріне аппортыншылдыққа түсіп отыр» [1]. Сыннан қорытынды шығару үшін Орда аудандық «Жаңа жол» газеті бұл бағыттағы хабарларды жиі басуға ұйымшылдықпен кірісті. 1932 жыл 26 желтоқсан күнгі №88 (117) санында Қазақстан өлкелік партия комитетінің 5 желтоқсандағы «Тауарлы мал фермаларының ұйымдастыру – шаруашылық жайы және оны нығайту шаралары туралы» қаулысының орындалысы туралы хабарлама есебі басылыпты. Онда мынадай жолдар бар: «Бай, әлділерге 15 айға берілген мал жоспары декабрьдің 20-на дейін тек 30 процент орындалып отыр, бұдан әсіресе соңғы кезде түскен нәрсе жоқ. Кей ауылдарымыз байларға соққы беру орнына көз көре оңшылдыққа, байларды жақтаушылыққа салынып партия директивін бұрмалап отыр. Бай әлділердің дым дайындамай отырған ауылдар:

Байқадам, Бөрлі, Жиекқұм, Жетібай, Тана, Шонай, Сайқын, Бисен, Мешіткұм, Сартөлген, Батырбек ауылдары, бұлар соққыны бай орнына колхозшыларға, жеке еңбекшілерге тигізіп отыр» деп жазады. Газеттің осы санында «Газет хабары аяқсыз қалмайды» айдарымен бірнеше мақала жарияланыпты. Соның бірімен танысалық: «Табы жаттар колхоздан қуылды» деген мақалада былай делінген: «Қошалақ ауылындағы «Маркс» колхозында жақын арада колхоз мүшелері ішіндегі табы жаттарды тазалау жиылысы өткізілді. Жиылысқа колхозшы еңбекшілерден 160 кісі қатысты. Жиылыс колхозға бүркеніп кіріп отырған табы жаттардың, кісі еңбегін жеп келген байлардың, колхоз уставына бой ұсынбайтын жатып ішер жалқаулардың барлығын ашты. Қорытындысында жиылыс табы жат адамдардан 6 кісіні колхоздан шығарды. Тыным» [2]. Газет Орда баспаханасында басылып, жауапты редактор ретінде Ғатау Махамбетов қол қойыпты.

Облыстық «Екпінді құрылыстың» 1933 жыл 4 қаңтар №4 санында «Тез тергелсін» атты мақала тілші «Құлып» деген атпен жарияланып, халықты дұрыс азық-түлікпен және киіммен қамтудағы олқылықтарға тоқталыпты: «Тайпақ. №450 санды мал совхозы жанындағы жұмысшы кооперативінің аты барда заты жоқ. Жұмыскерлерді жабдықтау жөнінде түк жасамай отыр. Қаражат жоспары орындалған жоқ. Оған көңіл бөліп жұмыс етіп жүрген басқарма көрмейсің. Өз бетімен тауар табу үшін кооператив басқармасы жұмыс етпейді. Дүкенге келген тауар болса бөлінбестен қолы жеткен директор, партком алады» деп жергілікті басшыларды сынаған [3].

Жаңғала аудандық «Социалды еңбек» газетінің 1935 жыл 30 қазан күнгі №52 санында аудандық атқару комитетінің III Пленумы сол айдың 23-26-ында өткенін хабарлап, онда мал шаруашылығының мемлекеттік жоспарын орындаудағы кемшіліктерге тоқталған: «35-шы жылдың 1 қаңтарынан 1 июльге дейін аудан көлемінен ірілі уақты 458 бас мал сатылған, 485 бас мал түрлі аурулармен өлген, 96 бас себепсіз сойылған, әсіресе Толыбай ауылынан 182 бас, Қарасамар ауылынан 118 бас, Таубұйрат ауылынан 155 бас, Қисық қамыс ауылынан 116 бас мал кеміген. Есепті айдың ішінде мал басының мұншама кемуіне басты себеп: кейбір ауылдық Кеңес ағалары мен серіктік басқармалары малды өздері бас болып сойып, қалса сатқандықтан. Екіншіден, ауылдық басқару жұмысында жүргендердің, белсенділердің тума-туысқандары мен көңілдестерінің малдарын жойғандарына ешбір амал қолданбай мал басын кемітушілермен күресті босандатып алғандықтан» [4]. Газет Жаңғала аудандық баспаханада басылып, Қ.Меңдібекұлы жауапты редактор ретінде қол қойыпты.

1937 жылы 4 наурыз күні өткен Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде республикалық «Социалды Қазақстан» газетінде Батыс Қазақстан облыстық партия ұйымдарының саяси қателері туралы редакциялық мақаласы туралы» мәселе қаралды. Онда аталмыш мақалада көрсетілген кемшіліктермен қатар, контрреволюциялық қазақ ұлтшылдарына қарсы күрестегі жоғарғы партия басшылығының тапсырмалары өз мәнінде жүзеге аспағандығы қатты сыналған. «Социалды Қазақстан» газеті атап көрсеткендей, «Облыстық партия бюро мүшелері тарапынан жергілікті жерлерден түскен «сигналдарға» өз мәнінде тергелмеген. Сөйтіп, Сталиннің өзара сын туралы нұсқаулары орындалмай партия ұйымдары ұлтшыл ж.Балғаниязовқа, ж.Қонысбаевқа, алашордамен байланыста болған Иманқұловқа, Хангереевке, контрреволюционер троцкист-зиновьевшілдердің «құйыршығы» Шумскийге және т.б. орынды шаралар

алынбаған. Бюро мүшесі І.М.Құрамысовтың өзі бас болып пединститутағы контрреволюциялық топты анықтау орнына, оларға жеңіл жік» деп қарағаң. «Меңдешевшілдерді» жұмысқа жоғарлатқан да ж.Құрамысов» деп осыларға Ізмұқан Мұқашұлы өзін-өзі кінәлі деп тапқан. І.М.Құрамысовтың өзі қол қойған осы бюро мәжілісінің қаулысымен Маңғыстау аудандық партия комитетінің хатшысы Д.Хангереевты жұмыстан босатуға, Орал қалалық партия комитетінің Пединститутағы контрреволюцияшыл ж.Балғониязовқа қарсы шешімінің дұрыс қабылданбағандығы және т.б. атап көрсетіліп, «Екпінді құрылыс» (редакторы ж.Иманқұлов) газетінің беттерінде қазақ ұлтшылдарына қарсы күресі қанағаттанғысыз деп табылады [5]. Кейін 1937 жылы 1-2 сәуірде өткен ВКП(б) Батыс Қазақстан облыстық комитетінің Х пленумы мәжілісінде қабылданған «ВКП(б) ОК Ақпан пленумы қорытындылары туралы баяндама жасаған ж. Құрамысовтың есепті баяндамасы туралы» қаулысында партияның халық жауларымен күресудегі жұмысы одан әрі қаралыпты [5, 8-іс, 246-247-п.п.].

Аталмыш осы қаулылар облыстың барлық бастауыш партия ұйымдарында талқыланып, оның қорытындылары аудандық мерзімді баспасөзі беттерінде жарық көрген. «Колхоз жолы» газетінің 1937 жыл 2 сәуір күнгі №23 санында «Батыс Қазақстан партия ұйымының және оның секретары жолдас Құрамысовтың саяси қателері туралы Қаз.Тал-өкпе аудандық партия активтері жиналысының қаулысы» басылыпты. Қаулыда жергілікті партия ұйымдары басшыларының аудандағы контрреволюцияшыл-қазақ ұлтшылдары мен алашордашылардың қалдықтарымен күресі нашар, аудандық партия комитетінің хатшысы Айтмағамбетов жолдасты Қазақ өлкелік партия комитетінің шешімдерін дұрыс жүзеге асыруға араласпаған деп кінәлі деп тапқан. Одан әрі осы актив мәжілісі қаулысында былай делінген: «Аудандық партия комитетінің екінші секретары ж.Жанғалиев құрғақ айқайға түсіп жалаң әкімшілік жасап келді. Әсіресе соңғы үш жыл бойы ауатком жанындағы партия тобының жұмысын елемеді. Айтылғандардың бәріде ж.Мусиннің(бюро мүшесі-Қ.С.) тап қырағылығының әбден мұқалғандығын дәлелдеді. ...Аудандық «Колхоз жолы» газетінің жұмысы да қанағаттанарлық емес. Газет контрреволюцияшыл қазақ ұлтшылдарымен күреске саботаждық жасап келді деп табады. Социалдық қоғам мүлкін жойған қылмыстыларды аупарткомның бюро мүшесі ж.Андреев кезінде райкомге хабарлай тұрсада, аупартком секретары Айтмағамбетов, бюро түгелдей Андреевтің хабарларына құлақ қоймай, әсіресе, жоғарыда көрсетілген колхоздардың тергеу жұмыстарын тергеу комиссиялары тергетіп тез анықтайық деген сұрауларында аяқсыз қалдырған. Анықталмағандығын айтпағанда да, шын халық дұшпаны екендігі анықталған, колхоз мүлкін жойғандарды да ж.Айтмағамбетов қымтап келген. Мысалы, Айтмағамбетов жолдас аудандық халық соты Масақпаевтан «Куйбышев» колхозының бұрынғы басқармасы, өзі бұрын банды болғаны үшін партиядан шығарылған Меңдігереевті сот жазасына тартпауын, ақтауын сұраған. Сондай-ақ, троцкишіл, советшаруашылығына зұлымшылық жасаған, жат адамдарымен байланысы бар, Дүйсәлиевті, Айтмағамбетов туысқандық көзқарасының арқасында оның қылмысын орынды әшкерелемеуге себепші болған. Ол қазірде бұл ауданнан кетіп, Оралға барып облыстық астық одағы бастығының орынбасары болып отыр. Оқытушы кадрларды әбден зерттемеді, олардың күнделікті жұмыстарын да дұрыстап бақыламады. Соның салдарынан аудандағы оқытушылардың составтарында (құрамдарында-Қ.С.) жат элементтер

кіріп кеткендіктері де байқалып отыр. Мысалы: бұрын бай, молда болған, алашордашылармен үздіксіз байланыс жасап келген Байшеркешев, Мұлқашев тағы басқаларының күні бүгінге дейін оқытушы болып келуі, олардың елеусіз қалуы» деп біраз сталиндік партия ережелерін бұзғандарды анықтапты. Бұдан әрі жергілікті белсенділердің қырағылығының арқасында төмендегідей «халық жаулары» анықталып, тізімдері жарияланыпты: «Дәулетияров Мереш – облыстық «Екпінді құрылыс» газетінің уақытша редакторы, бай баласы; Бұлқашев Сәпен – облыстық жоғарғы дәрежелі ауылшаруашылық коммунистер мектебінің оқытушысы, бұл жікшілдікке түскен, бұрын партиядан шығарылған еді. Ол қазір партиялығын қайтарып алды; Шынтасов – Теңіз облыстық атқару комитетінде жұмыс істейді, әкесі бай болғандықтан конфескіленген; Шукенов – Еспол аупартком председателі, бұл бұрынғы атақты бай полковниктің баласы; Бекжанов – Гурьев қаржы бөлімінің меңгерушісі, бұл да бұрын жікке қатынасқан, өзі бай болған адам; Жақыпов Серікқали – Алматыдағы НКВД аппаратында жұмыс істеп отыр. «Меңдешевшіл» жікке қатынасқан ұлтшыл азғын элемент; Ізбасар балалары: Жұмагелді, Қадір дейтіндер Оңтүстік Қазақстан облысында, бұл екеуі де «меңдешевшіл» жігіне қатынасқан адамдар; Хатаулин Мансұр – Ақмолада секретарь болып отыр. Бұл Есенбаевтың інісі помещиктің баласы, Махамбетжанов та Есенбаевтың тумасы. Осы күні Шымкентте. Андижанов та Оңтүстік Қазақстан облыстық атқару бөлімінде. Аты шулы бектің баласы; Ақботина Нәпиза – облыстық балалар бағым үйінде жұмыс істейді. Нәзипаның әкесі помещик, белогвардеец болған адам; Шәкіров Ғұсман – алаш ордашыл, алашордаға 10 мың сом ақша жәрдемін берген, совет өкіметіне жат элемент» [6]. Бұдан әрі осылардың барлығының үстінен тергеу жүргізіп, партиялық қатаң жазаға тартуға қаулы қабылдаған.

Ал осы жоғарыда айтылған Айтмағамбетов кім еді? Айтмағамбетов Боран 1901 жылы сәуірде қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Саркөл ауылдық кеңесінде туған. Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатынасқан партия-кеңес қызметкері. 1930-1933 жылдары БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің бюро мүшесі және ҚАССР Юстиция халық комиссары, осы қызметімен қоса республика прокуроры қызметін қоса атқарды. Республиканың тұңғыш прокуроры еді. 1933-1935 жылдары Гурьев ауаткомының төрағасы, кәсіпшілер одағы Орал облыстық комитетінің төрағасы, 1935-1937 жылдары БК(б)П Казталовка аудандық комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды. Сталиндік зұлматтың кесірінен Боран Айтмағамбетов 1937 жылы 3 желтоқсан күні тұтқындалып, 1938 жылдың 13 қарашасы күні әскери алқаның үкімімен атылады. КСР Одағы Жоғарғы Сотының әскери алқасының 1958 жыл 18 сәуір күнгі N4 н-626/58 шешімімен Б.Айтмағамбетов ақталды.

ҚК(б)П-сының 1937 жылы 12 маусым күні мәжілісте қабылданған бірінші съезінің «ҚК(б)П өлкелік комитетінің ж.Мирзояннның есепті баяндамасы» қаулысы Жымпиты аудандық «Қызыл Ту» газетінің 1937 жыл 4 шілде №56 санында жарияланыпты. Осы қаулының V тарауынан үзінді келтіре кетсек: «...облыстық комитеттер мен аудандық комитеттерге баспасөздің маңызын кемелуіне келтіруді, газеттердің идеологиялық дәрежесін көтеруді, газет бетінде партия-саясат мәселелері жазылуын оңдауды әрбір газетті партия мен халықтың жауларына қарсы күрестің өткір құралына, біздің жұмысымыздағы барлық кемшіліктер мен қателерді еш кімнің бет ажарына қарамай сынайтын большевиктік сынның жауынгер органына айналдыруды ұсынады. Облыстық комитеттер, қалалық комитеттер мен аудандық комитеттер таяудағы 2-3 айдың ішінде газеттерді жете

тексерілген кадрлармен нығайтатын болсын. Қазақ ұлтшылдарының троцкист-оңшыл фашист банды мен жаңа шет ел интервенттері мен бірігіп кеткендігінің фактісінен біздің партия ұйымдарымыз контрреволюцияшыл қазақ ұлтшылдарына және оған қарай ауа жайлаған уклондарға қарсы күресті күшейту қажеттігі туралы қорытынды шығару тиіс». Газетке жауапты редактор ретінде Қ.Тастайбеков қол қойып, Жымпиты баспаханасында 1660 данамен басылыпты. Осы «Қызыл Ту» газетінің 1937 жыл 17 маусым күнгі №51 санында «Отанды сатқан жексұрындар» атты мақала жарияланыпты. Оқып көрелік: «Жымпиты поселкесінің еңбекшілері Тухачевский және басқаларының шпиондық әрекеттері туралы хабарды есіткенде қатты ызаланды. Аудан орталығында июньнің 12-сі күні 300-дей халықтың қатынасуымен үлкен митингі болды. Митингіде социализм отанына қарсы, бүкіл еңбекшілердің бақытты өміріне қарсы фашизмнің тікелей шпиондары болып кеткен Тухачевский, Якир, Уборович және басқаларының істеген істері көпшілікті қатты ызаландырды... Отанды сатқан сұмырайлар тез жойылсын олардың бәрін құртамыз, деді көпшілік» деп аяқтапты [7].

Халықтың өз малын отбасы мұқтажына жаратуға болмайтындығына жергілікті өкімет қатты шектеу қойды, ең болмаса аштықтан құтылудың жолы да қарастырылмады. Қаратөбе аудандық «Колхозшылар үні» газетінің 1937 жыл 29 тамыз күнгі №65 санында «Шалқындағылар мал шаруашылық ісін қалтарыста қалдырмау керек» атты мақалада былай делінген: «Шалқын ауылы мал шаруашылық ісі үшін нашар күрескендігінен, өткен жылы, басқа ауылдарымыз мемлекеттік мал өсіру планын бір келкі табыстармен орындап шыққанның өзінде. Шалқын ауылы 226 бас мал сойып, мемлекеттік мал өсіру планын орындай алмаған еді. Бұл өткен жылдың ащы тәжірибесі, Шалқын басшыларының алдына өзінің олқылықтарынан тиісті қорытынды жасап үстіміздегі жылда оны қайталатпауы міндетін қойды. Бірақ, не пайда Шалқын басшылары бұл міндетті мүлдем есінен шығарып алды, мал шаруашылығы жөніндегі істелетін ұйымдастыру шаралары былай тұрсын, алдымен өздері бас болып мал союға кірісті. Соның салдарынан жыл басынан осы кезге дейінгі уақыттың өзінде ауыл көлемінде 114 бас мал сойылып отыр» [8]. Газетке жауапты редактор ретінде Әділбай Жылкелдин қол қойып, тиражы 1330 дана болған. Алайда көп ұзамай редактор Ә.Жылкелдин Сталиннің ауылшаруашылығы саясатын бұрмалады деген айыппен қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылы 21 наурызда сот үкімімен он жылға Хабаровскі өлкесіндегі лагеріне айдалады және сол жақта қайтыс болады.

Ауылшаруашылығы жұмысын ұйымдастыруда жергілікті зиянкестер кедергі болуда делініп жар салынды. Ілбішін аудандық «Екпінді жол» газетінің 1938 жыл 30 мамыр күнгі №50 санында Құмар деген тілшінің «Зиянкестіктің зардабын құрту керек» атты мақала басылыпты, осыны оқып көрсек: «Басшылығында көп уақыт халық жаулары отырған Сүттігенді МТС-ында зиянкестіктің зардабы әлі жойылған жоқ. Соның арқасында бұл МТС қарауындағы колхоздар биылғы көктемгі егіс науқанына ұйымдасқан түрде кірісе алмады. МТС план бойынша жұмыс істемейді, трактор паркінің ремонты сапасыз болды, осының нәтижесінде колхоздардың көпшілігі егіс пландарын үкімет көрсеткен срокте орындай алмады. Зиянкестіктердің әрекетінен өткен жылы күзде колхоздар зяб жырту пландарын орындамады және жыртылған жер өте сапасыз болды, көктемгі егіске әзір жер болмағандықтан көп колхоздар көктем егістің салып болу срогын(мерзімін – Қ.С.) өрескел созып жіберді» [9]. Газетке Жақып Төлешев жауапты редактор ретінде қол қойыпты.

Тайпақ аудандық «Ленин жолы» газетінің 1938 жыл 2 қазан күнгі №86 санында «Бірінші парыз – астық дайындау планын орындау» деген мақалада колхоз басшыларының ұлы көсемдері Сталиннің «ең басты міндетті елеусіз қалдырып жүрмеңдер, астық дайындау жұмысын орақтың басынан жеделдетіп қызу жүргізіңдер: өйткені, бірінші парыз – астық дайындау планын орындау деген» нұсқауын орындау үшін жеткілікті күрес ұйымдастыра білмегендіктерінен астық тапсыру ісі ұзаққа созылып, әлі орындалмай отыр» [10] делінген.

Сталиндік қуғын-сүргін Урал өзен пароходы бассейні өзеншілерінің үні болған «Уральский водник» газетінде шарпып өткен. Газеттің сол жылғы сандарының қай бетін ақтарсаңыз да «халық жауларының» су жолы бойындағы қылмысты әрекеттері әшкереленген мақалалардан аяқ алып жүре алмайсың. Осыған «Уральский водник» газетінің 1937 жыл 24 қазан күнгі №141 санындағы «Виновных привлечь к ответственности» атты мақала айқын куә [11]. Мақалада техникалық ахаулықтың салдарынан бір баркастағы нан түгелдей құрттап кеткендіктен жауапты адамдарға қатаң шара қолдануды сұраған. Газет дабылы жергілікті прокуратура тергеушілері тарапынан қолдау тауып, Урал мемлекеттік пароход қызметкерлеріне қарсы қозғалған қылмысты іс сотқа жолданды [12, С.102].

Сөйтіп, XX ғасырдың 30-шы жылдарында, оның ішінде Батыс Қазақстан облысында жарық көрген мерзімді баспасөзге сталиндік билік толығымен орнады. Баспасөздегі демократиялық принциптер сақталмай, барынша қарапайым бұқара халықтың айтар ойы мен тілегі тұншықтырылды. 1937 жылы 1 тамыздағы ҚК(б)П Орталық Комитетінің Мәскеудегі жоғарғы партия органдарына берген ақпарында мынадай мәліметтер бар: «Батыс Қазақстан облыстық газеттеріне 15 адам керек. Аудандық газеттердің де жәйі онша мәз емес. Батыс Қазақстан облысындағы аудандық газеттер редакторының 5-уінің орны бос тұр. Осы мезгілде «халық жауы» ретінде анықталып, облыстық газет редакциясынан қуылғандар саны – 14 болса, оның 4-уі редактор. Аудандық газеттің 7 редакторы әшкереленді. Бұл адамдардың барлығы дерлік халық жаулары троцкистер мен ұлттық контрреволюционерлер болып шықты» [13]. Осылайша, баспасөздің шыншылдық рөлін пайдалануға ұмтылыс жасаған журналистер жазықсыз сталиндік қуғын-сүргіннің құрбанына айналды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Социалды Қазақстан. – 1932. – 8 маусым.
2. Жаңа жол. – 1932. – 26 желтоқсан.
3. Екпінді құрылыс. – 1933. – 4 қаңтар.
4. Социалды еңбек. – 1935. – 30 қазан.
5. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты (БҚ ОММ) 37-қ., 6-т., 15-іс, 76-82 п.п.
6. Колхоз жолы. – 1937. – 2 сәуір.
7. Қызыл Ту. – 1937. – 4 шілде ; Қызыл Ту. – 1937. – 17 маусым.
8. Колхозшылар үні. – 1937. – 29 тамыз.
9. Екпінді жол. – 1938. – 30 мамыр.
10. Ленин жолы. – 1938. – 2 қазан.
11. Уральский водник. – 1937. – 24 қазан.
12. Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. – Алматы: Қазақстан, 1998. – С 336. – (Архив Президента РК).
13. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты 708-қ., 4/1-т., 541-іс, 16 п.

Орта ғасырлық батыс Европадағы креационизмдегі Бейболмыс мәселесі

Берік АТАШ,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, философия ғылымдарының кандидаты

Бүгінгі таңдағы философиялық мәселелердің жаңаша қойылуы – әлем жаратылуы мен құрылымы жөніндегі жаратылыстану теориялары мен «жаңа онтология», жаңарған эпистемология, ғылыми және ғылыми емес білімдер синтезінен туындаған ойтұжырымдар адамның дүниеге өзгеше қатынасы мен жаңа картинаны жасауды қажет етті.

Сондықтан алғы бастама, абсолют, жаратылу, өздігінен ұйымдасу т.б. ұғымдар мен таным тереңдіктеріне бойлай ену дәстүрлі философияның жаратылыстану ғылымдарымен байланысын ашуға, оккультизмдік және діни философия атанған білімдер жүйесіндегі түбірлес-тектес құрылымдарға үңілуге шақырды. Бұрынғыдай әлем құрылымы мен жаратылу идеясын таза діни немесе ғылыми түрде шешуге ұмтылуды ғана емес, олардың жарыспалылығын модификациялау, мистика мен оккультизмдік көздерге «келісімді логоцентризммен» қарау, бейсызықтық ғылымдар жүйесінің жаңа танымдық парадигмаларын ескеру, сенімдердегі «ақиқат» субстраттарын ғылыми проекциялау, плюралистік философиялық ойлауды жетілдіру мен еркін ойлылық, постпозитивизмнің «бәріне де рұқсат» принципін шектемеу т.б. бүгінгі таңдағы адамзат танымындағы трансцендентілікке ұмтылыс пен интенцияны қанағаттандыруға бет түзейді. Яғни, танылмайтын тылсымдыққа үңілу мен оны түйсінуге құштарлықтың бірлігі осы обьектілерді байыптауға мүмкіндіктер ашады.

Бұлар дәстүрлі болмыс конструкциясы мен функционалдық тәуелділіктегі детерминизмге сүйеніп шешетіндей, қарапайым логоцентристік ойлау парадигмасымен ашылатындай, линиялық бекітілген теориялармен негізделетіндей феномен емес екендігін ескерткендей болды.

Осындай жаңаша картина – болмыстың әдіснамалық негізде құрылған мағынасы мен тарихи-әдістемелік құрылымға айналған алғашқы жаратылу туралы мәселені қайта жаңғыртты. Философия мен жаратылыстанудағы әлемнің «басталуы» проблемасы, қазіргі әлемнің синхронды түрі болып та табылатын онтологияның мәнін салыстырмалылық тұрғыдан ашуда нағыз баламасы – Бейболмыс деп түсінуді қажет етті.

Шындығында, философия тарихындағы Бейболмыс мәселесі болмысты толық түйсінудің принциптерін ұсынып келген болса, «нақты анықталған болмыс» бойынша адам болмысы мәселесін де қамтып өтіп отырған. Сондықтан Бейболмыстық болмыстың және болмыс «ішіндегі» Бейболмыстың өзара арақатынасы – өмір сүретіндіктің шынайы деңгейлерін дәлелдейді, тұтас болмыстың шекаралық

өлшемін шартты түрде көрсетеді, демек, әлемге имликациялы түрде құрылған адам болмысының нағыз көрсеткіштерін түйсінуге ұмтылдырады.

Адам мен әлем, таным мәселелерін Бейболмысты қатыстыру әдіснамасында байыптау қажеттілігінен осы үстем онтологиялық саланы іргелі туынды ретінде қарастыру қажеттілігі арта түседі. Бұл Бейболмыс түріндегі Ештеңе болып табылатын сакральді мифтік эпистемологияны, теологиялық креационизмдегі оның абсолют екендігі мен абсолют-құдайдың арақатынасын тереңдей ашуды, жаңа дәуірдегі әлемді түйсінудің жаңаша картинасын құрудағы Бейболмыстың қатынасын қайта тануды, қазіргі заман философиясындағы онтологияның жаңа танымдық парадигмаларын дәйекті түсіндіруді, бейсызықтық ғылымдар жүйесіндегі теорияларға Бейболмыстық үстем онтологияны әдіснама ретінде ұсынып модельдеуді, метафизикадағы хаос пен орын мәселесінің жаратылыстану тұрғысынан материалдық дүниені қалай айқындайтындығын ұғынуда маңызды бағдар. Осыған орай, алдымен «қазіргі таным түсінікте Бейболмыс дегеніміз не» деген сауал туындайды.

«Небытие – отсутствие, отрицание бытия, существования. Следует отличать от ничто как отрицания определенности, сущности. Небытие – онтологическая категория, являющаяся отрицанием понятия бытия» [1], – деп атап көрсетілген тұжырымдарға сәйкес, оның мәнін толығырақ ашу үшін философия тарихындағы Бейболмыс мәселесін сараптауды қолға алуымыз қажет. Осыған орай, Бейболмыс түсінігінің өзекті философиялық мәселе екендігін де онымен арнайы шұғылданушы ойшыл Н.М. Солодухо былайша атап өтеді: «Бытие или небытие, с чего берет свое начало мир? Этот вопрос должен быть признан исходным философским вопросом» [2,8].

Сондықтан оның орта ғасырдағы оның толғанылу ерекшеліктеріне шолу жасап, ол дәуірдегі құдайдың әлемді жарату актісі бойынша қатыстырылған креационизм деп аталатын қағидаға тоқталып өтуіміз қажет. Яғни, егер әлемді құдай жаратқан болса, бастапқы қатысушы жақ ретінде ұсынылған Ештеңе Бейболмыстың баламалық ұғымдарының бірінен танылады.

Батыс европадағы орта ғасырдағы философия: патристика және схоластика болып екіге бөлінсе, патристиканың өзі – ерте, ортаңғы және соңғы болып үшке бөлінеді. Сәйкесінше, схоластика кезеңі де: ерте кезеңдегі, ортаңғы және соңғы болып үш кезеңді қамтиды. Бұл ұзақ кезеңді қамтитындыққа байланысты (2–14 ғғ.) шартты түрде хронологиялық уақыт бойынша ажыраған кезеңнің ортақ мәселелері христиандық теологизмге келіп тоғысады. Ондағы негізгі мәселелелер: жоқтан жаратылған дүние, жазылып қойылған тағдыр, күнә үшін азап шегу, пайда болу мен жойылу т.б. Сондықтан осы мәселелерге қатысты Бейболмыс өзінің баламалары – «болмау», «жоқтық», «Ештеңе», «өмір сүрмейтіндік» т.б. формаларда көрініс бере келе психологиялық өлім мәселесін де қамтып өтеді. Яғни, біз қарастыратын креационизм принципінің мазмұны – «құдайдың әлемді жоқтан жаратуы» актісі болатын болса, осы процестегі біз үшін қажетті обьект – әлем жаратылғанға дейінгі бастапқы, түпкі оның «жоқ күйі», Ештеңе болып табылатын алаңсыз Бейболмыс. Осыған орай, орта ғасырдағы ерте патристика кезеңіндегі ойшылдардың әлемнің жаратылуы хақындағы идеяларын сараптап, ондағы Бейболмыс мәселесіне тоқталып өту қажеттігі туындайды.

Орта ғасырдағы батыс философиясындағы патристиканың көрнекті өкілдерінің бірі – Григории Нисскийдің (335–394 ж.) де жаратылу актісі тұжырымына тоғысатын

ойтолғамдары Бейболмыс мәселесіне қажетті ой пікірлерді жинақтайды:«Ведь всеми и всюду признается также, что нетварная природа — непреложная и всегда та же самая, а тварная не может пребывать без изменения. Ведь уже само прехождение из небытия в бытие есть некоторое движение и изменение небытия в бытие, переменяемого по божественному изволению» [3,58].

Бұл – жаратылу актісінің концептуалды түсіндірмесі, сәйкесінше, Бейболмыстан болмысқа өту бола отырып, Бейболмыстың болмыстағы өзгерісі мен құдай құзырындағы құбылту болып табылатындығы айшықталған болса, ықпалды басты фактор – Бейболмыс пен болмыстың өзгергіштігін және тасымалдануын (трансформациясын) сақтайды. Ойшылдың пікірінше, пайда болу – Бейболмыстан болмысқа тасымалдану. Ал Бейболмысты бастапқы, түпкі «транзит» ретінде атап көрсетуімізге болады. Сондықтан Бейболмыстың болмыстағы өзгерісі мен қозғалысы түріндегі процестің жалпылама сипаты барынша логикалық құрылым болып шығады. Әрине бастапқы жаратылу процесі бойынша «болмыстағы өзгеріс іске аспайды», сондықтан оны «Бейболмыстағы өзгеріс» деп пайымдаған орынды, дегенмен, «Бейболмыстың болмыстағы өзгерісі» болмыстың өзгерісі болып табылады. Себебі Бейболмыста ешқандай да өзгеріс пен қозғалыс процестері жүріп отырмайтындығын ескеруіміз қажет, сондықтан құдайдың «құбылту» процесі – Бейболмыстағы өзгерістер туралы тұжырым туғызады.

Бұл тұжырымда Бейболмыстан болмысқа өту процесі түбегейлі түсіндірілмейді, оның бір ғана шындығы ретінде – құдайдың құбылту процесі алынады. Яғни, құбылту осы процестің призмасынан өтеді, ол Бейболмыс пен болмыстың өз ішінде еркін қатысатын динамизмін құрайды. Осындай еркін динамика мен тасымалданушылық жоба, Бейболмыс пен болмыстың динамизмін қайталайды. Құдай құбылтуды иеленген болса, Бейболмыс құбылуға бейімделген, себебі бұл құбылу – болмыстың өз ішіндегі процестер ғана емес, ең бастапқы, түпкі ретроспекцияға келіп тіреледі. Яғни, жаратылу процесін модельдеп, кері шегіндіре отырып, бастапқы қалпын жобаласақ, осы құбылуға қайта ораламыз. Сондықтан болмыстың эволюциясындағы шегіністің түпкі, ақырғы ретроспективизмі Бейболмыстан туындауға келіп тіреледі. Логика барынша нақты, барынша қайшылықсыз құрылған. Бұл конструкцияда Құдай болмыс пен Бейболмыстан барынша тыс және үстем бола алады. Сондықтан бұндағы Бейболмыстың құбылуға қабілеттілігі мен өзінен болмыстық дүниелерді бөліп шығара алатын дифференциялық функциясын құруға мүмкіндік аламыз.

Шындығында да, бұндай тұжырымдарға тоқталу – жаратылу процесіндегі барынша логикалық құрылым болып табылады. Бұл – сәйкесінше, алаңсыз, абсолютті тыныштықтағы Бейболмыстың алғашқы динамизмін жасайды. Бұдан Бейболмыстық философиялық ойтолғам құруға мүмкіндік аламыз. Себебі оның абсолюттілігі мен тәуелсіздігі және өзі-үшін ғана екендігі философиялық ойтолғамдық идея тудырушылық өлшем бойынша обьекті ретінде таңдап алудан алшақтата түседі. Яғни, Бейболмысты тану мен дәйектеу үшін қандай-ма бір динамизмнің қажеттілігі бастапқы ойлау парадигмалары үшін сөзсіз керек тұрғы. Бұл тұрғы жай ғана елеусіз, тану үшін құрылған шарт немесе мотив қана емес, басты тұғырнама және болмыс пен Бейболмыстың қатынасының шынайы көрінісін білдіреді.

Ансельм (Anselm) Кентерберийский (1033, Аоста, Италия,— 21.4.1109, Кентербери, Англия), теолог, схоластиканың негізін салушы. Сенімді парасатты

білімнің алғышарты ретінде түсінді. Құдайдың өмір сүретіндігінің онтологиялық дәлелдемесін ұсынып, оның болмысын онтологиялық болмыстан туындатудың мүмкіндігін жасады. Универсалиилер жөніндегі тартыста схоластикалық реализм бағытын ұстанды [4,26].

Ол өзінің «Еркін таңдау жөнінде» деген туындысындағы шәкірт пен ұстаз диалогы бойынша құрылған ойтанымда атап көрсеткендей, құдайдың жоқтан жарату актісі де қайтадан тұжырымдалады: «Ученик. Разве что один только Бог может отнять у нее правильность? Учитель. Посмотри, почему не может. Любую субстанцию, которую Он создал из ничего. Он может возвратить в ничто; а от воли, имеющей правильность, эту последнюю не может отделить» [5]. Бұндағы жоқтан жарату қызметі логикалық түрде қайтадан жоққа айналдыруға болатындығы жөніндегі регрессиялық жобамен тұжырымдалады. Яғни, жаратушы оны жоғалтуға да құқықты деген пікір білдіріледі. Ал Ештеңе формасындағы Бейболмыс бұл парадигмада өзінің таза өмір сүрмейтіндік тәсілін қайталайды. «Жарату» мен «жою» феномендерінде қатынасып тұрған Ештеңе болмыстың жалпылама өлшемі ретінде танылады, оны жаратушы жою үшін қайтадан Ештеңе қалпына түсіре алады, яғни, сол жаратылған Ештеңе жою актісінде де Ештеңе түрінде бастапқы қалпын сақтайды. Демек, әлемнің пайда болуы мен жойылуының өлшемі, яғни, болу-болмауының нақты дәйектеушісі Ештеңеден туындау мен оған айналу перифериясын сақтайды. Әлемнің қайтадан болмауы мүмкіндігінде де Ештеңе еркін қатысады және ең түпкі инстанция ретінде болмыстың аяқталуын білдіреді.

Осы идеясын «Монологион» атты еңбегінің «Бәрі де жоғарғы мән арқылы жаратылған, сол арқылы өнеді» деп аталған XIII тарауында әрі қарай жалғастырған А.Кентерберииский: «Итак, установлено, что все создано через высшую природу, — все, что (только) не тождественно ей. И разве лишь неразумному уму может показаться сомнительным, что все, что было создано, пока оно существует, произрастает и укрепляется при поддержке того же самого, чьим действием имеет свое бытие из небытия. Ибо в точности таким же рассуждением, как и то, согласно которому все существующее существует через нечто одно, вследствие чего само это (одно) существует через себя, а все остальное — через иное, тем же, говорю, рассуждением можно доказать, что все произрастающее произрастает через нечто одно, вследствие чего только само это одно произрастает через себя, а все остальное — через иное» [6,40], – деп ой түйеді. Демек, бұл жердегі Бейболмыстан жаратылған дүниенің бар екендігі, өзге арқылы өнетіндігі мен өзі арқылы бар болатындығына келіп түйіседі.

Араб-мұсылмандық дүниетанымда да байырталғандай, бұнда да басты үш субьекті алынған: «Бейболмыс-Жаратушы-болмыс». Себебі креационизм бойынша Жаратушы субьектісі қатыспаса, Бейболмыстың да, болмыстың ешқандай әрекеті немесе жалпы қандай-ма болмасын ешқандай факторлары да іске аспайды. Бұл конструкциядағы Жаратушының осы идеяның бірден-бір мотивациялық туындысы болуы, болмыс пен Бейболмысты өз актісінде іске қосады, оларды жандандыра түседі. Бейболмыстың процеске қатысушылық «белсенділігі» Жаратушы арқылы жүзеге асатын болса, креационизм үшін қажетті Бейболмыс және оның функциясы – ұлы проблемаға ықпал етуші болып табылатын өзінің-өзіне жауапкершілігін әйгілейді. Егер Бейболмыс бұл ситуацияда қатыспайтын болса, «Жаратушы әлемді «неден» жаратады?» деген сауал туындайды. Сондықтан Бейболмыстың «бір

нәрсе» ретінде құрылған моделі – жаратушылық акт үшін ғана, егер бұл акт іске аспай, таза абсолютті жоқтық «жайлаған» болса, Бейболмыс оған қатынаспаған күйде де таза өз мәнін сақтайды.

Фома Аквинский (1225/1226- 1274) – орта ғасырдағы көрнекті теолог және философ, 13 ғасырдағы схоластиканың өкілдерінің бірі. Батыс Европа үшін Фома Аквинат деген есіммен танылған ол орта ғасыр схоластикасын жүйелеуші, томизмнің негізін салушы, монах, 1567 жылы «шіркеу ұстазы» атанған. Негізгі идеялары: «Сумма теологии», «Сумма против язычников» еңбектерінде теологиялық-рационалистік сипатта танылды. Құдайдың өмір сүретіндігі жөнінде нақты дәлелдемелер келтіре отырып, онтологиялық ілімінің негізінде Аристотельдің актуальділік пен потенциалдық антитезасына сүйене отырып, потенциалдылықтың – жетілмегендігі мен аяқталмағандығын ұсынып, таза потенциалдылық ретінде материяны таниды, оны «болмыстың әлсіз түрі» деп байыптаса, актуальділік – іске асқандық, аяқталғандық пен жетілгендік деп пайымдайды. Материя формаға еніп, «даралану принципін» нақтылайтындығын атап өтеді. Сонымен қатар орта ғасыр іліміне «өмір сүретіндік пен игіліктілік өзара алмасатын ұғымдар» болып табылатындықтың құндылығын енгізді.

Креационизмнің жетілген нұсқасын байыптаған ойшыл – түпнұсқалық модус ретінде қажеттілік пен кездейсоқтықты қатыстырады [7,144]. Сайып келгенде, түйін – құдайдың өмір сүретіндігін дәлелдеуге алып келеді. Дегенмен осы екі аралықтағы болмыс пен өмір сүретіндердің динамизмі – болмайтын әлем мен болатын әлемнің тасымалдануын көрсетеді. Яғни, ойшылдың ой шығармашылығының логикалық дәлелдемесінің эволюциясындағы ұғымдардың қатынасы мен кірістірілуінің жүйесін атап көрсету арқылы Бейболмыстық танымды ашуға мүмкіндік аламыз: «Қажеттілік – кездейсоқтық; болу мен болмау; пайда болу мен жойылу; болу мен болмау мүмкіндігі; мәңгілік пен бейболмысқа өту; ешнәрсенің де болмауы (Бейболмыстың «үстемдігі» жайлаған көрініс) - өмір сүретіндердің әлдене арқылы (болмысқа) өтпеуі; ешнәрсе болмайтындық – ешнәрсенің де болмысқа өтпеуі».

Осы алгоритмнен көріп отырғанымыздай, құрылған дилеммалар Бейболмыстық философиялық ойтолғамның нәтижесі болып табылады. Дегенмен, конструкция ретінде алынған бұл жұптанған түсініктердің құрылымы ойшыл үшін құдайдың қажеттілігі арқылы іске асатын болмыс-үшін ғана алынған. Мәселен, болмау мүмкіндігін жалпылап, оны бүткіл әлемнің призмасынан өткізсек, шындығында да Бейболмыстың абсолютті «үстемдігі» моделі алынады. Яғни, ешнәрсе де өмір сүрмейтін болса, ешнәрсе де болмысқа өтпес еді. Бірақ қазіргі әлемнің картинасы олай құрылған жоқ. Сондықтан осы тұста бұның шартты түрде алынған теориялық модель екендігін ескеруіміз қажет. Осы сараланған пікірлерге сүйене отырып, Бейболмыс туралы ойтолғамның біз үшін жаңа конструкцияларды тудырғандығын көре аламыз: Әлемнің тұтас болмауы, болмысқа өту мен Бейболмысқа өтудің қатар қойылуы; осы құрылымдардың қажеттілікке келіп тірелетіндігі т.б.

Сондықтан Фома Аквинскийдің Бейболмыс жөніндегі ой-пікірлері арқылы мынадай нақты тұжырымдарға келе аламыз және оның өзге де қырларын ашуға мүмкіндік аламыз:

– Бейболмыстың тек болмыстың жаратылуы үшін ғана емес, оның жойылуы үшін де қажетті модель, жалпылама түпнұсқа болып табылатындығы; Себебі болмыс үшін басқа баламалы, салыстырмалы обьекті жоқ.

– Болмыс пен Бейболмыстың динамизмі мен тасымалдануы үшін басты өлшем – қажеттілік болып табылатындығы; Яғни, болмыстың да, Бейболмыстың да басқа өзгеретін, ауысатын аймақтарының болуы да мүмкін емес.

– Болу мен болмау мүмкіндігін құрастыру – тылсым, логикалық емес, қайшылықты болып табылмайды, керісінше, креационизідік принцип, Бейболмыс, болмыс, қажеттілік т.б. үшін қарапайым логикалық түйіндер арқылы іске асады;

– Бейболмыстың ешқандай болмыс болмаған жағдайда таза «үстемдігі» жайлайтындығы туралы модель алынады; Бұның екінші бір қырыны сәйкес, Бейболмыстың үстемдігінің орныгуы – ешнәрсенің де үстемдік етпеуі дегенді білдіреді

– «Болмау» мен «жойылудың» Бейболмыстың қатысуы арқылы ғана іске асатындығы және Бейболмыстың ол актілерге тікелей қатысты екендігі туралы тұжырым ұсынылады; Бұл – «өмір сүрмейтіндік», «қатыспайтындық» тәрізді Бейболмыстың модустарының бірінен саналады.

– «Болмыс», «қажеттілік», «Бейболмыс» түсініктері ешқандай ғарыштық иерахиясыз, онтологиялық статуссыз «тең құқықты». Яғни, бәрі де бірдей деңгейде, бірдей қатынаста өзара тең және үйлесімді құрылымдар ретінде тұжырымдалады.

Яғни, біз орта ғасырдағы құдайдың әлемді жаратуы процесіндегі Бейболмыс мәселесіне шолу жасап оны зерделедік. Бұл діни философия мен жалпы жаратылыстану ғылымдары үшін ойталқы ретінде ұсынылатын пікірталастық аймақты жандандыра түсетін қағидаларды ұсынады. Демек, осы тұста Бейболмыс ұғымын өзіндік таным-түсінік ретінде байыптау қажеттілігі туындайды. Осыған орай, Бейболмыс мәселесін философия тарихы бойынша сараптау өзекті болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Небытие: Материалы из Википедии – свободной энциклопедии: Версия 11451024, сохран. В 12:40 UTC 15 октября 2008// Википедия, свободная энциклопедия.-Электрон. дан.-Сан-Франциско: Фонд Википедиа, 2008.-Режим доступа: http: // ru. Wikipedia. org/? Oldid=11451024
2. Солодухо Н.М. Философия небытия.-Казань, 2002 (с.7-10)
3. Григорий Нисский. Об устроении человека. СПб., 1995. С. 50-56, 57-58, 68-69. Перевод В. М. Лурье 4,50-58 б
4. Философский энциклопедический словарь/Гл. редакция: Ф56 Л. Ф. Ильичев, П. Н. Федосеев, С. М. Ковалев, В. Г. Панов — Москва: Сов. Энциклопедия, 1983.—840с. (с.26)
5. http://www.agnuz.info/library/books/antologiya/Антология средневековой мысли
6. Монологион. Фрагменты//Ансельм Кентерберийский. Сочинения. Москва, 1995. С. 39-56, 109-114, 118-122. Перевод И. В. Купреевой.
7. Боргош Ю. Фома Аквинский. М., 1975. С. 143—176. Перевод С. С. Аверинцева. Теология и наука

Олжас Сүлейменов және қазақ кино өнері

Дастан СӘТБАЙ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Олжас Сүлейменовтың қазақтың көркем мәдениетінің дамуына қосқан үлесі көшпенділер мен Дала өркениеті әлемі өмірінің поэзиясын орыс мәдениетінің көкжиегінде лайықты орнықтырылуымен шектелмейді. Ақынның қазақ киносының дамуына қосқан үлесі оның поэзия мен ғылымдағы табыстарына барабар емес. О. Сүлейменовтың көпқырлы шығармашылық қызметінің құрамдас бөлімін кино өнері құрайтындығы көпшілікке беймәлім. Қайта өрлеу ауқымындағы тұлға ретінде О. Сүлейменов қоғамның рухани өмірінің барлық салаларында өзін-өзі көрсетіп, жалпы Қазақстан мәдениетінің дамуына зор пәрмен берді. Ұлттық оянудың талаптары оны ақын, ғалым және қоғам қайраткері, ақырғы соңында кинематограф болуға мәжбүрледі. 60-шы жылдардың бірінші жартысында да қазақ киносы бұрынғы жылдардан жалғасып келе жатқан дағдарыстарды жеңе алмай жатты. Осы уақытқа дейін «Қазақфильм» киностудиясының дербес Кино Үйінің болмауын айтса да жеткілікті. 1960-шы жылдың мамыр айынан бастап, Қазақстан жазушылар Одағының мәжіліс залын келісім шарттың негізінде пайдалануда рұқсаттың алынуымен Кино Үйінің ашылуы деп есептелуі көп нәрседен хабардар берсе керек [1].

«Қазақфильмнің» материалдық-техникалық және қаржылық жағдайы сын көтермеді. Кино өнерін құрайтын барлық компоненттер жетіспеді. Режиссерларға, сценаристерге, редакторларға, актерларға деген зәрулік тұрақты сипат алды. 1965–1969 жылдары өткізілген Қазақстан Кинематографтарының I және II-ші съездері үлкен қиындықтармен ұйымдастырылды. Кеңестік кино шаруашылығының кеселді практикасы – өндірістік жоспар мен киноның көркемдік шығармашылық сапасын ұштастыру бітіспес қайшылықтарға алып келумен болды. Режиссер А.Я. Карповтың айтуынша «Идеологиялық өнім шығаруға тиісті өнер студияларын «шұжық» цехына айналдыруға болмайды ғой. Мұндай жағдайда студия жақсы фильмдер шығара алмайды» [2].

1965 жылдың 10 қарашасында өткен Қазақстан кинематографистер Одағының III-ші Пленумында Одақтың төрағасы Ш. Айманов бүкіл Қазақстанда арнайы режиссерлық мамандығы бар 15 адамның бар екенін, бірақ олардың екеуін ғана білетінін мәлімдеді. «Бірі М. Әуезов атындағы драма театрында істейтін Ә. Мәмбетов, екіншісі жасөспірімдер театрында қызмет атқарған А. Тоқпанов, ал қалғандары қайда жүр?...Ертең немесе жақын күндері біздің бірінші құрылтай съезіміз өтпекші. Мен, Одақтың төрағасы ретінде съезде сөйлеуге және біздің жүйенің, студияның жеткен жетістіктері, шығармашылық өсуі туралы айтуға тиіспін...Құлдыраудан басқа мен не айта аламын? Біздің қандай табыстарымыз бар?...Біздің студиядағы қалыптасқан жағдайды жасыру үшін, осы съезде өткір мәселелерден қайтып айналып өтсем екен деп, мен бас қатырып отырмын» – дейді

белгілі режиссер [3]. Осындай жағдайда, 1966–1670 жылдары О. Сүлейменов «Қазақфильм» киностудиясының сценарисі, сонан соң сценарийлер алқасының бас редакторлығы қызметіне келді. «Мен қазақ киносы деген шөл далаға келдім – дейді О. Сүлейменов, – Егер сол шөлді теріммен суарып, жаңа қазақ киносының бірнеше шыбығын өсірсем, міндетім орындалар еді» [4].

О. Сүлейменов келе сала ең бірінші кезекте «Қазақфильмнің» қарғыс атқан мәселесі, сценарийлік «аштықты» жоюға, онсыз да аз сценарийлер кем-кетігін түзеуге, оларға кинематографиялық сипат беруге қызу кірісіп кетті. Нақ осы жылдары С. Қожықовтың «Қыз жібегі», Ш. Аймановтың «Ата мекені» мен «Атаманның ақыры», А. Қарсақбаевтың «Менің атым Қожасы», М. Бегалиннің «Тұлпардың ізі», «Мәншүк туралы әні» Ш. Бейсенбаевтың «Бәйшешектер гүлдейтін жері», Б. Шамшиев пен А. Ашимовтің «Қараш – қараш оқиғасы», «Көк серегі» т.б шығарылып, қазақкиносына жаңа серпін әкелді. Сондықтан бұл жылдары О.Сүлейменов бірнеше шыбық емес, ондаған шыбық өсірді деп ауыз толтырып айтуға болады. Кейбір мамандардың айтуынша бұл уақыт қазақ киносының жалт еткен «алтын кезеңі» Ш. Айманов, А. Қарсақбаев, М. Бегалин, А. Сүлейменов, С. Қожықов, Ш. Бейсембаев, Ш. Бәйтенов т.б тұратын және мінездері де аса күрделі кино өнері ұжымдары моральдық психологиялық ахуалді жақсартуда, шығармашылық келбетті жетілдіруде, ұжымдық күшті топтастыруда О. Сүлейменовтың ұйымдастырушылық қасиеті де жарқын қырынан көрінді. Киностудия директоры К. Смайлов екеуі бірін бірі толықтырып отырды.

Кез келген кеңестік ұжымдарда қалыптасқан идеологиялық қасаң талаптар шеңберінен шықпау, билік өкілдері алдында тайсалу, үлкен бедел иелерінің алдында имену, көңілжықпастық дәстүрлері өнер ұжымдарына да тән болып, нағыз шығармашылық атмосфераның орнығуына үлкен кедергі келтіріп жататын. Бұған жекеленген өнер қайраткерлерінің тоқмейілсу дерті қосылып, қиындықтар тудырып отырды. Бұл дәстүрлердің барлығы О. Сүлейменовке жат еді. Кинодағы қадамын сәтті бастаған О. Сүлейменов табыстарына тоқмейілсімей, 1969 жылдың 15 қаңтарында республика кино шеберлерінің шығармашылық теориялық конференциясында сөйлеген сөзінде қазақ киносының мәселелеріне қатысты дабыл қағады. «Көрермендердің жан дүниесін баурап алатын идеология туралы жалаң сөздер емес...мұндай дақпырт сөздерді сіздер экранға жаза алмайсыздар. Оны жазатын экранға шығатын кейіпкерлер. Бұл өнердің заңы...Экран – бұл ринг, онда Феллини мен Қарсақбаевтың, Де Сика мен Аймановтың құқықтары бірдей. Өнерде генерал-дар жоқ, Өнерде барлығы да сарбаздар. Бұл сіздердің саналарыңызға жеткенде ғана, кімнің дұрыс екенін түсінесіздер. Қай аттың мәреге бірінші болып келетіні, оның міндетті түрде алтын әбзелді болуы шарт емес. Мұндай заңдылық бар, бірақ біз оны көруге тырыспаймыз. Бұл біздің өнердің түбіне жететін нәрсе» [5].

О. Сүлейменов қазақ киносында ең бірінші кезекте шығармашылық атмосфераны қалыптастыруды өзімнің басты міндетім деп санағандай. Шығармашылық тартыс, жанжалдардан қорықпау, беделді қайраткерлермен шиеленіске бару үлкен батылдықты талап ететін. Аталған конференцияда сын садағын қазақ киносының негізін қалаушы, көрнекті режиссер Ш. Аймановқа қарай бағыттай отырып О. Сүлейменов «Біз жанжалдасуға дейін, үлкен айтыс – тартыстарға дейін өстік. Шын мәнісінде қазақ кино өнері деген әлі жоқ, біз соған жақындап келе жатырмыз. Сіз көркемдік жетекші ретінде қанша жас маман даярладыңыз? Сіздің съезде не айтатыныңызды мен білмеймін. Сіз менің экстремистік дүрсе қоя берулерімді,

әрине, жақтырмайсыз. Мен оларды сізді ұнатпағандықтан емес, қайта керісінше, сізді ұнататындықтан айтып отырмын. Мен, бұл әңгіме, біздің киносыншыларымыз арқылы жалғасын табу керек деп есептеймін. Ал біздің жалғыз ғылым кандидаты, киносыншымыз (Қ. Сирановты айтып отыр Д.С). Телефон кітапшасын алғандай «А» әрпінен бастайды да сізге сілтеме жасаудан аса алмайды. Сіздің міндетіңіз бедел иелерінің кем-кетігін жамап жасқау емес, өнерге көмектесу. Желбуаз бедел дегенді бұзып отыру керек, сонда ғана жастар өсіп жетіледі» [6].

1969-шы жылдың 23 қаңтарында көптен күтілген Қазақстан кинематографистерінің II-съезі өткізілді. Одақ төрағасы Ш. Айманов қазақ киносының проблемалары мен алдағы міндеттеріне қатысты білікті талдау жүргізді. Салыстырмалы түрде жетістіктер де жоқ емес еді. «Ана туралы аңыз», «Ата мекен» фильмдері Қазақ ССР-і Мемлекеттік сыйлықтарына ие болды. «Тақиялы періште», «Артымызда Москва» фильмдері көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Н. Жантөрин, Ы. Ноғайбаев, Ф. Шарипова, А. Әшімов, Ә. Молдабеков сияқты талантты кино актерлер өсіп жетілді. Режиссер А. Хайдаров тұңғыш қазақ мультипликациялық фильмдері «Қарлығаштың құйрығы неге айыр», «Ақсақ құланды» түсірді.

Алайда, «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Огни Алатау», «Вечерняя Алма-Ата», «Казахстанская правда» газеттеріндегі ресми мақалаларды айтпағанда Қазақстан мен Алматы жұртшылығы үшін кинематографистер сьезі үлкен қызығушылық тудыра алмады. Өнердегі әріптестерінің сьезінде бірде бір суретші, жазушы, композитор және студенттердің болмауы оның куәсі. Сьезд барынша жаймашуақ және мамыражай жағдайда өтіп жатты. Тыныштықты бұзып, оған жаңа леп берген тағы да О. Сүлейменовтің сөздері болды. Әсіресе, сценарий жазу тәжірибиелеріне сүйене отырып О. Сүлейменов кеңестік, Мәскеулік және Қазақстандық сценарийлер дайындау практикасын өткір сынға алды: «Маған сценарий істері бойынша Мәскеуге жиі баруға тура келді. Ондағы «Қазақфильмнің» премьераларын және Мәскеу қайраткерлерінің біздің республика шамшырақтарына, атап айтқанда, Шәкен (Айманов)мен Мәжитке (Бегалин) деген әкелік қамқорлықты қатынастарын көрген кезде (оларды жақсы көреді, мен де жақсы көремін) мен ұяламын, мен үшін бұл сүйкімсіз нәрсе. Өйткені олар бұларды бәсекелес ретінде сезінбейді, толыққанды маман адамға санамайды. Мұндай махаббат пен әкелік қамқорлық біздің намысымызға тиюі керек, өйтпесе мұндай жоғарыдан мүсіркеушілік пен сүю жалғаса бермек» [7].

О. Сүлейменовтың ойынша біздің фильмдердің деңгейі қара дүрсін үгіт-насихаттық деңгейден аса алмай жатыр, ал көркем фильмдер «үгіт насихаттың қылшықты арқандарының тұтқынына түскісі келмейді. Ал бізде әрбір фильмдерден тікелей сүйкімді, партиялық сөздер естіледі де тұрады». О.Сүлейменов «Қазақфильм әзірге жоқ. Қазақфильм дүниеге келеді деген үміт қана бар. Қазақфильмнің даму кезеңдері болған жоқ. 1960 жылғы фильмдердің 1930-жылдары, қазақ киносының басында шығарылған фильмдерден айырмашылығы жоқ. Мен солай деп санаймын. Қазір кезең пайда болды» [8] деп есептеді.

Өзі жазған сценарий бойынша түсірілген «Атамекен» фильмі жоғары сыйлықтар алып жатқанына қарамастан, О. Сүлейменов өзіне және өнер ұжымдарына деген сыни көзқарастардан танбайды. Шынында да О.Сүлейменовтың сценарийі сапалығымен көзге түседі. Мұнда кеңестік қарадүрсін үгіт, жарнамалық дидактика жоқ. Сценарийдің идеясы бірте-бірте ашыла түсіп, негізгі кейіпкерлердің ойлары мен іс-әрекеттері арқылы кеңейе түседі. Сценарийде психологиялық,

аналитикалық сарын басым. Әдеби формасы да кіршіксіз. Камал Смайловтың айтуынша «60-жылдардың екінші жартысында О. Сүлейменовпен бірге Ә. Тарази, Қ. Ысқақов сияқты кәсіпқой киносценарийшілердің келуімен, кәсіптік қазақ кинодраматургиясы өзін бекем сезіне бастады. Ақын О. Сүлейменов кинодраматургияда жеңіл мазмұнды көңілкүйлік кино сәнге айналған кезде келген еді. Оның «Атамекенінің» сценарийі үздік әдеби сценарий деп мойындалып, аймақтық фестивальда бірінші сыйлықты жеңіп алды» [9]. Ш. Аймановтың ойынша «Ата-мекен» фильмінің сценарийі жарқын поэтикалық формадағы, терең ойлы, қиял мен жасампаздыққа тәжірибе жасап көруге негіз болған туынды.

Осы орайда қазақ киносының классигі Ш. Айманов пен О. Сүлейменовтің қарым-қатынастарына тоқталу сұралып тұр. Бұл өзіндік шығармашылық, адамгершілік тағылым мектебі. Тұрмыс пен қызметте достар, шығармашылықта сындарлы да жемісті аяусыз оппоненттер. Бұған жас айырмашылықтарын қосыңыз. Соған қарамастан киностудияның көркемдік кеңестерінде, Кинематографистер Одағының Пленумдары мен сьездерінде О. Сүлейменовтің Ш. Аймановтың белдеінен тайсалмай өткір сынға алуы – батылдық, сеңді бұзу еді. Ал сындарды Ш. Аймановтың қабылдауы-қабылдамауы биік мәдениеттіліктің тағылымы. О. Сүлейменовтің өз сөзімен айтқанда «Ол киностудияның көркемдік жетекшісі, ал мен бас редакторы болып жүргенде, біз көркемдік кеңесте күн сайын дерлік ұрыссатынбыз. Мен оның көп пікірлерімен келіспей қалам, қарсы шығам. Ол да айтқанында тұра алатын. Ал сондай кеңірдек жыртқан талқылаудан кейін (жұрт енді бұлар бірін-бірі көрмес деп ойлап қалған сәттерде) Шәкен менің қасыма келіп, түнде өз үйінде отырып бастаған екеуара әңгімені ештеңе болмағандай әрі қарай жалғастырып жүре беретін. Ол нағыз жолдас, дос бола білетін адам еді. Небір қиян-кескі айтыс-тартыстардан кейін де сол қалпынан айнымайтын, біздің арамызда ондай ашы да ашық сөзге ренжімей, ашуланбай, қарсыласын ақырына дейін тыңдай білетін адамдар аз ғой. Ол қандай ғажап артист еді! Қандай тамаша режиссер болатын. Бәрі де ойлағанындай шыға берген жоқ. Ол өне бойы ойланумен, ізденумен жүретін. Міне сол ізденіс, ұмтылыс нәтижесінде екінші тыныс тауып, өзінің ең таңдаулы фильмі – «Атаманның ақырын» қойып шықты» [10].

О. Сүлейменов, сондай-ақ «Көгілдір маршрут», «Ойдың сақталу заңы» фильмдері сценарийлерінің авторы. Ақын өлеңдерінің сарыны бойынша 50-жылдардағы Алматы аулаларының өмірі баяндалатын ретро стилінде «Балкон» фильмі түсірілген. О. Сүлейменов Венецияда арнайы Бас жүлдені алған режиссер Сергей Соловьевтің «Бөтен ақ және Бұжыр бет», Лейпцигтегі фестивальда жүлделі орындар алған режиссерлар Аманбек Әлпиевтің «Шөп ішіндегі тәтті сөл», Юрий Пискуновтың «Михайл Коробовтың әңгімелері» фильмдерінің сюжеті мен сценарийлеріне түбірлі түзетулер енгізіп, жүлделі орындар алуына сүбелі үлес қосты [11]. 1992 жылы Ғ. Мүсірепов атындағы қазақ жас көрермендер театрында Б. Мұқаевпен бірге жазылған «Заманақыр» спектаклінің (реж. Р. Сейітметов) премьерасы қойылып, онда Семей ядролық сынақ полигонынан зардап шеккен көптеген отбасыларының қасіретті тағдыры көрсетілді. О. Сүлейменовтің тапсырысы бойынша жазушы М. Симашко Сұлтан Бейбарыстың өмірінен «Емшан» тарихи повесін жазып шығып, кейіннен өте сәтті экрандалды. Юрий Плашевский «Қыпшақ тағдыры» романын жазды.

1980–1983 жылдары О. Сүлейменов қазақ киносына екінші рет оралды. Бұл жылдары қазақ киносы бұрынғыдай кәсіби мамандар зәрулігінен шыға алмай

отырған кез еді. Бұрынғысынша режиссерлар мен сценарийстер жетіспей жатты, бірақ кәсіби киноактерлар саны едәуір қалыптасқан кез. Сондықтан О. Сүлейменов оқу орындары арқылы жас мамандарды дайындау ісіне айрықша ден қойды. О. Сүлейменовтің Мәскеу алдындағы биік беделі көптеген ұйымдастырушылық және өндірістік мәселелерді сапалы және нәтижелі шешуге мүмкіндіктер берді. Танымал мәдениеттанушы ғалым М.Әуезов кино ісіне тартылды. Кинорежиссер С.Тәуекел нәтижелі еңбек етті.

Қазақ киносының «жаңа толқынның» өкілдері Рашид Нұғманов, Ардақ Әміркұлов, Серік Апырымов, Абай Қарпықов, Дәріжан Өмірбаев, Талғат Теменов, Аяған Шажанбаев, Ермек Шынарбаев, Аманжол Айтуаров, Қалдыбай Әбенов, Амангелді Тәжібаев, Серік Жармухамедов, Сатыбалды Нарымбетов, Игорь Вовнянко, Дәмір Манабаев, Әсия Сулеева, Лейла Аранышева, Лаврентий Сон сияқты режиссерлар Смағұл Елубаев, Лейла Ақынжанова, Бақыт Қилыбаев, Александр Баранов сынды кинодраматургтер шоғыры нақ осы кезде пайда болды. О. Сүлейменов сценарийін жазған «Ақырғы аманат» (режиссері Амангелді Тәжібаев) фильмі отандық кинода елеулі оқиға болды. Онда кеңестік саясаттың құрбаны болып, жат жерге кетуге мәжбүр болған адамдар тағдыры бейнеленді. Шын мәнісінде О. Сүлейменов астарлап болса да, сол кездегі мүмкіндік шеңберінде «ақтаңдақтар» мәселесіне кино тілімен барған еді. Жалпы О. Сүлейменов сценарийлерін жазған фильмдер «Ата мекен», «Ақырғы аманат» – қазақ кино өнерінің тарихында өзіне лайықты бағасын әлі алған жоқ. Ол болашақ зерттеушілердің еншісінде болса керек.

Соңғы жылдары сансыз көп қоғамдық-мемлекеттік жұмыстарда, дипломатиялық қызметтерде жүргенімен қазақ киносының жәй-жапсары, тіршілік тынысы, қашанда О. Сүлейменовтың назарында болды. Жаңа мыңжылдықтың басында ақын өзі пір тұратын Махамбеттің өміріне арналған «Қызыл жусан» фильмінің сценарийін жазып шықты, қазір екі сериялы фильмнің жобасы жасалу үстінде. Оны беделді «Матек»киностудиясы қолға алып отыр. Бұл қазақ продюссерлік киносындағы жаңа белес. Сонымен, көп қырлы О. Сүлейменов шығармашылығының бір қырын-қазақ киносы саласы құрады. Қазақ өнерінің құрамдас бөлімі-кино өнерінің қалыптасуына,оның өзіндік бет пішінін, бағыт бағдарын айқындауда елеулі ықпал жасай отырып,ақын жалпы қазақ мәдениетінің дамуына нақты үлес қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. ҚРОММ.2128-қор.79-іс,9-парақ
2. ҚРОММ.2128 қор.139-іс,18-парақ
3. ҚРОММ.2128 қор.139-іс,3-4 парақтар
4. Сламбек Тәуекел. О. Сүлейменов және қазақ киносы. Жас Алаш. 16-мамыр, 2006
5. ҚРОММ.2128 қор.216-іс,103-104 парақтар
6. ҚРОММ.2128 қор.216-іс,107-108 парақтар
7. Бұл да сонда174-парақ
8. Бұл да сонда 174-парақ
9. Қ.Смайлов.Становление казахской кинодраматургии. Очерки истории казахского кино.А.,1980.с.201-202
10. С.Тәуекел. О. Сүлейменов және қазақ киносы «Жас Алаш»16-мамыр, 2006
11. Г.Толмачев. Не прощаюсь с друзьями.А.,1989 г.с.246.

Абайылда би
(Абайылда Келгенбайұлының туғанына 150 жыл толуына орай)

Айткүл МАХАЕВА,
Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің доценті, тарих ғылымдарының докторы

Жетісудың XIX ғасырдағы тарихында өзіндік із қалдырған әйгілі Дикәнбай бидің немересі, Сәмен батырдың шөпшегі Абайылда бидің есімін бүгіндері біреу білсе, біреу білмейтін болуы мүмкін. Елімізде тарихи сананы қалыптастыру бағытындағы іс-шаралар қолға алынған бүгінгі таңда өткен дәуірлердегі билер мен батырлардың ел билеген даналардың өмір жолы тарихтың не бір бұлтарыстары мен қатпарларын терең түсінуге жол аша түсетіндігін ескеру қажет-ақ.

Қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты «Ақсеңгір» елдімекенінде 1860 жылы дүниеге келген Абайылда Келгенбайұлы [1, 5-п.] патшалық Ресеймен қатар кеңестік биліктің Жетісу өңірінде жүргізген іс-шараларын бастан кешіп, сол тұста халқының мүддесін қорғау бағытында әрекеттенген қайраткерлердің бірі ретінде танылды.

Сәмен батыр – Абайылданың төртінші атасы, яғни қазақ шежіресі бойынша бабасы болып келеді. Сәмен Дәненұлы Жетісуды жоңғар шапқыншылығынан қорғауда көзге түсіп, Төле бидің батасын алған, қазақ халқының тағдырын шешкен, тарихшылар тарпынан «ғасыр шайқасы» аталған, атақты Аңырақай шайқасында ержүрек қолбасшы ретінде даңққа және халқының сүйіспеншілігіне бөленген қазақтың қас батырының бірі еді. Ол жөнінде кезінде тарихшы-ғалымдар өз бағасын берген-ді. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін Сәмен батырға арналған ескерткіш Алматы облысының Самсы ауылына қойылды.

Абайылда бидің атасы Дикәнбай би Қапсаланұлын да алыс-жақын жақсы білетін. Сәмен ұрпақтарының арасында батырдың Қапсалаң атты ұлынан өрбитін немересі, Жетісуға аты мәшһүр Дикәнбай би 1800–1876 жылдар арлығында өмір сүрді. Ол туралы замандастары – белгілі ағартушы-ғалым Ш.Ш. Уәлиханов, орыс оқымыстысы Н.Г. Потанин, орыстың саяхатшы-ғалымы П.П. Семенов-Тяншанский, орыс шенеунігі, оқымысты Н.А. Аристов, Үлкен орда қазақтарының приставы М.Д. Перемышльский, Алатау округінің бастығы, кейіндері Жетісу облысының әскери губернаторы болған Г.А. Колпаковский және т.б. еңбектері мен қызмет бабындағы жазбаларында, естеліктерінде жазып қалдырған. Мұрағаттарда Дикәнбай бидің өз қолымен жазған хаттары да сақталып қалған. Мысалы, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында «Дикәнбай би Қапсалановтың өз руластарымен және Дулат қазақтарының бір бөлігімен Іледен ары көшуі» деп аталатын іс 19 парақтан тұрады, 1851 жылдың 6 қазаны мен 1852 жылдың 2 қаңтары арасында жазылған құжаттар тіркелген осы істің арасында Дикәнбай бидің араб әліпбиімен жазған хаттары және оның орысша

аудармалары бар [2]. Диқанбай бидің хаттары және оның іс-әрекеттеріне қатысты мұрағаттық құжаттар оның Жетісудағы тарихи тұлғалардың бірі болғанын көрсетеді. Ел аузында сақталған әңгімелер мен шежірелерде де Диқанбай би есімі жиі аталатыны тағы бар. Мұсылманша аса сауатты болған Диқанбай би қазақ шежіресінің білгірі ретінде танылған. Ұлы жүз қазақтарының шежіресін талай оқымыстылар Диқанбай биден жазып алған және кейіндері өз зерттеулерінде арқау еткен. Диқанбай бидің бұл шежіресі әлі күнге өзінің тарихи құндылығын жоғалтпай келе жатқанын да айта кеткен жөн. Жетісудағы саяси оқиғалардың бел ортасында жүрген Диқанбай Қапсалаңұлын замандас орыс ғалымдары қазақтың арғы-бергі тарихын бір кісідей білетін, көкірегі ояу, халықтың ауызша тарих айту дәстүрінің білгірі ретінде мойындаған. Мысалы, Н.А. Аристов Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардың этникалық құрамын талдауға арналған, 1894 жылы Петерборда жарық көрген еңбегінде шежірелік мәліметтерді Ұлы жүздің ботбай руының биі Диқанбай Қапсалаңовтан алғанын көрсетеді [3, с. 395]. Диқанбай би қазақ шежіресін Адам атадан бастап, өз заманына дейін әкеліп тарқатады.

Диқанбай Қапсалаңұлы тек би ғана емес, Жетісу жерін қорғау барысында қолына қару алып, патшалық Ресей әскерлерімен күрескен қолбасшы да болатын. Өзінің күрескерлік келбетін 1850 жылы Тойшыбек бекінісі түбіндегі капитан Гутковский әскерлерімен болған шайқаста айқын байқатады. Тойшыбек Қасаболатұлы бастаған Ұлы жүз қазақтарының туған жерді қорғау барысындағы жан беріп, жан алған сол бір күресінде Диқанбай Қапсалаңұлы 200 жігіттен тұратын қолды басқап, ұрандап соғысқа кіреді. Ел арасындағы беделінің мықтылығы соншалықты, сол жылы оны патша өкіметінің шенеуніктері тұтқындауға батпаған. Жетісуда қазақ азаттығы үшін бел шешпей талай жыл күрескен атақты батыр Тойшыбек бидің туысы деп кінәлағанымен, Диқанбай биге тіс батыра алмаған. Мысалы, Үлкен орда қазақтарының приставы М.Д. Перемышльский өзінің орталыққа жазған хаттарында: «...Диқанбай биді тұтқындауға батпадым, ботбайлар Ұлы жүздегі беделді ру болғандықтан тиіспедім, өйткені олар бүкіл дулатты көтеріп жібереді» – деп жазып, өзінің тек ескерту жасаумен шектеліп, именгенін де жасырмаған [4, 72-п.]. Диқанбай би Тойшыбек батырмен аталас, яғни Дәнен батырдан тараған ағайындас еді. Диқанбай би сияқты Ұлы жүздің ықпалды кісілерінің жаулаушылыққа қарсылығын басып, өз жақтарына жылдамырақ тарту мақсатында патша өкіметінің жергілікті шенеуніктері оларға сый-сыяпаттар таратып, патша өкіметінің әскер құрамында қызмет етпесе де әскери шендерін оңды-солды таратуға мәжбүр болды. 1846 жылы Диқанбай биге де Анненков лентасындағы мойынға ілетін алтын медаль, ал 1859 жылы тамыз айында күміс құты, 2-дәрежелі шекпен және прапорщик шенін береді [5, 53-п.]. Алайда, Диқанбай би мұндай алдаусыратқан сыйлықтардың астарында патша өкіметінің жымысқы отарлау саясатының жатқанын түсініп, бойын аулақ ұстауға тырысқан. Ол, тіпті, өзі діні бір, тілі бір, бауырластар деп ілтипат тұтқан қоқандықтар ұсынған сыйлықтан да «Алдымен Тойшыбек биді марапаттаңдар» деп бас тартқаны белгілі [6, 9-п.]. Диқанбай би қоқандық билеушілер мен көршілес қырғыздар арасында да аса беделге ие болды. Дулаттардың төресі Әли Әділұлы Абылайхан немересі де қоқандықтармен және қырғыздармен Диқанбай би арқылы қарым-қатынас жасап тұрған. Диқанбай би ел арасындағы, сондай-ақ сол замандағы халықаралық талай келісімдерге қол қоюға қатысты. Қазақтың әдет жолын бір кісідей білетін Диқанбай би ел ішіндегі даулы мәселерді шешуге белсене қатысқан. Оның пікірімен қазақтар ғана емес, қоқандық билеушілер мен орыс шенеуніктері де санасып отыратынын замандастары өз естеліктерінде жазып қалдырған.

XIX ғасырдың ортасына қарай Жетісуда қалыптасқан саяси ахуалдың шиеленісе түсуі салдарынан 1845 жылы Ұлы жүздің бір топ билерімен бірге Диқанбай Қапсалаңұлы да Қараталда округ ашылуын сұрап, мөрін басып, қолын қояды. 1847 жылы 22 тамызда Қапалға шақырылып, қазақ-қырғыздың өзара бітіміне қол қойды. Қырғыздар жағынан бұл келісімге Орман манаптың ұлы Үмбетәлі, Жантай манап Атакеұлы, Жалаңтөс Ескожин, Тоқтар Қарашынұров, қазақтар жақтан Әли Әділұлы, Ақыш Абылайұлы, Рүстем Асфендияровұлы, Сүйік Абылайұлы, Бөлен Шанқайұлы сияқты сұлтандар және Туғанбай Қойгелдіұлы, Әшекей Дайырбекұлы, Сыпатай Әлібекұлы, Диқанбай Қапсалаңұлы, Сары Алтайұлы секілді билер қол қойып, мөрлерін басты. Бұл қазақ-қырғыз бітімінде қырғыз елімен тату тұруға, даулы мәселелерді әдет бойынша шешуге, барымта мен тонауға жол бермеуге келісім жасалды [7, 118-119-пп.].

Абайылда туылған жылы, яғни 1860 жылы Ұзынағаш маңында болған шайқаста Диқанбай би бүкіл жетісулықтармен және қоқандықтармен бірге патшалық Ресей әскерлеріне қарсы тұрды. Сол үшін абақтыға да отырып шығады [8, 48-пп.]. Дегенмен де 1865 жылы жергілікті патша өкіметінің шенеуніктері Диқанбай биді ботбай руының басқарушысы ретінде мойындайды.

Диқанбай бидің 12 ұлының ішіндегі сегізіншісі – Келгенбай да би болып, елге танылды. Ата мен әке өнегесінің әсері ме екен, бала Абайылда да жастайынан алғыр да зерек болып өседі. Қазақ шежіресін, билердің үкімін, қазақтың әдет заңдарын жастайынан құлағына құйып, көңіліне түйіп, ержетеді. Елбасымыздың: «Қазақ болмысының келесі бір ерекшелігі – оның тарихшылдығы. Қара халықтың тарихтан хабардарлығы мейлінше жоғары болған. ...Тарихи білімнің мұндай жүйесі қатардағы көшпелілер үшін тарихи-мәдени оқиғалардың ағыны ретінде бала кезінен сана-сезіміне сіңіп отырған. Қазақ даласының дүйім жұртында кең құлашты тарихи сана болған, себебі, бұл даладағы әрбір жұмыр басты пенденің жады бала кезінен ауызша айтылатын қисапсыз мол дерекке әбден жаттығып, көз қанық болып өскен. ...Қатардағы сахара қазағы өз халқының тарихымен біте қайнасқан. Ол өзін ұдайы халық тарихының бір бөлшегі ретінде сезінген» [9, 28-29-бб.], – деп жазуы атадан балаға жалғасқан ұрпақ зердесінің өміршеңдігін меңзесе керек.

Қазақтарда би атағы сайлау жолымен емес, шариғат пен әдетті терең білетін, шешендік өнерді шебер меңгерген жандарға берілетін, «би атану үшін қазақ халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң-жоралғыны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де таралған. Сөйтіп, би атағы сот пен адвокаттық істегі патентке айналды да, бидің балалары заңнан тәлімі болғандықтан, әке орнына мұрагер болып қала беретін» [10, 57-б.]. Қырғыз-қазаққа бірдей танылған Диқанбай бидің де тәлімі ұрпақтан-ұрпаққа мұрагерлік жолмен беріліп, ұзақ жылдар өз жалғасын тапты. Абайылда би атасы Диқанбай, өз әкесі Келгенбай және немере ағалары Рүстембек, Самылтыр секілді патшалық Ресейдің тұсында Жетісудың азулы билерінің қатарында болды, бірнеше жыл Ботбай болыстығын басқарды. Оның алдында үлгі тұтар, тәлім алар атасы Диқанбай биден тараған ұрпақ – немерелес ағалары көп болды.

Жетісуда патшалық Ресейдің әкімшілік-территориялық тәртібі орнағаннан кейін Алмалы аңғарында орналасқан Абайылданың елі 1868 жылы құрылған Аңырақай

болыстығы құрамына кіреді. Жаңа құрылған болыстықтың басқарушысы болып Диқанбай бидің балаларының арасындағы үлкендерінің бірі, ел ішіндегі беделді ақсақал, Абайылда бидің немере ағасы Рүстембек Диқанбайұлы, ал оған кандидаттыққа Қарынбай Тәсібекұлы тағайындалады [11, 20-п.].

Аңырақай болыстығы 1891 жылы Қарақастек болыстығы болып қайта құрылады. Абайылда би мен оның ағайындары 1897 жылы Ботбай болыстығының құрылуына белсене атсалысады. Абайылда бидің ауылы Ботбай болыстығының №2 ауылы болып белгіленеді. Осы ауылдың құрметті азаматтарының бірі ретінде Абайылда би Жетісудағы оқығалардың бел ортасынан табылып отырған. Мұрағаттық құжаттарда 1901–1903 жылдары Ботбай болысына би болып №2 ауылдың тұрғындары Самылтыр Диқанбаевтің, оған кандидат болып Абайылда Келгенбаевтің бекітілгені көрсетіледі [12, 7-п.]. Осы, 1900 жылы толтырылған құжатта Абайылда бидің жасы 40-та екені, ал оның туысы Самалтырдың жасы 50-де екені айтылады. 1891 жылғы 25 наурыздағы Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі Ереже бойынша, бір болыста қанша би болу керектігін облыстық басқарма айқындайтын, қалай дегенде де бір ауылда бірден артық би болмауы талап етілді. Билерді және олардың кандидаттарын әскери-губернатор бекітетін. Билердің төтенше съезін шақыру мәселесін де әскери-губернатор шешті. Билер мен олардың кандидаттары 3 жылға сайланатын. Би болып ең көп дауыс (шар салу арқылы айқындалатын) алған кісі, одан кейінгі көп дауыс алғаны кандидат болып белгіленетін [13, с. 395].

Сақталынып қалған құжаттар дерегіне қарағанда, Абайылда Келгенбайұлы 1907–1909 жылдары Ботбай болыстығының болыс басқарушысы қызметін атқарған [14, 16-18-пп.]. Земстволық салыққа қатысты Сәт Ниязбекұлы (Жайылмыс болыстығынан), Қожамқұл Кебекбайұлы (Қордай болыстығынан), Меңдібай Байзақұлы (Ырғайты болыстығынан), Нұрмамбет Қаратайұлы (Батыс Қастек болысынан) сияқты жетісулық өзге де болыстармен қатар бірнеше рет қамауға да алынды. Патшалық Ресей земствосы жоқ қазақ даласынан да земстволық салық жинап отырды, бірақ оның пайдасын салықты өзгелермен бірдей төлеген қазақтар көре алмады. Земстволық салық патшалық Ресейдің мүддесіне қызмет етті, ал қазақтар үшін желге ұшқан ақшамен бірдей-тұғын. Сондықтан да болар қазақ болыстары қазаққа пайдасы жоқ земстволық салықты елден уақтылы жинап алуға өз наразылықтарын білдірмей қоймады. Оның соңы көбіне қамауға алынумен аяқталатын.

Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына жетісулық ұлттық саяси элитаның қарсылығы 1910 жылы 21 қазанда өткен Ұзынағаш съезінде, 1911 жылы маусымда өткен Ноғайбай бидің асында байқалмай қалмады. Қазақ және қырғыздың бас көтерер адамдары арасында Ботбай болысының болыс басқарушысы Үсенбай Тәнкеұлы бастаған бір топ құрметті азаматтары да болған [15, 11-п.]. Әрі шешен, әрі шежіреші, өте білікті би, ботбай руының тілеуқабыл атасынан тарайтын Үсенбай Тәнкеұлы [16, 192-б.] Абайылда Келгенбайұлының замандасы әрі талай жыл би болған үзенгілес, серіктес жандардың бірі болатын. Абайылда би де осы дүбірлі оқиғалардан шет қалмаған.

1910 жылы Ұзынағашта жасырын түрде ұйымдастырылған Жетісу облысы қазақтары мен қырғыздарының съезі отаршылдыққа қарсылық танытудың бір көрінісі тұғын. Ол Жетісу облысы әкімшілігінің 1860 жылы орыс әскерлерінің Ұзынағаш түбінде қоқандық әскерді жеңуіне 50 жыл толуына орай жасаған салтанатты іс-шарасы кезінде жүзеге асырылды. Бұл салтанатты жиынға Жетісу облысының беделді ру басылары мен болыс басқарушылары да шақырылған болатын. Салтанатты жиын кезінде Ұзынағашта орыс әскерлерінің жеңісі құрметіне көтерер азаматтары сол маңдағы үйдің біріне жиналып, съез өткізді.

Ұзынағаш съезіне қатысушылар патша өкіметінің отаршылдық саясатының Жетісудың жергілікті халықтарына тигізіп келе жатқан ауыртпалықтарын айып-тап, бірінші кезекте орыс шаруаларының өңірге қоныс аударылуын доғару керек деген ұйғарымға келеді. Съезде Жетісу облысына орыс қоныс аударушыларын щрналастыруды және оларға деп жер кесуді доғарту туралы императорға өтініш түсіру керек, ол үшін Петербургке арнайы делегация жіберілсін, делегацияға кететін шығынды жабу үшін әр болыстықтан ақша жиналсын деген шешімдер қабылданды. Съездің ұйғарымымен Петербургке көрнекті қазақ қайраткері Б.Сыртанов пен қырғыз халқының өкілі Д.Сауранбаев жіберілетін болып белгіленген-ді [15, 17-п.].

Халықтың патшалық Ресейдің орталық билік орындарына арнайы делегация жіберіп, өз мұң-мұқтаждарын шешемін деген әрекеті нәтижесіз қалып жатты. Өйткені, патша өкіметі шеткері аймақтардағы халықтың мүддесін ескеруді емес, олар қоныстанған өңірді тезірек отарлауды өзінің басты мақсат етіп қойған-ды. Соған орай патша өкіметі Жетісу өңіріндегі жергілікті халықтың иелігіндегі жерлерді Ресейдің ішкі аудандарынан қоныс аударатын орыс шаруаларына кесіп әперу шараларын қауырт жүргізе бастаған еді. Мұндай шара өз кезегінде жергілікті халықтың толқуларына түрткі болды. Жер мәселесіне байланысты Жетісу облысында, сондай-ақ Абайылда бидің ауылы орналасқан Верный уезінде қарқын алғаны соншалық Түркістан генерал-губернаторы Жетісу облыстық әскери губернаторына: «Маған келіп түскен мәліметтер бойынша қазақ тұрғындары арасында соңғы уақытта үкіметтік тәртіпке қарсы бағытталған толқулар байқалып жатқан көрінеді. ... Уездік бастықтар мен бөлімшелік приставтарға көшпенділерге мұқият қадағалау орнатуды тапсырыңыз. Көшпенділер арасында сенімсіздік туғызатын адамдар байқала қалса, ондайларды аластауға шара қолданыңыз» [17, с.71], – деп жазды.

Патша өкіметінің мұндай қуғындау әрекеті жергілікті халықтың наразылықтарына тосқауыл бола алмады. Мұны 1916 жылғы маусым жарлығына байланысты туындаған көтерілістен аңғаруға болады.

«Ата көрген оқ жонар» демекші, 1916 жылғы дүрбелеңде де жетісулық талай би, болыстар қол бастап, патша жарлығына қарсылықтарын ашық білдірді. Жетісудың жер-жерінде бой көрсеткен қазақ жігіттерінің жасақтарын бұрынғы болыс, би болған Сәт Ниязбекұлы, Байбосын Тамабайұлы, Бекболат Әшекейұлы сияқты ел беделділері бастап шықты. Олардың қатарында Диқанбай бидің ұрпақтары – Самылтыр Диқанбайұлы, Тәсібек Диқанбайұлы, Қарынбай қажы Тәсібекұлы, Бейсенбай Қарынбайұлы, Абайылда Келгенбайұлы, Әбдіжапар Самылтырұлы және т.б. болды. Диқанбай бидің үлкен ұлы Тасыбек Жетісуға танымал би, ал оның ұлы Қарынбай қазақ-қырғызға танымал қажы болды, Диқанбайдың кіші ұлы Самылтыр 1916 жылғы Самсы (Ботбайлар көтерілісі) көтерілісінде қол бастап шықты, ал Қарынбай қажы Тәсібекұлы Диқанбай немересі қазақтарды ғана емес, қырғыздарды да көтеріліске үндейді. Ол қазақтар мен қырғыздарды мұсылман дінбасылары атынан көтеріліске шақырған үнпараққа қол қойғандардың бірі болды. Диқанбай бидің тағы бір немересі Әбдіжапар Самылтырұлы да 1916

жылғы көтеріліске белсене қатысып, қордайлық қазақтар мен қырғыздарды бірлесіп қимылдауға үндеді. Мұндай әрекеттің бел ортасында ботбай руынан шыққан, Жетісу өңіріндегі қазақ пен қырғызға дін жолына берік мұсылман ретінде танылған Жәнібек қажы Майлыбайұлы да болды.

Тарихта «Самсы көтерілісі» немесе «Ботбайлар көтерілісі» деген атпен қалған бұл бас көтерудің бел ортасында бұрынғы би, болыс Абайылда Келгенбайұлы Диқанбай би немересі де жүрді. Ботбайлар көтерілісі Жетісудағы өзге де көтеріліс ошақтары секілді басылып тасталды. Адам шығынының да, мал-мүлік шығынының да есебі жоқ-ты. Жазалаушы отрядтың қолынан ботбайлардың үш бірдей ауылы еңкейген карттан жөргектегі балаға дейін бірі қалдырылмай, қырылды [18, 149-п.; 143-п.]. Өйткені, сол тұста Жетісу облысының әскери-губернаторы М.А. Фольбаумның көрсетуінше, «Самсы маңында көтерілген бес болыстың қазақтарының көңіл-күйі нілдей бұзылған», сөйтіп, халыққа отарлық билікке бағынбаудың үлгісін көрсеткен-ді [19, 194-п.]. Жазалаушы отрядтың қысымына шыдамаған ауыл тұрғындарының кейбірі құмға қарай, кейбірі қырғыздарға қарай үдере көшіп, бас сауғалауға мәжбүр болды. Көтеріліс басшысы, Абайылданың ет жақын ағайыны Самылтыр Диқанбайұлы және т.б. түрмеге жабылды. Жазымыштан солай болды ма, бұл нәубеттен Абайылда би аман қалды. Бірақ 1928 жылғы кәмпеске кезінде бұрынғы болыстар Сәт Ниязбекұлы, Ғали Ордабайұлы секілді тағы басқалармен бірге қайта тағдыр тәлкегіне түсті.

Кеңес өкіметі Абайылда би секілді қазақтың бас көтерер тұлғаларына тап жауы деп айдар тағып, жалаға жықты. Ондағы мақсат та белгілі еді – беделді де айбатты, ел тұтқасы іспетті топты тездетіп жойып жіберу еді. Ірі байларды тәркілегенде олардың көбінің бұрынғы ел басшысы болғаны, яғни болыс, ауылды басқарғаны бастарына бәле болып жабысты. Бүкіл елде айдағанға оңайлықпен жүре қоймайтын, айтқанға бас шұлғып, көне бермейтін, дәстүрлі шаруашылықтың жай-жапсарын жақсы білетін, түп тарихын, шежірені тарқатып айтарлық білімі бар, мұсылманша сауатты, экономикалық жағынан қуатты байларды тәркілеу, одан соң жер аудару науқаны басталып кетті. Кеңестік өкіметтің осы бір солақай саясатының құрбанына Абайылда Келгенбайұлы да айналып кете барды. Оның бұрынғы би, болыстардың ұрпағы екеніне, өзінің де би, болыс болғанына, байқуаттылығына, ел арасындағы зор беделіне басты назар аударылды. Тіпті, мал басы белгіленген өлшем бойынша тәркілеуге жататын 400 ірі қарадан аспаса да, бөлек отау тігіп, бөлек салық төлеп отырған кенже баласы Жәбілдің шаруашылығымен қоса есептеліп, құжатпен дәлелдеп, арыз-шағым жасаса да [20, 6-7-пп.], бәрі бос әурешілік болып, ескерілмей қала берді.

Абайылда бидің малы тәркіленіп қана қоймай, бала-шағасымен бірге Орал облысының Жымпиты ауданына күштеп жер аударылды. Абайылда бидің жер аударылуына сол кездегі ОГПУ 2-бөлім бастығы Ковалышкиннің берген құпия мәліметі де өз әсерін тигізді. Оның мәліметінде: «...Бұрынғы би, болыс бастығының баласы. Өзі тұқым қуалаған болыс болған. Қазіргі кезде қазақтар арасында аса беделді, әрі ықпалды. Қазақша сауатты. Кеңес үкіметіне, оның саясатына қарсы» делінген болатын. Мұндай баға алған адамдар сол тұстағы өкіметтің, ҚАКСР Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Байлардың шаруашылықтарын тәркілеу туралы» қаулысының 1-ші және 5-ші бабы бойынша жазалануы тиіс болды және Алматы округіне қарайтындар Орал облысына жер аударылуы көзделді. Оларға, осы

қаулының 1, 5-бабына ілігіп, жер аударылған адамдарға, Қазақстандағы «келімсек переселендерге арналған жерден күн көрерлік жер кесіліп беріледі» деп уәде етілді. Бірақ «жер кесіліп берілгенде, бұл жер олардың бұрын шаруашылық құрған жері болмасын» деген де талап қойылды.

Капиталистік қатынастар ене қоймаған, соған байланысты таптық жіктелу де болмаған қазақ ауылындағылар Абайылда би сияқты ел басшыларының малының тәркіленіп, жер аударылып кетуінің нақты себебін, тап күресінің мазмұнын жете түсіне алмады. Сондықтан болар, тіпті, кейбір кедейлер арасында өздерін байлармен бірге жер аударуын, оларсыз күн көре алмайтындықтарын білдіріп, арызданғандар да болған. Бірақ мұндай мазмұндағы өтініштер де ескерусіз қалған. Сол тұстағы билік Абайылда би сияқты ауқаттыларды байлығының, бұрынғы ата жуандығының, бектігі мен мықтылығының ел ішінде рушылдықты қоздырып, кеңес өкіметінің жұмысына кедергі келтіріп, кесірін тигізеді деп, біржақты қарап, олардан жер аудару арқылы құтылу жөн деп шешті. Көшпелі аудандарда ірі қарамен есептегенде, мал басы 400-ден асқандар жер аударылуға тиісті болды, бірақ кейбір байлар мал басы көрсетілген шамаға жетпесе де, кеңестік билікке қайшы іс-әрекеті үшін де жазалануы тиіс болды. әсіресе, бұрын болыс, би болғандарға кеңестік билік қатты шүйлікті. Олар қаулының шарттарына сәйкес кесін, келмесін, жер аударылып, малы тәркіленуге қатысты болып шықты.

1929–1931 жылдары күштеп ұжымдастыруға, дінге қарсы атеистік саясатқа наразы шаруалардың 372 көтерілісі болса, соның барынша қайғылы сипат алғандарының бірі Қастек ауданын [21], соның ішінде Абайылда бидің ауылын шарпып өтті. Абайылда би жер аударылып кеткенімен, оның ағайындары бас көтермей қалмады. Бұл жөнінде Жетісудың тумасы, жазушы Балғабек Қыдырбекұлы өзінің «Алатау» романында барынша әсерлі сипаттап көрсетеді [22, 74-82, 267-269-бб.].

Мұрағаттық құжаттарда Абайылда бидің ауылы біресе нөмірі екі, кейде он төрт деп әртүрлі көрсетілуі сол тұстағы әкімшілік-территориялық бөліністерге байланысты болды. Патшалық Ресей кезіндегідей, кеңестік дәуірде де әкімшілік-территориялық өзгертулер жиі орын алды. Соның нәтижесінде 1921 жылы 5 мамырда Верный уезі Алматы уезі болып, ал 1924 жылдың аяғында Алматы уезі Жетісу губерниясы болып өзгертілді. Ботбай болысы 1922 жылы 27 қазанда Ұзын Қарғалы болысына қосылады [23, с. 157]. 1928 жылы 17 қаңтарда Жетісу губерниясы және оның құрамындағы уездер жойылып, Жетісудағы Алматы уезіндегі болыстар Алматы округін құрайды. Ұзын Қарғалы болысына кіргендер енді орталығы Тарғап болып табылатын 1922 жылы құрылған Қастек ауданына қарайды. Абайылда бидің ауылы осы тұста Қастек ауданына қарасты №14 ауыл болып саналады. 1930 жылы 17 желтоқсанда Алматы округі жойылып, оның аудандары ірілендіріледі. 1932 жылы 20 ақпанда Алматы облысы құрылып, оның құрамына Қастек ауданы да қарайды. 1939 жылы 2 қаңтардан Қастек ауданы Жамбыл ауданы аталады [23, с. 158].

Қуғын-сүргіннің тауқыметін бір кісідей тартқан Абайылда Келгенбайұлының өмір жолы сол заманның саясатының қазақтарға тигізген әсерін айқын көрсетеді. «Тарихты адамдар жасайды» деген тұрғыдан келгенде де, бір адамның өмір жолы халық тарихының бір белесін айқындай түсетіні белгілі. Абайылда бидің ғұмыры халық тарихының бір бөлшегі іспетті. Оның үстіне Жетісудағы белгілі тұлғалардың бірі – Абайылда бидің туылғанына үстіміздегі жылы 150 жыл толады. Абайылда тек, би, болыс қана емес, сонымен бірге Жетісуда асыл тұқымды

жылқылардың өсіп-өнуіне септігін тигізген атақты ат баптаушы да болған. Оның бәйгенің алдын бермеген «Шұбар» атты жүйрігі туралы аңыз әңгімелерді көреген қариялар әлі күнге дейін ұмытпай, әңгімелеріне арқау етіп келеді. «Абайылданың құдығы», «Абайылданың қыстауы», «Шұбар аттың жолы» деген жер-су аттарының әлі күнге дейін ел есінде сақталынып қалуы Жетісудың атақты билерінің бірі, ата көріп, оқ жонған, халық тарихының бір бөлшегі іспеттес Абайылда Келгенбайұлы сияқты тектілердің өмір жолының өшпей қалған іздері сияқты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты (ҚРОММ). 44-қ., 1-т., 1295-іс.
2. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 339-іс.
3. Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой орды и кара-киргизов на основании родословных сказаний и сведений о существующих родовых делениях и родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. – СПб., 1894. – Вып. III-IV. – С. 395.
4. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 7-іс.
5. ҚРОММ. 427-қ., 1-т., 14-іс.
6. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 339-іс.
7. ҚРОММ. 374-қ., 1-т., 1669-іс.
8. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 33-іс.
9. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.
10. Уәлиханов Ш. Алтышаһарға сапар. – Алматы: Атамұра, 2006. – 304-б.
11. ҚРОММ. 44-қ., 1-т., 10-іс.
12. ҚРОММ. 44-қ., 1-т., 1295-іс.
13. Положение об управлении степными областями 1891 г. Некотрые документы, характеризующие государственное управление и суд в Казахстане в конце XIX и начале XX веков // Материалы по истории политического строя Казахстана / Сост. М.Г. Масевич. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1960. – Т. 1.
14. ҚРОММ. 44-қ., 1-т., 2282-іс.
15. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. И-461-қ., 1-т., 1026-іс.
16. Ысқақбай М. Асу-асу бел Қордай. – Алматы: Маматай, 2007. – 260 б.
17. Революция 1905-1907 годов в Казахстане: сб. документов и материалов / сост. Ф.Н.Киреев. – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1949. – 235 с.
18. Қырғыз Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 75-қ., 1-т., 50- іс.; ҚР Президенті мұрағаты. 811-қ., 1-т., 23-іс.
19. Ресей мемлекеттік Әскери-тарих мұрағаты. 3-қ., 1-т., 549-іс.
20. ҚРОММ. 135-қ., 1-т., 456-іс.
21. Заключение комиссии Президиума Верховного Совета Республики Казахстан по изучению постановлениий КазЦИК и СНК КАССР от 27 августа 1928 года «О конфискации байских хозяйств», от 13 сентября 1928 года «Об уголовной ответственности за противодействие конфискации и выселению крупнейшего и полуфеодального байства», от 19 февраля 1930 года «О мероприятиях по укреплению социалистического хозяйства в районах сплошной коллективизации и по борьбе с кулачеством и байством» // Советы Казахстана. – 1992. – 22 декабря.
22. Қыдырбекұлы Б. Алатау. Роман. 2-кітап. – Алматы: Жазушы,1991. – 544-б.
23. Ерофеева И.В., Аубекеров Б.Ж., Рогожинский А.Е. и др. Аныракайский треугольник: историко-географический ареал и хроника великого сражения. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 276 с.

Мәдени құндылықтар және ұлтаралық қарым-қатынас

Альмира МҰҚАЖАНОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті, саяси ғылымдарының кандидаты

Ұлтаралық қарым-қатынас көпұлтты Қазақстан Республикасы өмірінің барлық салаларындағы адамдар тіршілік әрекетінің мейлінше мәнді бір қыры болып табылады. Өзара байланыс, өзара әрекеттестік, материалдық және рухани өндіріс өнімдерімен, біліммен, ақпаратпен, дағдылармен алмасушылық табиғи түрде қарым-қатынас нәтижелілігіне, қойылған мақсаттардың жүзеге асырылу дәрежесіне ықпал ететін қарым-қатынас мәдениетін сипаттайды.

Адамзат тарихында әр түрлі халықтар арасындағы өзара қатынастар туралы мәселеден күрделі, өткір әрі кілтипанды мәселені табу қиын. Тәжірбие көрсеткеніндей, біздің еліміз сияқты көпұлтты елдегі халықтардың өзара қатынастарының әлеуметтік нормаларын бекіту аса қиын міндет болып табылады. Жаңа қоғамның мәніне жауап беретін бірден-бір жол – халықтар достығының, республика аясындағы әрбір ұлт, ұлыс мәдениеті дамуының, олардың түбірлі мүдделерінің ортақтығының негізінде сол ұлттар мен ұлыстардың ерікті, тең құқылы ынтымақтастығы жолы.

Осыған орай, Президентіміз Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауындағы стратегиялық міндеттердің бірі – бұл «этникалық түсініспеушілік себептерінің жойылуын, барлық этникалық топтар құқықтарының тең болуын қамтамасыз ету» деп атап көрсеткен болатын [1].

Ұлтаралық қарым-қатынас негізі ретіндегі мәдени құндылықтарды зерттеуде ұлттық өзіндік ерекшелік табиғаты туралы мәселе аса маңызды, өткені, бұл тұрғыдағы қандай да бір тұжырым, сәйкесінше, ұлтаралық қарым-қатынас аясында диалог орнатудың мүмкіндіктері мен шегіне, ол қарым-қатынастың ішкі ыңғайларына және соның барысында туындайтын қиындықтарға қатысты белгілі бір көзқарас-пікірге жетелейді.

Мәдени құндылықтар этностың өз зәруліктерін айнала қоршаған дүние заттарына сәйкестіре зерделеуі нәтижесінде, яғни, бағалау барысында іске асатын құндылықты қатынас нәтижесінде қалыптасады.

Ұлттың құндылықты ұстанымы бүкіл тіршілік әрекеті барысында түзіліп, оқыту және тәрбие процесінде ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Құндылықты қатынас әлеуметтік норма түрінде, яғни, ұлттың іс-қызметіне қатысты қоғамдық болмыс тарихи тұрғыдан шарттастырған талаптар түрінде рәсімделеді, ол талаптарда белгілі бір сипатта әрекет ету нормативтік қағидасы қарастырылады. Әлеуметтік нормалардың қоғамдық қатынастар мен іс-қызметке әсер етуінің маңызды бір ерекшелігі сол – олардың қарастырылуы мен атқарылуы қоғамдық пікірден бастап мемлекеттік институттарға дейінгі түрлі мәжбүрлеу формаларымен қамтамасыз етіледі.

Осыған байланысты, бұндай тұжырым ұлттық құндылықтарды мәдениет феномені ретінде қарастыруға мүмкіндік беретінін, ұлттық болмыс субъектісі ретіндегі ұлт үшін сол ұлттық болмыстың құндылықты мәнін ашатынын, ұлттық құндылықтарға іштен қарауға мәжбүр ететінін атап өтуге болады. Және де, бұндай тұжырым ұлттық құндылықтар ұғымына аксиологиялық, мәдени-философиялық сипаттама береді әрі объективті әлеуметтік-философиялық ұлт талдауына қайшы келмейді.

Мәдени құндылықтардың негізі мағыналық мазмұны жоралғылар, әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, т.с.с. элементтерге сәйкес келеді. Оларды тағы «мінез-құлық үлгілері» деп те атайды. Мәдени құндылықтардың тіршілікке қабілеттілігі келер ұрпақтың оларды әрі қарай дамытуынан орай айқындалады.

«Әдет-ғұрып», «салт-дәстүр», «жора-жоралғы» ұғымдары барабар емес. Дәстүрден айырмасы әдет-ғұрып қоғамдық өмірдің жекелеген салаларында ғана әрекет етеді және көнеден берілген үлгілерді барынша бұлжытпай ұстанушылықты білдіреді.

Әдет-ғұрып – бұл өткеннен берілген адамдардың іс-әрекеті мен қатынастарын әлеуметтік реттеу формасы, ол белгілі бір қоғамда немесе әлеуметтік топта ұдайы жаңғырып отырады және оның мүшелері үшін басты қағида болып табылады.

Жора-жоралғы – әдет-ғұрыптың бір түрі және қандай да бір әлеуметтік идеяларды, ұғымдарды, құндылықтар мен нормаларды бойына тұтқан символдық таптаурын ұғымдық іс-әрекеттер жиынтығы болып табылады. Олар белгілі бір сезімдерді тудырады. Жора-жоралғының күші оның адамдарға эмоциялық-психологиялық әсер ететіндігінде. Әдет-ғұрып адамның әлеуметтік және мәдени тәжірибеге тартылуы, ол тәжірибенің ұрпақтан ұрпаққа берілуі құралы болып қызмет етеді. Әдет-ғұрып ролінде діни жоралар, азаматтық мейрамдар, өндірістік дағдылар, т.б. көріне алады. Әдет-ғұрыптар «таза» түрінде тұрмыс, мораль және азаматтық жоралар жүйесінде сақталады. Әдет-ғұрыптардың ролі, негізінен, өздері құрамында болатын қоғамдық қатынастар жүйесімен айқындалады. Сол себепті, оларды ілгерілеуші (оң, игі), кертартпа (көнерген) әдет-ғұрыптарға бөледі. Нақтырақ айтар болсақ, жора-жоралғы әдет-ғұрыптарды бойына тұтушы пішін болып табылады.

Дәстүр (латынша – берілу, сақталу) – ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және ұзақ уақыт бойына белгілі бір қауымдастықта сақталатын әлеуметтік және мәдени мұра элементтері. Дәстүрлер күллі әлеуметтік жүйелерде қызмет етеді және олардың тіршілік әрекетінің қажетті шарты болып табылады.

Мәдени дәстүр – этникалық мәдениет нормаларының, құндылықтарының, үлгілерінің тұрақтылығын қолдаудың, сақтаудың маңызды механизмдердің бірі. Бұл термин өзіндік ерекше мәдени формалардың ұрпақтан-ұрпаққа тікелей берілуі мен бұндай формалардың қатаң ұстануын қадағалауды білдіреді. Дәстүр механизмі әрекетінің арқасында әлеуметтік-мәдени сәйкестік тәжірибесі түзіледі, қалыпты жағдайларда басқа топтар өкілдерімен өзара әрекеттестік ретке келтіріледі. Бұл дәстүрдің әрекеті ықпалымен әлеуметтену процесінде жеке тұлға қалыпты өзіндік-этникалық тәжірибені игеретіндігінің арқасында іске асады [2].

Әрбір адам қандай да бір дәстүрлерді таңдайды. Соған орай, дәстүрлер жағымды, оң және жағымсыз, теріс болуы мүмкін. Дәстүрді елемеушілік қоғам мен мәдениет дамуындағы сабақтастықтың бұзылуына, адамзаттың құндылықты жетістіктерін жоғалтуға әкеп соқтырады. Ал, дәстүрге шектен тыс табынушылық қоғамдық және жеке бастық өмірде тоқыраушылық пен кертарпалық тудырады. К. Ясперс дәстүр бізді адам етеді деп санаған. «Ол биологиялық тұрғыдан берілетін емес, қайта, адамзат болмысының тарихи негізін, мәнін құрайтын баршасын қамтиды» [3].

Демек, қандай да бір ұлт тудырғанның барлығы құндылық болып табылмайды. Әрбір ұлттың мәдени мұрасында жағымды және жағымсыз тәжірибе жинақталады. Бұнда ұлтты оқшауландыру емес, қайта өзінің ұлттық мәнін паш етуі үшін, рухани дамуы үшін әлемге алып шығатын қасиетті табу маңызды. Бұл ретте, ұлттық құндылықтар, жалпы құндылықтар сияқты, иерархиялық жүйе түрінде орналасатынын ескерген жөн, онда әрбір неғұрлым биік саты ілгерідегісінен құндырақ, ал, бүкіл қатардың және барлық сатылардың құндылығы, ақыр соңында, ең жоғарғы сатының құндылығымен айқындалады.

Мәдени құндылықтарды жіктеу өте күрделі, себебі, кез-келген рухани құбылыс тәрізді, олар да бір-бірінен өзгешеленетін сипат-белгілері негізінде топтарға жіктеуге оңай көне бермейді. Ғылымда мәдени құндылықтарды жіктеу мәселесі әлсіз қарастырылған. Негізінен, құндылықты нысандар жіктеліп, материалдық және рухани болып бөлінеді.

Заттық мазмұны критерийі бойынша мәдени құндылықтарды мынандай топтарға бөлуге болады: а) табиғат құбылыстары мен заттармен байланысты мәдени құндылықтар; ә) қоғамдық болмыс құбылыстары мен заттармен байланысты мәдени құндылықтар; б) адамдар арасындағы қатынастармен байланысты мәдени құндылықтар; в) тұлғааралық қатынастардағы мәдени құндылықтар; г) адамдардың бойындағы, олардың іс-әрекеттеріндегі, мінез қырларындағы, қабілеттеріндегі, қасиеттеріндегі мәдени құндылықтар; д) адамзат тарихының қозғалыс сипатындағы мәдени құндылықтар.

Мәдени құндылықтар өте қозғалмалы тарихи категория болып табылады, нақты-тарихи сипатқа ие. Өзгермейтін мәдени құндылықтардың жоқ екенін өмір көрсетіп берді. Әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді, тұтастай алғанда, мәдени құндылықтарды ештеңесін өзгертпестен сақтауға болмайды. Өткенді қалайда тежеп қалмақ – бекершілік. Өмір мен уақыт өзгеріс енгізбей тұрмайды. Мәдени құндылықтар қоғамдық өмір жағдайларынан өніп шығады, ұлтпен бірге өзгеріп, дамиды.

Бұл мәдени құндылықтардың өзгеретінін білдіреді. Тегінде, қандай да бір этностың таза мәдени құндылығын табу қиын, себебі, ұлттардың өзара ықпалдастығы процесі жүреді. Және бұнымен санаспаска болмайды. Диалектикалық тұжырымдама тұрғысынан алғанда, мәдени құндылықтардың дамуы жай ғана қалыпқа келтірушілікке емес, жаңа сапалы өзгерістерге алып келуі тиіс.

Олардың түрленуі – бұл уақыт талабы және тарихи қажеттілік. Мәдени құндылықтар өткенді, қазіргіні және келешекті байланыстырады. Оларда халықтар тыныс-тіршілігі негізделген адамзат идеялары көрініс тапқан, сол идеялардан олардың келешегі өрбіп, адамгершілікті-өнегелік дамуы жүреді. Мәдени құндылықтар өткеннен өсіп-өнбесе, олар қарама-қайшылықтарға төтеп беруді доғарады, ішкі дамуы тоқтайды, демек, табиғи ілгерілеу де болмайды.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда мәселенің осылай түсінілуі негізге алынар болса, онда өзара әрекеттестік нәтижесі бір мәдениет үлгілерін екінші мәдениет өкілдеріне таңушылық емес, қайта, тәжірибе мен құндылықтармен алмасуы ықпалымен қарым-қатынас субъектілерінің кейбір өзіндік өзгерісі болмақ. Сондай-ақ, ұлтаралық қарым-қатынастың бұндай қасиетіне өздігінен, бей-берекет емес, биік гуманистік қарым-қатынас және мінез-құлық мәдениеті аясындағы мақсатты іс-әрекеттер арқылы қол жеткізіледі, ондай мәдениетті саналы түрде халықтар арасындағы тұрақты, бейбітсүйгіш, өнімді қатынастарға мүдделі қоғамдық күштер мен саяси институттар қалыптастырады, үлгілейті, тәрбиелейді.

Қазақстанда өнер (музыка, ән, би, поэзия, аңыздар, эпос), жора-жоралғылар, күнделікті және іс-жүзінде киілетін киім үлгісі, т.б. байланыстырушы, біріктіруші роль атқарған және атқарады. Қазақстан халқы өмірінің осы саласын оқып-зерттеудің зор ғылыми және тәжірибелік маңызы бар.

Бүгінде үшінші мың жылдықтың басында барша халықтарды қарудың күшімен емес, биік өнермен, мәдениетпен, технологиялармен және басқа да өркениетті құралдармен бағындыру қажет болатын үндестікті қалайды.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің негізі ретіндегі мәдени құндылықтарды зерттей келе, біз, еш күмәнсіз, этностың, тұтастай алғанда, қоғамның үлгі-өнегесінің қалыптасуына ықпал ететін дін сияқты толықтай зерттелмеген мәдени құндылықтар қабаты барын анықтадық.

Дін көпғасырлық адамгершілікті-психологиялық мұрамен байланысты. Сол себепті, қоғам этникалық, әлеуметтік, мәдени және кейбір саяси мәселелердің шешілуін діннің құзырына тапсырған. Ұлттық қатынастар саласында іс-әрекет ететін саясатшылар, ғалымдар міндеті осы мәдениет феноменін зерттеп, толеранттық, гуманизм тәрбиесіне себін тигізетін діни құндылықтарды күллі ұлтаралық қатынастар желісіне табиғи түрде арқау ету болып табылады.

Осыған орай, Н.Б. Сейдіннің орынды атап кеткеніндей: «Қазіргі таңдағы тәуелсіз Қазақстанның жүріп өткен 18 жылдық жолы оны қоныстанған ұлттардың этникалық, мәдени және дінаралық өзара әрекеттестігінің айрықша жағдайын танытады. Бұл жол этностың тұрмысты, дәстүрі, тілі, діни сенімі, менталитеті, ортақ шаруашылығы секілді адам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Қазақстандық менталитет оқшаулану мен ұлтшылдықтың шектен тыс түрлерін қолдамайды. Әр түрлі этностардың арасындағы ұзақ мерзімді мәдени байланыс мемлекет тұрғындарына тән ортақ мәдени бағыт-бағдарлардың қалыптасып, ұлтаралық татулық пен төзімділік ортасының орнығуына себеп болған. Сондықтан да, дінаралық келісімнің қазақстандық үлгісін қарастыру барысында қазақ халқының тарихи-мәдени ерекшеліктерін назарға алу қажет» [4].

Барлық дерлік әлемдік діндер көрініс тапқан біздің елімізде ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін баламалы талдау және оны қалыптастырудың тиімді тәсілдерін, принциптерін анықтау осы факторды ескермейінше, еш мүмкін емес. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру бойынша қоғам алдында қойылған мақсаттан нақты міндеттер келіп шығады:

- адамдардың өз туған халқының мәдениетін терең әрі жан-жақты меңгеруі; бұл басқа мәдениеттермен бірлесудің міндетті шарты болып табылады;
- әлемдегі және Қазақстандағы мәдениеттер көптүрлілігі туралы ұғымдарды қалыптастыру, адамзаттың ілгерілеуі мен тұлғаның өзін іске асыруын қамтамасыз ететін мәдени айырмашылықтарға деген игі қатынасты тәрбиелеу;
- әр түрлі мәдениеттер өкілдерімен нәтижелі өзара әрекеттестік дағдыларын дамыту;
- адамдарды толеранттық, гуманды ұлтаралық қарым-қатынас рухында тәрбиелеу.

Қазіргі кезеңде қоғамдық санада ұлттық сана-сезімнің артуы жағдайында жеке мәдени дәстүр құндылықтарын дәріптеу алдыңғы кезекке шығады. Осы процестің тереңдеуімен, оның бастапқы сындарлы кезеңінен өткеннен кейін бүгіннің өзінде сол дәстүрді қолдау және шығармашылықпен дамыту өзге ұлттық мәдениеттермен белсенді өзара әрекеттестіксіз мүмкін емес екені түсінікті бола

бастады. Сонымен осы мәдениеттердің құндылығы ұғынықты бола түседі. Ал, осы мәдени құндылықтардың әрқайсысының аясында айырмашылықтар, адамның әлемдегі орны туралы, тұлға мен қоғам қатынастары туралы бір-бірімен қабыспайтын ұғымдар іске асатын болса, ұлтаралық қарым-қатынас процесінде тұғырлы жалпыадамзаттық құндылық – адам өмірінің өзінің, тұлға егемендігінің құндылығы мейлінше айқын зерделенеді.

Осылайша, ұлттардың қалыптасуы және дамуының негізгі факторлары экономикалық, саяси-әлеуметтік салалардағы қайта құрулар, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту үшін барша ұлттар мен ұлыстарға барынша кең жағдай тудыру болады.

Қоғамымыздың жаңаруы жағдайында экономикалық, саяси-әлеуметтік және мәдени салалардың ұлт өміріндегі орнын жаңаша зерделеп, қарастыру, ұлттар мен ұлыстар арасындағы үзілген өзара сенім, өзара көмек және ынтымақтастық принциптерін қалпына келтіру талап етіледі.

Ұлттық мәдениеттердің өзара ықпалдастығы мен өзара байытылуының арқасында Қазақстанның барша ұлттары мен ұлыстарының мәдениеті түр жағынан да, сол сияқты мазмұн жағынан да бұрынғыдан байи түсті. Қоғамымыздың жаңаруы, ұлттық мәдениеттердің өзара ықпалдастығы мен өзара байытылуы олардың ынтымақтастық, өзара түсіністік үшін және ұлтаралық қарым-қатынас мәселелері турасында жаңаша ойлап үйрену үшін де бір-бірінің мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білуге шынайы ұмтылысын тұғыр етуі тиіс.

Осылайша, қоғамымыздың жаңаруы, жетілуі жағдайында ұлттық мәдениеттер және ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті дамуының негізгі факторы республиканың, аймақтардың экономикалық дербестігінің барған сайын терең қамтамасыз етілуі, олардың саяси-әлеуметтік мәселелерді шешу құқықтарының ұлғайтылуы, қоғамның одан әрі демократияландырылуы, әрбір азаматтың құқығының арттырылуы, ұлттық мәдениеттердің өзара ықпалдастығы мен өзара байытылуына кең мүмкіндіктер тудыру, «тұрғылықты емес» те халықтардың өзіндік мәдени құндылықтарға деген арта түскен зәруліктерін қамтамасыз ету болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – Алматы: Білім, 1998. – 43 бет.
2. Сидоров А.И. Политика, право и мораль. – Минск, 2003. –С.201
3. Ясперс К. Истоки истории и ее цель //Смысл и назначение истории. –М.,1991. –С.145
4. Сейдін Н.Б. Қазақстанның дінаралық келісім саласындағы тәжірибесі //Казахстанский опыт межэтнического и межконфессионального согласия: предложения для ОБСЕ: материалы международной научно-практической конференции (г.Алматы, 25 февраля 2009г.) - Алматы: КИСИ при президенте РК, 2009. –С.137.

Электронды үкіметтің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі маңызы

Серік ӨТЕУЛИЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі таңда мемлекеттің тиімсіз қызмет етуіне себепкер болып отырған себептердің маңдай алдысы – сыбайлас жемқорлық болып отыр. Жемқорлық дерті мемлекетпен бірге пайда болып, қатар дамып келе жатқан құбылыс десек те болады. Сондықтан да болар, жемқорлықты қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру принципі ретінде қарастырып, мемлекеттің әмбебап белгілерінің біріне жатқызатын пікірлер де кездеседі.

Бүгін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын жүзеге асыру әлемнің барлық мемлекеттерінде күн тәртібінде тұрған өзекті мәселе. Коммерциялық сектордың таза өзінде аз кездесетін жемқорлық мемлекеттік секторда кеңінен таралуының себебі неде? Бұл сұраққа жауап беру үшін жемқорлықты бір жағынан әлеуметтік құбылыс және өмір сүрудің шарты ретінде қарастыру қажет, ал екінші жағынан әлеуметтік өмірдің субъектісі ретіндегі мемлекеттің ерекшеліктерімен байланыстыра қарау керек, яғни қоғам өміріндегі мемлекеттің алатын орнына байланысты.

Қоғамдық ғылымдарда жемқорлыққа анықтама берудің көптеген түрлері кездеседі. Жемқорлыққа анықтама беруде анағұрлым толыққанды жауап беретіні принципал-агенттік қатынастар моделі болып табылады. Бұл модельге сәйкес, принципал (сенім білдіруші) агентті жалдайды, ал агенттің қолында принципалдың мақсаттарын жүзеге асыруға қажетті ресурстар (әкімшілік, қоғамдық, бюджеттік және т.б.) шоғырланған [1].

Әлеуметтік қатынастардың басым бөлігі осы моделге негізделген. Тіптен, жалдаушы мен жалданушы қызметкердің арасындағы қарапайым ғана қарым-қатынастың өзі принципал-агенттік қатынастың көрінісі. Ал демократия жағдайында мемлекет пен қоғамның арасында жүретін жоғары деңгейдегі және кең ауқымды қарым-қатынастарға келетін болсақ, онда принципал-халық билік органдары мен оның чиновниктерімен агенттік қатынастарға түседі. Халық өздерінің агенттерін сайлау өткізу арқылы анықтайды да оларға жалақы төлеп, қызметке жалдайды. Халық өздерінің өкілеттіктері мен салық түрінде жиналған қаржы-қаражаттарын агенттерге сеніп тапсырады. Агенттер сеніп тапсырылған ресурстарды халықтың игілігі үшін жұмсап, халыққа адал қызмет етуі тиіс.

Принципал-агенттік модель бойынша жемқорлыққа мынадай анықтама беріледі: агенттің принципалмен жасасқан келісім-шартын (формалды немесе

бей формалды) бұзып, сеніп тапсырылған ресурстарды принципалдың қойған мақсат-міндеттерінен басқа бағыттарға (көбінесе жеке басын байыту үшін) пайдалануы.

Осындай жағымсыз қоғамдық құбылыс БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы құжатында былай анықталған: «Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке басының мақсатына артықшылықтар алу үшін мемлекеттік билікті теріс пайдалану» [2].

1998 жылғы 9 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында да осы мазмұндағы анықтама беріледі [3].

Егер де осындай анықтаманы басшылыққа алсақ, коммерциялық салаға қарағанда мемлекеттік секторда жемқорлықтың кеңінен қанат жаюының себебін мемлекеттік билік пен тұтынушылардың (азаматтардың) арасындағы принципал-агенттік қатынастардың ерекшелігінен іздеуіміз керек. Ең алдымен, жемқорлықтың дамуына ықпал ететін басты ерекшелік – мемлекеттің қоғамда монополиялық жағдайды иеленуі. Коммерциялық секторға қарағанда мемлекеттік қызмет жалпы қоғамды қамтиды және міндеттеушілік сипаты бар: азаматта қызмет көрсету органы мен түрін таңдау құқығы жоқ, бекітілген мемлекеттік орган ғана тиісті рұқсатты береді, немесе тіркеу жұмыстарын жүргізеді. Осыған байланысты мемлекеттік чиновник өзінің қызметін тиімді, оңтайлы етуге деген ынтадан айырылады, азаматтардың мұқтаждығы мен оларды шешуге мүдделілігі төмендейді, түптеп келгенде мұның барлығы тұтастай мемлекеттік органның қызметін ақсатып, клиент-азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандырудағы белден басушылықтарға алып келеді. Мемлекеттік дәрежеде чиновниктің сыйақысы оның жұмысының тиімділігіне тәуелді емес, ол қалай қызмет атқарса да белгіленген жалақыны алатынын біледі, сондықтан да өзіне ешқандай нұқсан келтірместен, процедураларды орындау мерзімін созып, қандай да бір міндеттерді шешуде саботажға жол береді. Осы кезде олар үшін азаматтардан пара алу немесе мемлекеттік жобаларға бөлінген қаражаттарды талан-таражға салу сияқты жемқорлық сыйақының жаңа көздері ашылады. Қаржы-қаражаттарды бөлу тетіктеріне келгенде жағдай шиеленісе түседі, бұл жерде азаматтар іс жүзінде қауқарсыз болып қалады, өйткені қоғамдық бақылау жұмыс істемейді.

Ал бизнесте азамат клиент-тұтынушы ретінде қарастырылады, тұтынушы әрқашан да таңдау құқығына ие, бәсекелестік жағдайында тұтынушы-клиенттің құқықтарын қорғау бизнес үшін қасиетті міндет, тұтынушының мұқтаждықтары мен сұраныстарын қанағаттандыру коммерциялық ұйымның табыстылығының кепілі.

Осылайша, мемлекет пен қоғамның өзара әрекеттесуіндегі принципалдың (қоғам) агентке (мемлекеттік органдар) ықпал етуі өте әлсіз және шектеулі сипатта, мұның барлығы жемқорлықты туындататын себептер болып табылады. Бұған қоса, бизнес құрылымдардағы менеджерлерге қарағанда мемлекеттік қызметкерлердің жауапкершілігі нақтыланбаған. Тағы бір ерекшелік – мемлекеттегі шешімдер қабылдаудың жабық жүруі, яғни азаматтардың бақылауы, талқылауы сияқты рәсімдер жолға қойылмаған. Өз кезегінде бұлардың бәрі мемлекеттік қызметкерлердің жауапсыздығын, арсыздығы мен ашкөздігін туындатып

қана қоймай, жемқорлық әрекеттері үшін жауапкершілік арқалап, жазалануын да қиындатады.

Осылайша, мемлекеттің объективті ерекшеліктері оның органдарындағы жемқорлықтың көбеюіне алып келеді екен. Сәйкесінше, мемлекеттегі жемқорлық объективті сипатқа ие, оның себептерін чиновниктердің арамдығынан ғана емес, мемлекетке тән жүйелік кемшіліктерден де іздеуіміз қажет.

Қалыптасқан жалпы түсінік бойынша, сыбайлас жемқорлық – чиновниктің жемқорлық арқылы пайда табуға тырысу ниеті мен жемқорлық іс-әрекет ете алу мүмкіндігінің қосындысынан туындайды. Чиновниктің жемқорлық пайда табуға ұмтылысы көбінесе мәдени-өркениеттік факторларға, сонымен қатар жалақының көлеміне байланысты. Мемлекеттік қызметкерлерді «қайта тәрбиелеу» маңызды болғанымен, орындалуы қиын. Жемқорлықпен күресу саясаты көбінесе оны туындатушы факторлармен емес, оның нәтижелерімен немесе зардаптарымен күресуге айналып кетеді.

Көп жағдайда чиновниктің қызметін атқару барысында орын алатын ахуал коррупциогенді сипатқа оп-оңай айналып кете алады, немесе объективті факторлардың арқасында жемқорлық әрекеттің туындауына ықпал етеді. Коррупциогенді ахуал мынадай жағдайлармен сипатталады:

1. Чиновникте дискрециондық өкілеттіліктердің болуы – яғни ол өзінің қалауы бойынша мінез-құлықтың түрлі нұсқаларын таңдау мүмкіндігіне ие [4]. Дискрециондық өкілеттіліктердің көп кездесетін түрі қарастырылатын мәселенің мерзімін ұзарта алу (кейде 1 жылға дейін), құқықбұзушылықтарға қолданылатын санкцияларды түрліше шешу мүмкіндігі т.б. Чиновниктің жеке қабылдауында азамат «қосымша ақы төлеу» арқылы қандай да бір мәселені өзіне тиімді етіп шеше алады. Чиновниктік дискрециондық өкілеттіліктің қайнар көзінде әкімшілік процедураларды жеткіліксіз регламенттеу жатыр. Бұл заңнамадағы олқылықтардан бастап чиновниктер тарапынан жасалатын құйтұрқылыққа дейінгі аралықты қамтиды.

2. Чиновник пен азаматтың арасындағы жеке контактінің болуы (кейде контакт арадағы делдал арқылы жүзеге асады) жемқорлықтың туындауындағы міндетті шарттардың бірі. Жаңа технологиялардың туындауымен (банкомат, терминал, ұялы байланыс, жарнама, бартер т.б.) чиновникке «сыйақы» берудің жаңа мүмкіндіктері туындауда. Болашақта виртуалды коррупциялық желілер туындауы мүмкін. Дегенмен әзірге дәстүрлі қалыптасқан бетпе-бет сөйлесу коррупциялық байланыс орнатудың айнымас атрибуты.

3. Процедуралардың жабықтығы чиновниктің тарапынан жазаланбас оппортунистік мінез-құлықтың туындауына бастау болады. Жемқорлық мінез-құлықтың деңгейі сол жасалатын қылмыстың жазасына, жауапкершілігіне тура пропорционал болса керек, жаза әділ және қатаң болған сайын жауапкершілік те артады, жемқорлық мінез-құлық сабасына түседі. Осылайша, антикоррупциялық саясат жемқорлықтың туындауына жағдай жасайтын факторларға қарсы бағытталуы тиіс, яғни бұл – бюрократиялық процедуралардың нақты регламенттелуі мен ашықтығын қамтамасыз ету, сонымен қатар мемлекеттік қызметкерлер мен мүдделі азаматтардың арасындағы жеке контактілердің болу мүмкіндігін барынша азайту қажет. Жемқорлыққа қарсы саясат өзінің оң нәтижесін беруі үшін жүйелі де кешенді жүргізілуі тиіс, жоғарыда көрсетілген іс-шаралармен қатар

чиновниктердің жалақысын жоғарылату, мемлекеттік қызметкерлердің этикасын көтеру, корпоративті рухты дамыту және т.б. Біз чиновниктердің ниетін түзеудің маңызын төмендетпейміз, бірақ электронды үкіметтің жемқорлықпен күресудегі рөлі жемқорлық қылмыстағы екінші құрамдас бөлікті – жемқорлық іс-әрекет жасау мүмкіндігін шектеумен байланысты.

Коррупцияның деңгейін төмендетудегі электронды үкіметтің маңызы ғылыми зерттеулерде де, саяси пікірталастарда да жоғары бағаланады. Алайда электронды үкіметтің маңызын ең алдымен мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру, чиновниктерді ұстауға кететін шығынды азайту, азаматтардың мемлекетті басқару мен демократияны дамытуға қатысу деңгейін арттыру деп көрсету жалпы танылған.

Электронды үкіметтің антикоррупциялық әлеуеті мынадан көрінеді: мемлекеттік басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану чиновниктердің жемқорлық іс-әрекет жасау мүмкіндігін барынша азайтады. Өйткені, электронды үкімет мемлекеттік қызметті онлайн режиміне көшіріп, азаматтар мен чиновниктер арасындағы жеке контактілерді минимумға жеткізеді.

Электронды үкімет жобаларын жүзеге асырған сайын:

- азаматтар мен мемлекет өкілдерінің контакті жасауы әлденеше рет қысқарады («бір терезе» принципі барлық қажетті мемлекеттік қызмет түрін бір жерден көрсетуді қамтиды);
- азаматтар мен чиновниктердің контакт жасауының сипаты өзгереді: электронды үкімет жағдайында мұндай «кездесу орны» веб-портал болады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің де сипаты өзгереді: электронды үкімет стандартты және деперсоналды қызмет көрсетуді жолға қояды, бұл өз кезегінде коррупциялық механизмдерді пайдалану мүмкіндігін қиындатады.

Келесі бір маңызды нәрсе – чиновниктердің дискрециондық өкілеттіктері айтарлықтай қысқарады. Олай болатын себебі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өзінің параметрлеріне байланысты әкімшілік процедураларды автоматты және нақты алгоритмдерге негіздей отырып жүргізетіндіктен, саяси ерік-жігерден тәуелсіз. Бұл тенденция электронды әкімшілік регламенттердің әзірленуіне алып келеді. Бұл идеяның мәні әкімшілік өкілеттіктерді реттестіру мен негізгі әкімшілік процестерді электронды форматқа формализациялауда. Нәтижесінде азамат әрбір мәселе, әрбір құжат қанша мерзімде орындалады, қандай талаптарға сай болуы тиіс деген мәселелерді нақты білетін болады, бұрынғыдай тамыр-таныс іздеудің қажеттілігі болмайды.

Әрине, жемқорлыққа қарсы күрестегі электронды үкіметтің рөлі оның ашықтығымен, мөлдірлігімен анықталады. Соңғы бесжылдықта э-мөлдірлік термині айналысқа енді [5]. Мөлдірлік – кез келген демократиялық мемлекеттің айнымас атрибутына айналуы тиіс, дегенмен электронды үкімет жағдайында мөлдірлік ерекше мәнге ие болады. Сарапшылардың пікіріне жүгінсек, мөлдірлік – басқару аппаратының қызметі туралы ақпаратқа қол жетімділік максималды болуы, өкілдік және азаматтық қоғам институттары арқылы мемлекеттік басқару саласына қатаң қоғамдық бақылау орнату [6].

Енді антикоррупциялық ИТ-жобаларға келейік. Жемқорлықпен күресу құралы ретінде ақпараттық технологиялар мемлекеттік басқарудың түрлі салаларында қолданыс табады. Антикоррупциялық электронды жобалар көбінесе азаматтар-

мен тығыз қарым-қатынас жасайтын мемлекеттік органдардағы (әкімият, әділет органдары), сонымен қатар «жемқор» деген жаманатты органдар – салық, қаржы, ішкі істер органдарындағы сыбайлас жемқорлықты ауыздықтауға күшті серпін бере алады.

Электронды үкімет жағдайындағы азаматтар мен мемлекеттің өзара әрекеттесуі өз алдына бөлек қарастыратын мәселе. Саяси тәжірибеде дәлелденгендей, ең жемқор органдар әдетте қатардағы азаматтармен тікелей қарым-қатынас жасайтын құрылымдар мен мекемелер болып табылады. Мұндай құрылымдар мен мекемелерде төменгі деңгейдегі коррупция дамиды. Алынатын паралар көлемі шағын болғанымен, оның кеңінен қанат жаятынын ескерсек, төменгі деңгейдегі жемқорлықтың мемлекеттік механизм үшін қауіптілігі жоғары дәрежеде ұйымдасқан сыбайлас жемқорлықтан кем емес. Төменгі деңгейдегі коррупцияның ерекшелігі – пара беруші де, парақор да өзара мүдделі болуы. Олардың арасындағы келісім-шарт өзара тиімділік принципіне негізделеді: бірі жалақыға қосымша табыс табады, екіншісі өзінің мәселесін тез шешуге мүмкіндік алады. Оның қауіптілігі тек мемлекеттік механизмді тежеуде ғана емес, ол коррупцияның өзге түрлерінің туындауына қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырады. Яғни, пара беру, сыбайлас жемқорлық қоғамдық өмірдің, экономикалық қатынастардың қозғаушы күшіне айналып шыға келеді.

Төменгі деңгейде жүретін жемқорлықты жоюға бағытталған электронды жобалар өркениетті елдерде сәтті жүзеге асып, бүгінде халыққа толыққанды қызмет көрсетуде. Мұндай бастаманы ең алғаш қолға алғандардың бірі Оңтүстік Корея болып табылады, сондықтан олардың электронды нұсқасы – OPEN (Сеул) классикалық үлгіге айналған. OPEN жүйесі Сеулде 1999 жылдан бастап енгізіліп, сол кезеңде белең алған коррупция мен бюрократияға қарсы күресу мақсатын көздеді. Бұл жүйе азаматтардың өтініштерін (бірінші кезекте түрлі лицензиялар мен рұқсаттар алуға қатысты) өңдеу процесіне толық бақылау жасауға мүмкіндік береді. OPEN жүйесінің негізіне веб-портал алынған, онда ақпараттар ашық беріледі, азаматтар мекеменің табалдырығын тоздырмай-ақ, интернет арқылы кез келген жерден және тәуліктің қай уақытында болмасын өздерінің өтініштері қандай деңгейде қаралып жатқанын, қандай құрылым орындаушы және қандай қызметші жауапты екеніне дейін көре алады. Әрбір чиновник азаматтың немесе бизнес құрылымның өтінішін өңдеуге алғанда жүйе міндетті түрде сол күнгі дата мен уақытты қояды. Осылайша, істі созып жүріп алуға жол берілмейді, сонымен қатар қоғамдық бақылауға жол ашқан мөлдірліктің арқасында өтінішті орындау барысына сырттан қол сұғушылықтың, заң мен ережелерге қайшы келетін шешімдер қабылдаудың мүмкіндігі жойылады. Бүгінгі күні бұл жүйе қалалық әкімшіліктің негізгі департаменттеріне келіп түсетін азаматтардың 54 түрлі өтініштерін орындауға қабілетті. OPEN жүйесі қалалық әкімшілікке азаматтық қоғам тарапынан бақылауды күшейтіп қана қоймай, тиімді басқару құралына айналды. Жүйе мониторинг арқылы қала әкімшілігіндегі әлсіз құрылымдарды бірден айқындауға мүмкіндік береді. Егер де заматтардың өтініштері қандай да бір процедуралық сатыда кедергілерге ұшырап жатса, онда бұл тиімсіз жұмыс істеп жатқан орган туралы хабардар етеді. Тиімсіздік тек қана жемқорлыққа ғана байланысты болмауы мүмкін, ол қызметтерді қайталаушылық, келісімдеу процедурасының ұзақтығы, немесе

түптеп келгенде нақты бір чиновниктің атқаратын қызметіне біліктілігінің сай болмауынан болуы да мүмкін.

OPEN өтініштерге бақылау жасаумен қатар тұтынушыларға жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау тетіктері туралы да ақпарат береді. Интернетте мемлекеттік қызметтің әртүрлі типтері бойынша коррупция индексі жарияланып тұрады, бұл да чиновниктерді тиімді жұмыс істеуге ынталандырады. OPEN жүйесін қолданысқа ендіру арқылы Сеулдіктер жемқорлықтың деңгейін төмендетіп қана қоймай, қала әкімшілігінің қызметін анағұрлым жақсартты. Осылайша, электронды үкімет технологиялары арқылы жемқорлықпен күресудің әлемдік тәжірибеде OPEN жүйесі ерекше орын алады.

Бүгінгі таңда әлемнің дамыған елдерін айтпағанда, дамушы елдердің өзі электронды үкіметті дамытуға күш салуда. Мысалы, Үндістанның Вийайвада (Vi-jayvada) муниципалитетінде VOICE жүйесі (Versatile Online Information for Citizen Empowerment) – Басқаруға азаматтардың қатысуы үшін жасалған әмбебеап онлайндық ақпараттық жүйе жасалған. Онда басты назарда интернет арқылы тиімді мемлекеттік қызмет көрсету тұр.

Жемқорлыққа қарсы электронды үкімет технологияларын пайдаланудың тағы бір жарқын көрінісі – Үндістандағы Жер реестрін компьютерлендірген Bhoomi жобасы. Халқы көп және тығыз орналасқан Үндістан үшін жердің қаншалықты қымбат екені түсінікті. Жерге иелікті куәландыратын құжат тұрғын үй салу үшін, несие алу үшін, мұраға қалдыру үшін т.б. аса маңызды құжат болып саналады. Bhoomi жобасы ендірілгенге дейін жер кадастрын чиновниктер қолдан жасап, ұзақ уақыт алатын және бұл мемлекеттік қызмет саласы жемқорлыққа белшесінен батқан болатын. Компьютерлік жүйенің ендірілуі, ауыл-аймақтарға жер реестрінен көшірмені басып шығарып беретін ақылы киоскілердің орнатылуы азаматтардың өтінішін өңдеу уақытын мүлдем қысқартты. Әрине, аталған жоба жемқорлықты түпкілікті жойып жіберген жоқ, бұған компьютерлік технологиялардың шамасы жетпейді, ол үшін басқару реформасын түбегейлі жүргізу қажет. Алайда, Bhoomi жобасы чиновниктер тарапынан болатын парақорлықты айтарлықтай шектеген.

Көріп отырғанымыздай, электронды үкіметті жүзеге асыру жемқорлық проблемасын ішінара шешуге мүмкіндік береді. Жемқорлықпен күрес жүйелі жүргізілетін іс-шаралар кешенін қажетсінеді. Сондықтан да басқарушылық, ұйымдастырушылық өзгерістер электронды үкіметті жүзеге асырумен сүйемелденетін болса, онда сыбайлас жемқорлықтың деңгейін анағұрлым төмендетуге болар еді. Мысалы, мемлекеттің қаржылық қызметі (ұлттық қордан бастап, бюджеттік қаржы-қаражат) туралы ақпаратты интернет желісінде жариялау қоғамдық бақылаудың тиімді құралына айналар еді.

Transparency International халықаралық қорының көрсетуінше жемқорлыққа қарсы күрестегі электронды үкіметтің тиімділігін арттырудың келесі бір бағыты мемлекет пен азаматтар арасында араағайындық ететін (медиатор) коммерциялық емес ұйымдардың қызметімен байланысты [7]. Мысалы, АҚШ-та Жауапты саясат орталығы (Center for Responsive Politics) ұйымы жұмыс істейді. Бұл орталық мемлекеттік органдар қызметі туралы ақпараттың ашықтығын, азаматтар үшін қол жетімді болуын, заң бұзушылықтар мен этикалық нормалардың сақталуын, чиновниктердің коррупциялық мінез-құлқын талдаумен айналы-

сатын коммерциялық емес ұйым. Барлық талданып, айқындалған ақпараттар www.opensecrets.org. сайтында жарияланады, онымен кез-келген азамат еркін таныса алады.

Түйіндеп айтатын болсақ, электронды үкімет жемқорлыққа қарсы саясатты тиімді ететін қажетті элементтердің бірі болып табылады. Бірақ мынаны ескеруіміз қажет: электронды үкімет технологиялары өздігінен сыбайлас жемқорлық сияқты кешенді проблеманы шешуге қабілетсіз, бұл жерде жүйелі әкімшілік реформа (қажет болса, тіптен конституциялық реформа) жүргізу қажеттілігі туындайды. Мемлекеттік билік органдарын жәй ғана автоматтандырып, электронды үкімет құрдық деп айтуға ешқандай жол бермеуіміз керек. Бұрыннан қалыптасқан бюрократиялық схемалар автоматтандырылып кетсе, бұл аяғына енді тұрып жатқан электронды үкіметтің маңдайындағы сорына айналады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік басқаруда ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану дәстүрлі коррупцияның мүмкіндіктерін қысқартқанымен, жемқорлық мінез-құлықтың жаңа түрлерінің туындауына әсер етеді. Бүгінгі таңда ақпараттық технологияларды шебер меңгеріп алған кейбір ашкөз чиновниктер қоғамдық мүддені кері ысырып қойып, өздерінің қалтасы мен құлқынын ойлап, э-коррупция (e-corruption) деген жаңа құбылыстың туындауына себепкер болуда [8].

Электронды коррупция құбылысын зерттеуді 1999 жылы алғаш қолға алған Австралияның Жаңа Оңтүстік Уэльс штатының әкімшілігі болып саналады. Алғашқы зерттеу болғандықтан, оларда теориялық-әдіснамалық база әлсіз болды, сондықтан да «э-коррупция» «киберқылмыс» ұғымы ретінде қарастырылды. Сондықтан да э-коррупцияға электронды алаяқтық әрекеттері де, интернеттегі ақпараттық ресурстарды бұзушылар да (хакер) жатқызылды. Кейінірек бұлардың айырмашылықтары айқындалып, «э-коррупция» ұғымы мен «киберқылмыс» әрекеттерінің ара-жіктері ашылды.

Э-коррупцияға қарсы күрестің тәжірибелік іс-шаралары кең ауқымды, дегенмен бұл жерде ең алдымен қолға алынуы тиіс шара – азаматтар мен чиновниктердің компьютерлік сауаттылығын арттыру. Ақпараттық сауатсыздық көптеген заң бұзушылықтарды жүзеге асыруға негіз болатын фактор.

Қорытынды ретінде мынадай тұжырымға келеміз: жалпы алғанда, ақпараттық технологияларды мемлекеттік басқаруға қолдану жемқорлықты ауыздықтауға негізінен оң ықпалын тигізеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мемлекеттік секторда кеңінен қолдану билік органдарының ашықтығын, мөлдірлігін қамтамасыз етеді, азаматтармен тікелей қарым-қатынас жасайтын «жемқор» деген репутацияға ие құрылымдар веб-портал арқылы қызмет көрсетіп, жемқорлық азаяды, қаржы-қаражат, мемлекеттік сатып алу сияқты іс-әрекеттер желіде ашық және нағыз бәсекелестік негізде жүретін болады.

Алайда электронды үкімет жағдайында жемқорлық іс-әрекеттердің жаңа, жоғары технологиялық жағымсыз элементтері мен факторлары орын алатынын да ескеруіміз қажет. Құрамына кәсіби бағдарламашыларды тартқан ақпараттық білімі жоғары кейбір қылмыстық топтар веб-желі арқылы жаңа жемқорлық схемаларды жүзеге асыруға тырысуы заңдылық. Қоғам мен технология дамыған сайын қылмыскерлер де ақылды, құйтұрқы бола түсері сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев әрқашанда сыбайлас жемқорлықпен ешкімнің дәреже-лауазымына, бет-жүзіне қарамастан аяусыз күресу қажет, басқару жүйесі батыл түрде тазартылуға және жаңаруға тиіс деп баса айтады, сыбайлас жемқорлықты демократияға төнген аса қатерлі қауіп ретінде бағалайды. Коррупцияның аса қауіпті екеніне ешкімнің де күмәні жоқ – ол конституциялық құрылыстың негізін шайқалтып, үкіметтің беделін түсіреді, экономиканың негізін бұзып, жалпы қоғам дамуын тежейтін дерт. Қазақстан қайткен күнде сыбайлас жемқорлық дертінен айығады деген кезек күттірмес мәселеге Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы он мәрте соққы беру» керек деп ерекше назар аударуы халықтың көңіліне үлкен медеу болды, бұл қоғамдық маңызы зор күреске электронды үкімет өзіндік үлесін қосады деген сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТ:

1. Антикоррупционная политика: Фонд ИНДЕМ / Под ред. Г.А. Сатарова. М., 2004. С. 24-37.
2. Сыбайлас жемқорлық: кімдермен күресеміз? // Ақиқат. 1999. -№ 7. -3 б.
3. Закон Республики Казахстан "О борьбе с коррупцией" // Казахстанская правда. -1998 г. 9 июля. -С. 2.
4. Головщинский К.И. Диагностика коррупциогенности законодательства. М, 2004. -С. 17.
5. толығырақ: http://www.e-devexchange.org/eGov/topic2.htm сайтынан қараңыз.
6. Чуклинов А.Е. Прозрачность как антикоррупционный механизм в системе государственного управления. М., 1999. С. 21.
7. Global Corruption Report 2003. Transparency Internationa. -P. 32 // www.ti.org.
8. Shadrash B. E-corruption - a new challenge // www.ti.org.

Оңтүстік Қазақстан облысындағы мектептерде мемлекеттік тілді қолдану барысы

Мұғазима ДОСЫМОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар педогогикалық университетінің оқытушысы

Еліміз тәуелсіздігін алғалы бері жиырма жылдан астам уақыт өтті. Өкінішке орай әлі де, қазақ тілінің жағдайы нашар халде. Бұның бастауы сонау, Кеңес өкіметі тұсында ондағы барша ұлттар мен ұлыстардың рухани өмірі коммунистік идеология мен саяси нұсқаулардың бұғауында болды. Сондықтан көпшіліктің рухани сұраныстарын қанағаттандыру ісі барынша ортақтастырылып, мәдениет пен тұрмыс саласы бір сарынға салынды, әрбір ұлттың өзіндік сан алуан дәстүрлік ерекшеліктері ескерілмеді. Әсіресе тілге, дінге деген көзқарас қатал болды. Қазақ даласындағы отарлау саясатының заңды құрамдас саласы ретінде оқу-ағарту жұмыстарын барынша біржақты жүргізуге күш сала келіп: «Ауылдарда, старшындарда «Ауыл мектебі» – деген бүркеніш атпен мектеп ұйымдастырып, бірте-бірте олардың санын көбейтіп, алғашында қазақтардың көңілін табу үшін оларға қазақ мұғалімдерін жіберу керек. Оларға міндетті түрде орыс оқуын оқытып, балалар мен орысша сөйлеуін тапсырып, қазақ әріпін қандай жағдайда болмасын қолданбауды, сөйтіп қазақ кітабын оқи алмайтын жағдайға жеткізу керек. Бірақ оны заң ретінде қолданбаған жөн... Солай болған күнде қазақтың оқуын тез жоюға қол жеткіземіз және орыс оқуын ғана оқытамыз. Содан кейін арнайы (шешуші) Заң шығарылуға тиіс. Сол арқылы қазақтарды әр қонысқа бөліп-бөліп тастап оларды крестьяндарға айналдырамыз» – деген құпия хатты өткен ғасырдың патша миссионерлерінің белсенді уәкілдері Сперанский мен Ильминский жазып бұйрық күш ретінде қолданған [1, 8-9 бб.]

Тіпті, 1970-ші жылдардың бас кезінде-ақ 800-ге тарта қазақ мектептері жабылып қалған. Бұл құбылыс әсіресе өндірісті қалаларда, облылыс орталықтарында, Алматыда көбірек байқалған. Әбден күшіне мінген кеңес өкіметі енді: «Бізде бір ғана халық–совет халқы болу керек, бір ғана тіл-орыс тілі үстемдік құру керек!» – деген бағыт ұстанды. Мұның түп-төркіні Одақ құрамындағы халақтардың өзінің ана тілінен, ділінен, ұлттық ерекшеліктерінен айыру еді. Осының нәтижесінде қазақ тілін қолдану аясы тарыла бастады. Ұлттық бала-бақшалары мен мектептер бірте-бірте жабылып, жоғарғы және оқу орындарындағы сабақтар тек орыс тілінде жүргізілді [2, 23 б.]. Көріп отырғанымыздай, патша өкіметі мен кеңестік идеологияның жүргізілген саясатының шырмауынан әлі шығалмай отырмыз.

Қазір, Республикамызда жалпы білім беретін 8222 орта мектеп бар болса, олардың 3986-сы ғана қазақ мектептері. Осы жылы орта білім беретін мектептерде 3 млн. бала оқиды. Олардың 1 млн. 628 мыңы қазақ мектебінде оқиды. Ал 1млн. 152 мың оқушының шамамен 60% қазақтар [3, 4 б.]. Оңтүстік астана – Алматы қаласының өзінде 243 жалпы білім беретін мектеп болса, оның ішінде қазақ мектептері 20% (44 мектеп) құрайды. Қазақ мектептерінде оқитын оқушылардың саны қала бойынша жалпы білім беретін мектептерде оқитын 168989 оқушының 22% ғана құрап отыр [4, 45 б.].

Негізінен Қазақстанда аралас бала-бақшалар мен мектептер көп. Яғни аралас мектептерде сабақтар қазақ және орыс тілдерінде жүргізілді. Мәселен, 1988-1989 жылдары 57 аралас мектептер болса ал, 1989-1990 жылы 71 мектепті құраған [5].

Қазақ-орыс қостілділігі дегеніміз – қазақтардың көпұлысты қоғамда ана тілімен қатар орыс тілін ұлтаралас қатынаста қатар немесе алма-кезек қолдануы. Мәселен, Біз зерттеп отырған, Түркістан қаласында жүргізілген этносоциологиялық мәліметтер негізінде «Сіз болашақта балаңызды мектепке қай тілде оқығанын қалайсыз ?» деген сұраққа: қазақтардың 64,1% тек қана қазақ тілінде деп жауап берсе, ал 23,3% қазақ және орыс (қос тілде) тілдерінде деп жауап берді (1-кестені қараңыз).

1-кесте

Түркістан қаласы тұрғындырының балаларының болашақта мектепте оқитын тілдері

Этностар	Балаларының болашақта мектепте оқитын тілдері, %							
	жауап берушілер	тек қана қазақша	қазақша және өзбекше	тек қана өзбекше	қазақша және орысша	тек қана орысша	басқа тілдерде	жауап беруге қиналады
Түркістан ауданы, %								
Қазақтар	746	64,1	2,1	1,2	23,3	6,6	5	1,9
Өзбектер	397	1,0	19,4	54,9	13,6	9,3	4,5	3,3
Орыстар	276	4,7	2,9	0,7	3,3	79,3	4,0	9,1
Түркістан ауданы, %								
Қазақтар	507	79,9	1,2	0,8	16,6	1,4	2,8	1,0
Өзбектер	644	1,2	26,6	65,2	3,7	0,9	0,5	2,6

Нақтырақ айтар болсақ, қай ұлт болса да, балаларының мектепте оқитын тілін немесе болашақта сөйлеу, жазу тілін таңдауы әрбір ата-ана өзінің жұмыс істейтін қызметіне, жасына, ортасына, яғни этномәдениетіне байланысты таңдайды (2-кестені қараңыз).

Көріп отырғанымыздай, Оңтүстік Қазақстан аймағындағы тұрғындардың бүгінгі таңда әлі де болса, қазақ жастарының арасында балаларын, орыс тілінде немесе қазақ және орыс (қос тіл) тілдеріндегі мектептерге беретіндігінің басым екенін этносоциологиялық мәліметтер негзінде анықталып отыр.

2-кесте

Түркістан қаласы тұрғындырының балаларының болашақта мектепте оқитын тілдері

Әлеуметтік-кәсіптік топтар	балаларының болашақта мектепте оқитын тілдері, %							
	жауап берушілер	тек қазақ тілінде	қазақ және өзбек тілдерінде	тек өзбек тілінде	қазақ және орыс тілінде	тек орыс тілінде	басқа тілдерде	жауап беруге қиналады
Жоғары және орта буындағы басшылар мен мамандар	78	57,7	3,8	1,3	30,8	11,5	3,8	2,6
Қызметкерлер	266	59,8	1,1	0,4	25,2	6,4	8,6	2,3
Солардың ішіндегі зиялылар	82	61	2,4	0,0	29,3	3,7	7,3	1,2
Маманданған жұмысшылар	215	66	1,4	1,4	21,9	9,3	3,3	2,3
Мамандандбаған жұмысшылар	180	73,3	3,9	2,2	20	1,7	2,2	0,6
Жастары								
18-19	17	76,5	5,9	0,0	17,6	0,0	0,0	0,0
20-24	123	53,7	2,4	2,4	26	3,3	8,1	4,1
25-29	95	50,5	1,1	1,1	28,4	11,6	6,3	1,1
30-39	190	50,5	2,6	1,1	23,2	9,5	6,8	2,6
40-49	166	63,7	2,4	1,2	16,9	7,8	1,2	1,2
50-59	90	73,5	1,1	1,1	31,1	3,3	4,4	0,0
60 +	65	63,3	1,5	0,0	18,5	0,0	3,1	1,5
Барлығы	746	64,1	2,1	1,2	23,3	6,6	5,0	1,9

Этносоциологиялық зеріттеулер негізінде осы аталған респондеттердің қазақ отбасыларындағы балаларының мектепке барғанға дейін 93% қазақ тілін еркін меңгерген, ал 9,8% орыс және 2,6% өзбек тілдерін меңгерген. Яғни мектепке барғанға дейін қазақ тілі бірінші орында болса, ал мектепке барғаннан кейін қазақ тілі күнделікті тұрмыстағы *от басы, ошақ қасындағы* тілге айналған, нақтырақ айтар болсақ, орыс тілі бірінші орынға қойылған.

Қазақстан Республикасы полиэтникалық (көп ұлтты) мемлекет, сондықтан да республикада 130 шақты тіл дамуда. Біз қарастырып отырған Түркістан ауданында орыс, өзбек, ұйғыр, түрік, әзірбайжан этностары басымырақ. Сондықтанда қазақ тілімен қатар орыс тілінің, яғни қос тілдің даму қарқындылығы артуда.

1999 ж. халық санағы тілдік көрсеткішті баян еткендей, республика халқының 46,2% бір тілді, 53,8% екі және оданда көп тілдерді біледі. Атап айтар болсақ: Ақмола облысының тұрғындары 56,0% бір тілді, 44,0% қос тілді; Ақтөбе облысында 41,5% бір тілді, 58,5% қос тілді; Алматы облысында 38,8% бір тілді, 61,2% қос тілді; Атырау облысында 41,1% бір тілді, 58,6% қос тілді; Шығыс Қазақстан облысында 49,9% бір тілді, 50,1% қос тілді; Жамбыл облысында 34,6% бір тілді, 65,4% қос тілді; Батыс Қазақстан облысында 46,7% бір тілді, 53,3% қос тілді; Қарағанды облысында 56,7% бір тілді, 43,3% қос тілді; Қостанай облысында 59,2% бір тілді, 40,8% қос тілді; Қызылорда облысында 39,8% бір тілді, 60,2% қос тілді; Маңғыстау облысында 36,6% бір тілді, 63,4% қос тілді; Павлодар облысында 52,6% бір тілді, 47,4% қос тілді; Солтүстік Қазақстан

облысында 62,1% бір тілді, 37,9% қос тілді; Оңтүстік Қазақстан облысында 33,9% бір тілді, 66,1% қос тілді меңгерді [6, 45 б.].

Дегенмен, Қазақстанның шығыс, батыс және солтүстік облыстарына қарағанда Оңтүстік Қазақстан облысындағы тұрғындардың басым бөлігі қазақ тілін жақсы меңгерген. Мәселен, Қызылорда облысының халқы бірінші орында – 97,2%, Атырау облысынікі екінші орында – 92,8%, Оңтүстік Қазақстан облысы үшінші орында – 88,6%. Келесі орындарда: Маңғыстау (83,5%), Жамбыл (80,6%), Ақтөбе (80,1%), Алматы (76,7%), Батыс Қазақстан (70,5%), Шығыс Қазақстан (55,5%), Павлодар, Қарағанды (46,4%), Ақмола (43,6%), Қостанай (39,3%); Солтүстік Қазақстан (36,4%) облыстары [6, 181 б.].

Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі де құдыретті. Ол әр адамға ана сүтімен бірге еніп қалыптасады. Яғни Отанын, елін, жеріне деген сүйіспеншіліктің оянуы адамға тіл арқылы енеді. Қазақ мемлекеттілігін сақтаудың, қазақ тілін оқып үйренудің бастауы балабақшадан, мектептен басталады. Демек, қазақ үшін қазақ тілінің орны ерекше болуға тиіс. Осы орайда тіл жайлы терең ойлануымыз әр қазақ азаматы үшін парыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Ана тілім арым // Қазақ тілі. – 2005. – №6 (12).
2. Табей К. Қайсар рухты қазақ : Қайрат Рұсқұлбеков. – Алматы, 1994. – 120 б.
3. Тілім деп соққан жүрегі (Тіл майданында) // Қазақ тілі Қазақстан мектебінде. – 2008. – № 5 (11).
4. Матыжанов К. Қазақ тілінің келешегі қалада десек бастауы Алматыда // Туған тіл. – 2007 – №2 (06).
5. Работа предстоит большая // Путь коммунизма. – 1990. – 3 июля.
6. Национальный состав населения Республики Казахстан. 2 том. Население Республики Казахстан по национальностям и владению языками / Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. Стат. сборник. –Алматы, 2006. –86 с.

Түйіндеме

Ключ стабильного развития – в сплоченности народа Казахстана

Алмас Арзикулов *– старший научный сотрудник КИСИ при Президенте РК*

Статья посвящена проблемам межнационального согласия и сплоченности единого народа Казахстана в контексте Послания Президента РК Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Через кризис к обновлению и развитию».

The Key of Stable Development is in Cohesion of Kazakhstan People

Almas Arzikulov *– Senior Research Fellow of KazISS under the President of the RK*

The article is dedicated to problem of interethnic concord and solidarity of a single people of Kazakhstan in the context of Address of the President of RK N.A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan «Through Crisis to Renovation and Development».

Казахстан в меняющемся мире

Кайрат Сарыбай *– Помощник Президента Республики Казахстан*

Минувший год стал серьезным испытанием для мирового сообщества, переживающего беспрецедентный по масштабам и глубине финансово-экономический кризис. В этих условиях большое значение приобретает международное сотрудничество, закладывающее основу посткризисного развития, а важнейшей задачей внешней политики становится обеспечение конкурентоспособности государства в глобализующемся мире.

В статье рассматриваются внешнеполитическая деятельность Президента РК Н.А. Назарбаева в 2009 г. и успехи, достигнутые в этой сфере.

Kazakhstan in Changing World

Kairat Sarybay *– Assistant to the President of the Republic of Kazakhstan*

The past year was serious test for the world community, enduring unprecedented on scales and depth financial and economic crisis. In these conditions the great value gains the international cooperation, creating a foundation of post crisis development, and maintenance of state's competitiveness in globalizing world becomes the major problem of foreign policy.

Foreign policy activity of the President of RK N.A. Nazarbayev in 2009 and the successes that reached in this field are considered in article.

Участие США в системе социально-политических преобразований в странах Восточной Европы

Толеутай Сулейменов *– директор Института дипломатии Академии государственного управления при Президенте РК, кандидат политических наук, профессор*

Изменения геополитической ситуации в Европе привели к эволюции политики США по отношению к странам Восточной Европы. Основным направлением американской политики является укрепление в восточноевропейских странах принципов демократии и рыночной экономики, а вхождение данных стран в НАТО позволило США продвигать собственные интересы в трансатлантическом пространстве.

Participation of the USA in the System of Socio-Political Transformation in Eastern Europe Countries

Toleutai Suleimenov *– Director of the Institute of Diplomacy of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Political Science, Professor*

Changes in geopolitical situation in Europe led to the evolution of the USA policy concerning the Eastern Europe countries. Strengthening of democratic principles and market economy in the Eastern Europe countries is the main trend of the American policy. As for these countries' accession to NATO, it allowed the USA to advance their interests in transatlantic space.

СВДМА – эффективный механизм коллективной безопасности в Азии

Дулат Бакишев *– Исполнительный директор Секретариата СВДМА*

В данной статье автор преследует целью информирование читателей о целях и задачах Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии (СВМДА), созданного по инициативе Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева. За короткое время с момента создания СВМДА добилось существенного прогресса в деле имплементации мер доверия среди азиатских государств. По мнению автора, сегодня СВМДА является уникальной структурой по безопасности, деятельность которой покрывает почти весь континент. На основе анализа различных элементов автор создает полную картину всестороннего и последовательного развития форума.

CICA – Effective Mechanism of Collective Security in Asia

Dulat Bakishev *– Executive Director of CICA Secretariat*

The author aims to briefing the reader about the tasks and objectives of the Conference on Interaction and Confidence-building Measures in Asia (CICA). He argues that in short time since its inception the CICA made considerable progress in achieving its goals relating to implementation of confidence building measures among Asian countries. In his opinion, today the CICA is one of the most ambitious and effective multilateral mechanisms for peace and security in Asia. He analyzes different elements for illustrating consistent and comprehensive development of the CICA into a full-fledged security mechanism covering entire Asia.

Центральная Азия в восточной политике России: история проблемы и ее международная подоплека (XIX–XXI вв.)

Рыскелди Мырзабекова *– доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук*

История взаимоотношений России и государств Центральной Азии насчитывает несколько веков. Несмотря на это, Россия – одно из многих государств в сфере международного права центральноазиатских стран. Поэтому Россия должна уважать независимость и территориальную целостность государств Центральной Азии и развивать с ними отношения в контексте безопасности и сохранения прав человека.

Статья посвящена истории развития российско-центральноазиатских отношений в XIX–XXI вв.

Central Asia in Eastern Policy of Russia: History of the Problem and Its International Background (XIX–XXI centuries)

Ryskeldi Myrzabekova *– Docent at al-Farabi Kazakh National University, Candidate of History*

History of mutual relations of Russia and Central Asian states counts some centuries. Despite it, Russia is one of many states in the sphere of international law in the Central Asian countries. Therefore Russia should respect independence and territorial integrity of the Central Asian states and develops with them relations in the context of security and preservation of human rights.

The article is dedicated to the history and Russian-Central Asian relations development in XIX–XXI centuries.

Аналитические центры Китая: современное состояние и тенденции развития

Алуа Жолдыбалина *– Ph.D-докторант ЕНУ им. Л. Гумилева*

В данной статье автор рассматривает развитие аналитических центров Китая, дает определения основных китайских аналитических центров, раскрывая их особенности и отличия, а также анализирует основные этапы развития аналитических центров Китая.

Автор выявляет и раскрывает причины появления и основные характеристики аналитических центров Китая, а также описывает основные тенденции развития аналитических центров Китая.

Think Tanks of China: Current Status and Development Trends

Alua Zholdybalina *– Ph.D doctorate of ENU named after L.N. Gumilyov*

The author examines the China's think tanks development, defines the basic of Chinese think tanks, opening their characteristics and differences, and analyses main stages of the development of China's think tanks.

The author identifies and opens the appearance causes and main characteristics of China's think tanks, and also describes the main trends of China's think tanks development..

Казахстанские СМИ и политическая коммуникация: корреляционный анализ

Гулмира Султанбаева *– доцент кафедры менеджмента СМИ и рекламы КазНУ им. аль-Фараби*

Политологами и экспертами масс-медиа при изучении процессов политической коммуникации в качестве доступного источника, информирующего о политическом событии, используются материалы периодической печати.

В статье приводится корреляционный анализ нескольких казахоязычных газет страны.

The Kazakhstan's Mass-Media and Political Communications: the Correlation Analysis

Gulmira Sultanbayeva *– Docent of Mass Media Management and Advertising, al-Farabi Kazakh National University*

Political scientists and experts of mass media at studying of processes of political communications as an accessible source informing on political event, use materials of periodical press.

The article describes correlation analysis of several Kazakh language newspapers of the country.

Концепция PR на постсоветском пространстве

Данагуль Копежанова *– Ph.D-докторант ЕНУ им. Л. Гумилева*

В данной статье автор рассматривает многогранность и многозначность термина PR и призывает специалистов прийти к общему мнению. А также определяет и обозначает PR не только как средство построения диалога и улучшения взаимоотношений между гражданским обществом, государством и властью, но и как инструмент осуществления государственной политики во всех сферах общества.

The Concept of PR in the Post-Soviet countries

Danagul Kopezhanova *–Ph.D doctorate of ENU named after L. Gumilyov*

The author examines the many-sidedness and polysemous of PR term and encourages professionals to come to a consensus. And also determines and designates PR not only as a means of building dialogue and improvement relations between civil society, the state and power, but also as an instrument of state policy in all spheres of society.

Ключ национального единства – в консолидации

Мейрамхан Жапек *– старший преподаватель кафедры журналистики КарГУ им. Е. Букетова,*

Гулсаян Ыбраева *– студентка 2-го курса КарГУ им. Е. Букетова*

Несмотря на такие понятия, как «многонациональность», «казахстанская нация», «казахстанцы» и т. п., мы должны понимать, что межнациональное согласие и толерантность – это заслуга титульной нации – казахов. А сохранение национального единства – это долг каждого представителя диаспоры, который выражается в уважении и почтении к ценностям коренной нации.

The Key of National Unity – in Consolidation

Meiramkhan Zhapek *– Senior Lecturer of Journalism Department, KarGU named after Buketov,*

Gulsayan Ybrayeva *– 2nd year student, KarGU named after Buketov*

In spite of such concepts as «multinationality», «Kazakhstan nation», «Kazakhstanis», etc., we should understand that the international consent and tolerance is a merit of the title nation – Kazakhs. And preservation of national unity is an honor of each representative of Diaspora, which is expressed in respect and honor to values of the native nation.

Оптимизация финансового планирования в учреждениях здравоохранения

Гульшар Доскеева *– доцент кафедры «Финансы» университета «Туран», кандидат экономических наук*

В данной статье рассматриваются особенности финансового планирования в сфере здравоохранения и методика составления бизнес-плана на уровне лечебно-профилактических учреждений.

Optimization of Financial Planning in the Health Care Facilities.

Gulashar Doskeyeva *– Docent of Finance Department at Turan University, Candidate of Economics*

The article is devoted to peculiarities of financial planning in the sphere of health care and methodic of compiling of business-plan on medical and preventive facilities.

Определение показателя доступности жилья и методологические основы его применения

Хамит Жумабеков *– старший преподаватель КазНУ им. аль-Фараби*

В данной статье рассматриваются методические подходы к определению показателя доступности жилья и их применение на рынке недвижимости Казахстана.

Definition of an Indicator of Availability of Habitation and Methodological Bases of Its Application

Khamit Zhumabekov *– Senior Lecturer at al-Farabi Kazakh National University*

The article examines methodological approach to definition of indicator of habitation availability and their application on Kazakhstan's market of immovable.

Некоторые проблемы экономического содрудничества Казахстана и Чехии

Мейрам Сарыбаев *– PhD. докторант факультета истории КазНУ им. аль-Фараби*

Статья посвящена некоторым вопросам экономических отношении Казахстана и Чехии, в частности, их основным направлениям, состоянию и перспективам. Казахстанско-чешские отношения берут свое начало в 90-х гг. XX в. Республика Чехия – это одна из постсоциалистических стран Центральной Европы которая имеет положительные темпы в экономического развития.

Some Problems of Economic Cooperation of Kazakhstan and Czechia

Meiram Saribayev *– Ph.D Doctorate, the Department of History, the al-Farabi KazNU*

The article is devoted to some issues of economic relations of Kazakhstan and Czechia, in particular, to their main directions, a state and prospects. Kazahstan-Czech relations started in the beginning of 90 of XX century. Czech Republic is one of the postsocialist countries of the Central Europe having positive rates in economic development.

Социально-психологические проблемы детей из неблагополучных семей

Аманжол Калыш *– заведующий кафедрой истории Казахстана Казахского государственного женского педагогического университета, кандидат исторических наук, доцент*

В данной статье автор рассматривает проблемы несовершеннолетних детей из неполных и неблагополучных семей – на основе специальной литературы, а также материалов этнографического, этносоциологического характера и архивных данных, собранных автором среди населения.

Socio-psychological Problems of Children from Troubled Families

Amanzhol Kalysh *– Head of History of Kazakhstan Department, Kazakh State Women Pedagogical University, Candidate of History, Docent*

The author considers the problems of children minority ages from incomplete and troubled families – on the base of special literature, and also materials of ethnographic, ethno-sociological character and archival data, collected by the author among the population.

Теория и методология автоматизации управления делопроизводством

Акмарал Ыскак *– доцент КазНУ им. аль-Фараби, кандидат исторических наук*

Статья посвящена вопросам теории и методологии управления документацией. Управление документацией – это полноценная управленческая функция организации, направленная на экономное и эффективное создание, использование и хранение документов в течение их жизненного цикла. Автор подробно рассматривает основные задачи, возникающие при выборе системы автоматизации управления документацией.

The Theory and Methodology of Automation of Office-Work Management

Akmaral Yskak *– Docent at al-Farabi KazNU, Candidate of History*

The article is devoted to issues of theory and methodology of management by the documentation. Management of the documentation is the high-grade administrative function of the organization which is aimed at economical and effective creation, use and storage of documents during their life cycle. The author in detail examines primary goals at choosing an automation document management system.

Принцип разделения власти русского государствоведения конца XIX в. и начала XX в.

Балташ Карипов *– докторант Института переподготовки и повышения квалификации преподавателей социальных и гуманитарных наук МГУ им. М. Ломоносова*

Русские ученые-государствоведы рассматривают принцип разделения власти, как составную часть концепции правового государства. По их мнению, принцип – это не только содержательное понятие, но и политико-правовой механизм политической системы.

В статье рассматривается принцип разделения власти по русскому государствоведению конца XIX в. и начала XX в.

Principle of Division of the Power of Russian Political Science at the End of XIX century and the Beginning of XX century

Baltash Karipov *– Doctorate of the Institute for Retraining and Improvement of Professional Skills for Teachers of Humanities and Social Sciences under Moscow State University named after M. Lomonosov*

Russian political scientists consider a principle of division of the power, as a component of the concept of a lawful state. In their opinion, the principle is not only substantial concept, but also a politico-legal mechanism of political system.

The article considers the principle of division of the power on Russian political science at the end of XIX century and the beginning of XX century.

Традиционные жилища казахов нижнего течения Сырдарьи (конец XIX – начало XX вв.)

Таттыгул Картаева *– доцент Казахского государственного женского педогогического университета, кандидат исторических наук*

Статья описывает виды традиционных жилищ присырдаринских казахов в XIX в. В статье рассматриваются виды жилищ казахов нижнего течения реки – Перовского и Казалинского уездов.

Kazakhs' Traditional Dwellings of Undercurrent of Syr-Darya (end XIX – beginning XX centuries)

Tattygul Kartayeva *– Docent at Kazakh State Women Pedagogical University, Candidate of History*

The article describes kinds of traditional dwellings of Syr-Daryan Kazakhs at XIX century. Kinds of dwellings of Kazakhs living undercurrent river – Perovsky and Kazalinsky districts are considered in the article.

Утверждение сталинской власти в периодической печати (1932–1938 гг.)

Кылышбай Сундетулы *– старший преподаватель Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова, кандидат исторических наук*

В статье рассматривается утверждение сталинский власти в периодической печати Западно-Казахстанской области. По мнению автора, в 30 г. прошлого века сталинская власть полностью утвердилась в периодике, тем самым запретив демократические принципы и иномыслие среди журналистов.

Conformation of Stalin's Power in Periodical Press (1932-1938)

Kylyshbai Sundetuly *– Senior Lecturer of Atyrau State University named after H. Dosmuhamedov, Candidate of History*

The article considers the conformation of Stalin's power in Periodical Press of West Kazakhstan region. In the author's opinion during the 30th of the past ages Stalin's power was fully established in the periodicals, in the same way it was forbidden the democratic principles and foreign ideas among the journalists.

the periodicals, in the same way it was forbidden the democratic principles and foreign ideas among the journalists.

Проблемы Небытия в креационизме средневековой Западной Европы

Берик Аташ *– и. о. доцента Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова, кандидат философских наук*

В данной статье на основе историко-философского аспекта анализируются креационистские принципы и Небытие. Автор делает обзор проблем Небытия и принципов теологии, определяя их как актуальные исследования для будущих ученых.

The Problems of Nonbeing in Creationism of Medieval Western Europe

Berik Atash *– vice Dean of Atyrau State University named after H. Dosmuhamedov, Candidate of Philosophy*

The article on the base of historical- Philosophical aspect analyses the creationism principles and Nonbeing. The author surveys the problem of Nonbeing and the principles of theology, defining their as the pressing research for future scientists.

Conformation of Stalin's Power in Periodical Press (1932-1938)

Kylyshbai Sundetuly *– Senior Lecturer of Atyrau State University named after H. Dosmuhamedov, Candidate of History*

The article considers the conformation of Stalin's power in Periodical Press of West Kazakhstan region. In the author's opinion during the 30th of the past ages Stalin's power was fully established in the periodicals, in the same way it was forbidden the democratic principles and foreign ideas among the journalists.

Олжас Сүлейменов и казахское киноискусство

Дастан Сатбай *– доцент Кызылординского государственного университета им. Коркыт Ата, кандидат исторических наук*

Статья посвящена творческой деятельности известного поэта и общественного деятеля О. Сулейменова в области развития киноискусства РК. Обильно цитируются исторические документы, которые дают возможность донести до читателя аромат той эпохи.

Olzhas Suleymenov and Kazakh Cinema Art

Dastan Satbai *– Docent of Kyzylorda State University named after Korkyt Ata, Candidate of History*

The article is devoted to creative activity of the well-known poet and public figure Suleymenov, in the field of development of cinema arts in the Republic of Kazakhstan. Historical documents are plentifully quoted which makes the reader to feel the aroma of that epoch.

Абайылда би (к 150-летию Абайылды Келгенбаева)

Айткуль Махаева *– доцент Казахского национального технического университета им. К. Сатпаева, доктор исторических наук*

В данной статье описываются жизнь и деятельность видного бия Верненского уезда Семиреченской области Абайылды Келгенбаева, жившего во времена господства царской России и в период проведения политики коллективизации сельского хозяйства советской властью. Статья написана на основе архивных материалов Казахстана, Узбекистана, России и Кыргызстана.

Abayildy bey (devoted to the 150th anniversary of Abayildy Kelgenbaev)

Aitkul Makhayeva *– Docent of Kazakh National Technical University named after K. Satpayev, Doctor of History*

The life and activity of the prominent bey (a judge in Kazakh society) of the Vernye uezd of the Semirechye oblast Abayildy Kelgenbaev lived during the ruling of the tsar's Russia and the period of the collectivization policy of agricultural economy by the Soviet authority is described in the article. The article is based on archival materials of Kazakhstan, Uzbekistan, Russia and Kyrgyzstan.

Культурные ценности и межнациональные отношения

Альмира Мукажанова *– доцент КазНПУ им. Абая, кандидат политических наук*

В статье показано, что межнациональное общение является одной из наиболее сторон жизнедеятельности людей во всех сферах жизни многонационального Казахстана. Автор утверждает, что культурные ценности формируются в результате осознания этносом своих потребностей в соответствии их с предметами окружающего мира. Обновление казахстанского общества должно строиться на подлинном стремлении к знанию культуры во имя сотрудничества, взаимопонимания, и желании научиться по-новому мыслить в вопросах межнационального общения.

Cultural Values and International Relations

Almira Mukazhanova *– Docent of KazSPU named after Abai, Candidate of Political Sciences*

The article shows that the international relation is one of the vital activities of people in all spheres of international life of Kazakhstan. The author states that cultural values are formed as a result of awareness of requirements by its ethnic in accordance with the world around. Renovation of Kazakhstani society should be based on the real aspiration for the culture studies for cooperation, mutual understanding and began thinking newly in the issues of international intercourse.

Значение электронного правительства в борьбе с коррупцией

Серик Отеулиев *– старший преподаватель кафедры теоретико-прикладной политологии и социологии КазНПУ им. Абая*

В статье рассматривается одна из причин неэффективного функционирования государства – коррупция. Автор в своей статье останавливается на проблемах коррупции в государственных структурах и определяет значение электронного правительства в борьбе с этим явлением.

Value of the Electronic Government in Struggle against Corruption

Serik Oteuliev *– Senior lecturer, Department of Theoretic-Applied Politology and Sociology, KazSPU named after Abai*

One of the reasons of inefficient functioning of the state – corruption is considered in the article. The author examines the corruption problems in the state structures and defines the value of the electronic government in struggle against this phenomenon.

Использование государственого языка в школах Южного Казахстана

Мугазима Досымова *– преподаватель Казахского государственного женского педагогического университета*

Несмотря на то, что страна обрела независимость почти двадцать лет тому назад, состояние и использование государственного языка оставляет желать лучшего. Родной язык для человека является чем-то святым, как Родина, родная земля и т. п. Поэтому развитие родного (государственного) языка – гражданский долг каждого казахстанца.

Статья посвящена анализу состояния языка и его практического использования в школах Южного Казахстана.

Use of State Language at the Southern Kazakhstan's Schools

Mugazima Dosymova *– Senior lecturer of the Kazakh State Women Pedagogical University*

Despite the fact that the country gained independence almost twenty years ago, the state and use of state language leaves much to be desired. The native language for the person is something sacred as the Native land, the native earth, etc. Therefore development of native (state) language – a civic duty for each Kazakhstanis.

Article is devoted to the analysis of a state of language and its practical use at the Southern Kazakhstan's schools.

КИСИ
КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
Астана